

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
SOUTH KAZAKHSTAN STATE PEDAGOGICAL UNIVERSITY**



Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның **ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК НАУЧНЫХ СТАТЕЙ

Международной научно- практической конференции «ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ», посвященной 30-летию Независимости Казахстана и 90-летию юбилею государственного и общественного деятеля, этнографа Узбекали Жанибекова

COLLECTION OF SCIENTIFIC ARTICLES

The international scientific and practical conference "TAUELSIZDIK-MANGILIK EL TUGYRY" dedicated to the 30th anniversary of the Independence of Kazakhstan and the 90th anniversary of the statesman and public figure, ethnographer Uzbekali Zhanibekov

Шымкент – 2021

ӘОЖ
ББК
Б

Ұйымдастыру алқасының төрайымы

Сугирбаева Гулжан Даулетбековна - Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, т.ғ.к., доцент

Ұйымдастыру алқасы:

Исабек Баршагүл Қашқынқызы -Басқарма төрағасының орынбасары, Академиялық мәселер жөніндегі проректор, т.ғ.к., доцент

Керімбеков Ержан Рахымжанұлы –Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор, PhD

Байғұт Ақлима Мархабатқызы . -Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор, ф.ғ.к.

Бегалиева Рауан Нармаханқызы – Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы, п.ғ.к., доцент м.а.

Сыздықова Гаухар Майсұрқызы – Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф ғалым Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдық мерейтойына арналған **«ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның ғылыми мақалалар жинағы- Шымкент: «Оңтүстік Полиграфия» баспасы, 2021. – бет

Сборник научных статей международной научной практической конференции **«ТӘУЕЛСІЗДІК-МӘҢГІЛІК ЕЛ ТҰҒЫРЫ»**, посвященной 30-летию Независимости Казахстана и 90-летию юбилею государственного и общественного деятеля, этнографа Узбекали Жанибекова «Оңтүстік Полиграфия»: - Шымкент, - 2021. – стр.

Colltction of scientific articles the international scientific and practical conference **"TAUELSIZDIK-MANGILIK EL TUGYRY"** dedicated to the 30th anniversary of the Indepence of Kazakhstan and the 90th anniversary of the statesman and public figure, ethnographer Uzbekali Zhanibekov
"Оңтүстік Полиграфия":- Shymkent, - 2021. - p.

ISBN

Жинаққа Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ендірілді. Барлық жарияланымдар авторлардың редакциясымен берілген.

АЛҒЫ СӨЗ



Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректор, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қадірлі қонақтар, әріптестер, білімгерлер! Құрметті конференцияға қатысушылар!

Биыл – Алаш баласын шексіз қуанышқа бөлеген, іргелі ел, дербес мемлекет екенімізді әлемге жария қылған Тәуелсіздігіміздің ордалы 30 жылдығы. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл- көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, Тәуелсіздіктің отыз жылдығында мақтанышпен айтатын тарихи оқиғалар жеткілікті. Ең алдымен, тәуелсіз елдің барлық атрибуттары – ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару және биліктің бүкіл тармақтарының өзара әрекет ету жүйесі бар ұлттық мемлекеттілік қалыптасты. Шекара айқындалып, шегенделді. Қазақстанда демократиялық институттар құрылды.

Сөз бен баспасөз бостандығы, сайлау мен сайлану құқығы, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, дін бостандығы сияқты азаматтық қоғамның мызғымас құндылықтары конституциялық нормаға айналды.

Қазақстан алпауыт ел саналатын батыс пен дамыған шығыс мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елдер санатына енді. ЭКСПО-дай әлемдік көрмені ел төрінде, Елордада өткізді.

Ұлы даланың еркін өскен ұрпақтарының тарихи атамекені, тәуелсіз Қазақ елі тұрақтылық символына, ал Елордамыз бүгінде халықаралық қатынастардың да, ынтымақ пен бірліктің де астанасына айналды.

Ендігі жерде жеңістерімізді бағалап, кемшін тұстарды түгелдеп, жас ұрпақтың санасына Қазақстан Республикасының тарихи шежіресін, тәуелсіздік тағылымын мықтап ұялатуымыз керек. Еліміздің шын отаншылдарын, мемлекетшілдерін тәрбиелеуіміз қажет. Ол үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуымыз керек. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтып өткендей: «Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді».

Ұлт үшін ұлы есімдерді ардақтау – перзенттік парызымыз.

Биылғы жыл қазақ мәдениетін жаңғыртуға үлкен үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарихшы, академик Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына да 90 жыл толып отыр. Бұл мерейтойдың Тәуелсіздігіміздің 30

жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуі және дәл бүгінгі күні бұл қос мерекенің біздің қарашаңырақта атап өтілуінің ерекше мәні бар деп сенеміз.

Салмағы зор келелі жиынға шақыртуымызды қабыл алып, алыс-жақын шетелдерден ат арылтып келген белгілі ғалымдарымызға, қала басшылығы мен зиялы қауым өкілдеріне шексіз ризашылығымызды білдіреміз.

«Тәуелсіздік – Мәңгілік ел тұғыры» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының қатысушыларына шын жүректен табыс тілеп, жоспарланған шаралардың сәтті өтуіне тілектестігімді білдіремін.



**Аймағамбетов Асхат
Қанатұлы**

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Құрметті «Тәуелсіздік – Мәңгілік Ел Тұғыры» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысушылар!

Қара шаңырақ оқу орны – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің ұстаздары мен студенттері!

Сүйікті Отанымыз – Қазақстан Республикасы, бүкіл еліміз, тұтас халқымыз Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерекесіне жан-жақты әзірлік үстінде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық еңбегінде көрсеткендей, халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында Тәуелсіздіктің отыз жылы ішінде Қазақстан толағай табыстарға жетті.

Отыз жылда жаңа Қазақстанның іргетасы қаланды. Жастарымыз әлемнің озық оқу орындарында білім ала бастады. Еліміздегі білім ордалары нығайды, жаңарып, жаңғырды.

Стратегиялық бағдарламалар қабылданып, озық отыз елдің қатарына қосылуды межеледік. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғырудың жасампаз жолына түстік.

Алдағы кезде халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру, жас ұрпаққа терең білім мен тәрбие берудің жоғары жауапкершілікпен жүргізу міндеттері қойылып отыр.

Осы орайда бүгінгі ұйымдастырылып отырған «Тәуелсіздік – Мәңгілік ел тұғыры» конференциясының мән-маңызы айырықша екені анық.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құтты болсын!

Конференция жұмысына сәттілік, баршаңызға бақ-береке тілеймін!



Әйтемов Мұрат Дүйсенбекұлы

Шымкент қаласының әкімі

Құрметті қонақтар!

Қымбатты жерлестер! Қадірменді зиялы қауым және жастар!

Үстіміздегі жылды мемлекеттік және ұлттық деңгейдегі мерейлі жылдар мен күндерге толы десек те, солардың арасында тұтас еліміз үшін ең басты мерейлі дата - ол Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы екені баршаға белгілі. Өйткені, қалған мерекелердің мәні мен маңызы, құндылықтары сол Ел Тәуелсіздігінен бастау алады.

Қадірлі көпшілік! Ғылым мен білім -Ел ертеңінің кепілі!.

Олай болса еліміздегі ел бірлігі мен қазақ халқының ұлттық құндылықтарының ұйытқысы санатындағы Оңтүстікте, оның ішінде шырайлы Шымқаламызда бүгінгі өтіп жатқан ғылыми-тәжірибелік конференцияның «Ұстаздар ұстаханасы» саналатын Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қабырғасында өтуінің де өзіндік символдық тұрғыдан мәні бар шара.

Ел Тәуелсіздігі - Тәуелсіз тарихи санадан бастау алады, оның болашағы да содан нәр алады. Осы орайда, Ел тарихындағы өткен 30 жылға көз жүгіртер болсақ, ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен еліміз өткен отыз жылда Тәуелсіздікті нығайтудың қайнары саналатын тәуелсіз тарихи сананы, рухани саланы, білім мен ғылымның деңгейін жоғарылатудың, дамытудың мол мүмкіндіктері жасалды. Оның ішінде «Қазақстан 2030», «Мәдени мұра», «Қазақстан 2050», «Рухани жаңғыру» сияқты мемлекеттік, ұлттық деңгейлердегі арнайы стратегиялық бағдарламалар аясында қаншама табыстарға қол жетті. Ал аталған бағыттардың алда да жалғасатыны ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауларында нақты айтылды.

Құрметті зиялы қауым! Бүгінгі ғылыми конференцияның ұлтымыздың біртуар ұлдарының бірі және бірегейі, мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жылдығына арналуы да бүкіл елдің риза көңілін тудырып отыр десек артық айтқандық болмас. Өйткені, Өзбекәлі Жәнібеков кешегі Кеңестік идеологияның «қылышынан қан тамып тұрған» жылдарында Республиканың талай-талай басшылық қызметтерінде еңбек ете жүріп, «тиым салынған тақырыптарды», соның ішінде нағыз ұлттық сананың

оянуына ықпал ететін тарих пен тіл, ұлттық өнер мен тарихи жәдігерлерді, ұлттық құндылықтарымызды сақтау мен оны өскелең елге таныту бағытындағы мәселелерді сол кезеңдегі саяси билік пен қоғам алдында ретін келтіріп қозғай алды. Билік пен қоғамға тек ой салып қоймай, өз кезегінде оны орындатуға да күш салды. Мүмкін, ол кезеңде бәрін орындатудың орайы да келмеген шығар. Алайда, Өзекеңнің және сол кісімен пікірлес болған азаматтардың еңбектері арқылы қазақ жастарының ұлттық «Мені» оянганына уақыт куә. Кеңес кезеңінде олай «жанкештілікпен» жұмыс жасау нағыз ерлікке бара бар еді. Мемлекет, қоғам қайраткерінің сол қызметтерінің астарында Отанға, халқына, ұлтына деген сүйіспеншілік жатқаны анық. Біздіңше, ғалым қайраткердің атқарған қызметтерін басқаша бағалау мүмкін де емес. Өзбекәлі Жәнібековтің осындай қайраткерлігі мен еңбектері туралы бүгінгі жиында тарихшы ғалымдар жан-жақты тоқталады деп ойлаймыз. Өмірі мен еңбегі жас буынға өнеге болған тарихи тұлғалардың есімдерін ұлықтау ісі бабалардан қалған қастерлі қасиет деп білеміз.

«Тәуелсіздік-Мәңгілік Ел тұғыры» атты бүгінгі конференцияға алыс-жақын шетелдерден, отандық деңгейде танымал ғалымдар бас қосып бүгінгі рухани жиынның салмағын артырып отыр. Сол үшін қала басшысы ретінде қала халқының, осы отырған Сіздердің аттарыңыздан азаматтарға Алғыс білдіреміз.

Қымбатты отандастар, жерлестер! Сөзімізді қорыта келе, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Конференция жұмысына қатысқан зертеуші ғалымдарға шығармашылық табыстар тілей отырып, өркениетке ұмтылған еліміздің болашағы жастардың сапалы білімі мен саналы тәрбиесін жоғары деңгейде ұстауға себепші болатын бүгінгі конференция жұмысына сәттілік тілейміз!

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС



Әбжанов Ханкелді Махмұтұлы

ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі,
ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАРИХ КОДЫ

Қазақстан азаматтарының бәрі бірдей тарихшы болуы міндетті емес. Бірақ елі мен жерінің, халқы мен тұлғаларының тағдыр-тарихынан кем дегенде мектеп бағдарламасы деңгейінде хабардар болуы – әркімнің перзенттік парызы. Бұл туралы қанша жерден айтылғанымен, іс-жүзінде отан тарихынан жаппай сауаттылыққа әлі күнге дейін жеткен жоқпыз. Жыл сайын мыңдаған кітаптар мен мақалалар, БАҚ материалдары жарияланып, ауқымды бұқаралық науқандар жүріп жатқандағы ахуал осындай. Кеше ғана мектеп бітірген, бүгінгі студент жастар арасында арғы бабаларымыз Орхон жазуын түзгендер екенін, Алтын Орда әлемдік империя биігіне көтерілгенін, қазақ хандығын ұлттық мемлекет ретінде танымайтындар қаптап жүр.

Неге осылай? Өзінің асылын, бастау бұлағын танымаған жан бөтеннің жылтырағына алданып, жетегінде кететінін жат дінді қабылдаған, өзге тіл мен ділдің сойылын соққан, қазақтыкі атаулыдан іргесін аулақ салған ұл-қыздарды көретініміз ешбір құпия емес.

Ұлттық жатсыну, түптеп келгенде, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер. Мұны Қытаймен байланыстыра Күлтегін де, Ресеймен байланыстыра көмекей әулие Бұқарекен де ескерткен.

Демек, төл тарихыңды білу – бар болу мен жоқ болудың тағдырын шешетін факторлардың маңдайалдысы. Тарихты білу мен игерудегі дағдарыстың басты себебі оны зерттеу мен насихаттауда деп білемін. Қазақ жоғалған малын іздегенде, ен-таңбасына, түр-түсіне басымдық бермейді ме? «Таңбасы жоқ, ені жоқ Бурыл тайдың» деген өлең жолдары бар ғой. Жоңғармен соғысқан 18 ғасыр батырларының емес, 8 ғасыр батыры Күлтегін мінген аттардың түр-түсі тасқа жазылып, бүгінгі күнге жеткен жоқ па!

Біздің тарихымызда да, басқалардыкінен өзгешеленіп тратын айрықша, өзіне ғана тән нышаны, белгісі болуы керек. Ұлттық тарихтың коды дегеніміз – осы. Мәселен, көне дәуір жәдігерлерін зерттейтін археологтарымыз солардағы

суреттерден, бейнелерден, көріністерден, таңбалардан, сызықтардан, ноқаттардан этникалық, эстетикалық, саяси, экономикалық, жаһандық ақпараттар алумен, пайым-тұжырыммен Ұлы даладағы эволюция мен сілкіністі, сабақтастық пен жаңашылдықты оқырманға жалаң патриотизммен емес, біліктілікпен баяндай алса жас та, кәрі де зердесінде мәңгілік сақтар еді. Этнологтар мен деректанушылар, медиевистер мен мәдениеттанушылар, мәтінтанушылар мен қолжазбашылар, тұлғатанушылар мен демографтар ізденісі туралы да осыны айтқымыз келеді. Ғылыми дерек пен ақиқат іздеушісімен, жоқтаушысымен, иесімен табысқанда мәңгілік құндылыққа айналады.

Тарихтың коды бір немесе бірнеше этносқа тән болуы заңды құбылыс. Айталық, «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары – түркі халықтарына ортақ қазына. Мұндағы жер-су атаулары, салт-дәстүрлер, терминдер мен ұғымдар, оқиғалардың географиялық аумағы тарихи-мәдени ескерткіш кімге жақын, кімнен алыс екенін аңғартады. Сақтарға, ғұндарға, байырғы түркілерге қатысты ауызша, жазбаша, материалдық мұралардан да тегі бір халықтарға ортақ тарих қозғалысы мен заңдылықтарды байқаймыз.

Ендеше тарихи кодтың генезисі мен эволюциясында екі дәуір бар еді аламыз. Бірінші дәуір адамдар қауымы пайда болғаннан ұлт ретінде қалыптасқанға дейінгі аралықты алып жатыр. Бұл – құбылмалы дәуір. Бүгін бар қауым ертең жұтылып, жоғалып, басқалармен мидай араласып кетіп жатты. Ізі бар да өзі жоқ. Сынақ пен бәсекеге төтеп бергендер тарихи кодын дүниеге әкелді, яғни адамдар қауымынан әлдеқайда кейін қалыптасты. Ұлы даланың тарихи коды қола ғасырында орныққан тәрізді. Өйткені қымыз, домбыра, аң стилі сол заманның еншісінде. Екінші дәуір тұрақты адамдар қауымы өзін өзі ұлт ретінде танығаннан, басқалардан рухани, өмір салты, құндылықтары т.б. мәнді белгілері жағынан өзгеше екенін білгеннен басталады. Екінші дәуірде тарихи кодқа айрықша реңк берген фактор – ұлттық мемлекеттің пайда болуы. Хронологиялық тұрғыдан бұл дәуір біріншіден әлдеқайда қысқа, ал мазмұны мен ерекшеліктері бойынша мейлінше бай.

Қай дәуірдегі ұлттық тарих кодын зерделегенде қазақтың: «өзін өзі мақтаған өлімнің – аз-ақ алды» керемет нақылын естен шығаруға болмайды. Өзінді зор, өзгені қор санау – нәсілшілдікке, менмендікке, адасуға, сүрінуге ұрындыратын қадам. Ар жағында төбелес, қақтығыс, соғыс тұр. «Өзінде бармен бетке ұрып, артыламын деме өзгеден» деген Абай сөзі тарихты да, кодты да зерттеудің методологиялық ұстанымын құрайды.

Тарих өзгерістерге толы. Кеше маңызды саналған мақсат пен міндет бүгінде күн тәртібінен түсіп қалуы таныс құбылыс. Демек, төл тарихымыздағы өзгерістер табиғатын ашу – тарихи кодты анықтаудың басты шарты деген пайым-тұжырым ойға оралуда. Шындығында ой жеткенге қол жеткізу үшін ғылым күші аздық етеді. Ғылым адамының азаттығы, шығармашылық еркіндігі керек. Бұған кеңестік тоталитарлық қыспақ пен қуғын-сүргін көзімізді әбден жеткізді. Кеңестер одағындағы түркі халықтары, әсіресе, қазақтар социализм құрудың жалған теориясы мен фашизммен пара пар теориясы зардабынан

миллиондап қырылды, жартыкеш бұрмаланған тарихын қанағат тұтты, тарихи кодынан алыстады, танудан қалды, менікі деп айта алмады.

Тарих кодының бойына ұлттың идеологиясы мен идеясы, рухы мен болмысы, қасиеті мен киесі шоғырланған. Ол тарихи зерттеулер мен карталардың, оқулықтар мен оқу құралдарының, анықтамалықтар мен энциклопедиялардың, статистика мен мәліметтердің өзегін құрауы керек. Мұнсыз қоғамдық тарихи жады, сана, көзқарас, таным ешкімге, ешқашан оша бермейді. Жарығы мен жылуы жоқ, алыстан жылтырайтын жұлдыз дерсіз, сондай алдамшы жұлдыздың бірі «Есекқырған» атанғаны бәрімізді ойландырсын.

II

Мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздіктің қадір-қасиетін толық ұғыну үшін әлем тарихы мен адамзат тәжірибесін үздік игеру жеткіліксіз. Оны бодандықпен жаншылғандар, отарлық қанау мен қорлауды өз басынан өткергендер санасымен, жүрегімен, әрбір клеткасымен сезінеді, ұмытпауды ұрпағына аманаттайды. Тұмар ханым, Зарина, Шырақ жайлы сақ заманынан жеткен аңыздар, Күлтегін тасындағы елін, жерін, қағанын іздеген жазулар, Абылай мен Кенесары хандардан қалған мәңгілік ұлағат, кеңестік Қазақстандағы қуғын-сүргіннің соңғы құрбаны Қ.Рысқұлбековтің өлімді қасқая қарсы алуы тәуелсіздікті бәрінен қымбат санағандықтан өмірге келді. Бәрі салыстырумен танылады деген қағида бар. Менің құрдастарым мен ағаларым тәуелсіздіктің 30 жылын оның алдындағы 60-70 жыл үрдістерімен, зердеден өше қоймаған көргендерімен салыстыруға толық хақылы. Сонда қапысыз ұққанымыз: мемлекет пен оның әрбір азаматы жат қолына жалтақтамай, өзі қабылдаған заң аясында еркін де емен-жарқын өмір сүре алса, тәуелсіздік дегеніміз – осы.

Тәуелсіздік – еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін мейірі қанбайтын мәңгі құндылық. Ол қай саладағы болмасын қажеттілік пен мүмкіндікті ұлттық және мемлекеттік мүдде биігінен, бәсекелік ізденіспен дәлме-дәл анықтауға, сұранысқа сай шешім мен іс-шараны қабылдауға, жалған ұраншылдықтан ада құлшынысқа жетелейді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде қол жеткен табыстарымыз әлемге аян. Кешегі Мәскеудің билігі жүріп тұрса, бұлардың оннан бірі ақиқатқа айналмас еді. Ал солардың бастау-бұлағын, тобықтай түйінін айтар болсақ, олар, біріншіден, отарлық және тоталитарлық дәуірлерден қордаланып қалған қарыз бен парызды қайтарғанымен, екіншіден, азаттықтың арқасында туған баға жетпес мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдыра алғанымыз. Айғақ-дәлел ретінде елорданың Алматыдан Нұр-Сұлтанға көшуін, ядролық қарудан ерікті түрде бас тартуды, Азиялық кеңестің дүниеге келуін, қандастарымыздың тарихи Отанына оралуын, президенттік билік институты мен парламентаризмнің қалыптасуын, мемлекеттік шекарамыздың халықаралық талаптар деңгейінде бекемделуін, «Қазақстан -2030», «Қазақстан - 2050» стратегияларын бөле-жара айтуымыз керек. Бұлар Қазақстан жолы мен жаңашыл жасампаздықтың басы ғана. Алда асқаралы міндеттер тұр.

Иә, «қарыз бен парызды қайтару» сөз тіркесін бекер қолданып отырған жоқпыз. Тәуелсіздік өткен күндерді, уақытты қайтара алмайды. Бірақ солардың ақиқатына жетуге, жақсы мен жаманды айыруға жол ашатыны сөзсіз. Бейнелеп айтар болсақ, қазақ тарихында бүктемеде қалған ақтаңдақтар саны бір тоғыз десек, үйірімен үш тоғызы кеңестік тоталитаризм еншісінде. Ұлы даладағы ашаршылықтар, қуғын-сүргін, соғыс шығындары, демографиялық, экологиялық апаттар, ұлттық-тілдік драмалар, әйгілі тұлғаларымыздың қасіретті тағдыры әзірше әділ бағасын алып болған жоқ. Зорлық-зомбылыққа біздің халық жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін қарсылықпен, ұрпағының болашағы үшін жасампаздықпен жауап берді. Олай болса, тәуелсіздікпен қилы-қилы байланыста өрілген, беймәлім қырлары ашылу үстіндегі сарқылмас қазынамыз – ұлттық тарихымыз. Бұлар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды деген сөз емес бұл. Мемлекетіміз немесе тәуелсіздігіміз болмаған ғасырларда да тарих дөңгелегі айнала берді, тарих қозғалысы тоқтаған жоқ. Отандық тарих ғылымы өткеннің баянын сақтауда талай қиыншылықтарды жеңе отырып, азды-көпті табыстарға жетіп жатты. Ресейге бодандықты қабылдаған XVIII ғасырда қазақтың ауызша тарихы толыққаны рас. Ағартушылыққа аяқ басқан Еуропада тарих ғылымы қоғамдық еңбек бөлінісінің беделді саласына айналды. XIX ғасырда Шоқан, Абай, Ыбырайдың тарихи шығармалары жазылды. XX ғасырда ұлттық тарих ғылымы кеңестік нұсқада қалыптасты. Тәуелсіздікке дейін жазылған монографияларда, энциклопедияларда, тіптен оқулықтарда төл тарихымыз төрт аяғынан тең тұрды дей алмаймыз. Әсірелеу де, адасу да, бұрмалау да бар. Ең ауыры – «Қазақстан тарихы» атауымен топтастырылған сол интеллектуалды әлем ұлттық тарихты түзуші қазақ халқымен, бірен-сараң шығармалары болмаса, қауыша бермеді. Себеп біреу: революцияға дейінгі кезеңде ұлт пен ұлттық тарихты тұтастықта және бірлікте жазуға бағышталған мемлекеттік саясат та, практика да болған емес, кеңестік дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, қазақ қазақтың жартылай өтірік, жартылай шын тарихын оқуға, зерттеуге, насихаттауға мәжбүрленді. Халық төл тарихын бірде таныса, бірде танымаған ортада ұлттық код жойылмағанмен әлсірейді екен. Ал ұлттық тарихтың коды мүлде күн тәртібіне қойылмайтынының тірі куәсіміз.

Демек, тәуелсіздігі жоқ елде тарих әділ, кемел, дұрыс жазылмайтыны, тәуелсіздік барда ғана тарихи ақиқат салтанат құратыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Біздіңше, мәселенің мәнісі мынада: бірі – тарих дегеніміз аса күрделі нысан (объект) екені, екіншісі – оқиғаларға, өзгерістерге толы сол нысанды тануға, кәдеге жаратуға, зерттеуге, сөйтiа интеллектуалды әлеуетті тасушылар (субъект) әлем екені. Екі өлшеммен жүйелегенде де тарихтың өзін, тарихты түзушінің коды барын мойындауымыз керек. Әрбір халықтың өмір салтында, тілінде, әлеуметтік қатынастарында, саяси қатысуында өзгелерден ерекшелеп тұратын мәнді белгісі – коды болатыны айдан анық. Ендеше ұлттың тарихында да бірілік пен бірегейлігін паш етуші коды бар. Біз бұл жерде код терминінің тарихтың объектісі мен субъектісін жазбай тануға шылбыр ұстататын ақпараттарды және нысандарды топтастыру ниетімен қолданып отырмыз. Мәселен, қазақ тілі, домбыра, Елім-ай, Сарыарқа, қошақан, Жеті

жарғы, жеті қазына, нағашы-жиен, немере-шөбере, бойжеткен, қалың мал деген сөздер құлағымызға жеткеннен қазақ ортасына енгенімізді бірден ұғамыз. Кейбір ұғым-түсініктер жекелеген өңірлерге тән. Оларды қалың қауым білмесе де, мамандар бірден байқайды.

Сонымен, айтайын дегенім, Қазақстан тарихының қай дәуіріне болмасын мазмұнын, ерекшелігін ашатын, тірек болатын, код функциясын атқаратын ұғым-түсініктер жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Кешегі коммунистік билік бұл міндетті мүлтіксіз атқарды. Феодализм, капитализм, қанаушы, тап күресі, революция, жаңа экономикалық саясат, социалистік құрылыс, ұжымдастыру, тың игеру, коммунизм, КОКП деген тірек сөздер естілген сәтте қандай ғасырлар, оқиғалар, тұлғалар, тапқанымыз бен жоғалтқанымыз ауызға алынатынын біле қаламыз. Бұған мектеп оқулығы ғана емес, кеңестік БАҚ, ономастика, әдебиет пен өнер – бәрі жұмылдырылды.

Ал бізде ше? 30 жыл ішінде ұлттық тарих кодын қалыптастыру ісінде не бітірдік? Қазақ тарихшылары ішінен бұл мәселеге ең жақын келген ғалым – Манаш Қозыбаев. Ұлттық код пен тарихи кодтың атын атамаса да, түсін түстей алғаны 2001 жылы жарияланған «Жұлдызым менің» кітабынан тайға таңба басқандай көрініп тұр. Онда былай делінген:

«Тарих – Отаныңның, ата-бабаңның ғасырлық арман жолы;

Тарих – Отаныңның басына күн түскендегі ойран жолы, оны қорғау жолы;

Тарих – Отаныңның, халқыңның қалыптастырған ата-салты;

Тарих- халқыңның ғасырлар бойы қалыптастырған этностық аумағы;

Тарих – әрқайсысымыздың ата-бабамыздың бұл күні табиғатқа қосылған сүйегі мен аспанда ұшып, бізді әруақ болып құшып рухы».

Келер жылдың басында қасиетті ғылым – тарихпен қоштасып, мәңгілік сапарына аттанып кете барды. Ұлттық тарих кодына апаратын ізденіс жалғаспай қалды. Тарих баяны, отандық ғылым мен білім жүйесі әлі үдеден шыға алмағаны құпия емес. Тарихи жадымыз бен санамызда, тарихи танымымыз бен көзқарасымызда олқылық пен жүйесіздік тұнып тұр. Күлтегін мен Тоныкөк замандарындағы «тілді, хабаршы, құпия сөз иелері» қандай мемлекеттік қызмет атқарғанын қалың көпшілік білмейтінін былай қойғанда, XVI ғасырдағы Мамаш, Таһир, Тоғым хандардың атын естімегендер, Қобыланды батырды Қабанбай мен Бөгенбай батырлардың қарулас серігіндей қабылдайтындар жетіп артылады. Әлеуметтік сауалнамалар Д.Қонаевты, М.Әуезовті т.б. тұлғаларды танымайтын жас ұрпақ пайда болғанын көрсетті. Бұл тарихи жадымыздың жұтаңдығы. Жады қандай болса, сана да сондай. Айталық, осы жасқа келгенше ақсақ Темір есімді бірде-бір қазақ баласын қалада да, ауылда да көрген емеспін. Ал Тамерландар қаптап жүр. Парсышадан тәржімалағанда мағынасы ақсақ Темір екенін ұрпағына азан шақырып есім берген ата-анасы білмеген ғой. Жады мен санадағы олқылықтар әлі талай «қызыққа» кенелтеді. Ұлттық және тарихи коды дұрыс адам ана тілінен, халқының салт-дәстүрінен, бабалар мұрасынан жери ме? Әрине, жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды: тарихи жады мен сана кемелденбей, толық танымға, яғни ақиқатты бекемдейтін, іргелі ғылыми нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. XX ғасыр басында осынау миссияны орындауға қабілет-қарымы молынан жететін күш – Алаш қозғалысы тарих сахнасына көтерілген еді. Алаш ұлттық қана құбылыс емес, жаһандық серпіліс екенін тани білгендердің мандайалдысы бар болғаны 26 жастағы Әлімхан Ермеков еді. Орынборда II бүкілқазақтық съез аяқталысымен ол «Жасасын, Алаш, жасасын!» мақаласын жазып, онда былай деді: «...Желтоқсанның 12-і күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды. Автономия – бізге өмірлік мақсат еді. Іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде дүниежүзін жаңғыртып, Алаш ұранын шақырып отыр».

Бірақ ұлттық азаттықтың қас жауы большевиктік билік Алашты аяусыз тұншықтырды. Мәскеудің құйтырқы саясаты ұлттық кодымызды әлсіретті, тарихымыздың коды бас көтере алмаған күйде қалды. Екі құндылықтың арасындағы алшақтық пен үйлесімсіздік тарихи жады мен санаға кері әсерін тигізді. Зардабы әлі күнге дейін сезілуде. Мұны 1465-1847 жылдар аралығындағы қазақ хандарының саны мен ұлттық тарихтағы орны жайлы пайым-тұжырымдардан байқауға болады. Профессор Ж.Артықбаевтың жазуынша олар 48 болса, Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ғалымдары 78 хан жөнінде мәлімет жариялады. Профессор М.Қожа: «Қазақ хандығының тарихын оны басқарған, мемлекет болуына ұйытқы болған билік тобын танымай, оның құрамын, құрылымын зерттемей білу мүмкін емес», деп дәйектесе, профессор С.Өтениязов бұған мүлде кереғар ұстанымды алға тартады: «...Землей наших предков управлял не хан, а институт биев, то есть родоначальники – самые авторитетные в народе люди, представляющие 41 казахский род. Госустройство, будем так говорить, в «Казахском ханстве» зависело от родоначальников и полностью ими же исполнялось. То есть фактическим руководителем здесь был институт биев».

Қысқасы, хандық билік институты ұлттық тарихымыздың және өткенге көзқарасымыздың коды түгілі маңызды буынына айналмай тұрғанда Орта ғасырлар мен Жаңа замандағы (V-XX ғасыр басы) тұлғаларымызды, белестер мен құндылықтарымызды егжей-тегжейлі кімге ұғындыра аламыз?!

Біз үшін XX ғасырдың басты оқиғасы – тәуелсіздіктің жариялануы. Ұлы күнге үміт оты сөнуге шақ қалғанда жеттік. Оны жақындатқандар, қазақ қоғамын оятқандар – желтоқсаншыл жастар. Сын сағатында тәуекелмен легитимді бекемдегендер – аға ұрпақ өкілдері. Бірақ ұзақ жылдар бойы коммунистік мазмұнда суғарылған білім мен тәрбие, идеология мен насихат ізі қоғамдық санадан өшпей тұр. Қазақстанның кез келген елді мекеніне барсаңыз, кеңестік заманнан қалған атаулар, мұралар лек-легімен алдыңыздан шығады. Коммунизм кетті. Коммунистік идеологияның жаны әлі сірі. Себебі тарихи санамыз бен танымымыз толық жаңғырмаған күйде қалуда. Оның сорақы

көрінісі мектеп оқулықтарындағы өрескел қателіктер. Бұл туралы БАҚ беттерінде айтылудай айтылды. Қоғам алдындағы әлеуметтік-кәсіби жауапкершілігін сезінбейтін біраз тарихшылар әріптесінің жазғанын көшіріп алуға дейін барғанын ақтау еш мүмкін емес. Ресейлік ғалым Қазақстанда жарияланған бір еңбекте ортағасырлық түркілер огнеметпен аспаннан оқ жаудырғанын әжуалап жазыпты. Ұлттық тарихтың коды қалыптаспады деген сөз осыдан шығады. Тап қазір ұлттық код мәселесін шешуге ешқандай бөгесін жоқ. Саяси қысым, идеологиялық өктемдік, «измдердің» шеңберінен шықпау шарты, үлкен ағаның қас-қабағына жалтақтау келмеске кеткен. Тарихшы ғалымдардың сайрайтын да жайнайтын күні туды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осындай сәтте ұлттық тарих кодын түзуге адастырмайтын жол – оның методологиялық негіздерін жүйелеу. Методология ғылымның басты миссиясы жаңалық ашуды, ақиқатты айтуды қамтамасыз ететін танымның биік сатысы.

Ұлттық код пен төл тарихымыздың коды арудың арқасындағы қос бұрымдай жараса өрілгенде, тәуелсіздіктің жасампаз әлеуеті арта түсетіні күмән-күдіксіз ақиқат.



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы

*ҚР ҰҒА академигі,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
тарих факультетінің профессоры,
тарих ғылымдарының докторы*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ҮШ МЫҢЖЫЛДЫҚ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢІ

Бірнеше мыңжылдық тарихы бар Қазақ елінің тарихында Қазақ хандығы дәуірінің алатын орны ерекше, маңызы жоғары болып саналады. Ал Қазақ хандығының тарихында әрбір тұлғаның, әрбір оқиғаның, әрбір датаның өзіндік орны бар. Солардың ішінде хандықтың құрылуының орны ерекше. Қазақ хандығының құрылуы - Қазақстан аумағында ежелгі замандардан бері үзілмей үздіксіз жүріп келген этникалық процестер мен XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағы мен оған көршілес аймақтардағы саяси құрылымдар дамуының заңды қорытындысы болып есептеледі. Сонымен бірге бұл маңызды оқиға - Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің дамуында белесті бір кезең болуымен ерекшеленеді. Осы аталған маңыздылықтарды төменде жеке-жеке талдап, қарастыралық.

Қазақ хандығының құрылуының аса зор маңызды жағына, оның этникалық дамуды жаңа сатыға көтеруі, оны бір деңгейден екінші бір деңгейге жеткізуі жатады. Этникалық үрдіс пен саяси даму барысы бір арнада тоғысып, жаңа сипаттағы мемлекетті дүниеге әкеледі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында «Қазақ хандығын Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет» деп ерекше атап өтеді.[1, 211 б.]. Ал Отандық тарихнамада қазақ халқының қалыптасуының аяқталу кезеңі Қазақ хандығының құрылуымен қатар жүзеге асты деген тұжырым берік орныққаны зерттеушілерге мәлім. [2, 260-269 – б.; 3, 274 – б.; 4, 253-254 – б.].

Қазақстан аумағында этникалық процестер ең бері дегенде қола дәуірінен бастау алып, біздің заманымыздың XIV-XV ғасырларында өзінің халықтық деңгейіне көтеріледі. Этникалық процестер барысындағы этникалық элементтер мен компоненттердің аумақтық, экономикалық, саяси, діни-мәдени, тілдік, рухани ортақ кеңістіктерге бірігуі 2-2,5 мың жылдай уақыт бойы бірнеше тарихи дәуірлер мен кезеңдер арқылы жүзеге асады. Әрбір тарихи

дәуірде этникалық процесс өзіндік даму жолынан ауытқымай, қажетті шарттармен толығына түседі.

Жалпы алғанда, XIII ғасыр басына дейін еліміздің аумағындағы этникалық процесс халықтық деңгейге жақындап, біртұтас ортақ этникалық кеңістік қалыптасып болған еді. Бірақта оның толығымен шегіне жетіп, түпкілікті түрде жүзеге асуына саяси-әлеуметтік ұйым – мемлекет қажетті шарттар жасай алмайды. XI ғасырда құрылған Қыпшақ хандығы XII ғасырдың ортасынан бастап ішкі және сыртқы факторлардың нәтижесінде бытыраңқылыққа ұшырайды [5, 211-214 – б.]. Ал XIII ғасыр басында ол жүйе өзінен әлдеқайда мықты мемлекеттік жүйеге – моңғолдар мемлекетіне орын береді. Соның нәтижесінде Қазақстан аумағындағы этникалық процеске жаңа бір тарихи дәуірді – моңғолдар үстемдігі дәуірін басынан өткеруге тура келді.

XIII-XV ғасырлардағы этникалық процестер алғашқы кезеңде біршама тежеуге ұшырағанымен, өзінің даму барысынан ауытқымайды. XIV ғасырдың ортасына таман Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы моңғолдық этнокомпоненттердің жергілікті этноортаға бейімделуі аяқталады, басқаша айтқанда моңғол тайпаларының қыпшақтануы аяқталып болады [6, 235 – б.].

Жазба деректерде Дешті Қыпшақ тұрғындары жалпы ортақ атаумен қыпшақтар деп аталынса, XIV ғасырдың ортасынан бастап, оны «өзбектер» атауы ығыстырып шығарады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары үшін «қазақ» атауы қолданыла бастайды. Бұл этноним Қазақстан аумағындағы этникалық процестердің мәреге жетіп, бір халықтың қалыптасуының аяқталғандығын көрсетеді. Қазақ хандығының құрылу барысы мен халықтың қалыптасуының аяқталу кезеңі қатар жүзеге асып, саяси жағдайларға байланысты пайда болған «қазақ» термині жаңадан тарих төріне көтерілген халыққа беріледі. Сөйтіп, осыдан жарты мың жылдан астам уақыт бұрын этноним ретінде пайда болған «қазақ» сөзі күні бүгінге дейін өзі пайда болған аумақтағы халықтың атауы ретінде қолданылып келеді.

Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан аумағында ежелден бері үздіксіз жалғасып келе жатқан этникалық процесті жаңа белеске жеткізіп, қазақ халқының халық болып қалыптасқандығын көрсетті. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын этникалық тұрғыдан қарастыра келе, ол – қазақ халқының қалыптасуы кезеңін аяқтауға тікелей ықпал етті, этникалық процесті халықтық деңгейге көтерілген этносқа – «қазақ» атты этнонимді бергізді деп ойымызды түйіндейміз.

Қазақ хандығының құрылуының келесі бір тарихи маңызына, оның – XIII ғасыр басында моңғол жаулап алушылығына байланысты үзіліп қалған мемлекеттік дәстүрді жергілікті этностың дәстүріне сай қайта қалпына келтіруі жатады. XIII ғасыр басына дейінгі Қазақстан аумағындағы қыпшақтық мемлекеттік жүйе мен моңғолдық мемлекеттік жүйеде ортақ ұқсастықтар мен белгілер болса да, олардың әрқайсысында тек өздеріне ғана тән ерекшеліктер көп-ті. Мысалы, оған мемлекеттің саяси-әкімшілік құрылымының негізін билікті мұраландырудағы айырмашылықтарды, билік түрлерінің атқарушы билік түріне қарым-қатынастарын жатқызуға болады. Моңғолдық мемлекеттік

жүйенің орнығуына байланысты ол жүйе Шығыс Дешті Қыпшақ аумағына енгізіліп, бұрынғы жүйені ығыстырып шығарады, бірақта оны жергілікті тұрғындардың санасы мен жадынан өшіре алмайды. Моңғолдық этнокомпоненттердің қыпшақтануы процесі моңғолдық мемлекеттік жүйенің жергілікті ортаға бейімделуімен қатар жүреді. Соның нәтижесінде моңғолдық мемлекеттік жүйеге тән ноян, баһадүр секілді терминдерді – би, бек, батыр деген жергілікті түрік-қыпшақ сөздері ығыстырады. Сондай-ақ жоғарғы билік мұралануда қыпшақтық дәстүр мен моғолдық дәстүр арасында өзгешеліктер бар болып, XIII- XIV ғасырдың ортасына дейін моңғолдық дәстүр үстемдік құрып келді. XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырдың ортасына дейінгі аралықтағы саяси оқиғалардың көбісінің астарында осы екі дәстүр арасындағы күрестер жатты. Моңғолдық дәстүр бойынша, ханның мұрагері болып оның ұлдарының бірі сайланса, жергілікті дәстүрге сай билікті билеуші әулеттің жасы үлкен өкілі мұраланып отырған. Бұл дәстүр Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың басында қолданыла бастайды. Ал Қазақ хандығының құрылуы – қыпшақтық дәстүрдің толық жеңіске жеткендігін көрсетеді. Орыс хан ұрпақтары Шибан әулетіне қарсы күресте жеңіске жетіп, Шығыс Дешті Қыпшақтағы билікті иеленгеннен кейін осы дәстүрді ұстанады. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп келіп, хан сайлау барысында Керей жоғарғы билікті иеленеді. Моңғолдық дәстүр бойынша 1428 жылы қайтыс болған Барақтың ұлы – Жәнібек хандық билікке келуі тиіс болатын. Ата жолы бойынша Керейдің хан болуы – қыпшақтық дәстүрдің жеңіске жеткендігін көрсетеді.

Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – моңғолдық үстемдікке дейінгі Қазақстан аумағындағы мемлекеттік жүйе мен дәстүрдің қайта үстемдікке шыққандығын дәлелдейді. Мұның өзі халық пен мемлекет арасындағы өзара байланыстардың орын алып, мемлекеттің халықтық сипатта болғандығын көрсетсе керек.

Сондай-ақ Қазақстан аумағында ежелгі замандардан XV ғасыр ортасына дейін әртүрлі тарихи кезеңдерде өмір сүрген мемлекеттердегі билеуші әулеттер көбінесе, бір тайпадан шығып, мемлекет атауы сол тайпа атауымен аталғаны белгілі. Сақ, ғұн, үйсін, қаңлы мемлекеттерін айтпағанның өзінде, XIV ғасырдан кейін өмір сүрген Түрік, Түргеш, Оғыз, Қарлұқ, Қимақ, Найман, Қидан, Қыпшақ мемлекеттерінің атауы осыны көрсетеді.

Сонымен бірге, XIII-XV ғасырлар аралығында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы мемлекеттік құрылымдар – Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Әбілхайыр хандығы, Моғолстан мемлекеттері бір мезгілде өмір сүріп немесе бірінің орнына бірі келіп, сол орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси картасын әртүрлі түспен құбылтып тұрса, Қазақ хандығының құрылуы және оның саяси дамуы әртүсті бір түске ауыстырады.

XV ғасырдың ортасынан бастап, әртүрлі саяси атаулардың орнына бір ғана саяси термин – Қазақ хандығы атауы орнығады. Бұл атау XVIII ғасырдың басына дейін Қазақстан аумағындағы жалғыз мемлекеттің атауы ретінде қолданыста болады.

Ертіс пен Еділ өзендерінің, Сырдария мен Тобылдың жоғарғы ағысының аралығындағы орасан зор аймақ XI ғасырдан бері «Дешті Қыпшақ» деп аталынып келсе, Қазақ хандығының құрылуымен оның одан кейінгі ғасырлардағы дамуы жаңа ұғымды қолданысқа енгізеді. Жоғарыда аталған аймаққа қыпшақ тайпаларынан шыққан әулет билігінің орнауы – «Дешті Қыпшақ» - «Қыпшақ даласы» деген ұғымды енгізгені белгілі. XVI ғасырдың бірінші жартысында «Қазақстан» термині алғаш рет жазба деректерде жазылып, ол «қазақтардың мекені», «қазақтардың елі» дегенді білдіреді [7, 180 – б.]. Сөйтіп, Дешті Қыпшақ атауы тарихтың еншісіне қалдырылып, жаңа атау – жаңа этносаяси жағдайларға сай қызмет ете бастайды. Осылайша, Қазақ хандығының құрылуы – аймақтың саяси және этногеографиялық ұғымдарына да әсерін тигізіп, жаңа жағдайларға сай жаңа атауларды қалыптастырады.

Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы жоғарыда айтып өткендермен шектелмейді. Оның ерекше бір атап өтер маңызына – Қазақ хандығының құрылуының Қазақстан аумағындағы бір тарихи дәуірді аяқтап, жаңа бір тарихи дәуірге негіз қалауы жатады.

Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен жүзеге асқан бұл маңызды оқиғаны орта ғасырлық Қазақстан тарихында Түрік қағанатының, Қыпшақ хандығының, Алтын Орданың құрылуымен салыстыруға болады. VI ғасыр ортасында Түрік қағанатының құрылуы – Қазақстан тарихындағы түрік дәуірін, Қыпшақ хандығының құрылуы – қыпшақ дәуірін, Алтын Орданың құрылуы – Алтын орда дәуірін туғызады. Ал Қазақ хандығының құрылуымен XV ғасырдың ортасынан бастап Қазақстан тарихында жаңа тарихи дәуір басталады. Ол – Қазақ хандығы дәуірі.

XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтыған Қазақ хандығы дәуірі Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Осы дәуірде ұлттық сана өсіп, халықтың өзіндік, өзіне тән ерекшеліктері айқындалады. Халқымыздың тарихи санасында өшпестей із қалдырған атақты хандар мен сұлтандар, батырлар мен билер, бектер мен әмірлер, ақындар мен жыраулар, ишандар мен абыздар осы тарихи дәуірде өмір сүрді. Ерлік пен елдікті паш еткізген небір айтулы тарихи оқиғалар осы дәуірдің еншісінде жатыр.

Осылайша, жоғарыда айтылған ойларымыздың бәрін түйіндей келе, Қазақ хандығының құрылуы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды оқиғалардың бірі деп есептеліп, ол – этникалық дамуларды халықтық деңгейге жеткізді, қазақ халқының халық болып қалыптасуының аяқталуына ықпалын тигізді, «қазақ» атты нақты этнонимді, «Қазақстан» атты жаңа этносаяси терминді дүниеге алып келді, Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын жаңа тарихи дәуірдің басталуына негіз салды деп санаймыз.

Қазіргі кезде еліміздің ресми атауы – «Қазақстан Республикасы», халқымыздың атауы – «қазақ», жеріміздің атауы – «Қазақстан» - деп аталынуының негізінде XV ғасыр ортасында құрылған Қазақ хандығы жатыр.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
2. Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – Т.ІІ. – Алматы, 1983.

– 440 б.

3. Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV – начале XVI веков (Вопросы политической и социально-экономической истории) –Алма-Ата, 1977. - 288 с.
4. Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан: Летопись трехтысячелетий. – Алматы, 1992. – 384 с.
5. Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
6. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Тизенгаузена. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884. – С.563.
7. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.



Осман Йорулмаз

*Тарих ғылымдарының докторы, профессор
Мимар Синан Көркем Өнер Университеті/
Стамбул*

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: 1991-ЖЫЛДАН 2021-ЖЫЛҒА ДЕЙІН ШОЛУ

Құрметті ректор ханым, университетіміздің қадірлі профессор-оқытушылық құрамы, қымбатты білімгерлер мен қонақтар, сөз басында бәріңізге құрметпен сәлем беріп, Қазақстан Республикасының егемендігінің 30 жылдық мерей тойымен құттықтаймын. Еліміздік тәуелсіздігінің мәңгі болуына шынайы тілектестігімді білдіргім келеді.

Бүгін Қазақстанның егемендігінің 30 жылдығын атап өту үшін жиналып отырмыз. Дәл осындай салтанатты күнде туған жұртымдай болған Қазақстанда әрі өз үйімдей болған білім ордасында сіздермен бірге мерекелік көңіл-күйге ортақ болу мен үшін үлкен бақыт. Түркі әлемі және оның бірегей елі Қазақстан деп соққан жүректің иесі ретінде дәл қазір құзырларыңызда тұрып сіздермен жүздесу мүмкіндігін университетіміздің аса құрметті ректоры Гүлжан Шүкірбаева ханымның ұсынғанын атап өтпекпін. Алдымен ректор ханым және проректор Баршагүл Исабекқызы ханыммен бірге осы сәтті бөлісуге ат салысқан әр азаматқа алғысым шексіз.

Қадірлі қонақтар, қазіргі таңда Қазақстан дегенде жеке мемлекетке айналу үдерісін тәмамдаған, ел ішілік ынтымағы орныққан, шекараға қатысты мәселелерін толық шешкен, саяси және экономикалық тұрақтылығы орнаған, әлемде және өзі орналасқан жағрапиялық аймақта саяси беделге ие, дүниежүзіндегі көптеген елдердің қызғана да қызыға қарайтын ел деген пікір қалыптасқан. Ресейді қосқанда Кеңес одағынан бөлініп шыққан елдердің ешқайсысы да Қазақстанның қол жеткізген жетістіктеріне жанай қоймағанын, сондай-ақ дәл осындай стратегиялық табыста Нұрсұлтан Назарбаевтың парасатты, дана да салиқалы саясатының орны орасан екенін айта кеткен жөн. Қазақстанның отыз жылда көтерілген мәртебесі туралы көп жайды баяндауға болады. Алайда мәселенің басын ашу үшін отыз жыл бұрын қай нүктеден қозғалғанын және қандай ахуалда болғанына тоқталмай қазіргі күйін бейнелеу,

әсіресе жас буынға жеткізу қиынға соқса керек. Сондықтан да отыз жыл бұрынғы тәуелсіз елге бұрылып қарауымыз қажет.

1980-жылдары Кеңес одағында орын алған экономикалық және әлеуметтік дағдарыс себеп болған саяси толқулар Шығыс Блогының таралуына және Кеңес одағының ыдырауына себеп болып, нәтижеде он бес тәуелсіз мемлекет пайда болғаны мәлім. Сол он бес мемлекеттің бірі 1991-жылдың 16-желтоқсанында өз егемендігін жариялаған Қазақстан болатын. Қазақстанның егемендігін жария етуі шамамен 260 жыл бойы жалғасып келген, Қазақ халқының тағдыры мен тарихына терең жара салған Ресейдің жаулау саясатының тоқтағанын, Қазақ тарихында жаңа белестің басталғанын көрсететін тарихи маңызы бар қадам болатын. Дегенмен бұл тарихи қадам, Кеңес одағының соңғы жылдарында шарықтау шегіне жеткен экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыстың нәтижесі болғандықтан одақтан бөлініп шыққан басқа елдер іспетті Қазақстан да саяси аренаға шығысымен тым ауыр ахуал ішінде болды. Әсіресе экономикалық күйзеліске түскен халық алғашқы жылдарда тәуелсіздігіне қуана қоймады. Ел басқарушылар үшін жағдай тіпті ушығып кеткен болатын, қайта құрылуы тиіс мемлекет, шешімін күтіп тұрған сан алуан мәселеле бар болатын.

Еске сала кетсек, Кеңес одағы ыдыраған соң одақтың өзіне тән экономикалық құрылымы істен шығып, мемлекетаралық байланыстар сақталмағандықтан экономика тоқырауға ұшырады. Кеңес одағынан бөлініп шыққан барлық республикаларда ауыр өнеркәсіп өндірісі тоқтап, қаржы-экономикалық күйзелістің салдарынан жамауға келмейтін қаржы мәселелері туындады. Сондай –ақ ақшаның құнсыздануы халықтың сатып алу қуатының төмендеуіне әкеліп соғып, жұмыссыздық арта түсті. Қазақстан туралы айтар болсақ, 1990-жылдардың бас кезінде ел ішінде нарықтың шайқалуы, капиталдың жетіспеушілігі, шикізатпен қамтамасыз етудің қиындығы және технологияның кенжелеп қалуы сияқты себептерге байланысты ірі өнеркәсіп орындары тоқтап, жалпы ішкі өнім 61, ауыр өнеркәсіп өнімдері 72 пайызға күрт төмендеп кетті. Көптеген кәсіпорындарда жұмыс тоқтаған соң жалақы төленбеді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметтерде де жалақы тұрақты төленбеді. Төленген жалақылар ақшаның құнсыздануынан бағаның өсуі мен инфляциядан халықтың қажетіне жарамады. Сауда саттықта ақша-тауар қатынасы тауар алмасуға өтті. Басым бөлігі славяндер мен немістерді құрайтын 2 миллионнан асып жығылатын әр түрлі этникалық топтардың өкілдері Қазақстаннан көше бастаған жылдарда қалаларды ауыл тұрғындарының көші біршама серпілтіп тастады.

Құрдымға кеткен экономикалық құрылым өз кезегінде әлеуметтік салаларға әсер етпей қоймады. Халықтың тұрмысы тіптен нашарлап кетті. Әлемдегі мұнай мен табиғи газ резервтеріне бай елдердің бірі Қазақстанда жанар-жағар майдың тапшылығы байқала бастады. Алматы сияқты бірен-саран қалалардың орталықтары болмаса, халықты электр қуаты және газбен қамтамасыз ету қиынға түсті. Көптеген жерде тығырықтан шығу үшін халық ошақ пен пеш қамына кірісіп, көпқабатты үйлердің ауласында ас әзірлеуден

басқа амалдары қалмады. Сол қиын қыстау заманның куәсі ауыл-аймақтарда, жол жиегінде кесілген ағаштарды көрген азаматтар ұмытпаған болар.

Экономика мен энергия мәселелерімен қатар этникалық және діни қақтығыстар ушығып келе жатты. Югославия ыдырап, Осман империясы тұсында мұсылмандыққа мойынсұнғандықтан түрікке теңелген босниялықтарды серптер жер бетінен жойып жіберердей қырып салды. Израилдің талабына сай Ирак, Сирия, Түркия мен Ираннан жер алып, Күрт мемлекетін құрып, Таяу Шығысты өз мүддесіне орайластыруды жоспарлаған АҚШ, ядролық қаруды сылтауратып, Иракқа баса көктеп кірді. Сондай-ақ АҚШ Түркияда этникалық наразылықты күшейту мақсатында лаңкестікті белсенді түрде қолдауға көшті. Түптеп келгенде Кеңес одағындағы ішкі наразылықтар егемендіктен бұрынырақ басталған етін. 1986-жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар қатаң жазаланған болатын. Кеңес үкіметі Н. Назарбаевті билік басына тағайындап, кері шегінуге мәжбүр болса да, оқиға барысында қолданылған қатаң жазалау тәсілдері мен тергеу амалдары кезіндегі шектен шыққандық халықтың наразылығын тудырды. Көп ұзамай Ферғана аймағында бауырлас халықтардың қақтығыстары басталды. 1989-жылы Ферғанада Мешхед түріктеріне қарсы жасалған әрекеттердің салдарынан этникалық топтар көшуге итермеленді. Сол жылы Ошта екі бауырлас халық қырғыздар мен өзбектердің арасында шыққан қақтығыс 1990-жылы қанды оқиғаға ұласты. 1990-жылы Әзірбайжанда Баку қаласында 20-қаңтар оқиғасы тіркелді. Оның артын ала Қарабағда тағы да қан төгілді. Ресейдің әскери күштерінің көмегімен армяндар Әзірбайжанда жаппай қырып жоюға кірісті. Әзірбайжан жерінің 25 пайызы Ресейдің қолдауымен жаулап алынды. Бір миллионға жуық әзірбайжан ата мекенін тастап көшуге мәжбүр болды. 1992-жылы Тәжікстан дүрдараздықтың орталығына айналды. Одан әрі Өзбекстанда пайда болған діннің атын жамылған террористтік қозғалыстар мен Кавказда Шешенстанның азаматтық соғысына қатысты Ресейде орын алған келеңсіз жайттарды қоса алғанда Кеңес одағы аумағындағы тұрақсыздық күннен күнге күшейе түскені белгілі. Сол бір сұрбелең кезеңді басынан кешіргендердің есінде болса керек, шетелдік сарапшылар Қазақстанда этникалық-діни қақтығыстардың белең алатынын болжаған болатын. Қазақстанның көп ұлтты, көп дінді демографиялық жағдайы мен елдегі қазақ санының аздығы, әрі белгілі аймақтарға шоғырлануы осындай болжаулардың қаңқасын құрады. 1989-жылғы халық санағы бойынша Қазақстандағы қазақтардың саны 6,5 миллион шамасында болып, жалпы қазақстандықтардың тек 39 пайызын ғана құраған етін. Н. Назарбаев «демографиялық драма» деп атаған елдің демографиялық ахуалы Кеңес одағы тұсында ұлтты жоюды көздеген саяси бағыттың нәтижесі болатын. Ашаршылық, қуғын-сүргін, қырғындар салдарынан қазақтардың саны күрт төмендеп, Патшалық Ресей тұсында басталған қоныстандыру саясаты әсіресе Кеңес одағында қарқынды түсті. Қазақстанға қуғындалып ресми түрде қоныс аударған 130 этникалық топтар мекен еткен Қазақстан мемлекеті аты қазақ болғанмен бірақ заты қазақ емес ұлттардың есебінен өз елінде сан жағынан едәуір азайып қалды. Расында

да Кеңес одағында сырт көзбен қарағанда да, ішкі жағдайға зер салып қарағанда да елдің демографиялық ахуалы қауіп тудыра бастаған болатын.

Жалпы айтқанда осы және басқалай мәселелердің шешімі мемлекет басқаруда, яғни үкіметтің қолында еді. Тез арада шешім табу керек болатын. Алайда егемендігіне енді ғана қол жеткізген елдердегі іспетті Қазақстанда мемлекет болу үдерісі жаңа басталып топыраққа жаңа ғана егілген дәндей еді. Сол дәннің өніп, көктеуі, өсіп масақ байлауы үшін оңтайлы жағдай жасалуы шарт болды. Тек сонда ғана мемлекетті қайтадан құруға, жаңа мемлекетке айналуына мүмкіндік болар еді. Әрине Қазақстан жоқ жерден пайда болған мемлекет еместін. Дегенмен сол кезде егемен елде кадр тапшылығы, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарға, халықаралық тәжірибе мен қатынастарға, шетелдегі өкілеттіліктерге әсер етпей қоймады. Тек аты ғана өзгеріп, Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасынан Қазақстан Республикасына айналған еді. Өзірге мемлекеттік нышандары белгіленбеген, құқықтық іргесі қаланбаған болатын. 2000-жылдарда Шымкент қаласында қызмет атқарған кезімде Қазақстанның белді ғалымдарының бірінің «Мәжілісте едім. Егемендігімізді жарияладық. Шамамен жарты сағаттан соң Түркиядан Қазақстанның егемендігін мойындағаны жайлы құжат келгенде қуанышымыз қойнымызға сыймай, балаша қуандық. Мұнша аз уақытта жауап келеді деп күтпеген едік. Бірақ көп кешікпей қуанышымыз су сепкендей басылды. Мемлекеттік рәміздеріміз де жоқ, енді не істейміз, қалай жауап береміз, не айтамыз дей бастадық. Өйткені тәжірибеміз жоқ еді...» деген сөздерінен негізінде Қазақстанның отыз жыл бұрын қандай күйде болғанын, тәуелсіздігінің жолы қалай басталғанын байқауға болады. Қазақстанның егемендік үдерісін сарапқа салғанда өткенге жасалған қысқаша шолу сол жылдарға бей-жай қарамау тәуелсіздіктің орнығуы үшін жүріп өткен жолды дұрыс бағалау үшін аса қажет.

Қазақстанның жалпы ахуалына тоқталып өткеннен кейін егемендік жылдарында атқарылған шараларға келер болсақ, Қазақстанның егемендігінің 30 жылдық жолын алғашқы кезең, яғни 90-жылдар, астананы Алматыдан Нұрсұлтан қаласына көшірумен басталған екінші кезең және 2017-жылдан кейінгі кезең деп үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Басқа сөзбен айтқанда алғашқы кезең құрылу үдерісі, екінші кезең даму, инфестиялау және халықаралық аренада өзін мойындату үдерісі, ал үшінші кезең жаңа нысандар мен рухани жаңғыру үдерісі деп атауға да болады. Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде, 90-жылдарда мемлекет басшысын сайлау, мемлекеттік рәміздің жасалуы, ұлттық ақша бірлігі теңгенің айналымға енуі, шетелдегі өкілеттіліктердің ашылуы, бұрынғы мекемелер мен ұйымдардың қайта құрылуы, жаңа мекемелердің ашылуы, 1993-1995 жылдарда Атазанның қабылдануы, мемлекеттік шекаралардың белгіленуі, халықаралық ұйымдарға мүше болу мәселелері мемлекет құру үдерісіндегі алқашқы қадамдарды қарқындатумен қатар халықты алаңдататын экономикалық жағдайды жақсарту үшін көптеген шаралар жүзеге асырылды. Кеңес одағының экономикалық жүйесі шайқалған соң, өз ісінің майталмандары экономисттермен бірге

нарықтық экономикаға өтуге шешім қабылданды. Меншіктендіру басталды. Шағын және орта көлемді кәсіпкерліктер мемлекет тарапынан қолданды. Елдің кен резервтері ескеріліп, энергияны инвестициялауға көңіл бөлінді. Шетелдік капиталды тарту үшін энергия саласы көш бастап, шетелдік фирмалармен ортақтаса жұмыс жасалды. Шетелдік салымшыларды елге тарту үшін ыңғайлы шарттар түзілді. Әсіресе екінші кезеңде ауыр өнеркәсіптердің сандық технологияға өтуі барысында алдыңғы қатарлы техникаға көңіл бөлінді. 1990-жылдардың соңынан әсіресе 2000-жылдан бастап халықтың экономикалық халі едәуір жақсарғаны сезіле бастады. Сенімді де қауіпсіз жағдайдың қалыптасуынан Қазақстан 300 миллиард АҚШ долларына барабар шетелдік инвестицияны тарта алды. Жалпы ұлттық өнім 18 есе өсті. 1993-жылы 11 миллиард АҚШ долларын құрайтын жалпы ұлттық өнім бүгін 30 пайызы шағын және орта кәсіпкерлерге тиесілі болып, 180 миллиард доллардан асып түсті. Осылардың нәтижесінде 1990-жылдардың басындағы 30 пайыздық кедейшілік қазір 5 пайызға дейін кеміп отыр. Тұрақты қаржы политикасы мен қаржы-экономикалық дағдарысқа себеп болатын кенет толқулардың алдын алу үшін Қазақстан 90 миллиард шамасында қаржы қорын жинақтауға қол жеткізді.

Экономика саласындағы ілгерілеумен қатар әсіресе 2000-жылдардан соң елде ірі инфрақұрылымдарға бет бұрылғаны байқалады. Бір жағынан Нұрсұлтан қаласы мен Түркістан қалаларындағы іспетті жаңа қала салынып жатқанда, екінші жағынан Алматы, Шымкент, Атрау сияқты қалалардың әрі қарай дамуына орасан зор күш жұмсалды. Сонымен қатар қомақты қаржы бөлініп, қалааралық жолдар, теміржолдар мен әуежайлар салынды. Ескі ғимараттар күрделі жөндеуден өтті. Осының арқасында Қазақстан Қытай мен Аурупаның арасындағы транзит елге айналды (Батыс Қытай-Батыс Аурупа жолы қазынаға жылына 5 миллиард доллар табыс түсіреді), бір жағынан бұл жол Қазақстанның сауда желісіне оң әсер етті. Бұрын одақтық сауда желілері Мәскеуде тоғысатын. Жаңа жолдардың салынуы, орныққан халықаралық қатынастар мен сауда желісінің нәтижесінде Қазақстан бір жақтан Қытай арқылы Тынық мұхитына, екінші жағынан Иран арқылы Парсы шығанағына, сондай-ақ Иран-Түркия арқылы Аурупаға шығуда. Осылардың барлығы Қазақстанның сыртқы саудаға шығу жолындағы тосқауылдарды жойғанын, басқа сөзбен айтқанда саудада егемендік алғанын көрсетпек.

Шетелде «Қазақстан жолы» немесе «Назарбаев жолы» деп аталып үлгі ретінде көрсетілетін Қазақстанның экономика саласындағы жетістіктері елдегі бейбітшілік пен тыныштықтың арқасы екені шүбәсіз. Аймақтағы және әлемдегі этникалық және діни қақтығыстарды мұқият қадағалап, оқиғаларды тиісінше түйіндейтін Қазақстан қандай да бір дүрдараздыққа жол бермеу, сондай-ақ сытқы және ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барын салып, 1992-жылдан бастап мемлекеттің күн тәртібінде болып, тек 1995-жылы ғана жүзеге асырылған Қазақстан халықтары ассамблеясы арқылы елдегі этникалық және діни топтардың атазаң бойынша мемлекет қамқорлығында өзара ынтымақтастықта өмір сүруіне жағдай жасады. осылайша, аймақтың көптеген жерлерінде қақтығыстар болғанмен, аздаған ұсақ-түйек оқиғаларды қоспағанда,

Қазақстанда айтарлықтай ұлттық және діни кереғарлыққа орын берілмеді. Осы тұрғыда елдің негізгі халқы қазақтарды қазақ деген атпен біріктіруге ерекше күш жұмсалғанын айта кету керек-ақ. Қазақтардың Қазақстанның негізгі халқы екенін және мемлекеттілігінің кепілі екенін ескерсек, елдегі тұрақтылық үшін ұлт бірлігі мен ынтымағы аса маңызды. Ел бірлігін барлық өзге мәселелерден де маңызды екенін жақсы білген Н.Назарбаевтың әр сөзінде қазақтарды бірлікке шақырғаны бекер емес.

30 жылда аса маңызды мәселелердің бірі елдің демографиялық жай-күйі болатын. Экономикалық құрылымның жақсаруы мен мемлекет тарапынан туу көрсеткішін көтеру үшін жасалған әлеуметтік ынталандыру шаралары қазақ халқының көбеюіне, қазақтардың өз елінде халықтың басым бөлігін құрауына мүмкіндік берді. 1991 жылы жалпы халықтың 39 пайызды құраған (1999 жылы 53 пайыз, 2013 жылы 65 пайыз) қазақ халқы бүгінде қазақстандықтардың 70 пайызынан асып түсті. Бұл тұрғыда 2 миллионнан астам басқа этникалық топтардың, әсіресе орыстардың (1270000) және немістердің (550000) тарихи отандарына қоныс аударуы, сондай-ақ ел асып кеткен қазақтардың атамекеніне оралуының ықпалын ерекше атап өту қажет. Атамекенге оралу 1992 жылы Назарбаевтың үндеуімен басталып, елге оралғандардың мәселесімен айналысатын «Көші-қон комитеті» деп аталатын арнайы бөлім құрылғаны белгілі. Оралмандарға берілген көмек пен жеңілдіктердің арқасында ресми статистика бойынша кеңестік кезеңде ашаршылық пен қуғын-сүргінге ұшырап ел асқан қазақтардың 750 мыңдайы атамекеніне қайта оралды. Бұл көрсеткіш Қазақстанға келетін студенттерді қосқанда 1 миллионға жуықтайды деп болжануда. Елге оралғандар мен оралман жобасының жүзеге асырылу барысында әкімшілік бір талай сынға іліксе де, бұл жоба Қазақстанның осы уақытқа дейін қолға алған маңызды әрі стратегиялық жобаларының бірі ретінде елдің демографиялық ахуалын жақсартуға елеулі үлес қосқанын ерекше атап өткен жөн. Елдің бай ресурстарын да, халқы көп көршілес елдердің болуын да ескерсек, Қазақстан жақын келешекте халық санын өте жылдам көбейту керек екені айдан анық.

Демографиялық салада жасалған шараларды елді қазақыландыру ретінде жасалған стратегиялық қадам деп бағалау керек. Бұл бағыттағы тағы бір қадам 1997 жылы қабылданған шешім негізінде мемлекет бас кеңсесінің Алматыдан Нұрсұлтанға көшірілуі болды. Шешім қабылдау барысында әсіресе Алматы тұрғындары наразылық білдіріп, шешімді қатаң сынға алса да, еліміздің бас қаласын көшіру елеулі тарихи оқиғалардың бірі болып қала бермек. Сонымен қатар астананың көшірілуі алыс жақын шетелге бағытталған стратегиялық қадам болды. Қазақстанның жаңа астанасы үшін Қытай шекарасындағы Алматыдан елдің дәл ортасынан орын таңдау кездейсоқ шешім еместі. Астананың құрылуы мен толық жабдықталуы, мемлекеттік мекемелердің қоныс аударуы, аз ғана уақыт ішінде елдің түкпір-түкпірінен халықты өзіне тартатын қалаға айналуының нәтижесінде Астана мен оған жақын қалалардың демографиялық құрылымында айтарлықтай өзгерістер, солтүстіктегі қалалар

мен солтүстік көршілердің қоқан-лоққы мәлімдемелері мен талаптарын жоққа шығаратын стратегиялық қадам болды.

Екінші жағынан, Қазақстан осы 30 жылда мемлекетті қазақтандыру бағытында маңызды шаралар жүзеге асырды. Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттік мекемелерде қызмет атқаратын қазақ ұлтының өкілдерінің саны едәуір аз болғаны баршаға аян. Өткен отыз жылда атқарылған жұмыстар нәтижесінде бұл мәселе негізінен еңсеріліп, бүгінгі таңда еліміздің әр мекемесінде, оның ішінде стратегиялық және мамандандырылған мекемелер мен салаларда қазақ ұлты басым деңгейге жетті. Елдің стратегиялық дамуы барысында жоғары оқу орындары, әсіресе «Болашақ» бағдарламасы аясында атқарылған іс-шараларды еске салғым келеді. «Болашақ» бағдарламасы арқылы Қазақстан өзіне қажетті салаларда тәжірибені қажет ететін заманауи технологияларға қол жеткізу үшін жастарды әлемнің жетекші университеттеріне жіберу арқылы мамандарға деген қажеттілікті қанағаттандыру үшін аса маңызды жобаны бастап, дүниежүзін білетін білімді де білікті жас команданы тәрбиелеуде жетістікке жетті. 1993 жылдан бері 10 мыңнан астам қазақ жастарының әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде білім алуына жол ашқан бұл жоба Қазақстанның мемлекеттік санасы мен келешекке көзқарасын таныту жағынан жеткілікті және жоғары бағаға лайық екені рас.

Құрметті достар, «Ұлттық мұра», 2030 және 2050 жобалары сияқты маңызды жобаларды жүзеге асырған тәуелсіз Қазақстанда 2017 жылдан бастап жаңа кезең басталды деп айтуға болады. Жоғарыда біз атап өткен мемлекет құру, экономика, саясат және әлеумет салаларында макро тепе-теңдікті дұрыс жолға қойып, нық қадамдармен ілгерілеген Қазақстан 2017 жылдан бастап «Рухани жаңғыру» атты жаңа бағдарламасымен халқының алдына шықты. Бұл бағдарламада экономикалық және саяси міндеттер бар болса да, бағдарламаның ұлттық рухты, ұлттық сананы қалыптастыруды көздегенін, оның жаңа бағытты айқындап көрсететін, халықты тарихина, тіліне және ұлттық мәдениетіне жетелейтін аса құнды бағдарлама екенін айта кеткен жөн.

Латын әліпбиіне көшу туралы шешім осы үдерістің маңызды қадамдарының бірі екені сөзсіз. Қазақстан және басқа да түркі текті мемлекеттер мен қауымдар бұған дейін 1926 жылғы Бакудегі Түркология съезінің шешімдерінен кейін латын әліпбиіне көшкен болатын. Дегенмен 1928 жылы Түркияның латын әліпбиіне көшуінен секемденген кеңес үкіметі 1940 жылы өз құрамындағы түркі халықтарына жеке-жеке кирилл әліпбиін жасап, ортақ әліпби үдерісіне нұқсан келтіріп, бауырлас халықтардың арасына әліпби деген кедергі қойды. 2025 жылы латын әліпбиіне толыққанды көшетін Қазақстан осы шешімімен бір жағынан әлемдік жүйеге енсе, екінші жағынан Қырғызстаннан басқа латын әліпбиін енгізген тәуелсіз түркі елдері арасындағы байланысты өркендетуде маңызды қадам жасады.

Түркістан қаласы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар рухани жаңғыру үдерісіндегі тағы бір маңызды қадам деуге болады. Түркістан қаласының облыс орталығына айналуы, оның қайта құрылуы, Түркістанның да, Түркі әлемінің де

рухани көсемі Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың Түркістаннан таратқан рухани лебі тарихпен, дінмен астасып, қазақ халқына да, бүкіл түркі жұртына ортақ тарихты, ортақ мұраны еске салады әрі келешекке жол сілтейді. Түркістанда жасалған оң өзгерістер мен Қожа Ахмет Ясауиға назар аудару, рухани жаңғырудың нені меңзеп тұрғанын түсіну үшін Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті сыры» мақаласына зер салу жеткілікті. Осы мақалада, ол ортақ түрік мәдениеті мен өркениетіне, бүгін басқа жерлерде қоныс тепкен түркі халықтары Қазақстаннан көшкеніне, Қазақ жерінің жалпы түрік халықтарының атажұрты екеніне, түркі халықтарының жылқыны қолға үйрету, тоқымашылық, кен өндіру, саз, тіл, әдебиет және ғылым салаларында әлем өркениетіне қосқан зор үлесіне баса назар аударылып, бұл ортақ құндылықтардың бір жағынан Түркістанда көрсетіліп, екінші жағынан тарихи зерттеулер, фильмдер, музыка, мүсіндер, көрмелер арқылы әлемге насихатталуы керектігі сөз болады. Мақалада тарихта және бүгінде әлемнің әр түкпірінде түрлі этнонимдерді иемденіп өмір сүріп жатқан түрік халықтарындағы тек, тарих, тіл мен мәдениет сияқты ортақ құндылықтарға тоқталып, оларды білу және таныту қажеттілігі жеке бабтармен берілген. Мақалада мұнымен қатар әліпби мәселесіндегідей бір-бірінен алыстатылған, кеңестік дәуірде «түркі тілді» атанып, тегі, тарихы мен мәдени байланыстары жоққа шығарылып, тек тілдері жақын делінген түрік халықтарының туыстық қатысына баса назар аударылады. Н. Назарбаевтың біз жалпылама беруге тырысқан Түрік әлемі туралы ойлары жаңа емес. 2009 жылғы Нахчеван саммитінде Түркі кеңесін және осы Кеңес аясында түркі текті халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу мақсатында Нұрсұлтан қаласында өз жұмысын жүзеге асырап келе жатқан Түрік академиясын құру туралы шешім қабылданып, «Ортақ түрік тарихы» кітабы осы академияда әзірленіп, қазір дайындалып жатқан «Ортақ түрік әдебиеті» кітабы да бұрынырақ басталған бұл еңбекпен бірге барлығы да Н. Назарбаевтың ұсынысымен жүзеге асырылғанын екенін айта кеткен жөн. Елбасы, түркі әлемінің ақсақалы, дана көшбасшы Н. Назарбаевтың бұл еңбектері кеңестік түркологияның түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне келтірген залалын қалпына келтіруге және қазіргі түрік мемлекеттері мен халықтарының шын мәнінде қоян-қолтық араласуна, әр салада мызғымас берік қатынас орнатуға бағытталған тарихи қадамдар екені дау тудырмаса керек. Десек те, осы саладағы зерттеулердің табысты болуы бюрократия, университеттер, ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдары сияқты мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық құрамдас бөліктерінің жан-жақты зерттелуі мен қолдауының арқасында мүмкін болатыны белгілі.

Қымбатты достар, бүкіл әлем экономикасы сияқты Қазақстанның экономикасына да әсер еткен дағдарысты айтпағанда, 30 жылдық тарихында Қазақстан мемлекет құру, экономика, саясат және әлеумет салаларында орасан зор жұмыс атқарғаны, маңызды табыстарға қол жеткізгені анық. Атап айтқанда аз болса да, демографиялық құрылымды жақсарту, саяси және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, шекараны белгілеу, астананы Нұрсұлтанға көшіру, Түркістанды облыс орталығына айналдыру және осы бағытта

атқарылып жатқан шаралар, елдегі үлкен өзгерістерді көрсететін инфрақұрылымдық жұмыстар, Ұлттық мұра және рухани жаңғыру бағдары аясындағы мәдени шаралар мен халықаралық аренада қол жеткен саяси бедел іспетті әр қайсысы жеке дара мақтауға лайық еңбектер жайлы сөз болып отыр. Дегенмен, қазақ тілі мен тарихнама сынды маңызды екі мәселеде дәл осындай жетістікке жетті деуге болмайтынын айта кеткен жөн. Тарихнама деп отырғанымыз – кеңестік тарихнамаға таңылып қалған сыңаржақ әрі жасанды тарихнама. Бұдан бұрын Семейде, Алматыда, Шымкентте, Түркістанда жасаған баяндамаларым мен мақалаларымда осы мәселелерді баса айтып келдім; Қазақ тарихы кітаптарындағы «Қазақтардың Ресейге өз еркімен қосылуы мен осы қосылудың қазақ қоғамы үшін оң әсері», «Қазақ тарихында болған оқиғаларды феодализммен түсіндіру», «Қазақтардың тарих сахнасына шығуын этникалық қалыптасу үдерістерімен түсіндіру», «Қазақ тарихын Қазақ хандығынан бастау» сияқты мәселелердің тарихи шындықпен астаспайтынын жазған болатынмын. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі кезеңде, әсіресе, «Ұлттық мұра» бағдарламасы аясында маңызды зерттеулер жүргізіліп, мен атап өткен Қазақ хандығы тарихындағы қателіктердің едәуір бөлігіне түзетулер енгізілді, бірақ өкінішке орай Қазақ хандығына дейінгі қазақ тарихын зерттеуге қатысты кейбір түсініктемелерден басқа нақты шараларды көре алмай отырмыз. Қазақ тарихы Қазақ хандығымен шектеліп қалмайтыны әлемге аян болса, Қазақстанның саяси шекарасын ескере отырып жазылған «Қазақстан тарихы» атты зерттеулер қазақ тарихын толық қамтуға жеткіліксіз деп санаймын. Қазақ хандығы қазақ тарихының бір кезеңін ғана құрайды. Қазақ атауы мен Қазақ хандығы пайда болғанға дейін қазақтардың әр түрлі этнонимдермен саяси бірліктерде болғанын ескерсек, қазақ тарихының жалпы тұжырымдамасына қажеттілік туындайтыны сөзсіз.

Қайта өңделіп жатқан Қазақ тарихы кітабында осы мәселелер ескерілетініне сенім білдіре отырып, соңғы сөз ретінде тіл мәселесіне тоқталмақпын. Өткен жылдармен салыстырғанда бұл тұрғыда біршама ілгерілеушілік барын, қазақ тілінің жұртшылық арасында беделі артып, ғылыми зерттеулерде қолданылу аясының кеңейе түскенін айта кету керек. Тағы бір айта кететін жайт, соңғы кездері білім беру тілі 70 пайыз қазақ тілінде деген ресми хабар да көңіл қуантады. Бірақ Атазаңда «мемлекеттік тіл» мәртебесі берілген қазақ тіліне, әсіресе мемлекетті басқарып отырған шенеуніктердің тиісті көңіл бөлмеуі, ресми құжаттарда тиісінше орын алмауы қатты қынжылтады. Енді бір жағынан, Қазақстан халқы Ассамблеясының мәжілістерінде елдегі қазақ емес ұлт өкілдерінің мінбеде қазақша сөйлегенде ықыласқа ие болғанын көргенде, мақсат – басқа ұлт өкілдерін қазақша сөйлету ме деп қаламын. Сөзімді бюрократия мен қазақ тілі арасындағы қарым-қатынас туралы ойландыратын есімде қалған бір оқиғамен аяқтағым келеді. 2000 жылдары Пушкин атындағы кітапханада өткен шараға қатысып, қатты таң қалдым. Шымкент қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен қазақ тілін кеңінен насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шара мен араласқанша орыс тілінде жалғасты. Әрине, ол күндер артта қалса да, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие

болғанымен, қазақ тілі әлі де лайықты дәрежеге жете қойған жоқ. Мемлекет пен ұлт дегенде ең алдымен тіл ойға оралатынын ұмытпаған жөн.

Осы сөздермен Қазақстан халқын тәуелсіздік алған құтты күнімен тағы да құттықтаймын, еліміздің негізін қалаушы, еліміздің бас сәулетшісі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа денсаулық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Сабыр етіп тыңдағандарыңыз үшін рахмет айтамын.



Құлбек ЕРГӨБЕК

Жазушы, ғалым.

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК – ҰЛТТЫҚ РУХ ҰРАНШЫСЫ

Жетімдіктен жетілген

Анамыз үйелмелі-сүйелмелі жетім қалған төрт баланы - Өзбекәлі Жәнібековтің атын атап, ауыр тағдырын әңгімелеп беріп тәрбиелер еді бізді. Онда мен небәрі алты жастамын.

...Өзбекәлі Жәнібек «әкем бар» деп ашып айтпаған да, жантартып жазбаған да кісі. Өзінің «Тағдыр тағлымы» атты мемуарында әңгімеленгендей, әмеңгерлікке мәжбүрленген аяулы анадан туған, жесір әйелдің баласы. Оны адамға дегенде аңғарымпаз, дүние-ғаламға пайымды етіп ашық құлақ саналы азамат етіп өсірген, бәлкім, Анасының тағдыр ауыртпашылығын мұңды әуенге айналдырып шерлене салатын әні болған шығар. Әкесін қайдан атасын, жатаған жаппада туып, күркеде өскен баланың буыны бекімей жатып ағайыннан көргені көзтүрткі, өзге емес, ағайынның зорлығы, кешкені бейнет болса, жалғызілікті ананың жүзіне қарап, белі майысып тезек теріп, от жаққан, тірсегі соғысып жүріп су тасыған, күбі пісіп, май айырған, диірмен тартқан, өрмек тоқыған, қозы қайырған, қой баққан баланың бары-жоғында әкесі аталатын адамның ісі болмаса, сарылып ұзақ жатып сартаптанған сарптан жалғызына көзін сүзе «ендігі күнің не болар, қарғам?»-деп үздіге қарай-қарай үзілген аяулы ананың көзі жұмылар-жұмылмаста көрпе-төсегін өртеп, жер-кепесін көміп, азын-аулақ жантықты ту-талақай бөлісіп алса, есі кіріп, етегін жапқанша күні кісі есігінде өтіп, өгей шеше, өкіл әкеден бір ауыз жылы сөз естімей шер-көкірек болып өссе. Тіпті орта мектепті аяқтап Алматыға білім іздеп аттанып бара жатқанда да балам деп барын(дәулетті болған кісі еді) беріп, басынан сипап тәуір сөзін айта алмаса өкіл әке...

Оның перзенттік бар махаббатпен жырлап өткен адамы – аяулы анасы! Қызылшырайлы сұңғақ ән-кеуде кісі қиналғанда түсіне кіріп, түсінен кейін ісі оңғарылып жүре береді екен Өзекеңнің. Аяулы анасы жайында айтқанда үні үзіліп, даусы құмығып, шығып, өзі қарадай қамығып қалар еді, жарықтықтың. «Жасым келген сайын табиғи келбетін көзіме елестете алмайтын болып барамын»-дейтін сосын біртүрлі анасына опасыздық жасаған тілазар баладай.

Кісі есігінде жүріп, кісі баласынан қалған киімді киіп, кісіден қалған ас-ауқатты ішіп күн кешкен ол мектепте ән салып, би билепті, мектептің бір

қабырғасын тұтастыра сурет салыпты, Отырартөбеден тарихи ескерткіштер тауып, мектепте музей мүйісін ұйымдастырыпты, сыныпта баяндама жасапты...

Бір жайға кісі қайран қалады. Қабырғасы қатпаған қаршадай баланы тағдыр қаншама иледі келіп, иледі келіп. Ал, ол болса жүнжіп, өшіп кету орнына өршелене өсті десеңізші. Жетім бала қайсарлығы. Соғыстан кейінгі ауыр жылдары әке-шешесі қатар отырған әулеттің өзі баласын ұзатып оқуға ықыласты бола қоймағаны мәлім. Майдандағы әке, ағасына алаңдап өскен балада да оқуға деген ынта жоқ-ты. Әйтеуір «Ел тыныш болсын!»-деген бір ғана ішкі-сыртқы тілекті қанағат етті ауыртпашылықты жылдардың адамдары. Ауыздарында Аллаға шүкіршілік... Ал, алаңдайтын артында ешкімі болмағаннан ба, әйтеуір бала Өзбекәлі ішіндегі жанайын деген шырақ бір бәсеңдемей маздады да тұрды, маздады да тұрды.

Жетім өскен тас жүректі осылай жанамын деген жас жүрек өрге сүйреді. Ол Алматыға аттанды. Алаш ардақтылары атылып кеткен, оларға жантартушылар «итжеккенде» қамақта, лагерде. Соғыс сойқанынан Ресейден ығысып келген Тарле, Соколов, от кешіп оралған М.Фабдуллин, С.Толыбеков сынды оқымыстылар дәрісі, қолы қалт етсе вокзал барып отын түсіру, соғыс жылдарында ығысып (эвакуация) келген еврей кемпір-шалдың пәтерін жалдап күн кешу – оның студенттік шағының мазмұны. Бүгінгідей емес, ол кезде оқу орнында жастарды өнерге баулу дәстүрі бар секілді. Тамаша актер Қ.Бадыров жетекшілік ететін үйірмеде Ғ.Мүсіреповтің «Ақан сері - Ақтоқты» пьесасы бойынша әуесқой спектакль дайындалып, онда бала Өзбекәлі Мылқаудың ролін ойнайды. Үлгерім үздік, тәртіп жақсы, айтулы студент. Ол, кешегі Қаз ПИ, бүгінгі Абай атындағы Алматы педагогикалық университетінің түлегі. Осылай жетімдіктен кетіле-кетіле жүріп жетілген. Қаршадайынан жетім қалып, тағдыр тауқыметін көріп, жоқтың парқын, бардың нарқын біліп, жетімдіктен жетілген - Өзбекәлі Жәнібек!

Жастарға көсем болған

- Республика жастар ұйымының бірінші хатшысы кім?-деп сұрады комсомол қатарына өтерде Отырар ауданы комсомол ұйымының бірінші хатшысы Арысбек Тәжиев.

- Өзбекәлі Жәнібеков...

- Өттің, бара бер, айналайын!

Бала жастан анамыз құдағымызға құйып өсірген мен бұл есімді түнде ұйықтап жатқанда түртіп оятып сұраса да мүдірмей айтар едім. Бір мен ғана емес, бүкіл Қазақстан жастары солай ардақтар еді аңызға айналған жалынды жастар жетекшісін.

...Өзбекәлі Жәнібектің еңбек жолы бірде ашылып, бірде жабылып қала беретін, Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданынан бастап арналанады. Пионер жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі, мектептің бастауыш жастар ұйымының жетекшісі, аудандық жастар ұйымының хатшысы, екінші, бірінші хатшысы... Балаларға жақын болыпты, күй талғампты, уақытын аямай, бала бақытын аялауға барын салған, сабақтан тыс уақытта тал тіктірген, мектеп айналасы, ауыл-аймақты жасыл желекке көмкерген, ол

ағаштар күні бүгін «Жәнібеков теректері» аталады. Соғыстан кейінгі жылдардың рудан, руға бұрудан аман аудан ағалары Ә.Жылқышиев, К.Ысқақов қинап көндіріп, аудан жастарына жетекші еткен Өзбекәлі Жәнібекті.

Аудан аты облысқа жетті. Жастар жетекшісі облыстық жастар ұйымына хатшылыққа шақырылды. Хатшы, бірінші хатшы. Облыстық комсомол комитетін басқаратын, жетім балалар үйінде тәрбиеленген хатшы Владимир Байжанов Өзбекәлі бойынан жалындаған жалын көреді. Тағдырлас тұту да бар шығар. Жантартып жақсы көреді, білгенін айтып тәрбиелейді. Партия жұмысына ауысқанда орнына Өзбекәліні ұсынады. Аты бар да, заты болымсыз жастар ұйымы Өзбекәлідей жалын жетекші арқасында облыста жетелі күшке айналады. Жалындап шығып КИМ жетекшілігіне дейін жеткен Ғаниға (идеалы) облыста ескерткіш қойғысы келеді. Облыс басшысы қарсы. Қазақ жастарын мал бағуға шақырады партия. Жастар жетекшісі «Бабасының сорына біткен қой бағу – қазақтың баласының маңдайына сүртсе, сүрсе кетпейтіндей болып жазылып па? Жақсы болса орыс нәсілді жастар неге қой бағуға бармайды? Қазақ жастарын оқу-білімге бағыттауымыз керек. Ең болмаса өндіріске жіберу шарт. Көзі ашылады. Өмір көрсін. Қалалық мәдениет үйренсін!»-деп қарсыласып бағады. Облысты партия комитетінің бірінші хатшысы болып басқарған Мақаров (М.Әуезовтің «Өскен өркен» романындағы Карповтың түп-тұлғасы.), кейіннен Ливенцов жастар жетекшісіне үрке қарайды. Жолына кедергі бола бастайды. «Сенің Ғаниың Ленин бе еді?»-дейді олар. «Жалындап шығып жастарды өнер-білімге үндеген. Аз ғұмырында КИМ жетекшілігіне дейін жетіп, құйрықты жұлдыздай ағып өткен Ғани бір қазақ жастарының емес, бүкілодақ Лениншіл коммунистік жастарының идеалы. Оған Шымкентте ғана емес, Мәскеуде қойылуы керек ескерткіш!»-дейді Өзбекәлі. «Ғани ескерткішіне қаражат жоқ»-дейді олар. «Сенбілік жасаймыз. Жастардың өздері-ақ жинап береді керек қаражатты»-дейді Өзбекәлі. «Кімге құйдырмақшысың, ескерткішті комсомол?»-деп кекетеді партия жетекшісі. «Ғанидың ескерткішін мүсіндеуге Лениндік сыйлықтың лауреаты Вучетич лайықты»-дейді көп жайдан хабардар комсомол жетекшісі. «Ха-ха, сен де айтасың комсомол. Сарыағашқа, не Келесіңе апарып қой ескерткішінді...»-деумен тынады партия жетекшісі. Ескерткіш жасау идеясы жалғаса береді. Аяқтан шалу ісі асқындай береді.

Отызыншы жылдардың содырлы сойқандары - 1932-33 жылғы халықты қынадай қырған қолдан ұйымдастырылған аштық, 1937-38 жылдардағы қазақтың ұлт үшін ғұмыр кешкен кетпен тұяқ кеменгерлерінен тартып іске татыр азаматын қанды қырғынға ұшырату, түтіні шалмаған түтін қалмаған Ұлы Отан соғысы аталатын соғыс – қазақ жастарының рухын жойып жібергенін жастар жетекшісі жақсы білді. Тіпті соғыс зардабынан қазақ жеріне депортацияланған шешен, месхет түркі, қарашай, грек ұлт өкілдерінің адымды алшаң алып, қазақ жастарына «болашақ қойшы» райында қарай бастағанына күйінді. Жалған «интернационализм» девизимен ұлттық рухтың басылған үстіне басыла түскенін көріп, біліп, жадына түйіп өсіп келеді өзі де. Білгендіктен де басты мақсатым – қазақ жастарын ояту, ұлттық рухта

ширықтыру, намысты етіп тәрбиелеу деп ұқты облыс жастарының жалынды да ойлы жетекшісі. Сол үшін де алған бетінен қайтпады.

Алматыға шақырылды. Алдымен Жастар ұйымының қатардағы хатшысы, сосын бірінші хатшы. Тағы да сол ұстаным. Қайтсек қазақ жастары рухын оятамыз? Олар неге қой бағуға тиісті? Олардың сыбағасына өнер-білімнің бұйырмағаны ма? Ең болмаса дүниеге көзін ашар, өзге ұлт жастарымен араластырар, шыңдар өндіріске жіберсек ше? Жастарды отансүйгіштік сезіміне қалай баулимыз? Білімсіз қараңғы жастың Отансүйгіштік сезімі орнықты бола ала ма? Қазақ жастарының есесі неге кете береді? Одаққа кең танылған Ғанидайын тұлғасы бар Республика Жастар ұйымы жетекшісі неге Орталықта Бюро мүшесі емес? Неге Мәскеуде Ғаниға ескерткіш жоқ? Ғанидың қайда жерленгенін білетін кісі бар ма, сірә?

Ол дереу комсомолдың «Ардагерлер кеңесін» құрды. Оны Шәріп Өтеповке басқартты. Мәскеуге - Мильчаковқа хат жазды. «Сіз Ғанидың шәкіртісіз. Қалай ойлайсыз КИМ жетекшісі болған Ғани Мұратбаев бүкілодақ деңгейде неге аталмайды? Неге насихатталмайды? Ғанидың бүкілодақ деңгейінде насихатталмауы, оның тарихи еңбегі айтылмауы – КИМ (Коммунистік Жастар интернационалы) тарихына нұқсан емес пе? Шәкірті Сіздер намыстанбайсыздар ма тарихи әділеттіліктің бұрмалануына?» БКЖО (ВЛКСМ) бірінші хатшысы С.Павловқа айтты мұң-зарын. Республика Жастар ұйымының жаңа жетекшісінің Бүкілодақтық комсомол ардагерлеріне, жастар ұйымының жетекшісіне қояр сауалы осылай-осылай шықты. «Ардагерлер кеңесі» арқылы Ғани шәкірті, профессор Бейсембай Кенжебаевтың сақ архивінде сақталған екі суретті қолқалап сұрап алды. Бірінде КИМ жетекшісі Ғани Мұратбаевты ақырғы сапарға шығарып салу қаралы рәсімі. Қаралы жиынды қазақтан шыққан марқасқа, тұңғыш елші-дуаен, көп тіл білген білімпаз Нәзір Төрқұлов басқарып жүргізіп тұр. Ғанимен хоштасуға келген мәскеуліктер қалың нөпір. Екінші суретте Ғанидың топырағы кеппеген зираты. Көздеріне жас алып Жүсіпбек Арыстанов, Бейсембай Кенжебаев, Бақытжан Мұратбаева... Бәрі де өрімдей жастар.

Қос суретті қолына алған ол Бүкілодақтық лениншіл жастар ұйымының жетекшісі С.Павловқа телефондады. Мәскеуге келгенде кіріп шықты. Көлденең тартары бір сұрақ: «Кезінде КИМ жетекшісі болған қазақ Ғани Мұратбаев неге одақтық деңгейде айтылмайды? Қайда жерленгенін, зиратын неге білмейміз? Комсомол архивінен Ғани зиратын табуға көмектесіңіз!» Бұл жолда сарсыла ізденді Жастар жетекшісі. Ғани өмірінен мақалалар жазып жүрген журналист Сейілхан Асқаровты Мәскеуге аттандырды. Ұзақ жылдық саяси қуғын-сүргіннен жаны тоналып, сүдіні сүйретіліп жеткен Жүсіпбек Арыстановты, Шәріп Өтеповты, Бақытжан Мұратбаеваны алып бірге ұшты Мәскеуге. Ақыры Ғанидайын күйректі жұлдыздай ағып түскен бозымның зиратын тапты, Давид Шумиловичке мүсінін құйғызды, Е.Тяжельников бастаған одақтас республика Жастар ұйымының басшыларын қатыстырып қаралы рәсімді өткізді. Оларды сөйлетті. Одақтық баспасөз шулап жазып жатты. Шумиловичқа құйғызған Ғани мүсінін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысымен қидаласып

жүріп ақыры Шымкентке – Пионерлер сарайының алдына қойдырды. Кіндік қаны тамған Қазалыда, қызмет еткен Ташкентте Ғани Мұратбаев музейін жасатты. Ғани арқылы – қазақ жастарының өшкен рухын қайта оятты. Бір жайды айта кету орынды. Шымкент қаласында тұрған Ғани Мұратбаев мүсінін Давид Шумилович қоярда-қоймай Өзекеңнің бет келбетін маска жасап алып, содан өрбітіп жасаған. Мүсінші Ғанидың суретіне қарап тұрып, «Ұқсайсындар. Мүсін жақсы болсын десең қарсы болма. Сенің келбетіңнен құямын...»-дейді. Қинала-қинала келіседі Өзекең. Жалындаған жастың сыртқы түр келбеті ғана емес, ішкі жан-дүниесі, бүкіл рухы да Ғаниға ұқсайтынын Давид та, тіпті Өзекеңнің өзі де білмейтін ол кезде.

Республика Жастар ұйымына арнайы ғимарат салдырған, жастарды Ғани рухымен оятқан, Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығын белгілеген (оның тұңғыш иегері – мәңгі жастық жыршысы - Саттар Ерубәев), «Сазген», «Шертер», «Адырна» саз аспапты ансамбльдер ұйымдастырған, кексе ақын-жазушыларды шақырып (С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев) талантты жастардың (Т.Молдағалиев, О.Сүлейменов, Қ.Мырзалиев, С.Жүнісов, С.Мұратбеков) шығармаларын талдатып жолын ашқан, жастар сыйлығына ұйғарған, Олжас Сүлейменовті Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлығына ұсынған, Композиторлар одағына мүшелікке қабылдамаған Шәмші Қалдаяқовқа Жұбан ағасын (Молдағалиев) алға салып сөйлетіп Жастар ұйымының сыйлығын алып берген, жастардың екпінді құрылысын ашқан, Көктөбеде ашық аспан астындағы музей бағдарлаған, (көп-ақ), сөйтіп жастарды рухани түлеткен Өзбекәлі Жәнібек! Жастар газеті – «Лениншіл жастың» сол жылдардағы тігіндісін парактасаңыз Республика Жастар ұйымының жетекшісі Өзбекәлі Жәнібек бастап атқарған өскелең істердің күн санап атқарылып отырғанына куә боласыз, қайран қаласыз. Сондай материалды қайта оқыған жастар газетінің сол жылдардағы бас редакторы Шерхан Мұртаза: «...Кәдімгідей жаным жадырап, сағынып қалған ұстазымды қайта көргендей, әлгі бетті қайта-қайта оқыдым. Ол бізден сонда бір-ақ жас үлкен екен ғой.» («Егемен Қазақстан» 21.XII. 2006 ж.)-деп ұстаз тұта, таңырқай сағына жазды Өзекең туралы. Шерағаң айтар еді: «Құдай-ау, Өзбекәлі Жәнібеков бас болып жасатқан ол жылдардағы жаңалықты істердің өзін тізіп шықсаң, бір кітап болар еді.»-деп. «Өзекең шәкіртіміз»-деген сөзді бір ғана жас кіші қайраткер Қаратай Тұрысов, Камал Смайылов та қайталай-қайталай айтумен өтті.

Өзбекәлі республика жастарын бастап шетелге шығарда Орталықта (Москвада) «Халық әнін тындамайды. Домбыраны қалдыра салған жөн. Эстрадалық ән жетеді»-депті Орталық комитет хатшысы. Домбыра Москва түгілі Қазақстанда да қадірі қашып «халық жауына» айналып тұрған бір күйсіз кезең еді. «Егер біздің қазақ жастары шет елге домбыраны алып шығып, халық әнін айтпас болса, мен пресс – конференция беремін де, лениндік ұлт саясатының бұрмаланғанын айтамын-айтамын, сөйтемін де жастарымды алып қайтамын, өздерің барындар шет елге!»-дейді тікіленіп. Амалсыз көнеді шарасыз Мәскеу... Дүниежүзі студент жастары фестиваліне қазақстандық делегация бастап барған Өзбекәлі Жәнібек: «Әрбір ел, әрбір республика

жастары сол республика ұлттық дәстүр ерекшелігінде тәрбиеленсе жан байлығы мол, жан-жақты дамыған кемел патриот болып өседі.»-деп биік мінберден Софияда ұлттық рухта сөз сөйлепті. Кейін тамаша әдебиет тарихшысы, Социалистік Еңбек Ері, академик Д.С.Лихачевтың теледидардан: «Советтер Одағы өз территориясында өмір сүрген көптеген ұлттардың жойылуына жол берді. Табиғатта басы артық ештеңе де болмақ емес. Сол бір орыстанып кеткен шағын ұлттармен бірге тамаша ұлттық әралуан мәдениет үлгілері жойылып кетті. Егер мұндай бассыздық, мұндай орыстандыру жалғаса берер болса мен СССР Ғылым академиясының мүшелігінен өз еркіммен бас тартамын!»-деп сөйлегені бар. Бірі КСРО әлемге ықпалды империя райында қайнап тұрғанда, келесісі тарихи қажеттіліктен қалып қалжырап қалғанда айтылған семсер-сөз. Тарихшы Өзбекәлі Жәнібек пен әдебиет тарихшысы Д.С.Лихачевтің сөздерінің рухтас шыққанына қайран қаламын. Асылы адамзат үшіндік небір қанды қасірет баба тарихты білмеуден, небір асыл қасиет баба тарихты біліп, сүйіп тарихи зерде түюден туатын болса керек. Өзара нәсілдес емес екі тұлғаның жүзі басқа бола тұра – жүрегі бір, тілі басқа бола тұра – тілегінің бір жерден үндесіп шығу генезисін өз басым осылай ұғамын.

Жастар ұйымының кезіндегі жетекшісі (Өзекеңнің ұстазы дерлік) Сағындық Кенжебаев айтар еді: «Іскерлігін білсем де елге, жерге бөлінгіш оңтүстіктен шыққан Өзбекәлі тұлғасына әуелі қалыбына тартып кетпес пе екен деген күдікпен қараған едім. Жоқ. Олай болмады. Жастар сеніміне ие болды. Жастар Өзбекәліге әкесіне сенгендей сенді. Сүйді. «Ол Қазақстан жастарына көсем бола білді»- дейді сүйсініп, Жастар ұйымын Өзекеңнен қабылдап алған Зақаш Камалиденов: «Ғанидан кейін республика жастарына шын көсем болған адам Өзекең. Өзекеңе дейін де, кейін де Республика Жастар ұйымын басқарған біздің ешқайсымыз да ол секілді жастар жанымен құлай сүйіп жақсы көрген көсемге айнала алмадық»-деп ақ жарылар еді.

Айтса айтатындай замана ауыртпашылығынан, зұлым саясаттың зұлматынан рухы құлаған қазақ жастарын ұлттық дәстүр аясында асқақ тәрбиелеп (ол тәрбиелеген тұлғаның бірі – қазақтың тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев), ұлттық дәстүрді аялай отырып қазақ ұландарын шетелдерге дейін кең танытты, қайта оятты, елу жылдап кеткен есесін түгендеді, Одақтағы орнын алып берді. Сөйтті де өзі де қазақ жастарының рухани жетелі жетекшісіне, көркем көсеміне айналды.

Қазақ жастарына көсем болған Өзбекәлі Жәнібек!

Торғайды түлету – Алаш рухымен табысу

1970 жылы оқу іздеп Алматыға бардым. Ойымда сол кезгі Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков алдына кіріп, өзімнің жетімсіз жетім тағдырым жайында айтып, көмек сұрау, демеу тілеу. Батылым бармай жүрген күннің бірінде «Лениншіл жас» газетінің айқара бетіне Өзбекәлі Жәнібековтің Баяндамасы басылып шықты. Соңғы баяндама! Ол ұзамай Торғай облысы партия комитетінің үшінші хатшысы етіп жіберілді.

...1970 жылы ол жаңа құрылған Торғай облысы партия комитетінің идеологиялық хатшысы қызметіне жіберілді. Кадрды Мәскеу бекітеді. Бас

секретарь жаңа құрылғалы жатқан облыстың басшыларын бекіткелі қабылдап отырып: «О, комсомол да осында екен ғой. Болады облыс»-деп жіберіпті. Бәлкім Л.И.Брежневтің кезінде Қазақстанда қызмет атқарғаны, бәлкім республиканың жалынды Жастар ұйымының жетекшісі - Өзбекәлі Жәнібектің Одаққа танымалдығы себеп. Бұрын болған бүгінде жоқ облыстың кезінде ту көтерушілері санатында С.Құсайынов, Қ.Тұрысов, М.Р.Сағадиев, Е.Башмаков, Ө.Жәнібек есімі аталады. Олар «Торғайдың ырысы, бағы болған азаматтар» саналады. Әсіресе, Өзбекәлі Жәнібекті торғайлықтар елден ерек сүйіпті. Тіпті облыстың бірінші басшысы С.Құсайыновтың өзі: «Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін, жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіндер» (С.Шүкіров) деп отырар екен. Партиягерлер мінезінде өте сирек кездесер кісілік кеңдік. Әдетте партия басшылығы еріксіз құрметтеліп, орынтағынан кеткен соң жұртшылық «алды-артыңа бір уыс топырақ...»-деп бетін теріс бұрып отырса керек еді. Ал, облыстың бірінші хатшысы да емес, қатардағы (үшінші хатшы) хатшысы Өзбекәлі Жәнібекке дегенде торғайлықтардың махаббаты әлі күнге күйіп тұр. Күні кеше Торғай облысының кезіндегі облатком төрағасы, аяулы ардагер М.Р.Сағдиевке телефон шалып хабарласып едім: «Е, Өзекең елден ерек, жөні бөлек, ел ерекше сүйген ерен қайраткер еді ғой. Кел естелік айтып берейін»-деді ол. Тәуелсіздікке дейін белшеден кешкен бейнетпен құрылып, тәуелсіздіктен кейін құрдымға кеткен облыстың кешегі-бүгінгі көзкөргендерінің ықыласы неге осы бір азаматқа ерекше?

Ол неліктен? Ол - Өзбекәлі Жәнібектің өзге басшылар секілді жоғарыдан басқару үшін емес, жергілікті жұртшылық кеудесіне перзент болып кіре білгенінен. Ел тарихы, Жер тарихын жақсы білгенінен. Кейде, «ана жер киелі», «мына жер дуалы» деп жатамыз. Асылы, Елден елдің, Жерден жердің айырмасы – оның жарық дүниеге әкелген, әкеле алған асыл перзенттерінде, оның(перзенттердің) бір жерде туып, тұл қалмай, тұтас елге тұлға бола білуінде. Торғай – арғы тарихты айтпағанда, Аханның(А.Байтұрсынұлы), Жақанның(М.Дулатұлы) туған жері, Алашорда ту тіккен жер.Саусақ шошайған жерге суық қару жіберу – большевиктердің әдеті. Алашорда иісі шықты-ақ Әліби Жангелдиндей қызыл большевик керуенін аттандырды Мәскеу. Кеңес кезеңінде Әліби, Амангелді аттарымен де әйгілі Торғай. Тарихта «Торғай Алашордасы» ұғымы бар-дейтін ол екеуара әңгімеде. Соның бәрін тарихшы – хатшы (әдетте идеология тізгінін малшаруашылығы маманы ұстайды) Өзбекәлі Жәнібек білді, біліп қана қоймады, абайында ұстады. Абайында ұстамаса аядай облыстың «атқорасын» өлкетану музейіне айналдырып, музей экспозициясын «САҚТАН ҚАЗАҚҚА ДЕЙІН» атар ма еді?! Тіпті ойлап қараған кісіге ол кезде музей экспозициясын солай атаудың өзі қауіп.

Тарихи білім білікті талапқа ұласқанда ұлтым деп ұмтыла соққан жүрек не жасатпайды, құдай-ау?! «Итаяқ» аталып төбет алдында жатқан астауды қалап алудан тартып болашақ музейге экспонат жинап торғайлықтардың ырысын кіргізді.Жамбасынан сыз өтіп жерде жатар(бүкір содан болады екен) адамдарын сыпа-кереуетке көтерді. Зәуіде көзі түскен кебеже-кепшік, ағаш төсек

бастатқан бұйым-тайымын қолқалап музейге алдырып, орнына заманауи мебель сатып әперді(Қ.Тұрысов). Экспонатты тірнектеп жинап(жинатып) «Сақтан қазаққа дейін» атап экспозициясы концепциясын айқындап облыстық өлкетану музейін жасақтады. Оның еденін былғауышпен өзі сырлапты (Е.Әуелбеков).

Театрсыз қандай облыс? Театрға ғимарат керек, кадр керек. Қамбаны қайта жөндетіп бойын тіктеді. Ғимарат театр болып бой түзеді. Мәскеудің Щепкин атындағы театр және көркемсурет училищесінің Талдықорған облысына бөлінген бір жылғы түлектерін Торғайға алуға алдын-ала арнайы барып келісіп қайтты. Қарлы борандатып Мәскеуден жеткен өнерпаз өрімдерді тон, малақаймен ұшақ алаңына өзі шығып қарсы алды. Жастарға би үйретер бишіні Москвадан шақыртты. (Голушкеевич). Театрға киім үлгілерін БЛКЖО бірінші хатшысы Е.Тяжельниковқа өтініш етіп айтып жүріп, Москвада «ГОСЦИРК» мекемесінде тіктірді. Жастар одағында жүргендегі беделін, өзара сыйластығын пайдалана білді. Сол сыйластықтың арқасында Арқалық қаласын Бүкілодақтық екпінді жастар құрылысы етіп жариялатыпты. Күндіз репетициясына, спектакль қабылдауға қатысып, намаздыгерде күнемелеп театр өнері бақылаушысына айналды. «Бақылаушысына?» Ол аз. Театрдың кіндік әкесіне айналды. «Отбасылық жағдайымызға дейін алаңдаушылық білдіретін.», «Жазда гастрольге кетіп күз оралғанда Өзекең кереуетіміздің астына қысқа азық деп қап-қап картошке жеткіздіріп қоюшы еді.» Міне, бір кезгі труппа мүшелерінің сағынышты үні.

«Совхозға парторг болар кісі табылар. Сіз құдай берген ақындық талантыңызды қорламаңыз. Қолыңызға домбыра алыңыз. Айтысты тірілтейік.» (Бектемісов)-деп алыс Арқалықта алғаш халық ақындары айтысын ұйымдастырыпты. Алматыдан Ғафу Қайырбековті шақырып айтысқа төрағалық жасатыпты. Қазақстан Жазушылар одағының Торғай бөлімшесін аштырып, талапты жастарды сонда топтапты. Қазақ тіліндегі кітаптардың қоймаларда жатып қалғанын көріп кітап тарату ісін жолға қойған. Радио желісін тартқызып, теледидар ұшқынын әкеліпті Сарыарқаның сары даласына. Жаңа облысты астана арқылы алты алашқа таныту үшін Алматыға келіп арнайы телехабар жасапты. Облыстық теледидардың беташар сөзін «Торғайдан сөйлеп тұрмыз...»-деп бастапты ол алғашқы эфирлік сөзін. Ауылдасы Шәмші мен Мұхтарды (Шаханов) шақырып Торғай гимнін («Арқалықтың ақ таңы») жаздырыпты. Сапардан оралған Шәкең жарықтық әріптесі Әсет Бейсеуовке «Торғайға барсаң әніңді сайлап бар. Әйтпесе Жәнібеков бөлмеге қамап қойып, ән шығарғанша тысқа шығармайды»-дейтін көрінеді...

Филармония құрды. «Шертер» секілді ұлттық ән-би ансамбльдерін жасақтады. «Торғай әуендері» фестивалі шалқып жүре берді.

Пермь педагогикалық институтына жаңадан ашылмақ Торғай облыстық педагогикалық институтты шепке беріп, соларға жасақтатты Өзекең.

Жазушылық сапармен келген Сәбит Мұқанов бастаған қаламгерлерді Ақан туған, Жақан тұрған, Амангелді сарбаздары жортқан, Әлібидің «Қызыл керуені» жүріп өткен жерлермен сапарлатыпты. Ақыры өзі жазған атақты

«Адасқандар» романының кейіпкері (түптұлғасы) туған «Қызбелге» алып барыпты. Жол бойы өңірдің азаматтық тарихы мен шаруашылық жайын әңгімелеген жас хатшы «Қызбелге» жеткен соң Бәтестің(Бәтима) аға-жеңгесінен бастап, ағайындарын, сол оқиғаға қатысы бар адамдарды шетінен таныстыра бастағанда Сәбең жарықтық таң қалыпты. «Әй, Өзбекқали, сен өзің оқығыш, білгіш екенсің»-депті таңқалып. Облысты еркін аралаған ол жолайырықта қолын қысып тұрып: «Өзбекқали саған мына облыс тарлық қылады екен. Мен сені Димашқа айтайыншы Алматыға алдырсын!...»-депті ризалық бейілден.

Жаңа облыстың мәдени ошақтарын ол осылай ұлттық сипатта жасақтады. Ұлттық рухты оята қалыптады. Тарихты тірілте отырып Торғайды түлетті. Оның Алаш рухымен тілдесе жүріп Торғайды түлетуі – Алашорда тіккен туды қайта тіктегендей болған екен-ау...

Таным сабақтары.

Қазіргі таңда жер-жерде «Ө.Жәнібек сабақтары» өтеді. «Өзбекәлі Жәнібек сабақтары» - Өзекең таныған, тапқан, ғылыми зерделеген жайлардан тұрады. Өзекең ғалым райында не тапты, нені негіздеді?

Ө.Жәнібек қайда жүрсе де қаламын қолынан түсірмеген, қазақ мәдениетін тарихынан тартып жазбай таныған, танығанын сала-салаға жіктей жаза жүрген, азаматтық тарихын саралап, мәдениет тарихын даралап жазған жаңаша пайымның адамы еді. Бұрын да Қазақстан жастары тарихы мен тағдыры жайында толғанып Мәскеуде кітап шығарған, бертінде «Алтын домбыра туралы аңыз», «Қазақтың қолданбалы өнері» аталатын еңбектерін кітап етіп қазақ, орыс тілдерінде бастырған азамат 1991 жылдан қашан көзі жұмылғанша өзі өмір бойы оқыған, тоқыған, жиған-терген мәдениет бұйымдарын қазақтың салт-дәстүрімен сабақтастырып «Ежелгі Отырар», «Жолайырықта», «Уақыт керуені», «Қазақтың ұлттық киімдері», «Тағдыр тағылымы» сияқты тамаша еңбектер шоғырын берді. Оның еңбектері жеке бұйымнан қазақтың тұтынған бұйым-тайымына дейін, жеке экспонаттан экспозициялық тұтас құрылымға дейін, экспозициялық құрылымнан түрлі-түрлі музей тарихына шейін қамтиды. Оның еңбектері қазақтың ұлттық дүниетанымынан туатын салт-дәстүр сабағына дейін қамтиды. Күрке, үйшік, жорық жаппасынан қоржын там, онан бүгінгі тұрмыс ғимаратына дейін оның назарынан тыс қалған емес. Археологиялық қазба-байлық айғақтарын бетке алып азаматтық тарихымызды жаңаша пайымдауға жетелейді. Егер ол кісі «Түркістанды» жантарта жақсы көре тұра «Түркістан өркениеті» демей, «Отырар өрениеті» атап, тарихты жаңаша пайымдаса – оның өзі үздіксіз ізденіс, тарихи танымның жемісі болатын. Халқымыздың азаматтық тарихы жайында толғанып «Отырар өркениеті» ізіне түсіп, сорабын ашып зерттеген ол өзінің қоғамдық һәм мемлекеттік қызметімен де, тарихи-этнографиялық еңбектерімен де қалың қазақтың санасына тарихи сапа бітіріп өтті. Оның қайраткерлігі мен тарихи-этнографиялық мұрасы халқына қалтқысыз қызмет етудің қапысыз көрінісі. Сөйтіп таным сабақтары «Өзбекәлі сабақтарына» ұласты.

Өзбекәлі сабақтары.

Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне»(М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қаракет етіп «рух сардарына»(Ә.Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған...» (М.Шаханов) ұлтын сүйген ұлттық болмысты азамат қазақ қоғамының кешегі сірескен кеңестік саясатының өзін ұлт игілігіне жұмсай білген, қазақ қоғамның ескісі күйреп, жаңасы жасалмаған үркер-кезеңінде тіршілік кешіп, аяғын пендешілікке алдырмай, кісілік тұлғасына кір шалдырмай «ақ жүріп өтті»(Ш.Мұртаза). Қапысыз қайраткерлігі өзіне қағажу көрсеткен, қазақ жастарынан алаламай-шалаламай қайраткер тәрбиелеп, содан өзі қағыс көріп, өмірінің ақабалы сәті өкінішке айналып барып өткен қайран да, қайран Өзекең.

«Біреудің бағы – тірісінде, біреудің бағы - өлісінде»(Ғ.Мүсірепов), «Біреу өледі - өшеді, біреу өледі - өседі!»(А.Т.Твардовский). Ақиқатты айтамын деп ауыздан күйіп, турасын айтамын деп туғандай азаматына жақпай, жалпақ жәмиғатқа ен жайылған асқақ абырой айбатқа айналып, өзімшіл қоғамның үрейін алып, алғыс алар жерде қарғыс алып, қасірет шегіп анахарсис-өліммен өткен Өзбекәлі Жәнібек те бағы өлген соң жана бастаған жампоз. «...әз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше өмірі жаңа басталды. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге, мол мұра қалдырған, сөнбес шырақ жағып кеткен, талай жұмбақ тастап кеткен ағамыз енді бірте-бірте Фараби, Арыстанбаб, Әзіреті Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын құдіретке айнала береді.»(М.Жолдасбеков). Қылқысқасы Өзбекәлі Жәнібек - өлдім деп өшетін емес, күн санап өсетін тұмартұлға! Өзбекәлі Жәнібек сабағы бізге осыны ұғындырады.

Өзбекәлі Жәнібектен қалған із сала-сала. Өйткені, ол қазақ тарихы, қазақ мәдениетінің тарихы, сыры, сымбаты деген мәселеде дара тұлға!

Өзбекәлі Жәнібек қоғамдық өміріміздің қай саласында қызмет етсе де мансап биігін, мемлекеттік қызмет тетігін ұлтқа, қазақ ұлтының рухын оятуға жұмсаған ұлттық рухтың ұраншысы бола білді!



Аманжолова Дина Ахметжановна

*Институт российской истории РАН,
доктор исторических наук, профессор*

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА В СОВЕТСКИЙ ПЕРИОД

Автор рассматривает основные тенденции и проблемы изучения советской истории Казахстана, обращая внимание на особенности использования концептуальных подходов и тематические приоритеты в исследовании советского нациестроительства и других сферах модернизации культурно сложного общества СССР в условиях движения народов страны в XX веке от традиции к модерности.

Ключевые слова: историография, советская национальная политика, Казахстан, нациестроительство.

Dina Akhmetzhanovna Amanzholova

Some problems of studying the history of Kazakhstan in the Soviet period

The author examines the main trends and problems of studying the Soviet history of Kazakhstan, paying attention to the peculiarities of using conceptual approaches and thematic priorities in the study of Soviet nation-building and other areas of modernization of the culturally complex society of the USSR in the conditions of the movement of the peoples of the country in the XX century from tradition to modernity.

Keywords: Historiography, Soviet national policy, Kazakhstan, nation-building.

Этнополитика в СССР представляет самостоятельный исторический и генетический интерес с точки зрения преемственности и модификации определенных моделей политики в постимперской ситуации. Большевистский проект, как и предшествовавший ему несостоявшиеся этнополитические проекты модернизации традиционных обществ в составе мультикультурной России, были «западническими» по смыслу и характеру предлагавшегося образа прогресса. Практические попытки соединить идеи западных социалистов с разноликой этносоциальной реальностью на протяжении 1920-1930-х гг. выразились в региональных вариациях взаимозависимости и взаимодействия. В СССР состоялась оригинальная, единая и непрерывная во взаимосвязи с прошлым и будущим история отдельных регионов, разных народов и страт как компонентов общего социально-культурного и

политического пространства. При этом версия о перманентно «внешнем» характере советской системы для национальных республик вряд ли уместна. Она сознательно создавалась для их непосредственного встраивания во все политические и иные институты, как и интернациональная номенклатура, ставшая ключевым актором перехода народов СССР от традиции к модерности.

Советское нацистроительство после 1991 г. постепенно стало одним из важных центров исследовательского внимания во всем мире. В отношении стран Центральной Азии, как ныне именуются бывшие советские республики Казахстан и Средняя Азия, эта проблематика получила разнообразные интерпретации: в самих странах региона она чаще всего увязана с актуальными этнополитическими установками, историки из других стран используют довольно разнообразные концепты и фокусы проблематизации.

Среди указанных выше научных обществ и кружков можно выделить деятельность Туркестанского кружка любителей археологии, который был открыт в декабре 1895 года, в городе Ташкенте. Инициаторами создания были молодой 26-летний, но уже довольно широко известный, петербургский ученый-ориенталист В.В. Бартольд и местный энтузиаст-краевед Н.П. Остроумов. Известны слова Н.П. Остроумова, писавшего, что на территории Туркестанского края «...находится необъятное количество археологических памятников в виде курганов...».[2] И не удивительно, что члены нового научного общества нашли для себя непочатый край работы. Публикации и изыскания членов Туркестанского кружка любителей археологии отличались, в общем-то, некоторой наивностью, что легко объяснимо тем, что среди них практически не было профессиональных историков и археологов. Однако этот недостаток с лихвой окупался тем, что в статьях и докладах членов Кружка содержалось огромное количество фактического материала, что придавало им немалую источниковедческую ценность.

Объективности ради, необходимо отметить, что история деятельности Туркестанского кружка любителей археологии довольно неплохо исследована. Естественно, здесь в первую очередь необходимо выделить фундаментальную монографию известного советского историографа Б.В. Лунина - Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. /Туркестанский кружок любителей археологии (1895-1917 г.г.), в которой маститый ученый изложил массу фактов и интересных сведений об истории образования и дальнейшей деятельности Кружка.[3] Огромное количество конкретного материала,

основанного на неизвестных ранее архивных документах, иллюстрации, биографии и описание конкретной деятельности отдельных исследователей, входивших в состав Клуба, - все это сделало монографию Б.В. Лунина очень интересной и насыщенной, до сих пор имеющей несомненное практическое значение. Кроме этой работы, Б.В. Лунина опубликовал еще и систематический указатель изданных статей и работ членов Туркестанского Клуба любителей археологии.[4] Этот библиографический указатель составлен на высочайшем профессиональном уровне, и можно констатировать, что даже в наши дни он имеет очень важную источниковедческую значимость.

Исследование научной деятельности отдельных активных членов Туркестанского Клуба любителей археологии продолжалось и в наши дни. К примеру, можно отметить монографию Б.А. Байтанаева, которая целиком посвящена изучению жизни и деятельности А.А. Диваева – известного краеведа, этнографа, общественного деятеля, который принимал очень живое и активное участие в деятельности Туркестанского Клуба с самых первых дней его создания. [5] Надо сказать, что в данной работе содержится очень много интересного материала; более того, стиль изложения, уровень раскрытия темы, дополнительные материалы, изданные в книге, - все это в совокупности позволяет оценить уровень монографии как очень высокий.

Здесь необходимо констатировать, что изучение истории дореволюционных археологических исследований памятников Южного Казахстана до сих пор шло преимущественно в одном направлении. Как правило, это добротные исследования, основанные на архивных документах и имеющих историографическую направленность. В различных монографиях и публикациях самых разных авторов мы видим массу конкретного фактического материала – кто, когда и что копал, где и когда были изданы публикации, посвященные раскопкам, то есть, другими словами, работы по истории археологических исследований памятников Южного Казахстана носят преимущественно описательный характер. И поэтому представляется, что подобная направленность таких работ является не совсем корректной.

Археологическая наука Казахстана, как, впрочем, и любая другая, точная или гуманитарная наука, является динамической информационной системой, которая находится в процессе непрерывной эволюции, в состоянии поступательного и последовательного развития. При этом эволюция археологической науки шла параллельно в двух направлениях, что особенно заметно на примере изысканий дореволюционных археологов: первое направление – накопление конкретных сведений и знаний по конкретным археологическим памятникам, второе – зарождение, дальнейшее развитие и совершенствование методики работы с археологическими материалами (методы разведки, раскопок, фиксации и дальнейшей обработки найденных артефактов).

Опираясь на это положение, мы можем легко заметить, что работы исследователей, в той или иной степени посвященные истории археологических изысканий на территории Казахстана, как правило,

рассматривают лишь одно направление развития археологической науки Казахстана, а именно: процесс первоначального накопления археологических знаний и конкретных сведений о памятниках и предметах материальной культуры.

Литература:

Материалы для статистики Туркестанского края /Под ред. Н.А. Маева/. – Вып. 1. – Санкт-Петербург, 1872. – С. 3

Открытие Туркестанского Кружка любителей археологии 11 декабря 1895 г. - Ташкент, 1895. – 15 с. (Отдельный оттиск). – С. 4

Лунин Б.В. Из истории русского востоковедения и археологии в Туркестане. /Туркестанский кружок любителей археологии (1895-1917 г.г.)/. – Ташкент: Издательство АН Узбекской ССР, 1958. - 320 с.

Лунин Б.В. Библиографический, именной указатель к протоколам и сообщениям Туркестанского кружка любителей археологии (1895-1917 г.г.). // История материальной культуры Узбекистана. - Выпуск 1. – Ташкент. 1959. – С. 231 – 255.

Байтанаев Б.А. А.А. Диваев. Очерк жизни и деятельности. – Шымкент – Алматы, 2004. – 260 с.

УДК 930.26; 413.11

ВКЛАД В.В. БАРТОЛЬДА В ИЗУЧЕНИЕ ИСТОРИИ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ

Махатова Л.Т., магистр

Маликов М.М., преподаватель

Айдарбекова Г.С., к.и.н.

Южно-Казахстанская медицинская академия, Шымкент, Казахстан

Tүйін

Тап осы мақалада белгілі шығысты зерттеуші В.В. Бартольд және өлке зерттеушінің В.А.Каллаур өзара қатынастарының кейбір аспектілері қаралған.

Summary

Some mutual relation aspects of well-known orientalist V.V. Bartold and archaeologist V.A. Kallaur are considered in this article.

Обращаясь к истории изучения Туркестанского края, к ее истокам, нельзя пройти мимо такого выдающегося ученого-востоковеда, как В.В. Бартольд.

В.В. Бартольд (1869 - 1930), в 1887 г., блестяще окончив гимназию с золотой медалью, поступил в Петербургский университет на факультет восточных языков. Молодому Бартольду повезло с учителями - его наставниками в обучении были такие видные состоявшиеся ученые как Н.И. Веселовский, В.Р. Розен, В.А. Жуковский и др. Уже в то время молодой ученый заинтересовался историей Туркестанского края.

Творчество В.В. Бартольда, в значительной степени касавшееся проблем средневековой истории Казахстана и Средней Азии, неисчерпаемо. В данной статье мы хотели бы рассмотреть лишь некоторые аспекты взаимодействия В.В. Бартольда с историками и краеведами Туркестанского края, в частности, с В.А. Каллауром. Известно, что В.В. Бартольд плодотворно сотрудничал с

местными учеными, нередко используя (с их согласия) найденные ими материалы в своих работах. Одним из этих деятелей был и В.А. Каллаур (1838 - 1918), начальник Аулие-Атинского уезда, долгое время активно участвовавший в работе Туркестанского кружка любителей археологии.

В 1893 г. В.В. Бартольд, не без влияния В.В. Радлова, был командирован Академией наук и Петербургским университетом в Среднюю Азию, для проведения археологической разведки. Впоследствии был опубликован «Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 г.г.», который благодаря своей содержательности и глубине изучения историко-топографического материала не потерял значимости и в наше время. В своем «Отчете» В.В. Бартольд на практике продемонстрировал исключительное значение такого метода, как сочетание данных средневековых письменных источников с анализом материалов полевых археологических исследований.

Несчастный случай (падение с лошади и перелом ноги), произошедший с В.В. Бартольдом во время его разведочной поездки по Аулие-Атинскому уезду, заставил ученого прервать данную работу и вернуться в г. Ташкент. Здесь В.В. Бартольд провел зиму 1893-1894 г.г. и пользуясь своим вынужденным пребыванием в городе, наладил связи с местными краеведами, что переросло в дальнейшем в широкое и плодотворное сотрудничество.

11 декабря 1893 г. В.В. Бартольд присутствовал на заседании Туркестанского отдела Общества любителей естествознания, антропологии и этнографии. Здесь молодой ученый сделал доклад «К вопросу об археологических исследованиях», в котором подробно сообщил о проведенных им археологических изысканиях в Туркестанском крае, привел множество фактов и сведений из письменных источников. В заключении доклада В.В. Бартольд подчеркнул, что во многом изучение истории края зависит от местных ученых и краеведов, что «...при разработке материала местные деятели находятся в гораздо более выгодных условиях: при непосредственном знакомстве с краем им гораздо легче определить местоположение старых городов, проверить описание торгового пути...». В итоге, на данном заседании было принято решение о необходимости создания в Ташкенте археологического кружка, что впоследствии, через два года, привело к открытию в городе Туркестанского кружка любителей археологии.

Надо также отметить, что непосредственно инициатором создания археологического общества был известный туркестанский краевед Н.П.Остроумов. На это обстоятельство указывал и сам В.В. Бартольд в своей статье «Положение науки в Туркестанском крае», опубликованной в 1894 г. в ташкентской газете «Украина».

Образование в 1895 г. Туркестанского кружка любителей археологии (далее - ТКЛА) наилучшим образом способствовало изучению истории Туркестанского края. Более того, работа данного кружка, регулярные публикации того времени (Протоколы ТКЛА, статьи в «Туркестанских ведомостях и др.») об итогах исследований археологических памятников не потеряли своего значения и в наши дни. Деятельность ТКЛА включала в себя

учет, описание и охрану археологических памятников, сбор и фиксацию археологического материала, древних рукописей, монет и т. п., и потому публикации результатов изысканий зачастую имеют важное источниковедческое значение, так как содержат ценные сведения о многих памятниках, которые до нашего времени, к сожалению, не сохранились.

В 1893 г. В.В. Бартольд познакомился с начальником Аулиеатинского уезда В.А. Каллауром. Позднее, в своем «Отчете» ученый высоко отозвался об уездном начальнике, отмечая его большую осведомленность о существующих археологических памятниках Аулиеатинского уезда. Именно благодаря помощи В.А. Каллаура, результаты, достигнутые экспедицией в долине Таласа, были значительнее, чем в других обследованных областях.[2]

Возможно, именно это обстоятельство способствовало началу научной деятельности В.А. Каллаура в области изучения археологических памятников Южного Казахстана. Во всяком случае, по нашим данным самые ранние научные публикации В.А. Каллаура относятся к 1896 г. Сведений о существовании опубликованных научных работ В.А. Каллаура до его знакомства с В.В. Бартольдом на сегодняшний день мы не имеем.

В.А. Каллаур был чиновником царской администрации в Туркестанском крае (с 1876 г. - начальник Аулиеатинского уезда, с конца 90-х годов - начальник Перовского уезда, имел чин полковника). Он получил известность в качестве востоковеда-любителя, археологических и эпиграфических материалов, древних рукописей, монет. Используя свое служебное положение и частые командировки для изучения края, В.А. Каллауру удалось совершить ряд крупных археологических открытий, например, - находка древнетюркских письменных памятников долины реки Талас, локализация ряда средневековых городов и древних караванных маршрутов, проходивших по территории Аулиеатинского уезда. Позднее, В.А. Крачковская высоко отозвалась о деятельности краеведа-любителя, констатируя, что «...К числу активных деятелей Туркестанского кружка принадлежали... начальник Аулиеатинского уезда В.А. Каллаур. В.А. Каллаур был не только наблюдателем; он старался по возможности сохранить надписи от гибели...».[3] Достоин уважения и тот факт, что научной деятельностью В.А. Каллаур начал заниматься, когда ему было почти 60 лет, а последние его известные нам публикации относятся к 1908 г.[4], когда исследователю было 70 лет.

Значительную часть своих исследований В.А.Каллаур посвятил поиску и локализации средневековых городов и поселений. Он неутомимо собирал сведения среди населения о имеющихся памятниках, при первой же возможности выезжая для личного обследования. Изученные им объекты, В.А.Каллаур описывал, фиксируя на планах размеры и особенности памятника, и публиковал результаты в протоколах ТКЛА. Мотивируя цель подобных рекогносцировочных исследований, в одной из своих статей В.А.Каллаур писал, что «местоположение развалин определено и установлено действительное их существование; таким образом будущему исследователю

памятников древностей Перовского уезда, труд изучения и описания их облегчится».

Исследования В.А. Каллаура, посвященные локализации древних поселений, городов и караванных путей, выходят за пределы данной статьи и заслуживают отдельного внимания. Отметим лишь некоторые моменты, имевшие отношение к работам В.В. Бартольда.

Надо также отметить, что взгляды В.В. Бартольда и В.А. Каллаура на вопросы отождествления средневековых географических объектов с существующими археологическими памятниками не всегда совпадали. Так, В.В. Бартольд в своем «Отчете» идентифицирует ключи Чакпак с расположением города Абарджадж, указанного у арабского географа ибн Хордадбега. Однако В.А.Каллаур, обследовав в сентябре 1897 г. местность у Куланского перевала, пришел к выводу, что В.В. Бартольд не прав, и, что Абарджадж необходимо отождествлять с городищем Кулан-аузы-турткуль. В 1940 г. была проведена экспедиция Джамбульского археологического пункта по изучению памятников на караванном пути, описанных В.В. Бартольдом и В.А. Каллауром. Руководитель экспедиции Г.И.Пацевич выразил мнение, что предположение В.А. Каллаура об идентичности Абарджаджа и городища Кулан-аузы-турткуль недостаточно обосновано.[5] Однако думается, что ставить окончательную точку в решении данного вопроса еще рано.

Сотрудничество В.В. Бартольда с местными ташкентскими краеведами и, в частности, с В.А. Каллауром сводилось не только к использованию историко-топографических сведений. Так, например, на заседании Восточного отделения Русского археологического общества 11 марта (по старому стилю) 1899 г. В.В. Бартольд предъявил собравшимся две арабские надписи и рукопись на таджикском языке, присланную от В.А. Каллаура. Сочинение «Маджму ат-таварих» (по В.В. Бартольду - «Джами ат-таварих») было написано в XVI в. муллой Сайф ад-Дином Ахсикенди. В.В. Бартольд охарактеризовал данное произведение как не имеющее исторического значения, изобилующее анахронизмами. Позднее исследователи, изучавшие рукопись, пришли к выводу, что в ней зафиксировано несколько эпизодов киргизского эпоса «Манас», дающих важные сведения об истории эпоса. Кроме того, в «Маджму ат-таварих» имеется фольклорный и историко-этнографический материал (касающийся киргизских и других тюркских племен), что В.В. Бартольдом не было отмечено.

Подводя итог, можно констатировать, что на примере отдельного эпизода истории исследований Туркестанского края - взаимоотношений и сотрудничества столичного ученого-ориенталиста В.В. Бартольда и краеведа-любителя В.А. Каллаура - мы можем оценить степень изученности истории археологии. История археологии и исследований Туркестанского края содержит в себе немало неизученных или забытых страниц, и потому возвращение к ее истокам, несомненно, откроет новые интересные сведения.

Литература

1. Бартольд В.В. К вопросу об археологических исследованиях // Сочинения. - Москва: Наука, 1966. - Т. IV. - С. 108.
2. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 г.г. // Сочинения. - Москва: Наука, 1966. - Т. IV. - С. 108.
3. Крачковская В.А. Пионеры эпиграфики. Туркестанский кружок любителей археологии // Эпиграфика Востока. - Вып. VII. - Ленинград, 1953. - С. 59.
4. Каллаур В.А. Находка клада древних медных монет в г. Аулие-Ата // ПТКЛА. - Год XII. - Ташкент, 1908. - С. 31; Каллаур В.А. По поводу сообщений А.А. Диваева о древних сооружениях «Тек-Турмас» и «Кок-Кесене» // ПТКЛА. - Год XII. - Ташкент, 1908. - С. 32-34.
5. Агеева Е.И., Пацевич Г.И. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии. - Алма-ата, 1958. - Т.V. - С.143.

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗ ТАРИХЫНДАҒЫ С.ҮСЕНОВТІҢ ОРНЫ

Әлібек С.Н. т.ғ.д.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

Сейілбек Үсенов қамшының сабындай қысқа ғұмырында қаламгерлігі мен қайраткерлігін қатар ұштастырып, айнала-маңайына білім нұрын шашып, ұлағатты ұстаз ретінде де ұрпақ тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосқан біртуар азамат. Десек те, біз осынау мақаламызда елжанды тұлғаның оқу-ағарту саласындағы емес, қазақ журналистикасындағы орнына жеке тоқталуды жөн көрдік. Себебі оның өз заманындағы белді басылымдарды басқара жүріп, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы сүбелі еңбегі, ұлт руханиятын көтерудегі елеулі әрекеті әлі де болса терең зерттеуді қажет етеді. Өйткені саналы ғұмырын қазақ баспасөзінің қалыптасып дамуына арнаған қаламгердің ғибратты ғұмыры кім-кімге болса да үлгі-өнеге, үлкен мектеп. Яғни оның қазақ көсемсөзі тарихындағы алатын орнына лайықты баға беру заман талабы.

1920-1923 жылдар аралығында педагогикалық техникумды, кейіннен Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтын бітіріп шыққан жалындаған жас кезінің өзінде-ақ Сейілбек Үсенов «Кедейшіл жас» жастар газетіне редакторлық етіп, өңір баспасөзінің өрісін кеңейтуге өз үлесін қосып отырды. Яғни, небәрі жиырма жасында, 1925 жылы Шымкент қаласындағы Қазақ педагогикалық техникумында оқытушы, оқу бөлімінің меңгерушісі, 1926 жылдан «Ахмет» атындағы жеті жылдық мектепті басқарған талантты жас, 1929 жылдың қараша айында Шымкентте шыққан, Сырдария округінің «Ленин жолы» газетінің редакторы қызметіне бекітіледі. Жалпы мұнан алдын «Ақ жолда» қалам тартып әбден ысылған Үсеновке «Ленин жолын» белді басылымға айналдыру аса қиынға соқпаған сияқты. Өйткені кезінде «Кедейшіл жаста» ысылып, педтехникумды басқарған жылдарында «Жас талап» газетін шығаруды қолға алған қаламгердің «Ақ жол» газетінде бірқатар мақалалары жарық көрген.

Осы тұста «Ақ жол» турасында да аз-кем ақпар бере кетсек, Түркістан коммунистік партиясының Орталық Комитеті Атқару бюросы 1920 жылы 19 қазанындағы мәжілісінде «Қырғыз газеті» туралы мәселе қарап, ТКП ОК мен ТүркОАК органы ретінде апталық «Ақ жол» газетін 12 мың данамен шығаруға

шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа Сұлтанбек Қожановты, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатовты бекітеді.

1920-1925 жылдар аралығында «Ақ жол» газетінде С.Қожанов, С.Оспанов, Н.Төрекұлов, С.Асфендияров, М.Дулатов, И.Тоқтыбаев, Қ.Құлетов, М.Қайыпназарұлы, С.Сәдуақасов, Ж.Арыстанов, Ө.Тұрмажанов т.б. азаматтар басшылық жасаса, Қ.Кемеңгерұлы, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, К.Қоңыратбаев, Б.Кенжебаев, Мәшһүр Жүсіптің баласы Әмин Жүсіпов, С. Үсенов сияқты көптеген ұлтжанды қаламгерлердің тұрақты автор болып атсалысуы да газеттің ұлттық өзегін нығайта түскені анық.

Ал Сұлтанбек Қожанұлы, Нәзір Төрекұлұлы, Қазмұхамед Құлетұлы, Иса Тоқтыбайұлы, Садуақас Оспанов, С.Баймақанұлы, Байғасқаұлы,

Тоқжігітұлы, М.Қайыпназарұлы, Жүсіпбек Арыстанұлы сынды «Ақ жолдың» шығарушы-редакторларымен рухани байланысын қай қызметте жүрсе де үзбеген Үсенов өз мақалаларында өңірдің өзекті мәселелерін ұдайы көтеріп, шындыққа қол жеткізуді ұдайы қаперге салып отырған.

Осы тұста қаламгердің «Ақ жолда» жарияланған «Ескеру керек» атты еңбегіне тоқтала кетсек, «Шымкент қаласының жанындағы «Қатынкөпір» деген жерде 60-70 жылдан бері отырған 40-50 үй шамасында қазақтар бар. Қатынкөпір - үлкен арық, бүтін Шымкентке су береді. Бүтін Шымкент деп айтуға болады сол арықтың суымен ғана суарылады. Арықтың төңірегіндегі отырған 40-50 үй қазақ жерсіз қалып отыр.

Жері көп, бірақ өзбек байларымен сыбайлас отырғандықтан, баяғы таз қалыпта. Өзгерістен бұрын қандай болса, қазірде де сондай. Өз маңдайларына біткен тоқым ауданындай жер-сулары жоқ, өмір бойы жалдану, жалшылық қылумен күндері өтіп келеді. Қысы-жазы осы, көбінің иттен басқа мал атаулыдан түгі жоқ»[1],-деп туған ауылының аянышты халін кедейліктен ыңыршағы айналған көнбіс жұрттың жерсіз, сусыз қалғандығын көпке мәлім етеді.

Сонымен қатар «Жаңа шыққан жеті азамат қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтуге мұрындық болыңдар!» мақаласында әдебиетсіз жұрттың мәдениетсіз болатынын, әдебиетті жөнге салып, мәдениетке жол ашатын, көзі ашық, ұлт мәдениет қызметкерлерінің санын арттыру арқылы ғана сапаға қол жеткізуге болатынын айта келе:

«... Осы уақытқа дейін, ауыз әдебиетіміз болса да, баспа әдебиетіміз аз, оқығандарымыз болса да, мәдениетіміз жоқ.

Шамалы ғана оқығандары болса, мәдениеті артта қалған жұртына адал қызмет ету емес. Ел ішінде болып, ел мұңын іске асыруда. Бас қамын қылып, хукімет пен ел арасына делдал, тілмаш болып, қарны ашқан күні бас салып, қазақ-қырғызды жеу оқығандарымыздың мақсаты еді.

Мәдениеттен, жұртшылықтан артта қалған қазақ-қырғыз халқы мәдениетін көркейту жолына енді Кеңес хукіметінің тұсында ғана кірісіп отыр. Кеңес хукіметі жұртшылыққа жол салып, өнер үйретуге, білім алуға ерік беріп отыр»[2],-деп жаңа үкіметті де қолпаштаған сыңай танытып, негізінен құр дақырттыққа шауып, оқу ісіне араласқанға маз болмай, ұлт мектебін салып,

жас қызметкерлер даярлап шығарудың, ұлт мәдениетін өркендетудің, жұртшылық негізін салудың қазақ оқығандары үшін басты міндет саналатынын қаперге салып өтеді.

Дегенмен 1924 жылы 19 қарашада «Ақ жол» газетінің жұмысы қатаң сынға алынып, газетте партия және идеологиялық бағыттың жоқтығы, оның беттерінде ұлтшылдықты уағыздайтын мақалалардың, өлеңдер мен әңгімелердің жиі басылатындығы баса айтылып, бұған газет редакциясы тікелей кінәлі деп көрсетіледі де, бағыты жағынан антикеңестік деп танылады[3].

1924 жылдың қазан айындағы РК(б)П Орталық Комитеті Баспасөз бөлімі кеңесі мен 1925 жылғы 7 сәуірдегі РК(б)П ОК Баспасөз бөлімі тарапынан және РК(б)П ОК Секретариатының «Қазақ баспасөзін жақсарту шаралары туралы» қаулысына сәйкес «Ұлттық баспасөзге басшылық және баспасөзге партияда жоқ ұлттық интеллигенция өкілдерін пайдалану тәртібі туралы» нұсқау хат негізінде «Ақ жол» газеті сипаты жағынан бұқаралық шаруа газеті болып қайта құрылатын болды. Осы мәжілісте газет редакциясын Шымкент қаласына көшіру мәселесі қаулымен бекітілді. Бүгінгі «Оңтүстік Қазақстанды» «Ақ жолдың» ізбасары деуіміздің де бір сыры осында болса керек.

Бүгінде аға газет санатындағы «Оңтүстік Қазақстанның» кезінде «Ленин жолы» деген атпен Сырдария округтік комитеті мен кеңес атқару комитетінің және кәсіпшілер кеңесінің баспасөз органы болғаны, тіпті, 1931-1932 жылдарда Қаратас, Қараспан, Шаян Түлкібас, Арыс аудандарына дейін тарап отырғаны белгілі. Дегенмен де С.Үсеновтың «Ленин жолына» редактор болғандығы жайлы мәліметтер тым аз. Тек «Оңтүстікті кімдер басқарған?» атты мақалада: «1925 жылдың шілдесінде Ташкенттен Шымкентке көшіп келген «Ақ жол» газетінің редакциясы қазіргі Түркістан көшесіндегі губерниялық сот ғимаратыман қатар қоныстанған екен. Бұл кездері редакцияда ағайынды Сейілбек, Әшір Үсеновтер, Бақы Молдалиев, Тәңірберген Отарбаев, Әкімәлі Байжасаров, Жанәлі Барқиев, жас тілшілер – Тұрлыбек Райымбеков, Иманәлі Ырсымбетов, Әліхан Сүлейменов сынды тілшілер қызмет атқарған» деген жолдар ғана бар. Бір әттеген-айы, мұрағат қорларынан оның «Ленин жолындағы» қызметіне байланысты деректер мен төл мақалалары әзірге табылмай тұр. Тек басылымның сақталған бірқатар нөмірлерінен оның бас редактор болғандығына көз жеткізуге болады. Демек Сейілбектің «Ленин жолындағы» қызметіде таяу болашақта терең зерттеледі деген ойдамыз.

1932-1934 жылдары С.Үсенов Алматы қаласында «Социалды Қазақстан» газетінің бас редактордың орынбасары, кейіннен тілшілер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарады.

Байыппен қарасақ, «Социалдық Қазақстанда» өз сұрлеуін қалдырған Сейілбек Үсеновтің де алдын көріп, ақыл-кеңесін алып, өмір-теңізде өз жолын жаңылмай тапқан қалам иелері де аз емес екен. Солардың бірі – Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Мәлік Қарақұлов. 1925-1927 жылдары Қызылордада басылған «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас» газеттерінің аймақтағы тілшісі қызметін атқарған М. Қарақұлов 1932 жылдың басында

өңіріміздегі басылым - «Ленин жолы» газетіне тілші бола жүріп, «Социалды Қазақстан» басылымына да елдің тыныс-тіршілігінен хабар беретін шағын мақалалар беріп тұрған.

Ал 1934 жылы ол Алматыда өткен тілшілердің республикалық съезіне делегат ретінде келіп, съезден соңғы «Социалды Қазақстан» газетінің өңірлердегі журналистерінің басын қосқан кеңестің де куәсі болады. Сол кеңесте газеттің тілшілер бөлімінің меңгерушісі әрі жерлесі С.Үсеновпен де жақын танысып, оның ұсынуымен «Ленин жолы» газетінен басыбүтін босайды да, «Социалды Қазақстанның» Мақтаарал, Арыс, Келес, Қызылқұм аудандарындағы меншікті тілшісі атанады.

Осы бір ұмытылмас күндерді жадында қайта жаңғыртқан ол «Социалистік Қазақстан» газетінде шыққан «Түйе мінген тілші едік» атты мақаласында: «Ол колхоздар әлі нығаймаған, ауыл-селоға машина түгілі тракторлар да жаңа ғана келе бастаған кез болатын. Қай жермен болса да жол қатынасы нашар, ат арба дегендердің өзі ілуде біреу ғана. Ол біз сияқтыларға тие де бермейді. Осындай қиыншылықтар кезінде ауданаралық меншікті тілші қызметін атқара бердім. Мақтаарал ауданының орталығындағы Славянск МТС-нің саяси бөлімі шығаратын көп тиражды газеттің редакторы Әділбай Омаров менің республикалық газеттің меншікті тілшісі міндетін атқаруыма көп көмектесті. «Социалды Қазақстан» газеті үшін кейбір материалды сол екеуміз бірлесіп әзірлейміз. Менің өзімдегі транспорттың түрі – сонау «Ленин жолы» газетінің редакциясында істеп жүргенде сыйлыққа алған велосипедім. Жақын жерлерге сонымен ызғытам. Сарыағашта тұрғанда 25 километр жердегі Бесқұбыр МТС-і саяси бөлімінің бастығы Жүсіпбек Арыстановқа барып қайтатынымын.

Редакцияның тілшілер бөлімінің меңгерушісі Сейілбек Үсенов маған: «Тұратын жерің Мақтаарал ауданының орталығы Славянск болады» деп түсіндірді де, өлкелік партия комитетімен келісілген бұйрықты оқып берді».

Тілші деген бір орында тұрмайтын, елгезек болуы керек қой. Ал транспорттың жағдайы жаңағыдай. Колхоздарға бару керек болса, бірде аупарткомның, бірде МТС директорының (оларда да салдырлаған бір-бірден ғана ескі машина) көлігіне ілесеміз. Немесе колхоздан-колхозға болса ат, болмаса есек, өгіз, түйе сияқты сол кездің тегін «таксиін» мінеміз[4]], - дейді.

С.Үсеновтің қазақ журналистикасында жарқырай көрінген тұсы негізінен «Қарағанды пролетариатымен» байланысты десек, қателесе қоймаспыз. Қаламгердің қазақша-орысшаға бірдей жетіктігі де оның журналистикада табысты болуына септігін тигізгені анық. Яғни С.Үсенов осы «Қарағанды пролетариаты» басылымын басқара жүріп, осы қалада орыс тілінде жарық көретін «Большевистская кочегарка» (Қазіргі облыстық «Индустриальная Караганда») газетіне де 1935 жылдың 18 қаңтарынан 16 сәуіріне дейін редакторлық етеді. Орыс тіліндегі «Большевистская кочегарка» (қазіргі «Индустриальная Караганда») газетінің алғашқы өмірі 1931 жылдың 11 қыркүйегінде шықса, латын әрпінде қазақ тілінде «Қарағанды пролетариаты» деген атпен оқырмандар қолына тиген қазіргі «Орталық Қазақстан» газетінің тұңғыш саны араға жиырма күннен астам уақыт салып 4 қазанда жарық көрген.

1934 жылдың сәуірінен 1936 жылдың тамызына дейін «Қарағанды пролетариаты» газетінде редактор болған С. Үсенов жас та талантты жазушы Саттар Ерубаяевпен етене араласты, ағалық ақыл-кеңесін де аямай, жауапты қызметке қойды. Яғни Саттар Сейілбек «Қарағанды пролетариатын» басқарып отырған жылдарда осы газетке келген. Нақтырақ айтсақ, Саттар Ерубаяев алдымен 1934 жылы ВК(б)П Қазақстан өлкелік комитеті «Қарағанды пролетариаты» газетінің комсомол бетінің редакторы қызметіне тағайындалады да, іскерлігі мен шығармашылығы С.Үсеновтің назарына ілігіп, 1934-1935 жылдары басылым редакторының орынбасары қызметіне көтеріледі.

Осы калада жүріп Саттар өндіріс тақырыбына ден қойды, Қарағанды көмір бассейні сынды индустрия алыбындағы жұмысшы жастар образын шынайы жеткізіп, шебер суреттеп, «Менің құрдастарым» романын өз оқырманымен қауыштырды.

Жалпы Саттар мен Сейілбектің арасында рухани байланыстың үзілмегенін, тіпті аға дос-іні дос ретінде де, көзқарасы, ұстанымы бір, әріптес ретінде де жақын қарым-қатынаста болғанын білеміз. Мұны асылдың тұяғы, 1933 жылы туған Сәлім Сейілбекұлы Үсеновтың шығармашылығынан да кездестірдік. Өзінің «Менің өмірім» атты 6 бөлімді өлеңінде ол:

«...Әкемнің қызметінен көшіп келдік,
Кеншілер қаласына Алматыдан.
Әкеммен көп жігіттер үйге келді,
Ішінде Саттар деген ақын еді.
Жан анам дастархан жайып,
Оларды қымыз-шаймен қарсы алды.
Ағай мен жеңгей біздің арамызда,
Бабамыздай сыйлаймыз оларды да.
Сәтті қадам, құтты қоныс болсын,
Осы кеншілер қаласында
Отбасы аман болсын әрбір үйде,
Аштық жойылсын біздің елде.
Алла бізге пана болсын,
Саттар бата берді кетер кезде» [5],-дейді.

Олай болса Үсеновтер отбасының құтты қонағы болған Саттардың Сейілбек ағасымен рухани достығы, қаламгерлік жақындығы да зерттеу нысанына айналып жатса нұр үстіне нұр. Өйткені олардың Қарағандыдағы қызметіне жете үнілу арқылы ғана қос арыстың шығармашылық ғұмырбаянының бізге беймәлім беттерін ашуға болады.

Қазақ басылымдарын ықпалды газетке айналдырып, партия қайда жұмсаса да қызметін адал атқарған, Алаш зиялыларымен де байланысын үзбей, ел сөзін сөйлеген Сейілбек Үсеновтің шығармашылық мұрасы да аса бай. Көптеген өлеңдері, әртүрлі сыни мақалалары республикалық мерзімді басылымдарда ұдайы жарияланып келген. Әсіресе С.Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасы хақындағы «Сұлушашқа сын» атты сериялы мақалалары [6], «Жиренше шешен

сөздері» [7], «Түсінбеймін» өлеңі оқырман қауымның жоғары бағасын алған дүниелер [8].

Содан да болар менмендікті білмейтін суреткер сол кездің өзінде-ақ әдеби ортаға ерте танылып, жеткен жетістігі мен табысына масаттанбай, қаламын ұштай түседі. Бір анығы, Үсеновтің «Ленин туына» келуі де солтүстік өңір баспасөзіне жаңа бір леп, тың серпін әкелгендей болған сияқты. Өйткені газет кей сәттерде кеңестік цензураның қатаң сүзгісінен де ебін тауып сытылып шығып, ұлт мүддесін көздейтін материалдар топтамасын үздіксіз беріп отыруды дәстүрге айналдырған.

«Ленин туы» газеті 1936 жылдан бастап «ҚКП(б) Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің және ҚКП (б) Петропавл қалалық комитетінің органы» мәртебесімен шыққаны белгілі.

Ақиқатын айтқанда, сол кездегі басылымдардың көпшілігінің, әсіресе облыстық деңгейдегі газеттердің негізінен жергілікті биліктің ресми мәліметтерімен-ақ бет толтыруға дағдыланғаны, өзекті мәселелерді көтере бермегені белгілі. Бұл қалыптасқан қағиданы да Сейілбек шама-шарқынша бұзғанға ұқсайды.

Олай деуімізге басқасын айтпағанда С.Үсенов редакторлық еткен тұста газетте бір ғана «Редакцияға хат» айдарымен жүздеген сыни мақалалардың үзбей жариялануы себеп болып отыр. Мәселен «Ленин туының» 1937 жылғы 21 октябрьдегі №243 нөмірінде «Ескерусіз қалмасын», «Тауар оборотының планы неге орындалмайды?», «Тұтынушылардың талабы ескерілсін!»[9], №244 санда «Қазақ колхоздарына қатынасты орыс тілінде жібереді», «Сот үкімі орындалса екен», «Маскүнемдікке тыйым салынсын!», «Тиісті шара қолдану керек», «Адам дәрігері қашан келеді?» [10], №246 санда «Газет дабылы аяқсыз қалмасын», «Мал күтіміне жауапсыз қарайды» [11] т.б. секілді түйткілді тақырыптарды өзек еткен маңызды материалдар басылымның беталысын байқатып, бағытын айқындап берді деуге болады.

Ия, расында да Сейілбек Үсеновтей қарымды қалам иесінің қазақ баспасөзі тарихында алар орны ерекше. Біздіңше, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Сейфуллин, С.Ерубаев сынды халқымыздың дара тұлғаларымен қызметтес болуы, рухани байланысын қандай жағдайда да үзбеуі Сейілбектің де саяси қуғын-сүргін құрбаны болуына алып келген себептердің бірі болса керек.

Әдебиеттер

1. «Ақ жол», №488, жексенбі, 28 сентябрь, 1924 жыл.
2. «Ақ жол», №402 жұма, 8 февраль, 1924 жыл.
3. ҚР Президенттік Мұрағаты 141-қор, 1-тізбе, 368-іс, 1п.
4. Қарақұлов М. Түйе мінген тілші едік // Социалистік Қазақстан. 17 желтоқсан, 1989 жыл.
5. Үсенов С. Менің өмірім // Айқап, №3, 15 шілде, 1960 жыл.
6. Жаңа әдебиет, 1929ж. №11, 68-81 бб, №12, 68-86 бб.
7. Жас қайрат, №1924, №6. 27-28 бб.
8. «Жаңа әдебиет», 1928.

9. Ленин туы, №243. 1937 жыл, 21 октябрь.
10. Ленин туы, №244. 1937 жыл
11. Ленин туы, №246. 1937 жыл, 24 октябрь.

УДК

ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ И.В. ЕРОФЕЕВАНЫҢ ӨМІРІ МЕН ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Байшуакова А.Д., докторант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Статья посвящена жизни и научному наследию известного отечественного ученого-историка И.В. Ерофеевой.

Summary

The article is devoted to the life and scientific heritage of the famous domestic scientist-historian I.V. Yerofeyeva

Қазіргі тарихнамашыларда тұңғыш әйел-тарихшы мәселесі төңірегінде үлкен пікір-талас туындайды. Егер де бүкіл дүниежүзін алатын болсақ, өткен дәуірді жазу мен қайта ой елегінен өткізу ісінде танымал болған белгілі қытай тарихшысы Бань Гудың дарынды ақын әпкесі Бань Бяо еді. Егер де азиялықтан бөлек етіп, европалық тарих ғылымын қарастырсақ тарихнамадағы бірінші әйел есімі византиялық ханшайым Анна Комнинаға (1083–1153) тиесілі. Ол өзінің әкесі Алексей Комнинның басқару кезеңін тарихи тұрғыдан баяндап «Алексиада» туындысын жазып шығарды [1].

Таң қаларлық мәселе еліміздегі тарих саласындағы әйел-ғалымдар туралы зерттеулер жоқ іспеттес. Кеңестік дәуірде әйелдер арасынан шыққан тарихшы-ғалымдардың саны өте аз болды. Кеңестік заманда Қазақстанда тарих ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан Анна Михайловна Панкратова еді. Ол КСРО ҒА тарих бөлімі бойынша тұңғыш әйел-академик, кезінде «Вопросы истории» журналының бас редакторы қызметін атқарды [2]. Анна Михайловна КСРО-ның ұлттық республикаларында жоғары білікті тарихшы мамандарды даярлау және қалыптастыру ісінде көш басқарды. А.М. Панкратова академик М.Н. Покровскийдың шәкірті болса, ал Покровский болса В.О. Ключевский, П.Г. Виноградов секілді ғұлама ғалымдардан тәлім-тәрбие алған. Академик М.Х. Асылбековтың пікірінше А.М. Панкратованың біріншіден, Қазақстан үшін жоғары кәсіби тарихшыларды дайындау, екіншіден, Қазақстан тарихының өзекті мәселелеріне байланысты зерттеулерді жүзеге асыру ісінде қосқан үлесін ерекше ескеру қажет. 1943 жылы А.М. Панкратованың және М. Абдыкалыковтың редакциясымен «История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней» атты еңбегі шықты [3]. Сонымен қатар Анна Михайловнаның көрнекті қазақ тарихшысы Ермұқан Бекмахановқа өзінің қолдауын және көмегін көрсеткені де көпшілігіне мәлім. Орта ғасырлық Қазақстан тарихы туралы ірі зерттеулер жүргізген, көптеген ғылыми монографиялардың және мақалалардың авторы, тарихшы және шығыстанушы

ғалым Клавдия Антоновна Пищулина. Клавдия Антоновна қазақ медиевистикасының ірі өкілі. Ол Қазақ хандығы, Моғолстан, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Алтын Орда туралы көп зерттеді [4]. Танымал тарихшы, т.ғ.д. Е. Бекмахановтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын қорғап, бүкіл ғұмырын ғылыми-педагогикалық қызметке арнаған, қазақстандық тарихнама мектебінің негізін қалаушылардың бірі т.ғ.д., профессор Дина Исабаевна Дулатова кәсіби ғылыми мамандарды дайындау ісінде үлкен еңбек сіңірді. Ол кісінің жетекшілігімен екі докторлық және он бір кандидаттық диссертация қорғалды [5]. Тарих ғылымдарының докторы, академик, қытайтанушы-ғалым Хафизова Клара Шайсултановна тарих ғылымы саласында ерекше орынды иемденеді. К.Ш. Хафизова Цин империясы кезіндегі қазақ-қытай қатынастарына байланысты бірнеше монографияларын, көптеген ғылыми еңбектерін жазып шығарды.

Көңіл көншітетін жағдай бұл посткеңестік кезеңде елімізде Қазақстан тарихы ғылымының дамуына үлес қосқан, іргелі ғылыми-зерттеулермен айналысатын әйел-ғалымдарының қатары т.ғ.д., профессор, ҰҒА академигі М.Абусейтова, тарих ғылымдарының докторлары З.С. Жәкішева, Г.С. Султанғалиева, С.О. Смағұлова, Г.С. Жүгенбаева, А.И. Құдайбергенова, Г.К. Көкебаева, М.К. Төлекова, Қ.Е. Байзақова, Д. Махат, Ж.Б.Кундакбаева, А.С. Мусағалиева, т.б. танымал білікті мамандармен толыға түсуі. Осы мақалаға Қазақстандағы тарих ғылымы саласында әйел ғалымдарының ішінен өзіндік таңбасы бар, артында мол ғылыми еңбектерін мұра етіп қалдырған, бүкіл саналы ғұмырын тарих ғылымына арнаған, кейінгі орта ғасырлық және жаңа замандағы Қазақстан тарихы бойынша үлкен ғылыми зерттеулер жүргізген Ирина Викторовна Ерофееваның өмір жолы мен ғылыми мұрасы арқау болады. Ирина Викторовна 1953 жылы 22 шілдеде қазіргі Шығыс Қазақстан облысының әкімшілік орталығы Өскемен қаласында дүниеге келген. 1971 жылы орта мектепті тәмамдаған соң Өскемен мемлекеттік педагогикалық институтына тарих және педагогика мамандығына оқуға түсті. Ирина Ерофееваның кәсіби түрде тарихпен айналысатындығы заңды еді. Оның аталары тарихи кітаптарды, мемуарлық әдебиеттерді көп оқитын. Ал әкесі Виктор Ерофеев геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, төрт монография мен шетелде жарыққа шыққан көптеген мақалалардың, геологиялық формациялар үшін гомологиялық қатарлар теориясының авторы бола тұра қазақ батырларына ерекше қызығушылық танытып, солардың ерлігін дәріптейтін [6]. Сондықтан да Ирина Ерофеева революцияға дейінгі Қазақстан тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеуге бет бұрды, ал оның қатарластары сол диплом бойынша мамандықты иемдене отырып, тиімді, әрі ыңғайлы жолды таңдады, яғни КОКП-ның тарихы немесе соған жақын тақырыптармен айналысты.

Ирина Викторовна өз әңгімелерінде өзін репрессияға, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған, сталиндік лагерьлерге тұтқындалған және ату жазасына кесілген бес ұрпақтың буыны екендігін айтатын. Ол өзінің алыс және жақын бабаларына мансапқа құмарлық, материалдық және т.б. жағынан пайда әкелетін іспен айналысу тән емес екендігін, тек рухани қажеттіліктеріне,

танымдық қызығушылықтарына сәйкес мәселелермен шұғылданатындығын тілге тиек ететін. Ал бес бабасы да XVIII ғасырдың ортасынан бастап Қазақстанда тұрғандықтан, оның өзін тұратын елі мен айналасындағы халқы үнемі қызықтыратын. Көшпенді қазақтардың тарихы қаншалықты күрделі болғанымен ол ғылыми зерттеулерінің осы бағытынан таймады. Ал кеңестік заманда бұл тақырып әрине қолдауға ие болмады. Ол XVIII-XIX ғасырлар тарихына маманданды. Оның ойынша көшпенді қазақтардың басынан кешірген тарихы толық оқылмаған, тек көзбен шолып өтілген роман тәрізді. Қазақ халқының тарихында оны ең әуелі тарихтағы тұлғаның ролі мәселесі, әсіресе ұзақ ғасырлар бойы тарихшылардың арасында талас туғызатын басқарушы монархтардың тұлғалары қызықтырды [6].

1976 жылы И.В. Ерофеева Алматы қаласындағы Қазақ ССР ҒА Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының аспирантурасына қабылданды. 1979 жылы тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесіне ие болу үшін «Казахстан второй половины XVIII - первой четверти XIX в. в трудах и записках русских ученых и путешественников» тақырыбында кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 1979-2006 жылдары Ирина Викторовна Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында жұмыс істеді. 2006-2011 жылдары Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің қарамағындағы Көшпенділердің мәдени мұрасын зерттеу жөніндегі Қазақ ғылыми-зерттеу институтында директордың қызметін атқарды. Мұнда ол 2006 жылы қайтыс болған өзінің жақын досы және ғылыми серіктесі, танымал тарихшы, қазақтардың көшпелі өркениеті бойынша маманы Н.Е. Масановты алмастырып, соның игі ісін жалғастырды. Бұл кезең ішінде И.В. Ерофееваның басшылығымен ірі ғылыми зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бірегей ғылыми еңбектер жарық көрді: «Аныракайский треугольник: историко-географический ареал и хроника великого сражения» (2008), Историко-культурный атлас казахского народа (2011), үш томдық «От Алтая до Каспия» (2011), т.б. 2011 жылы зейнет жасына жеткен соң ол директор қызметінен алынып, бірақ сол институтта 2014-2015 жылдары жетекші ғылыми қызметкер ретінде жұмысын жалғастырды. 2016-2018 жылдары академик К.М. Байпаков басқарған ҚР Мәдениет министрлігінің қарамағындағы Мәдениеттерді жақындастыру орталығында қызмет етті [7]. 2020 жылдың 21 қарашасында 67 жасында танымал қазақстандық тарихшы Ерофеева Ирина Викторовна бұл дүниеден озды.

И.В. Ерофееваның ғылыми мұрасында хандар, сұлтандар, батырлар ерекше орын алды. Әсіресе оның кәсіби тарихшы ретінде шеберлігінің шыңы ол Әбілхайырдың өмірі мен қызметін керемет жеткізе білуі. Алғаш рет 1999 жылы жарыққа шыққан «Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик» атты монографиясы кейін екі рет қайта жарияланды. Монографияның авторы Қазақстан тарихнамасындағы биографиялық жанрдың майталманына айналды [8, 147].

Дүниежүзіндегі ғалымдар И.В. Ерофееваның ғылыми жетістіктерін жоғары бағалайтын, оның дәлелі 2004 жылы ол визитинг-профессор (visiting

professor) бойынша Париждегі Әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебіне лекция оқуға шақырту алды [8, 146].

Ирина Викторовнаның ғылыми мұрасы тек кейінгі ортағасырлық және жаңа замандағы Қазақстан тарихымен шектелмейді. Сонымен қатар оның зерттеулері тағы да басқа тақырыптарды қамтиды, оның ішінде қазақ басқарушы элитасының генеалогиялық шежірелері, дін тарихы (Қазақстан территориясына буддизмнің енуі), Қазақстандағы этникалық немістер мен орыстар тарихы, ғылымдағы плагиат және дилентатизммен күресте ғылыми-ағартушылық қызмет мәселелері. Соңғы жылдардағы И.В. Ерофеева шығарған еңбектерінің бірі «Между всеми старшинами знатнейший. Первый казахский тархан Жанибек Кошқарулы» (2013). Бұл кітапта XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Орта жүздің танымал батыры Жәнібек Қошқарұлының тарихи биографиясы қарастырылған. «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в двух томах» (2014) жинағында И.В. Ерофеева бұрындары зерттелмеген XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ хандары мен сұлтандарының эпистолярлық материалдарының үлкен көлемін біріктірді. Бұл жинақты шығару ісіне Ирина Викторовна он жеті жылын арнады. «Рыцарь «звания чести». Казахский батыр Бокенбай» (2017) кітабы XVIII ғасырдағы белгілі батыр Бөгенбай Қарабатырұлына арналған. 2018 жылы К.М. Байпаков, Е.С. Казизов, Н.А. Терновамен бірлесе отырып «История религий в Казахстане (древность и средневековье)» еңбегі шықты. Бұл кітапта қазіргі Қазақстан территориясындағы діни сананың алғашқы түрлері қамтылған. Сонымен бірге ол 2019 жылы жарияланған «Буддийский монастырь Аблайкит» ұжымдық монографияның авторларының бірі болып табылады. Аталған еңбек Шығыс Қазақстандағы Өскемен қаласының маңында орналасқан тибеттік буддизмнің ең белгілі ескерткіші. Ол монастырь XVII ғасырда қызмет етті және оның территориясында сақталған шығыс буддалық қолжазбалардың бай кітапханасының арқасында танымал болды. Монографияда қазақ-ойрат қатынастарының тарихы жөнінде мәліметтер беріледі [7].

Ирина Викторовна ғалым ретінде дарындылық, жоғары кәсібилік, эрудиция, новаторлық, ғылыми этикаға адалдық, әбден шыңдалған әдеби стиль, керемет ораторлық қасиеттерімен ерекшеленетін. Ол Қазақстан тарихы бойынша 300-ден астам еңбектердің авторы, оның мақалалары мен монографиялары орыс, қазақ, неміс, қытай және түрік тілдерінде жарияланды. Өмірінің соңғы күніне дейін И.В. Ерофеева Қазақстан тарихындағы Алаша хан тұлғасына, этногенез бен этникалық тарих мәселелеріне байланысты жаңа монографиясы бойынша зерттеу жүргізді. Ол оған тән ұқыптылық пен тиянақтылықпен Алаша хан жөнінде бар аңыздарды жинақтады.

И.В. Ерофеева дүниеден озған кезде ауыр қайғыға байланысты Ақ Ордадан, алыс және жақын шетелдегі ғалым-әріптестерінен көңіл айту хабарламалары жіберілді. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жеделхатында Ирина Ерофееваны «...қазақ мемлекетінің тарихы бойынша жоғары маманы еді. Ол өз елінің нағыз патриоты болды. Оның ғылыми еңбектері біздің

ғылымымызда ерекше орын алады», - деп жазды. ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов өз жеделхатында Ирина Викторовнаға тән іргелі білім, қазақстандық мәдениетке деген шынайы құрмет, өз жұмысына деген ұқыптылық әрқашан әріптестерінің арасында оған деген ілтипат сезімін тудыртты. Нағыз ғалым туралы жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі сақталады деп көңіл білдірді [9].

Висконсин-Мадисон университетінің профессоры, т.ғ.д. Анатолий Хазанов өзінің әріптесі И.В. Ерофеева туралы XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы бойынша дүниежүзіндегі ең мықты мамандардың бірі еді деп баға берді. Ғалымның зерттеулері ғылыми әлемде кең таралмаған орыс тілінде жазылса да Жапониядан бастап Америкаға дейін әртүрлі елдердегі мамандар оның еңбектеріне жиі сілтеме жасайтындығын атап өтті [8, 144].

Новосибирскідегі әріптесі, т.ғ.д. Л.А. Бобров И.В. Ерофеева туралы өз ойымен бөлісті. Ол Ирина Викторовна тарихпен өмір сүрді, ол тіпті әйелдер түсінбейтін алшақ мәселелердің өзін шеше білетін деп көрсетті. Иринаны Москвадағы, Белоруссиядағы, Украинадағы әріптестері Батыр-Әйел деп атайтын! Ленцті, Клеменсті, Бичуринды он жыл емес, тіпті жүз жылдар бойы қалай есімізде сақтасақ Ирина Викторовнаны дәл солар секілді ұмытпаймыз деп қорықпай айта аламын. Оның ескерткіші «Қазақ хандарының эпистолярлық мұрасы» осы шығарманың өзін жүз, екі жүз, тіпті үш жүз жыл бойы оқиды. Ал «Аңырақай шайқасы» ұжымдық монографиясы туралы тіпті айтпаса да болады, ол қандай керемет жұмыс! Біз оның Ресейдегі және басқа да шетелдердегі әріптестері оның ғылыми еңбектері, орасан зор атқарған жұмысын болашақта білсін, сақталсын деген мақсатта барымызды салуға тырысамыз.

Белгілі орыс тарихшысы, т.ғ.д. С. Абашин И.В. Ерофеева туралы өзінің көзқарастарын білдірді. Ирина Викторовна ерекше ғалым еді, оның тұлғасының ірілігін, сіңірген еңбегін «өлімінен соң» мойындап отырмыз. Ол 1990-2000 жылдардағы көп қиыншылықтарға қарамастан өзінің кәсібилігін сақтай алды. И.В. Ерофеева нағыз кәсібилік, адамилық этикаға адал болды, сондықтан да ол Қазақстан ғылымында, тіпті әлемдік ғылымда да өзіндік орынды иемденеді [8, 150].

Ресей Ғылым Академиясының Шығыс Қолжазбалар Институтының аға ғылыми қызметкері Наталья Сергеевна Яхонтова Ирина Викторовна зерттеулерде үнемі ыждағаттылықты, нақтылықты танытатын, деректерді меңгеріп, өзінің көзқарастарының кендігін көрсете білетін деп өз ойымен бөлісті. Кеңес және ресей шығыстанушы, доцент, т.ғ.к. Сергей Алексеевич Панарин Ирина Викторовнаның өлімі бұл тек Қазақстанның тарихи ғылымына емес, бүкіл әлемдік ғылым үшін ауыр соққы деп көрсетті. Оның ғылыми жарияланымдарының жоғары сапасы бұл шындығында әлемдік деңгей болып табылады. Өкініштісі сол, мұндай деңгей бұрынғы Кеңес Одағының жекелеген кеңістігінде ғана емес, басқа жерлерде де байқалады.

Қынжылтатын нәрсе қазіргі қоғамда қолда бардың қадірін білмейтін, барды бағалай алмайтын жағдайлар жиі орын алып тұрады. Осы орайда еліміздің тарих ғылымына орасан зор үлес қосып жүрген ғалымдарымызды көре білсек,

бағалай білсек, берерін ала білсек дұрыс болар еді. Көзі тірісінде Қазақстан тарихы саласында көп еңбек сіңірген Ерофеева Ирина Викторовнаның қалдырған ғылыми еңбектері кейінгі ұрпақ үшін өлмес мұра, асыл қазына боларына сенімдіміз.

Әдебиеттер

1. Пушкарева Н. Л. Женщины-историки в России 1810-1917 годов.//Вестник Пермского университета, 2012, Выпуск 1 (18), С. 228
2. Пушкарева Н. Л. Женщины в советской науке. 1917-1980-е гг.// Вопросы истории, № 11, ноябрь 2011, С. 98
3. Асылбеков М.Х. Вклад академика А.М. Панкратовой в историческую науку Казахстана//Источник: <https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/28887/>
4. Ускенбай К. Казахская государственность позднего средневековья в научной биографии Клавдии Антоновны Пищулиной./ Пищулина К. А. Очерки истории Казахского ханства. Сборник статей. – Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова, 2016.
5. Омарбеков Т.О. Научно-педагогическая деятельность Дулатовой Дины Исабаевны в КазНУ им. Аль-Фараби.//Дина Дулатова. Өнегелі өмір. Алматы: Қазақ университеті, 2016, С. 19

ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ- УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Исабек Б.Қ. т.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті Баскарма төрағасының орынбасары - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Орынбасарова Г.Ж. т.ғ.к., аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Әлем тарихы және дінтану» кафедрасының меңгерушісі

Тоқжігітова М. PhD докторант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Наурызова Қ. PhD докторант

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье рассматриваются вопросы полной правовой и политической реабилитации лиц, выступавших за независимость и территориальную целостность Казахстана в научной, культурной и иных сферах, также отдельных лиц и участников общественно-политических выступлений, которые боролись за эти идеи.

Summary

The article considers the issues related with full justification of figures from scientific, cultural and other spheres of life who fought for the independence and territorial integrity of Kazakhstan, as well as participants of political actions, socio-political organizations and other followers of this idea.

Бүгінгі күні қазақ елі Тәуелсіздіктің, азаттықтың отыз жылдығына қадам басып отыр. «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы басынан қаншама қиындықтарды өткеріп, елім деген ерлері мен тұлғалары қуғын-сүргінге

ұшырап, атылып, айдалып кетсе де іргелі ел, қабырғалы қалпын, саликалы салтын сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіштік жігерінің, асқақ рухының арқасы.

XX ғасырдың 20-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шаралар жүзеге асты. 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді.

В исследованиях М.Б. Золиной о взглядах русского политического мыслителя И.А. Ильина, тоталитаризм рассматривается как управление и принудительное регулирование государственным строем деятельности граждан[6]. Целью же советского тоталитаризма является уничтожение всяких различий между государством и обществом, проникновение и контроль всех сфер жизни с помощью монополярной, наделенной неограниченными полномочиями компартией, где закон был лишь механизмом государственного

управления. Монопольное право КПСС как ведущей партии было законодательно зафиксировано в Конституции 1977 года[7].

Академик М.К. Козыбаев понятие «советский тоталитаризм» рассматривает как особую форму государственного управления, где происходит слияние партии с властью, а политбюро ЦК КПСС становится надгосударственной структурой, которая боролась со всякого рода инокомыслием и контролировала все сферы жизни общества»[8]. Силовой метод и «теория колониализма» стали основой для большевистских экспериментов в строительстве социализма, которые в конечном итоге привели к политическому подчинению, экономической эксплуатации, культурному подавлению, демографическим манипуляциям народа Казахстана.

Государственно-партийная система заменила собой в экономике горизонтальные товаро-денежные отношения. Хотя территория Казахстана издавна привлекала к себе как потенциальная зона развития топливно-энергетической базы и решение трудовых сельскохозяйственных проблем государства, в итоге привела к ломке традиционного уклада жизни, насильственной коллективизации, силовой политике заготовок в сельском хозяйстве и вынудила население к организованным выступлениям против советской власти. Подтверждением этого является всеобщий протест в 1929-1932 гг. 372 крестьянских восстаний, который сопровождался откочевкой населения за пределы страны. Архивные данные говорят нам о всеобщем, массовом характере этого явления во всех районах Казахстана[9].

Разразившийся аграрный кризис в конце 20-х и в начале 30-х годов стал следствием ошибочной экономической политики партии, которая тактически стремилась ликвидировать рыночную экономику в сельском хозяйстве. Принятые меры в этих условиях оказались достаточно дорогими для крестьян и привели в итоге к коллективизации, экономические последствия которых привели к уничтожению и лишению материальных стимулов производства, к необходимости срочного восстановления животноводческого хозяйства на менее эффективных основах. Партия вынуждена была отступить от своих установок и терпимо относиться к традиционному ведению хозяйства, если это способствовало восстановлению поголовья скота при поддержке аксакалов, которые теперь стали занимать новые советские должности, т.е. в экономической стратегии присутствовала подмена логики вещей, логикой намерений[10].

На основе аналитических и статистических выкладок ведущие казахстанские историки и демографы о последствиях коллективизации – голоде, пришли к заключению о массовой гибели 2 млн. 200 тысяч казахов. В результате голодомора 50% населения буквально исчезло с лица земли, многие из которых вынуждены были покинуть родину. Политика Ф. Голощекина вызвала негодование даже среди руководителей высших эшелонов власти. Т.Рыскулов, У. Исаев и другие, пытались убедить остановить

этот процесс, что в свою очередь еще больше усилило волну репрессий. Идеологи сталинизма внедряли в сознание масс правильность проводимой политики, а искривления линии партии проводились на местах.

В СССР в колхозы насильно были зарегистрированы 14 млн. крестьян, из которых свыше миллиона человек были зачислены кулаками. Голод охватил районы Поволжья, Украины, Южного Урала, где смертность и отток населения по официальным данным варьировалась от 3 до 7 млн. человек, что разнится с данными казахстанских исследователей. Результатом такой политики явилось замена рыночных отношений распределительными и формирование социального слоя – номенклатуры.

К.Б. Валиулин и Р.К. Зарипова в своем исследовании «.....Сталинский тоталитаризм: политические процессы и репрессии» анализируют массовый террор, инициируемый самим Сталиным и реализованный большевиками и констатируют: «В начале 30-х годов репрессии проводились против старой большевистской гвардии, партийных работников, “большой террор” устанавливал региональным партийным организациям лимиты на аресты и расстрелы; в первую очередь террор обрушился на армию, были репрессированы 40 тысяч командиров и политработников, из 85 членов Военного Совета при наркомате обороны 68 были расстрелены, высший командный состав был истреблен»[11]. Большой террор коснулся прежде всего элиты общества, верхнего эшелона власти и тех кто мог противостоять Сталину.

По подсчетам академика М.Козыбаева репрессии коснулись интеллигенции Казахстана, свыше 100 тысяч человек были репрессированы, но в эти показатели не вошли данные местных органов власти, районных и окружных судов, ссыльных и депортированных[12]. После принятия Указа от 7 апреля 1935 г. имело место уголовное наказание детей вплоть до высшей меры с 12 лет на законных основаниях. Подводя итоги по репрессированным в СССР с 1921-1953 гг. К.Б. Валиулин и Р.К. Зарипова отмечают: «Было репрессировано 3,8 млн человек, из которых 786 тыс. расстреляно. В 1937–1938 гг. было арестовано 1,4 млн человек, из них половина была расстреляна»[13].

В Казахстане в период трех волн репрессий с 20 по 50 годы были осуждены по политическим мотивам 103 тысяч человек, из которых 25 тысяч были приговорены к расстрелу. Из них к настоящему времени реабилитированы около 92 тысяч.

Таким образом, Сталин пытался все население держать в страхе и в повинновении, тотально распространяя свою власть по вертикали, любое инакомыслие подавлялось, и было направлено на изменение сознания людей.

Функцию ГУЛАГа на территории Казахстана выполняли лагеря, созданные в 30-е годы: Карлаг, Алжир, Степной, Песчаный, Луговой, Дальний. В.В. Козина на основе фрагментарных данных попыталась восстановить количественную динамику заключенных. По ее мнению: «В Карлаге число заключенных возросло за период с 1935-1936 гг. на 12 тысяч человек (с 25127 чел. до 37958 чел.), что явилось результатом процесса завершения коллективизации в районах Средней Азии и Казахстана, усилением борьбы со

всеми видами преступлений накануне принятия Конституции 1936 года. Численность населения Казахстана сократилась с 1930 – 1936 гг. на 2млн. 585,1 тыс. человек. Демографический анализ архивных документов и материалов переписей населения 1937 и 1939 гг. показывает, что казахский этнос подвергся жесточайшему геноциду и понес тяжелые потери. По данным Комиссии Президиума Верховного Совета Республики Казахстан от голода и связанных с ним эпидемий, а также постоянно высокого уровня смертности казахский народ потерял 2 млн. 200 тыс. человек, т.е. около 49 % всего состава»[14].

В соседних республиках не было такого положения и невольно наталкиваешься на мысль, что там не было Ф. Голощекина. Отсюда в литературе появился термин «голощекинщина». По мнению М.К. Козыбаева: «Голощёкинщина – это трансформация сталинизма на почве казахстанской действительности. Результат политики этого сатрапа в области экономической – голод, почти полное уничтожение скота, разрушение общины. В идеологическом плане – это насаждение тоталитаризма, переход по всему фронту к командно-бюрократическому методу руководства, свёртывание культурной революции, преследование и репрессирование деятелей литературы и искусства. В области политической – насаждение практики регионального вождизма, якобинской диктатуры. В области партийного строительства – это формирование личности “аульного коммуниста”, приверженца административно-командных методов руководства, выдумывание несуществующих «националистических блоков», группировок и “подпольных антисоветских организаций”, “избиение” кадров путём наклеивания ярлыков, подозрительность в отношении коммунистов-казахов, обвиняемых обычно в национализме»[19].

Сталинская национальная политика стала орудием разнообразных манипуляций. Отличительная черта националистических проявлений состояла в отсутствии явных признаков открытого протеста и одновременно в политизации этнических процессов. Сформировалась полиэтническая нация «советский народ».

Таким образом, сталинский режим, не имея практики обратны свяей с народом, был вынужден следовать за событиями, а не работать на упреждение. Произошел симбиоз выдержанных временем эндемических ценностей народов с модернизированным укладом жизни, установленный советской властью.

Литературы

1. Петров А.В. Тоталитаризм: уроки прошлого. – Иркутск:ИГУ, 2011. С.18.
2. Сборник «Джордж Оруэлл: „Эссе. Статьи. Рецензии”» – Изд. «КАПИК». – СССР, Пермь, 1992. – Том II, Улановская М. Жизнь и творчество А. Кестлера. – Москва, 2017.
3. Зазнаев О.И. Типология политических режимов: дис. к.п.н. – Казань, 1993. С. 104.
4. Бутенко А.П. Социологические вопросы истории и теории тоталитаризма// Соц.исследования, 1998, №6. С. 126.
5. Бжезинский З. Великая шахматная доска: господство Америки и его геостратегические императивы. – Москва, 2009.-С.256.
6. Золина М.Б. Проблема тоталитаризма в политологии А.И. Ильина // Соц.полит. журнал, 1996 №5. С. 184.

7. Конституция СССР 1977 г.; Кукушкин Ю.С., Чистяков О.И. Очерки истории советской конституции. – Москва: Политиздат, 1987.- С. 319.
8. М.К. Козыбаев о тоталитаризме и его влиянии на казахское общество ; Дюсенов С.А. М.К. Козыбаев о тоталитаризме и его влиянии на казахское общество // Материалы республиканской научно-практической конференции «Козыбаевские чтения-2006». Т. 2. – Петропавловск, 2006.
9. Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия – Алматы: XXI век, 1997. С.9 // Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Книга 2.- Алматы, 2000. С.9.
10. Beningsen A.A, Wimbush S.E. Migration and Political Control: Soviet Europeans in Soviet Central Asia. – London 1978, P.173-187.
11. Валиуллин К. Б., Зарипова Р. К. История России, XX век. Сталинский тоталитаризм: политические процессы и репрессии [Электронный ресурс]. URL: http://society.polbu.ru/valiullin_history/ch21_all.html; Валиуллин К.Б., Зарипова Р.К.. История России. XX век. Часть 2: Учебное пособие. - Уфа: РИО БашГУ, 2002. - 234 с..
12. Козыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия.- С. 10.
13. Валиуллин К.Б., Зарипова Р.К. История России. XX век. Часть 2: Учебное пособие. - Уфа: РИО БашГУ, 2002. – С.183.
14. Козина В.В. Демографическая история Казахстана(конец XIX - н.ХХв.) – Караганда: КарГУ, 2007. – С.43.
15. Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. В двух книгах. Алматы, 2000, 2 книга, С.16.

ӘОЖ 908 (063);

ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ КЕЗДЕСЕТІН ДІННІҢ НЕГІЗГІ НҰСҚАУ АРҚАУЛАРЫ

Әлменбетова Уржамал Абдулақызы

тарих магистрі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Нұр-Сұлтан қаласы

Түйін

Мақалада діннің негізгі бастау нұсқалары мен шығу, таралуы, ең бастысы ислам дініне көбірек тоқталып, қарастырылғаны жайлы баяндалады. Оның қаншалықты түркі халықтары қалай кіргізгені, қалыптасқаны туралы деректер арқылы көрсетеді.

Summary

The article describes the main origins of the religion and its origin, spread, and most importantly, focuses on Islam. It shows how much it was introduced and formed by the Turkic peoples.

Діни сенім ортақтығы - көне тарихымызды танудағы ең басты түйіндердің бірі. YII-IX ғасыр ислам діні мен мәдениетінің және Түркияның жаңару кезеңі болатын, бұл - ұлыстық дәуір кезеңінде деректердің көбісі және көптеген нұсқалары басқа елдердің жазбаларында сақталғандықтан, олардың ерекшелігі туралы сөз қозғау мүмкін еместігі көрсетіледі. Әр дәуірдегі дерек нұсқалардың өзінен бұрынғы және өзінен кейінгі дәуірлердегі көне тарихымызбен сабақтастығын танытатын, олардың ортасындағы үзілмеген желі, діни сенімдегі ортақтық қана болатын еді. Ғұн дәуірі мен түркі дәуіріндегі

деректерді талдайтын болсақ, жалғап тұрған көк тәңірге деген сенім екендігін анық көреміз.

Көне дәуір тарихына үңілсек 893 жылы Смайыл Самани (824–907 жылдары саманиттер тағына отырған) қарлұқтарға шабуыл жасап, Тараз қаласын басып алған. Таң жылнамасының берер деректері бойынша, ол қаладағы христиан ғибадатханасын өзгертіп, мешітке айналдырған көреміз. Осыдан бастап Қарахандар мемлекетінде мұсылман діні кіре бастаған болса керек деген ұғым бар. Ұғылшақты өлтіріп тақты тартып алған Сатұғ тегін, өзін Сатұғ Бурахан деп жариялап, мұсылман дінін мемлекеттік дін етіп белгілегені мәлім.

Түрк қағанаты жойылған соң түркілер діни сенім жақтан бөлшектенуге бет алса, Қарахандар дәуіріне келгенде оқиғалардың барысы оның керісінше дамығандығын нақты болғандығы мәлімдейді. Енді тұтас түрк халықтары бір сенімге, бір дінге ден қоя бастайды. Бұл - ислам діні болатын. Мұның себебі: 674 жылы Халифа Муавийнаның (661–680) Абдұл ибн Зияд бастаған әскері Амурдан өтіп, Байкент пен Бұқарды басып алатындығында. Осыдан 705 жылға дейін арабтар Орта Азияны жаулау әрекетін жалғастыра бергенінен білеміз. Орта Азияны жаулау үшін Қорасанға Раби ибн Зияд (671ж), Абдұлла ибн Назым (683–691), Умаян ибн Абдұлла (692–697ж), Жазид ибн Мұхалп (701–704ж) сынды найыптарды арнайы жіберген. Бұдан араптардың жолы болып, дін тарату ісіне қаншалықты бел шешіне кіріскенін көреміз.

705 - 750 жылдар арасында, Валид I, Сүлеймен, Ғұмар II, Жазид II (720–724), Хишам (724–744), Валид II (743–744), Ибраһым (744–749), Варван III (749–750) сынды халифалар тұсында, Араб түбегі мен оның батысындағы, дін тарату ісінің жеңістері, арабтарға Орта Азияны жаулап алу ісіне барлық мүмкіндік туып, белсене кірісуге мүмкіндікке қол жеткізді. Арабтар осы басаяғы 50 жылдың ішінде түркілерді арабтандырудың негізін қалап, Орта Азиядағы діни үстемдігін орнатып алды. Әсіресе, халифа Валид Орта Азияға қаратқан шабуылдарын өте тегеуірінді удің арқасында белсенділік танытты. Құтайба ибн Мүслүм Қорасанға найып болып тағайындалғанда оған жүктелген ең басты міндет «Орта Азияны бойсұндыру немесе мойындату, әрі кетсе бағындыру» [1; 203 б.] еді. Арабтардың Орта Азияны жаулап алуына түркілер қаншалықты қарсы тұрып, аянбай қарсылық көрсетті. «712 жылы Күлтегін бастаған түрк сарбаздары Құтайба ибн Мүслүм әскерін ойсырата жеңеді» [2; 218 б.]. Десе де, арабтарға қарсы күресте ерлік көрсеткендер Түркештер болды. Кейін түркеш қағандығының орнын басқан қарлұқ мемлекеті де арабтармен көпке дейін ымыраға келе алмады. Әйтсе де, арабтар жеңіске жетіп, Орта Азия мен қазақ жеріне ислам дінін шеге қылып қақты десек артықшылық болмайды. Бұл тұжырым нақты деректен белгілі.

Ислам дінінің түркілерге тез сіңіп, орнығуына өз кезінде бірнеше себептер болды: біріншіден, дін тарату мақсатына күшпен жете алмайтындарын білген арабтар жаулап алудың да, дін таратудың да жаңа тәсіліне көшті. Қорасан найышы Насыр ибн Сеяр 704 жылы бейбітшілік жариялады. Онда дінге кірушілерге орасан мол тиімділік жасалады, діннен шығушылар да ерікті

болады деп үгіттейді. Осы келісімнің нәтижесінде «Соғды Қорасанға қосылып кетті» [3; 306 б.]. Содан бастап араб дипломатиясы осы бағыт-бағдарда жұмыс жүргізді. Елшілерді жіберіп, насизаттауда аянбай тер төкті «Халифа Хишам (704–743ж) Білге қағанға елші жіберіп, мұсылман дінін қабылдауын өтініш жасаған. «Абдұлла ибн Аббас 750 жылы Мойыншор қағанға да дәл осындай елші жіберген» [4; 17 б.]. Халиф Хишам Түркеш қағаны Сұлуға да Мұсылман дінін қабылдауды ұсынып, дінге барғызған.

Екіншіден, бұл тұста түркілер соғыс тақсиретін тартып, экономикалық жақтан әбден әлсіреген кезең болатын. Арабтардың өздері жаулап алған жерлерде, мұсылман дінін қабылдаған адамдарға экономикалық және саяси жақтан тиімділік жасауы, жұрттың ықыласын өзіне аударуды қысымдық жасап, кіргізіп отырды.

Үшіншіден, ең бастысы түрк қағанаты ыдыраған соң, түрк халқының діни сенімі шайқалып, рухани тұтастық бөлшектенеді. Будда, манихей, христиан діндері үстем орынға шықты, ол діндерге берілгендер «жауынгерлік жігері мен ұлттық болмысын жойып бара жатты» [5; 16 б.]. Алуан дінге сенген түрк тайпалары арасында, туыстық жақындық қатынастан гөрі, діни сенімнен туындайтын өшпенділік басым болып кетті. Сондықтан халықтық бір тұтастыққа жету үшін бір дінге сену қажеттігін көрсетті.

Төртінші, бұл дәуір араб мәдениеті мен мұсылман дінінің гүлдену дәуіріне тұстас келді. Ұлы жібек жолының бойын мекендеген түркілер бұл ахуалды да иелеп отырған. Араб халифаларының жіберген жансыздары да ел ішінде мұсылман діні үгітін белсене жүргізді. «Сұтұғ Бура ханның ислам дінін қабылдауына Әбу насыр Саманидің роль ойнауы» [6; 14 б.] мұрындық болады. Көне тәңірлік дінге қайтудың жолы өте ауыр еді.

Бесінші, тәңірлік дінге сенетін түркілер ешқандай нақты затқа баған. Оларға будқа табынатын будда діні ғана емес, манихей діні де күн сайын жек көрінішті бола бастады. Өйткені, олардың «Табынатын орындарында будда аяғын жуған шайтан бейнелер болатын» [7; 384 б.], бұларға қарағанда көк тәңірлік дін мен бір аллаға сенетін мұсылман діні жақынырақ, нақтырақ, екеуі де бір тәңірлік діндер еді.

Осы себептерге байланысты, Қарахандар мемлекетінің ел тұтқасын ұстаған біліктілері, ислам дінін қабылдау арқылы түркілерді қайтадан сенімдік тұтастыққа әкелуге болады деп тұжырым жасағанымыз қарағаны шындық. Арабтар болса, мұсылман дінін күштеп кіргізіп, түркілерді тарихи жадынан айырып, рухани қайнарын суалтамыз деп сенімді болды. Сөйтіп, бір-біріне қарама-қарсы екі мүдде түрк даласында ислам діні негізінде тоғысты. Ең қызығы белгілі дәрежеде екеуі де өз мақсаттарына қол жеткізді.

Қарахан мемлекеті түрк халқының басын біріктіріп, жаңа дін негізіндегі рухани тұтастыққа жетуге тырысып бақты. Сол үшін ол дәуірдегі тарихи деректердің дені ислам діні үстем орынға шығарған болатын. тануда, арнаулы зерттеуді күтіп тұрған араб тілі бұл тұста қатты дамыды. Алайда Қарахандар мемлекетінде ол керісінше - араб мәдениетінің ықпалында ғана болған жоқ. Қазір бізге жұрнақтары ғана жетіп отырған, көне түркілік дәстүрдегі

мәдениеттің Қарахандар дәуірінде өзіндік дамуға ие болғаны даусыз. Қараханилер тұсының жазба деректері діннен ғана туған жоқ, дін үшін ғана қызмет еткен жоқ. А. Машановтың зерттеулері бойынша әл-Фараби 16 жасқа дейін Отырарда түрк тілінде білім алған. Оның Бағдаттағы кезінде жалаң діндарлық жолын емес, ғылым жолын қууы, өзіне ұстаздыққа ғұлама білімпаз ғана емес, «Неостриандық ғалым Абу-Матта ибн Хайланды» [8; 53 б.] таңдауы да сонан болғанын дәлелдесе керек.

Ал, белгілі ғалым Н. Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихында»: «Жетісу өлкесі мен Сырдария алқабында сақталған Айша бибі күмбезі, Аяққамыр, Алаша хан күмбездері Қарахан дәуіріндегі өнердің озық үлгілері. Қарахандар дәуірінде ғылым мен мәдениет мейлінше гүлденіп, жоғары өреге көтерілді деп санаған. Бұл мәдениеттің батыс иеліктегі басты орталығы Самарқанд қаласы мен Бұқара қаласы, Шығыс иеліктегі негізгі мәдениет орталығы Қашқар мен Баласағұн қаласы болды» [9; 218 б.], - деп жазған. Ол дәуірдегі тарихи куәсі тарихи мұрамыздың асылы Баласағұндың «Құтты білік еңбегі (1069 – 1070ж.) дастаны мен Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» (1072 – 1074ж.), - атты шығармалары.

Бұл дәуірдегі бізге жеткен ең құнарлы саласы араб мәдениетін айшықтап көрстеіп жазған деректер мен жазбаша туындылар болды. Бірақ, бұл бүгінгі көзбен қарағандағы шындық. Ал, тарих бұдан басқаша болуы мүмкін. Ол заманда көне түркілік дәстүрде жазылған шығармалар басым орында болған болуы, кейін мұсылман дінін қабылдаған ел мұсылман дінінің ықпалының әсеріндегі шығармаларды көбірек уағыздап, көбірек сақтауына байланысты олардың ара салмағы өзгерген болуы ықтимал. Оған М. Қашқаридың Алып Ер Тоңа туралы жоқтаудан бастап, өз дәуіріне дейінгі ылғи түркілік еңбегін мысалға алуы-ақ дәлел болғандай. «Құтты білікте»

Өтукеннің бегі айтқан тебіреніп,

Тілін тисын сыр ашсаң еміреніп (1753 бәйт).

Бұл түрк айтқан, жаққан ілім –жұлдызын,

Көрер көздің шырағы деп ұл-қызың (1008 бәйт).

Түрк сөзін үркек тағы киіктей,

Қолға үйретіп қамап ерік бермедім, -

деп, түрк тілі сол кезеңнің оқиғаларын, қоғамдық істері, ел билеуші түрк бектері мен сұлтандардың мәртебесін көтерген. Бұл бағыттағы жазбаша деректер өзінен бұрынғы кезеңдегі елдікті ту еткен идеяларымен сабақтасып жатады. Мысалы, «Құтты білік» Күнтуды Елік арқылы түрктерге әділ патша керек болғанын меңзейді, ханды әділетке шақырады. «Барлық аштар жесе ақыры тояды, Сұғанақ көз тек көрінде қояды», - деген сипаттама Томирис туралы аңызбен Абайдың Ескендір дастанының арасындағы алтын арқау сияқты екендігін ашып тұр. М. Қашқаридың сөздігінде түрктердің алынған мысалдар көп. Ол өлеңдердің қай дәуірде, неге байланысты туған шығарма екені анықталып үлгерген жоқ. Тек қана оның сол тұстағы түркілік ауызша тарихи деректердің жемісі екені тілге тиек болуда. Сол тарихи мұралардың мазмұнына зер салсақ, олардың белгілі дәуірдің әлеуметтік тынысын

танытатына көз жеткіземіз.

Сөздікте:

Кеме ішіне отырып,

Іле суын кештік біз.

Ұйғыр жаққа бет қойып,

Мыңлақ жұртқа астық біз,

Байрақ байлап аттарға,

Ұйғыр жаққа таттарға,

Ұры – жауыз жаттарға,

Құс сияқты ұштық біз.

Ат құйырығын түйдік біз,

Тәңірге тілек үйдік біз,

Тебіне атты ұрдық біз.

Алдап қайта қаштық біз.

Түнделетіп бастық біз,

Тұс-тұсынан бостық біз.

Ат жалдарын кестік біз,

Мыңлақ ерін пістік біз.

Селдетіп бір ақтық біз,

Кент үстіне шықтық біз.

Бұрхан үйін жықтық біз,

Бұт үстіне тыштық біз [10; 448 б.], -

дейтін жыр бар. Мұндағы Мыңлақ елін Т. Алмас қазіргі «Құлжа» қаласы деп түсіндіреді.

Сатұғ Бура ханның Муса, Сүлеймен атты екі ұлы болған екен. «Сүлеймен Арсылан 958 - 970 жылдар шамасында Қарахан мемлекетінің ханы болған. Ол мұсылман дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Дәл сол мезгілде, Қотандағы ұйғыр Идғұт хандығы бас көтереді». Себебі, қотандықтар ол тұстарда будда дініне сенетін. Сүлеймен Арсылан ханның буддистер ұйғырларға қарсы күресі - «975-998 жылға дейін жалғасқан» [11; 21 б.]. Сүлеймен 985 жылы Алып тегін бастаған қосындарын жіберіп, Мыңлақ елін мұсылман дініне кіргізу жорығын жасап, жеңіске жеткен. Ондағы Бұдда ғибадатханаларын жермен-жексен еткен. Сөздікте келтірілетін өлең осы шындықты көрсетсе керек. М. Қашқари сөздігіндегі тағы бір жырда:

Бозыраш тағы құтырды,

Алаптарын топтады,

Әскерін және қайырды,

Келу үшін топтасар, -

деген шумақ бар. Қ. Өмірәлиев Бозыраш йабағу тайпасының ханы деп қарайды. Т. Алмас та «йабағу тайпасының ханы Бөке Бозыраш қосын ұйымдастырып (басымылдар, чүмүлдер, йемектермен бірлесіп), Қарахандардың орталығы - Қашқарға бағынудан бас тартқан. Сүлеймен Арсылан хан Бекеш Арсылан тегін бастаған 40 мың кісілік қосынын Бөке Бозыраш бастаған 700 мың кісілік көтерілісшілерге қарсы аттандырып жіберген. Арсылан тегін Бөке Бозырашты

жеңіп, оны өлтірткен. Йабағулар Сүлеймен арсланға адал болуға уәде берген. Бітім жасалған. Кейін жаңа эраның 1041 жылы бітімді бұзған басымылдар, чүмүлдер қайтадан бойсұндырылған...», «Бозыраш тағы құтырды» деген жолды осы екінші көтеріліске байланысты туған деп қарайды. Мұнысы алғашқы соғыста Бозыраштың өлгені туралы өз сөзіне қайшы келеді.

Т. Алмастың келтірген дерегінде Йабағу ханы Бозыраш басымыл, чүмүл, йемектермен бірлесіп көтеріліс ұйымдастырып, Бөке Бозыраштың кегін алу үшін, Арсылан тегін бастаған Қарахан қосынымен шайқасқан. Қ. Өмірәлиев «Бұл өлең Бузруч батырдың қанын жоқтап, басымыл тайпасына қарсы аттан салған йабағы тайпасында туған»],- деп қарайды. Өлеңде оны растайтын деректер бар. Өлең мазмұны басымылдарға қарсы үн көтереді. Т. Алмас оған байланысты өз ойын «Алғашында йабағулармен бірлескен Басымылдар соғыс кезінде Арслан тегінге бойсұнып... кеткен» деп түйеді. М. Қашқари келтірген:

Көңілімді аулап қоймаңыз,
Уәде айтып таймаңыз.
Көз жасым ағар теңіздей,
Айнала шүйіп құс ұшар.
Жүгініп маған ымдады,
Көзім жасы құрғады.
Жарасын бауыр емдеді,
Елекем болып ол кешер, -

дейтін ғашықтық жырын Қ. Өмірәлиев оғұз қыпшақ тайпаларының бірінікі дейді. Себебі бұл кездер түркі тілдері түрінде жіктелген еді деген уәж айтады. Осының бәрі де зерттеушісін күтіп тұрған күрделі түйіндер.

Қарахандар дәуірінің соңғы кезіндегі дін жолындағы күрестің шежіресі «Төрт имам Зәбиолла тәзкірісі» деп аталатын, көне түрк тілінде жазылған дастан бар. Дастанда X ғасырдың соңы, XI ғасырдың алғашқы жартысындағы, Қотан аймағындағы (Қазіргі Шинжаңның оңтүстігі) будда дініне сенетін түрк тайпаларын исламға кіргізу мақсатында, Қарахандар мемлекетінің жүргізген діни күресі, оған жетекшілік еткен хазіреті имам Насридин, имам Мағыналдин, имам Зүһридин, имам Хауамдиндердің дін ислам үшін сіңірген еңбектері баяндалады.

«Ол имамдар әслі Мәдин деген жерде (Маураннахр территориясы) іс жүргізіп жатқан ислам әмірлері еді, Юсүп Қыдырханның өтініш талабымен, 40 мың кісілік ғазауат қосынын бастап, әуелі Қашқарға, онан Яркен және Қотанға келген». Имамдар Қотан аймағында ұзақ соғыс жүргізеді, ақыры өздеріне күшті қарсылық көрсеткен Нөктірашид, Шөктірашидтерді жеңеді. Осы тарихи шындық дастанда тамаша суреттелген.

Дастанның авторы белгісіз, бізге жеткен нұсқасы Емен Молла деген адамның көшірмесі. Көшірме шағатай тілінде, қашан, қай жерде жазылғаны анық емес. Шынжаңда басылып шыққан нұсқасы шағатай тіліндегі көшірменің транскрипциясы. Аударма жасалмаған. Осы басылым сирек қолжазба дерек Астанада «Отырар кітапханасында сақтаулы.

Дастан үш бөлімнен тұрады: Қарасөзбен жазылған кіріспе бөлімінде Алланың атына айтылған хамдусана (мадақ)

Иа илаһи быһақ Әли расұл,

Қыл ниязны құллуғұңға құбұл, -

деген арнау бар. Демек, бұл дастан Әли деген адамға арналып жазылғанға ұқсайды. «Әли Батыс қарахандардың 1156-1160 жылдар арасындағы ханы» [12; 83 б.]. Дастанды осы Әли ханға арналып жазылған деп мөлшерлеуге мүмкіндігіміз бар. Дастанды баспаға дайындаушылар «Нияз» деген адам аты деп қабылдап, оның авторын Молла Нияз Қотани деп атаған көрінеді. Дастанда кездесетін «нияз» сөзі құрбандық деген мағына береді.

Соңында 151 жол аяқтау жыры, 402 жол төрт имамның жүрген жолдарын түсіндіретін жазылған түрде берілген.

Қарлұқ қағанаты дәуіріне келгенде түркі тілінде жазылған деректер жаңа бір сапалық деңгейге көтерілді. Қағанат 766–940 жылдар арасында өмір сүреді. Қарлұқтардың негізгі территориясы: «Шығыста Жоңғар Алатауынан, батыста Сырдарияға дейінгі, солтүстікте Балқаш көлінен, оңтүстікте Ыстықкөлдің түстік жағалауына дейінгі жерлер». Бұл Түркеш қағандығы құлап, қарлұқтар дербес хандық құрған кездегі территориясы болса керек.

Демек, осы кезде Сырдария бойындағы қалалар да қарлұқтарға қараған. Солардың ішінде Отырар қаласы да болғаны шүбәсіз. 775–785 жылдар шамасында Қарлұқ мемлекетінде ислам діні қабылданып, соған байланысты «Ежелгі түркі жазуы мен соғды жазуы ығыстырылып, араб әліппесі негізінде жаңа түркі жазуы қалыптасты». Сонымен бірге араб тілімен тарихи деректерді жазу үрдіске айналған. Бұл кезеңде тарих пен ғылым саласындағы негізгі өкілі Әбу Насыр әл-Фараби (870–950) болды. Қарлұқтарға қатысты онан басқа да авторлардың деректік туындылары болуға тиіс. Олар да анықтауды талап етіп тұрған мәселе.

Дін тақырыбын талдауда тарихи деректердің маңыздылығы зор. Қазіргі кезде елімізде бірнеше діндер еніп, халықтың санасын басқа бағытқа, басқаша көзқарасқа бұруда ерекше орын алып тұр. Дін тақырыбын көтерген кезде оның арғы тарихи деректеріне, дін тақыбында еңбек жазған ғалымдардың әлі де болса ізденуді, зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер :

1. Алмас Т. Ұйғұрлар. I том. Алматы. Қазақстан, 1993. -222 б.
2. Гумилев Л. Н. Көне түріктер. Алматы: Білім, 1994. - 477 б.
3. Көне таңнама. 16 бума. 194 тарау (Қолжазба) - 3371 б.
4. Алмас Т. Ұйғұрлар. I том. Алматы. Қазақстан, 1993. -222 б.
5. Көне таңнама. 16 бума. 194 тарау (Қолжазба) - 3371 б.
6. Алмас Т. Ұйғұрлар. I том. Алматы. Қазақстан, 1993. -222 б.
7. Гумилев Л. Н. Көне түріктер. Алматы: Білім, 1994. - 477 б.
8. Машанов А. әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994. -192 б.
9. Мыңжанұлы Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1987. - 683 б.
10. М. Қашқари. Түрік тілдер сөздігі (ұйғырша). III том. Үрімжі: Шинжаң халық нашрияты, 1984. -612 б.
11. Мыңжанұлы Н. Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі: Шинжаң халық баспасы, 1987. - 683 б.
12. Отырар кітапханасы сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры. №25 дәптер

ТАРИХИ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ ШЫҢҒЫС ХАН БЕЙНЕСІ

Сапарбаева Қ.Ж., Асильбек А.М.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается образ и особенности характера славного правителя Чингисхана в исторических художественных произведениях.

Summary

This article examines the image and character traits of the glorious ruler Genghis Khan in historical works of art.

Шыңғыс хан (шын есімі – Тэмуджин, Темучин) – Азия халықтарының арасында тұңғыш біртұтас мемлекет құрушы, өз заманының аса ірі әскери және мемлекет қайраткері. Еркін тайпа көсемі, қият-бөржүгіннен шыққан Есугей баһадүрдің отбасында туған. Әскери таланты, мықты саясаты мен ел ішіндегі бытыраңқылықты өзінің азаматтық ұстанымымен оңтайлы пайдаланып, XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында дұшпандарын ойсырата жеңді. Өз ұлысын ұлғайтып, сондағы ру-тайпалардың басын біріктірді. Осылайша әкесі Есугей баһадүрдің орындай алмай кеткен арманын жүзеге асырып, 1206 жылы құрылтай шешімімен барлық тайпалардың ұлы ханы болып жарияланды.

Шыңғыс хан бейнесі, шығу тегі, жерленген жері, тағысын тағы, тарихшылар арасында бітпейтін дау көп. Бірі оны жауыз көрсе, бірі жасампаз билеуші етіп суреттейді. Осыған орай әдебиетте, көркем шығармада да ұлы қағанның образын сомдауда пікір қайшылықтары жиі кездеседі.

Жалпы, Шыңғыс есімімен оқырман алғаш қалай танысады? Иә, мектеп кезінен. Мұхтар Шахановтың «Отырар қаһармандығы немесе жеңілген жеңімпаз туралы дастанында» Отырар қаласын жаулау оқиғасы суреттеледі. Сәйкесінше, Шыңғыс ханды қатігез, аяушылықты білмейтін жаулаушы бейнесінде көреміз. Құлығына найза бойламас айлакер хан өз керуенін өз жансыздарына тонатып, бар кінәні Қайыр ханға артады да, соғыс ашады. Қаланы жаулап алғаннан кейінгі күйін көрсететін екінші бөліміндегі:

Безбүйрек жау сәбилерді,

Шал-шауқанды, кемпірді,

Тіпті жүкіт әйелдің де

Ішін жарып өлтірді, - деген жолдарынан Шыңғыс ханның қатігездігінен дене түршігеді [2,180].

«Ойдан шығару – образға барар жол. Суреткердің өмірде көрген-білгенін ойша өңдеудің, қорытудың, жинақтаудың тәсілі», - дейді академик Зейнолла Қабдолов [3,89]. Ақын да өзі туып-өскен ел ішіндегі аңыз-әңгімелер мен тарихшылардың пікіріне сүйене отырып, Шыңғыс ханның айлакерлігі мен жауыздығын айшықтай, ешкімге ұқсамас дара образын жасап шыққан.

Автор бір сөзінде Шыңғыс ханның барлығы 900 қаланы қиратқанын, оның 26-сы қазақ жерінде екенін тілге тиек еткен болатын. Жалпы дүние жүзі тарихында ең ұзақ өмір сүрген Осман империясы, одан кейінгісі – Шыңғыс

империясы. Осыншалық құдіретті мемлекет құрған айбынды билеушіні тек тиран, жауыз деуіміз қаншалықты орынды?

Осы тұста дарынды жазушы Мұхтар Мағауиннің төрт кітаптан тұратын «Шыңғыс хан» деректі хикаятына көз жүгірткенді жөн санадық. «XIII ғасырдың алғашқы ширегінде бүкіл Еуразия кеңістігін өз ғұзырымен қайта құрған, ал тиянақтап, бағдарлап кеткен бар ісі бұдан соңғы заманда мағлұм әлемді мүлде басқаша қалыптауға негіз болған Шыңғыс хан - адамзат тарихындағы ең ұлы тұлғалардың бірегейі екені күмәнсіз. Кеңінен қамтып, тереңіне бойлай алмасақ та, сөз ұққан, хат таныған кезімізден көкірекке орнаған өзгеше бейне, Алып Ер екен... Түйіндеп айтқанда, ұлы қағанның атақ-даңқы дабылдап тұр. Қазіргі қалыпты, жалпы түсінік: бұл Шыңғыс хан деген - анау айтқандай, жабайы мақұлық емес екен, ақымақ, топас, жауыз қанішер емес екен, көлеңкелі, келеңсіз сыпаттары болса, ол - замана таңбасы; шын мәнісінде парасатты, дана кісі, ұлы қолбасы, ғажайып саясаткер, адамзат тарихында өзгеше орны бар, айтулы, бірегей қайраткер...» [1]

Бұдан бөлек Темүжін бейнесін қазақ әдебиетінде Т.Зәкеннің «Көкбөрілердің көз жасы» романынан, Ә.Әлімжановтың «Отырар ескерткішінен», Д.Досжанов, Р.Отарбаев шығармаларынан кездестіреміз. Орыс, бурят әдебиетінде де бұл тақырып кеңінен қозғалған. Оған мысал ретінде В.Янның «Чингисхан» повесті мен И.Калашниковтың «Жестокий век» романын алсақ болады.

Аталған қос шығарманың арасында да кереғар пікірлер бар. Мәселен, В.Ян шығармасында Шыңғыс ханды тіпті өз атынан қол қоя алмайтын сауатсыз, жабайы мәдениет өкілі, Тынық мұхитынан Днепр жағалауына дейінгі ұлы көшпелі империяның негізін қалаушы етіп көрсетеді. Сонымен қоса, В.Ян оны өз ұлысының бас пайдасы үшін басқа нояндармен қақтығысып, өзге рутайпаның жерін тартып алатын билеуші ғана емес, барлық жерге өлім сепкен қанішер етіп суреттейді [5].

Ал Исай Калашников романында бұл процесс өзгешелеу. Ол әуелі оның жоғарыда бірнеше рет аталып өткендей зұлымдыққа келуінің себебін іздейді. Оның жауабын Шыңғыс ханның қамыт киген құл Темүжін кезінен табады. Жастайынан әділетсіздік, сатқындыққа көп кезіккен ол ер жете осы қасиеттері үшін өз туғандарын да қатаң жазалайды. Кейіпкерлерді салыстыру әдісін қолдана отырып, Шыңғыс ханның әскери жорықтарының мақсаты –жою екенін, тарихтағы рөлін айқындайды. Көрнекті тұлғаның күш-қуаты - оның бұқарамен байланысында және алысты болжап, адам тани алу қабілетінде. Оның осы қасиетіне өзге билеушілер қызыға, қызғана қарайтын.

«И откуда Тэмуджин берет таких людей? Мухали скорее всего не родовит, и ростом не вышел, и статью не удался, а вот заметил же его анда» - деп Жамұқа да таңдай қағады. [4,362]

Нөкерлерінің өзіне шын берілгендігін, адалдығын жоғары бағалайтынын мына диалогтармен дәл береді автор: *«Воины подняли головы.*

- Хан Тэмуджин, мы были нукерами Улдая. Наш господин и его отец покинули разгромленное войско, и побежали в кочевья меркитов. Нас взяли с

собой. А зачем нам бежать в чужие земли? Подумав так, мы решили возвратиться. И прихватили с собой наших нойонов. Хотели доставить тебе. А потом отпустили...

- Сами отпустили? Или они бежали?

- Отпустили, хан Темуджин.

- Почему вы так сделали?

- Хан Темуджин, мы хотим тебе служить. А кому нужен слуга, предавший своего господина?

- Я выше всего ценю преданность. Вы поступили правильно. Если бы привели Таргутай-Кирилтуха, я приказал бы вас казнить. Предавший моего врага, завтра предаст меня... Верните им оружие» [4,378-379].

Бұл шығармада Шыңғыс хан – өте қарапайым, жауынгерлерден көп ерекшеленбей, өзін тең ұстайды. Осылайша бәрін иіріп алып кететін күшке ие болады:

В простой одежде, с коротким мечом на широком поясе, неотличимый от воинов, хан Тэмуджин то мчался в голову войска, то скакал в хвосте, его глаза все видели, все замечали. Усталых подбадривал, ленивых подгонял суровым окриком, а то и плетью. Войско было послушно ему, как хорошо объезженный конь [4, 386].

Исай Калашников шығармасында Шыңғыс ханды басқа авторлардай «адам өлтіруші машина» емес, билеуші бейнесін ішкі сезімдерімен қоса суреттей алған.

Қорыта келгенде, жеке фактілерді контексттен үзіп алсақ, Шыңғыс ханды қанішер, қатігез етуге де болады, данагөй етуге де болады. Сондықтан, оның өмірін тұтастай алып, барлық қат-қабатына үңілу қажет. Өйткені тарихқа топырақ шашсаң, болашақ саған тас атар.

Әдебиеттер:

1. Мағауин М. Он үш томдық шығармалар жинағы, 8том. – Алматы: «Қағанат», 2002.
2. Шаханов М. «Мәңгүрттенбеу марсельезасы», - Алматы: «Рух-Дария» баспасы, 2008.
3. Қабдолов З. «Сөз өнері», - Алматы: «Санат», 2007.
4. Калашников И. «Жестокий век», - Алматы: «Мектеп», 1985.
5. В.Ян "Чингисхан" Мәскеу: "Наследники", 2019.

ӘОЖ 94(574)

ТУҒАН ЖЕРІМНІҢ ТАРИХЫ

Карабаева Акмарал Максұтбековна магистр оқытушы

Дархонова Доно 1511-19 тобының студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье анализируются место рождения, история название селы и войны.

Summary

The article analyzes the place of birth, the history of the name of the village and the war.

Иқан-орта ғасырлардан сақталған екі ескерткіш орнының ортақ атауы.

Бірінші Иқан Түркістан облысы, Сауран ауданы Ескі Иқан ауылының ортасында орналасқан. X-XV ғасырларды қамтиды. Төбеге айналып кеткен Иқанның негізі қашан қаланғаны жөнінде нақты дерек жоқ. Хафиз Тыныш өзінің «Абдуллонама» атты еңбегінде Бұхар ханы Абдулла 1582 ж.Ташкент билеушісі Баба сұлтанға қарсы жорық жасаған кезде Иқанға тоқтап өткенін жазады. XVIII ғасырда өмір сүрген белгілі тарихшы П.И.Рычков «Орынбор губерниясының топографиясы» деген еңбегінде Иқанда 300-ге жуық үй болғанын және оның тұрғындары егін шаруашылығымен айналысқанын келтірген. Орта ғасырларда Иқан Түркістан өлкесінің қалалары қатарында едәуір рөл атқарған. Қазіргі сақталған төбе орны трапециялы болып келген, биіктігі 6-7 м. Көлемі 300x225 м. Оңтүстік-шығыс бөлігінде цитадель қалдығы (50x50), сондай-ақ, құрылымы бойынша әр түрлі ғимараттардың да сұлбасы көрінеді. Қаланың жоспарына қарағанда қақпасы солтүстік-батысына орналасқан бірнеше мұнаралы болған. Сол арқылы қаланы бақылап, қорғап отырған. Қаланың көп жері жаңа құрылыстар салғанда жойылып кеткен. Екінші Иқан Ескі Иқан ауылының шетінде орналасқан. IV-V ғасырларды қамтиды. Жергілікті халық «Шана асар» деп те атап кеткен. Төбеге айналған қала орнының жоспары үшбұрыш түрінде 180x110 м аумақты алып жатыр. Ал қазіргі сақталуы бойынша биіктігі 1-1,5 м қамалмен қоршалған. Қаланың ортасында аумағы 40x40 м болып келген цитадель орны бар. Ол да мұнаралы қабырғамен қоршалған. Қаланың орнында басқа да ғимараттардың болғандығы байқалады.

Туған жерім (яғни Ескі Иқан) біздің заманымызға дейінгі IV ғасырда Хорезмдегі африғилар династиясында болған. Біздің заманымызға дейінгі III-I ғасырларда Қаңқ мемлекеті қарамағына өткен. Содан кейін эфталиттер мемлекетін қарамағында V ғасырдың екінші жартысына дейін, соңынан VI-XII ғасырдың соңына дейін түрік хақандығы өкім жүргізген. VIII ғасырда Маварауннахр араптар тарапынан, яғни 714 жылы Құтайба ибн Мүслім тарапынан басып алынған және исламға дейін жалғасқан.

Міртемір өз естеліктерінде – «Мен туылған ауыл Қаратау бөктерінде орналасқан болып, бұл жер көктем тасқын суларынан еріндерін сулап алған сайлар, қыр-әдірлер, сай-салалар, анда-санда кездесетін мұзбұлақтар, тасқындардан қалған көлдерден тұратын еді», - деп жазған. Тағы да «Ауылдың шығыс жағында, - деп жазады ақын, - ежелгі Түркістан қаласы, оңтүстігінде Отырар, Байбалх кесенелері, одан ар жағы – Сырдария. Мың үйі бар ауылымыз төрт қапқаға (мәхәллә) бөлінетін, - олар: Ұлы қапқа, Кіші қапқа, Сахаба ата қапқасы, Дәуіт ата қапқасы. Ауыл ортасында биік және көлемді төбе бар, -жалғастырады Міртемір атамыз, - төбесінен ежелгі қаланың қалдықтары бар, алыс Түркістан, Яссауи кесенесі де көрінеді».

Ескі Иқан ауылы Қаратаудан 35 км оңтүстікке, Сырдариядан 45 км солтүстікте, Яссы қаласынан 20 км оңтүстік шығыста, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. Иқанға сол кезде Қаратаудан Иқансу, Хатын қамал және Көк қия өзендерінен 2 арықта су ағып келген.

Ежелгі Иқандықтар сол төбеде қоныстанған. Иқан қалашығы домалақ көріністе құрылған қала ішінде орналасқан, төрт қапқасы бар. Шымкент, Түркістан, Отырар, тауға қарай төрт жол жасалған. Оның панасында тұрып, әскерлер жауға қарсы оқ атқан. Қаланың ішінде орталық бір жол, қабырғалар ішінен айнала бір жол болған. Қала ішінде үйлер өте тығыз құрылған. Қаланың өмірі бір неше ғасырлар жалғасқан. Құрылған үйлердің қабырғалары құздап, құлағаннан соң, сырттан кесек жасақтап, арбаларда қақпалардан тасып, бұзылған қалдықтар үстінен жаңа үйлер, ғимараттар салынған. Қалашықтың ішіндегі үйлер кіші, көшелер тар болған. Төбе қапқаларынан тұрғындар сыртқа шығып, төрт тарапында да диханшылық, бау-бақша, шаруамен шұғылданған.

Иқандағы ең ежелгі соғыстардың бірін марқұм ұстаз, тарихшы Абдулахат Хожаевтың «Иқан тарихы» атты қолжазбасында төмендегі мәліметтер айтылған: «Ескендер, яғни Александр Македонский, Сырдан кешіп өтіп, Иқан халқының қарсылығына ұшраған. Бір неше ай жалғасқан соғыста жеңіп шыққан Ескендер Иқанның солтүстігінде, Иқансу өзені бойында өзіне орда жасақтап, Солтүстік Александрия деп атайды. 1949-1953 жылдары Иқанға арық қазылған кезінде құмра, сапал ыдыстар табылған. Қаратөбеден табылған құмраның астында грек әріптерімен «Эллада» деген жазу болған екен. Юстиндің «Помпей Трог Эпитомы» шығармасында Ескендер Бактрия мен Соғдианада жеті қала құрдырғанын атап, солардың бірі Сыр жағасында 17 күнде құрылған «Александрия Эсхата» яғни, «Алыстағы Ескендер» деп аталғаны туралы мәлімет береді».

«Ауыл ортасынан Шымкентке үлкен жол өтеді, бұрынғы Жібек жолы, бірақ неге екенін білмеймін, «қара жол» дейді. Шынғыс немесе жиі – жиі қалмақ басқыншыларынан кейін солай аталған болар» - дейді Міртемір естеліктерінде. Соңғы соғыс 1864 жылдың 4-6 желтоқсан күндері киелі қаланы азат ету үшін Ташкенттен әскерімен шыққан әмір Алымқұл және Созақ-Түркістан өңірінің әкімі сұлтан Садық (Сыздық) Кенесарыұлы бастаған әскер бірлесіп Түркістан қаласын басып алған орыс патшасының Орал қазақ полкінің 125 кісілік тобы ортасындағы шайқас. Бұл соғыс Иқандың солтүстігінде болған. Үш күнге жалғасқан соғыста Түркістаннан көмекке келген әскер күшімен Орал казактары әмір Алымқұлды қыспаққа алып, артқа қайтуға мәжбүр етеді.

Ауылдың оңтүстігінде «Байбалх» (ескі аты «Майбалық») төбесінде де иқандықтар қонысы болған. Бұл жердегілер шаруашылық және балықшылықпен шұғылданған. Оңтүстіктегі Отырар қаласы үшін бекет, хабаршы, алақашы міндеттерін атқарған.

Бір неше ғасыр бұрын Ұлы Жібек жолынан саяхат етіп жүрген екі шабандоз Ұлы қапқасынан құдай қонақ болып Иқан қалашығының жеріне қадам басады. Құтты қонақ болып үш күн қонған жігіттердің бірі әлсізденіп, сырқаттанып қалғаны себепті ем алып ағасының артынан жетіп баруын келісіп, үлкен аға жолға шығады. Жолға кеткені Аташ есімді, Иқанда қалғаны Боташ есімді еді. Жігіттер ұлы жүздің ошақты руынан болған. Бір неше ай емделген Боташ жергілікті тұрғындардың еңбекқорлығына, қонақжайлығына, бір-біріне мейрімділігі және қыздарының сұлулығық ұнап, ауылдың үлкенінен Иқан

тұрғыны болып қалуын сұранады. Содан ауылда қоныс тапқан жігіт ауыл ақсақалдарының шешімімен әуелі Иқанға келетін арықтарға күзет жасау жұмысын тапсырады. Айтып өткеніміздей, сол кезде ауылға екі арықтан су келетін, бірақ жер шексіз болғандықтан көрші ауыл тұрғындарымен су жанжалдары, ұрыс-керістер жиі болып тұратын еді. Тағыда айтайын дегенім, Боташ өзіде балуан ойнап, соғыстарда қатысып жүрген жігіттерден болған екен. Біраз уақыт өтіп, ақсақалдардың батасымен осы ауылдың сұлуына үйленеді, тамыр тастайды, бала-шағалы бола бастайды. Бір неше жыл су бойында өмір сүріп халыққа адал қызмет етеді. Кейінірек, таудан жаңадан бұлақтар, өзендер ашылып, су даулары тоқтайды, Боташ ауылға оралады. Ақын атамыз бұл туралы: «Менің әулетім қарауылбаба. Яғни, әскер, күзетші бабтар әулеті, демекші. Жетінші атама дейін сол төбеде қарауылдық жасапты (сол кездері ауыл айналасы қорған екен). Аталарымның барлығы палуан, әскер екен. Алыстан жау көрінсе нағара шалып, жалаулар көтеріп, сыртта жүргендерді қорғанға шақырар, халық қорғанға тығылар, әскерлер қорған дарбазасынан шығып, жаумен алысқан екен».

Міртемір естеліктерінде қырықтан астам иқандық ру-әулет туралы мәлімет беріп, «Ауылда бүгінгі күнге дейін бірнеше ру еске алынады. Мәселен, қашқарлық, бабайлық, қаламқас, қалмақ қараған, қырықтаз, яссылық, отырарлық, тоқты қараған және басқалар». Бұдан көрініп тұр қаншама ұрыс, басқыншылықты басынан кешірген төбеде халық ауыса берген, әулеттер бірі кетіп, басқасы қосылғандығын дәлелі.

Иқан қалашығынаң айналасы қорған, 5 м қабырға болғанын айттық. Ендеше дарбазаларда тоқталып өтейік. Ауылдың төрт дарбазасы болған. Ең үлкені оңтүстік –шығыста орналасқан «Ұлы қапқа» дарбазасы. Ұлы Жібек жолындағы керуендер сол дарбаза арқылы Иқанға кірген. Отырарға баратын сауда жол сонда басталады.

Сахаба ата қапқасы қаланың батысында орналасқан. Сахаба есімді қария өз есебінен құрдырған. Түркістанға баратындар осы қапқадан жолға шыққан.

Ғишт (қыш) қақпа аймағы кірпішмен қаланғандығы себепті сондай аталған. Ғишт қақпа ауылдың солтүстігінде орналасқан болатын. Қақпадан тауға қарай жол болған.

Дәуіт ата қақпасы айналасында теміршілер шеберханалары болған. Әзірет Дәуід пайғамбарлардан болып, ол теміршілердің пірі есептелгені баршамызға мәлім. Бұл қақпадан Шымкентке жол болған.

Тағы Міртемірдің естеліктерін парақтаймыз. «Иқантөбе ортасында Әмір Темір не Ұлықбек орнатқан үлкен сандықтай тас бар,-деп жазады атамыз. Төбедегі тас 1550 жылы қойылған екен. Иқан айналасы болған соғыстардың бірінде Сұлтан Ғази ұлы жас Сұлтан Нұр қаза тапады. Соғыстан қайтар кезде алып кету мақсатында оның денесі төбеге тас астына қойылады. Қайтар кезінде арбалардың жарамсыз болып қалуы және әскерлердің соғыстан әлі қашқаны себеп болса керек, тасқа белгілер жазылып, мәйіт осында қалдырылады. Тастың жан жағына құран сүрелері ойып жазылған, бас және төмен жағына Сұлтан Ғазийұлы Сұлтан Нұр есімі және ескі санамен жазылған жыл белгісі бар. Ол

қазіргі жыл санау бойынша 1550 жылға тура келеді. Демек, бұдан төрт жарым ғасыр бұрын төбе қазіргі көріністе болған». Тағы бір естеліктерінде Міртемір: «Ауылымызда Қаратаудан екі арықтан су келетін, бірақ жер шексіз. Сондықтан су жанжалдары, ұрыс–керістер жиі болып тұратын еді. Егіннің түрі көп, жазғы, күзгі бидай, тары, бұршақ, арпа, мақта. Негізгі жеміс–қауын. Япырай, ол қауындар!

Тау суларының азаюы, халықтың көбеюі нәтижесінде су тапшылығы сезіле бастаған. Иқандықтар аз су талап ететін жүзім егіп, оны айналадағы қала, ауылдарға апарып сатқан, өздеріне қажетті бұйымдарға айырбастаған, артып қалған жүзімнен шыны, шарбат, шараптар дайындаған. Күз – қыс мезгілінде қыш құмыраларға (мондыларға) құйып, қала, ауылдарға апарып сатқан. Сонымен қатар, сүт өнімдері, атап өтсек, сүт, қаймақ, айран, май, сүзбелерді жаздың ыстық күнінде де сол монды ыдыстарда сақтап, қала базарларына болған бір неше сағаттық жолда өнімдер бұзылмай, айнымай жеткізілген. Базарларда Иқандың өнімдерін күтіп отырған сатып алушылар алыс қырларды асып-түсіп келе жатқан ат немесе өгіз тіркелген арбалардың үстіндегі үлкен адам бойы келетін мондыларды көріп: «эне, монды келе жатыр» дейтін болған. Бүгінгі таңда да түркістандық үлкен жастағы тұрғындарының «иқандық мондылар» деп әзілдесуі содан қалған.

«Иқан» деп не үшін аталған?

Шынғысхан басып алғанға дейін ауыл өте дамыған болған. Орталық Азиядағы көне сауда орталығының бірі болған. Өнеркәсіптік кеңінен дамыған. Отырармен қарым-қатынаста болған. Ауыл тұрғындары Қаратаудан алтын, қола, қорғасын сияқты өнімдерді қазып алып, оған алғашқы өндеу істеген. Отырарға апарып сатқан немесе азық-түлік, құрал, түрлі қожалық заттарға ауысқан. Отырарлықтардың «кеншілер»дің заттарынан көп салада пайдаланған. «Кенші» сөзіне И әріпі қосыла айтылып кеткен деген мәселе бар.

Бағдадта өткен әлемдік ислам діні ғалымдарының дін білімдері жарысында ауылдан қатысқан шейх бірінші орынды иеленгенде «Сіздің ауылыңыз Ийқан болсын», деген де әфсана бар.

Міртемір бұл жайында «Иқан негізі–Ийқан сөзіне егіз де. Мұндай түсіндіргенде сенімділік дегенді, яки дәлелдірек айтатын болсақ, иман, адалдық, ыстық сезім мағынасында да түсінсе болады. Адалдық, имандылық, сенімнің ежелгісі, көнесі деп түсінемін, себебі, ескі ғой...» деп айтқан екен.

Әдебиеттер

1. <https://kazislam.kz/kokan-khandy-y-dauirindegi-kazak-ozbek-katynastary/>
2. <https://engime.org/murtazaeva-b-a-azastanda-tratin-ozbek-etnosi-jene-olardan-alin.html?page=2>
3. Иқандық Тухташ Мамаевтың «Иқон ва Иқонликлар» [17, 26-27] атты зерттеу жұмысы.
4. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%95%D1%81%D0%BA%D1%96_%D0%98%D2%9B%D0%B0%D0%BD

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҢҒЫРУЫ

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ - ҰЛТТЫҚ МҰРА ЖАНАШЫРЫ

Төлеген Мұхтар Әділбекұлы
С.Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университетінің
ректоры, заң ғылымдарының
кандидаты, PhD

Халқымыздың ғасырлар қойнауына өткен тарихын, мәдени мұраларын зерттеп, оның келешек ұрпаққа жетуіне алтын көпір болған, көрнекті мемлекет қайраткері, белгілі этнограф, тарих ғылымдарының докторы Өзбекәлі Жәнібеков қазақ елінің бір туар ұлы.

Ұлтқа қызмет етудің үлгісі дегенде алдыңғы қатарда Өзбекәлі Жәнібековтің есімі ауызға ілігеді. Кезінде Әбіш Кекілбайұлы: «Ұлттық мемлекетіміздің қайтадан қалпына келтіріліп, тәуелсіз даму жолына түсуіне Өзағанның сіңірген еңбегі ерекше» десе, ал Шерхан Мұртаза ағамыз: «Өзбекәлі Жәнібеков бүкіл саналы өмірінде қазақ халқының дүниежүзілік цивилизацияға қосқан үлесін дәлелдеумен өтті» деген екен.

Тәуелсіз мемлекеттің тұғырын нығайтуда өзінің ерен еңбегімен үлесін қосқан, өмірі өнегеге толы Өзбекәлі Жәнібековтің биыл 90 жасқа толуы еліміздің егемендігінің 30 жылдық мерейтойымен қатар келуінің өзінде бір тарихи үндестік барлығы сезіледі.

Өзбекәлі Жәнібеков - ХХ ғасырда қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін қайта түлетіп, жаңғыртқан ірі тұлғалардың бірі. Кеңестік тоталитарлық қоғамның тар құрсауына қарамастан, ол өзінің саналы ғұмырын қазақтың ұлттық құндылықтарын дамыту ісіне арнады. Қазақтың ұлттық мәдениетін жаңғыртуда аянбай тер төккен ол, еліміздің әр өңірінде өлкетанулық музейлер ашып, көнеден келе жатқан мәдени жәдігерлерді, асыл жауһарларымызды, бай мұрамызды бір ортаға топтастыра білді. Ол Торғайда «Шертер», «Ғасырлар пернесі», Алматыда «Сазген», «Адырна», «Алтынай» ансамбльдерінің құрылып, өнерді насихаттауына ақылшы, демеуші болған азамат.

Өзбекәлі Жәнібековтің қарапайымдылығы, өз ісіне берілгендігі сондай, ол мәдени ошақтардың немесе белгілі бір нысандардың құрылысы немесе жөндеуіне, безендірілуіне білегін сыбана кірісіп кетуден арланбаған. Қол астындағы қызметкерлерінде жұмылдыра білген. «Тағдыр тағылымы» атты еңбегінде енді ашылайын деп жатқан Торғай облыстық тарихи-этнографиялық музейінің еденін қалай сырлағандары жайлы естелігін жазады. Сол сияқты Арқалықта да жаңа жылға орай бой көтерген мұз қалашығының қоршауын да өз қолымен орнатқан.

Ол: «біздің халықтың тарихтан арттырғанынан гөрі жоғалтқаны көбірек болғандықтан, өзіміз сияқтыларға бірде режиссер, бірде сәулеткер болуға,

қисынына қарай, суретші-модельердің де, тоқымашыға кеңесшінің де, әуезші-аспапшы немесе би қоюшының да міндетін атқаруға тура келетіні рас» - деп көрсетеді.

Этникалық болмысты әлеуметтік - философиялық зерттеу этностың барлық белгілерінің біртұтас әмбебап жүйенің субстанционалдық және жүйе құраушы элементтері ретіндегі маңыздылығын растады, онда табиғи-биологиялық, әлеуметтік-мәдени және рухани-модельдік факторлар шешуші рөл атқарады. Ол стихиялы түрде дами алмайды, қоғамдық сананы үнемі айла-шарғы жасай алмайды, батыстық үлгілерді соқыр көшіре алмайды. Көп ұлтты мемлекетте жүйені залалсыздандыру мен залалсыздандыру үшін әрқашан тәуекел, қауіп бар.

Елдер арасындағы саяси қатынастар көп жағдайда әлі күнге дейін этносаралық болып қалатындықтан, халықаралық қақтығыстардың едәуір бөлігі тек экономикалық қайшылықтардан басқа өз негіздерінде этникалық деңгейде антагонизмнің көріністері де бар. Демек, қандай да бір этностың (оның ішінде өзінің) құндылық қондырғылары мен ерекшеліктерін түсіну және қабылдау жекелеген тұлғалардың да, тұтас халықтардың да саяси және әлеуметтік-мәдени деңгейлерінде өзара түсіністікті жеңілдетеді және қоғамның қақтығыс деңгейін төмендетеді. Тиісті мәдени бұрылыс кезінде этникалық өзіндік сәйкестендіру феноменіне назар аудару толеранттылықтың жалпы деңгейін көтеруге қабілетті.

Теориялық тұрғыдан алғанда, этностың тарихи дамуы мен оның бірегейлігін талдай алатын, онтологиялық және аксиологиялық маңызын анықтай алатын, тіпті әлеуметтік жанжалды реттейтін аккумулятор ретінде әрекет ете алатын модельді жасау өте қажет. Қазіргі уақытта көптеген жарияланымдарда этникалық бірегейліктің әлеуметтік-экономикалық және мәдени компоненттерінің өзара байланысын зерттеу фрагменттік түрде ғана ұсынылған. Отандық әдебиетте ұлттық өңірлердегі этникалық бірегейлік проблемалары негізінен мәдени-тілдік факторлардың мысалында қарастырылады. Дәстүрлі шаруашылық салаларды зерттеуге келер болсақ, оларды тарихшылар, этнографтар және мәдениеттанушылар жүргізуде.

Проблемалардың көпшілігі идеологиялық сипаттағы себептермен де, оларды түсінудің барабар болмауымен де пікірталас күйінде қалып отыр. Өзірге ұлттық-этникалық қатынастар саласындағы кеңес мұрасына объективті баға берілмеген және бұл қоғамның этникалық болмысын теориялық тануда, "жаңа" этникалық және әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі адамның "өмірлік әлемін" ұғынуда алға жылжуға мүмкіндік бермейді. Онда талдаудың, қайта қарастырудың және сақтаудың, сондай-ақ қазіргі заманғы әлеуметтік және тарихи-философиялық зерттеулерде де неге сүйенуге болатыны айтарлықтай маңызды, құнды нәрселер бар. Сонда ғана іргелі мәселелер қойылып, айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілуі мүмкін.

Этникалық өзіндік сәйкестендіруді зерттеуде диалектикалық әдіснаманы қолдану тек уақытша қоғамдық - тарихи "шегіністердің" еріксіз болуын түсіну үшін ғана емес, сонымен қатар этникалықты қайта жаңғырту, әлеуметтік және этникалық эволюцияның үздіксіздігі мен үздіксіздігін түсіну үшін де өзекті

болып табылады. Сонда ғана адамзаттың болашағының келешегін мүлдем басқаша айқындауға, қоғамның әлеуметтік және этникалық болмысының барлық жүйесіндегі этникалық компоненттің орнын көруге болады. Шын мәнінде, этникалық болмыстың қоғамдық детерминациясы проблемасы, этностардың қызметінің ерекшелігін, олардың нақты, нақты мақсаттар қоятын және өз мүдделерін жүзеге асыруға жиі қол жеткізетін тарихтың жасаушылары ретіндегі рөлін зерттеу - философиялық этнологияның міндеті.

Қорытындылай келе, философиялық этнология субстанционалды және метафизикалық екенін атап өтейік. Бірінші кезекте, ол адамның табиғатпен және қоғаммен өзара іс-қимылының барлық қарама-қайшылықтарын, сондай - ақ қазіргі заманғы адам әлемінің парадокстарын қамтитын объективті, үздіксіз пульсияланатын және қалыптасып келе жатқан этникалық болмысты философиялық танымда көрсетуге бағытталған.

Әдебиеттер

1. Данакари Р. А. Феномен этнического бытия.// Автореферат. На соис.уч.ст. доктора филос. наук. Волгоград 2007г.//
2. Данакари Р.А., К вопросу о научном статусе и концептуальных основаниях философской этнологии. //Вестник Волгоградского государственного университета. Сер.7: Философия. Социология и социальные технологии 2008г-№ 1. - С. 23//
3. Хилканов.Д.Л. Этническая идентичность: роль хозяйственно-экономических и культурно-языковых факторов. //Дис. На соис. уч.ст. доктора соц-их наук. Улан-Удэ 2007г. стр 105//
4. Асылгужин, Р.Р. Этническая идентичность как социально-философская проблема Электронный ресурс.: дис. канд. филос. наук / Р.Р. Асылгужин. М.: РГБ, 2005.-167 с.
5. Данакари Р.А., К вопросу о научном статусе и концептуальных основаниях философской этнологии.//Вестник Волгоградского государственного университета. Сер.7: Философия. Социология и социальные технологии 2008г-№ 1. - С. 23//
6. Данакари Р.А., К вопросу о научном статусе и концептуальных основаниях философской этнологии.//Вестник Волгоградского государственного университета. Сер.7: Философия. Социология и социальные технологии 2008г-№ 1. - С. 25//

ӘОЖ:37.01

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ОҚУШЫЛАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Ақынова Л.А.б.ғ.к., Исалиева Н.С. Елмұратова А.С.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Проблема патриотического воспитания-великая цель, которая продолжается из поколения в поколение на протяжении всей истории человечества, поэтому на каждом уроке необходимо развивать у школьников любовь к Родине.

Summary

The problem of patriotic education is a great goal that continues from generation to generation throughout the history of mankind, therefore, at each lesson it is necessary to develop students' love for the Motherland.

«Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады. Біз бұл мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарауымыз керек. Біздің балаларымызбен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өйткені өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс» деп Елбасы, Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей Патриоттық тәрбие — тәрбиенің басты бағыттарының бірі.

Республикамыздың үздік білім беру жүйесінің тәрбие тұжырымдамасында басым бағыттардың бірі болып патриоттық тәрбие бекітілген. Ұлтқа деген сүйіспеншілігі жоқ адамнан адамгершілікті де, сұлулықты да, мәдениетті күтуге болмайтыны белгілі.

Отансүйгіштік сезімі бірте-бірте пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алаып, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасын тауып жатады.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан- 2030» Жолдауында «біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» деп нақты көрсеткен болатын. 2010-2011 жылдар Қазақстан үшін елеулі тарихи оқиғаға толы жыл болды. Бұл жылы біз дамыған әлем мемлекеттерінің қатарында басымызды жоғары көтеріп, аяғымыздан нық тұрып өз күшімізбен қуатымызды әлем алдында көрсете алдық. ОБСЕ-ге төраға етіп көптеген мемлекеттердің арасындағы саяси шиеленістерді шештік. 1-2 желтоқсан аралығында Елордамыз Астана қаласындағы самиттің тарихи маңызы өте зор, себебі болашақ – ұрпақтың көкірегінде патриоттық сезімнің алаулап ұшуына үлкен септігін тигізді. 7-ші қысқы Азия ойындары халықтың спортқа деген қызығушылығын, салауатты өмір салтын ұстанатын, рухы таза – бойы әсем, жігері берік ел екендігін көрсетті.

Отанымыздың аумағының бүтіндігін сақтау, халықтың тыныштығын алатын лаңкестермен қарсы ұйымшылдықпен күрес, мемлекеттерге қауіп төндіретін кез келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұрудың өзі жастардың отаншылдық рухта тәрбиелеу міндетін жүктейді.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс

жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп –ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отанға деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс.

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Мысалы, 1-сынып «Дүниетану» пәнінен «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» тарауындағы: «Мен қазақпын», «Қазақстанның рәміздері», «Көне жазбалар», «Алтын адам туралы аңыз», «Өмір ағашы – Бәйтерек» сабақтарында тарихи дерекнама негізінде ежелгі адамдардың тұрмыс-тіршілігін анықтап; дәстүр мен ауыз әдебиеті үлгілерінің тәрбиелік мәнін түсіндіріп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы білімдерін кеңейтіп; өткен және қазіргі заман арасындағы айырмашылықтарды анықтап; Нұр-Сұлтан қаласының картадағы орны және Қазақстанның елордасының негізгі көрікті жерлері туралы оқушылардың білімдерін кеңейтеді. Бұл тарау ту, елтаңба, «Бәйтерек» монументі дизайнында авторлар қолданған бейне мен нышандарда орын алған қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін, дәстүрлерді оқып-білуге бағытталған. Әсіресе, жас қазақстандықтарды отансүйгіштік және азаматтық рухта тәрбиелеуге арналған бай материалдан тұратын қазақ батырлар жырын қамтуы өте маңызды.

Пәнге оқушылардың ынта- ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді. «Патриотизм дегеніміз — Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық–мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз-жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.» Осыған байланысты сабақ берудің ең негізгі мақсаттарына төмендегілер кіреді. Бірінші –танымдық, екінші — тәрбиелік, үшінші — дамытушылық. Осы мақсаттарды орындау үшін мемлекеттік стандартты басшалыққа ала отырып, оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, ізденіс жұмыстары мен алған білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге үйрету бағытында жұмыс жүргізу. Балаларға елін сүю, ата-ананы сүю, Отанды сүю, мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткізу. 30 жылдағы жетістікті қиын жолмен өткен Қазақстанның тарихын, саясатын, экономикасын білу–әр ұрпақтың міндеті.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы,

Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше.

«Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз –бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі.

Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін-«Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз.

Қорыта айтқанда, оқушылармен осы жоғарыда баяндалғандай тағы да басқа әдістерді қолдана отырып, оқушының көкейіне осындай іс — әрекеттерімен ой сала білсек, үлгі көрсетсек заманға сай, қоғамға керекті азамат отансүйгіш, елсүйгіш азамат елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

Әдебиеттер:

1. Бекмағамбетов А.Ж., Әбдікәрімұлы Б. Өлкетану құндылықтары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру мүмкіндіктері // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2007. №1. – Б. 134-140.
2. Бекмағамбетов А.Ж. Батыр Н.Әбдіров ерлігі арқылы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру // Ұлт тағылымы – 2017. №1. – Б.5-8.
3. Сарчаева К. Оқушыларға патриоттық тәрбие беру. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын өткізуге байланысты әдістемелік нұсқаулар. Әдістемелік құрал. Алматы: ЖШС «Жания Полиграфия», 2013. -100 б.
4. Ұзақбаева С.А. Қазіргі қоғам және патриоттық тәрбие. Оқу құралы. Алматы: ӨКБ «Қаз білім жабдық», 2005. 94 б.
5. Әбдікәрімұлы Б. Бекмағамбетов А.Ж. Ә. Нұршайықов шығармаларының патриоттық тәрбие берудегі мәні. Әдістемелік құрал. Алматы. 2015. 34 б.
6. Әбдікәрімұлы Б. Бекмағамбетов А.Ж., Оқушылар мен жастарға патриоттық тәрбие беру тұжырымдамасы. Алматы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2005. 20 б.

**«РУХЫ БИІК ХАЛЫҚТЫҢ ІРГЕСІ БЕРІК»
(ҚР Тәуелсіздігіне 30 жылдығына арналады)**

У.А. Ескулова ҚР Мәдениет саласының үздігі, Халықаралық және
Республикалық байқаулардың лауреаты,
А.Б. Айтбекова Магистр, аға оқытушы
Шымкент университеті
Шымкент қ.,

Резюме

В статье рассматриваются краткие сведения о 30 летней Независимости Казахстана. Это важная веха, знаменующая собой возрождение казахской государственности и обретение свободы, мечты о которой лелеяли многие поколения наших предков.

Summary

The article discusses brief information about the 30 th anniversary of the Independence of Kazakhstan. This is an important milestone, marking the revival of Kazakh statehood and the acquisition of freedom, the dreams of which were cherished by many generations of our ancestors.

Бабаларымыз «Ошақтың бұты – үшеу, жағар оты – біреу» деген тәмсілді бекер айтпаған. Осы ұлағатты ұғым бізді береке-бірлікке үндеп, ұрпақтар сабақтастығының тұтастығына шақырды.

Қазақ елінің қадір-қасиетін, табиғи болмысы мен өткен өмір жолына терең үніліп зерттеген ғалым жоқ. Сүйегі асыл, тілі шешен, төзімі темірдей, жаны сірі халық кіндігі қатқаннан әуезді ән мен күйді құлағымен тыңдап, көмейінен қызыл сөздің құдығын қазып, өзінің етектегі шапанындай құшағын кеңге жайып өскен елдің, даналығы мен көрегендігі, киелілігі мен тектілігі, ынтымағы мен бірлігін айғақтайтын, жұлдызы жарқыраған текті бабалар куәсі болған айтулы тарихи оқиғалар қанша ма?

Бір тайпалы елдің ғана емес, күллі Қазақтың тағдырын тілге тиек етіп, көреген елдің ұлылығын ұрпақтар санасына құйып, сөздің киесіне тоқтап, иесін танып сезіну ежелден қанымызда бар ұлттық ерекшелігіміз еді. Түп тамыры тереңде жатқан бәйтеректей елге данышпандық пен қайсарлықтың арқасында еншісіне кең дала тиді.

Қазақ жалауды сұраса, аруағын атқа отырғызады.

Қазақ жаһанды сұраса, үрім бұтағын таққа отырғызады,-дейді.

Ата-бабасының әруағын піріндей сыйлап өскен ел, өзінің көгенінен өрген ұрпағын да хандай құрметтеуді мәртебе санайды. Сүйегі асыл халықтың бауырмалдығы ежелден бері жалғасып келеді.

Бұл Қазаққа ғана тән қасиет. Өне, ата тарихтың ұшы қайдан басталады? Бабаларымыздан да жазу қалған. Әр дәуірде өмір сүрген көреген, дуалы ауызды киелі бабаларымыздың соңында қалған өнегелері мен өсиеттері қаншама?

Өткен заманның әр сөзінің мағынасына үңіле білсек, ана тіліміздің де қадірі арта түсер еді. Сөз қадірі ұғынса асқақтайды. Сақтардың заманынан

қолданыста жүрген «киелі» сөзінің мағынасына үңілсек, «көзге көрінбейтін қоршау, қорғаны», «дуалы ауыз»-арқасын өлшеп, алдын көреді, айтқаны келеді». Бүгінгі тіл ғылымы толық игеріп үлгермеген туған тілдің құпиясы шексіз.

Бүгінгі қоғамның қолы жетпей белгісіз болған, туған дала кеменгерлерінен ғасырлар бойы жалғасып, әр кезең де толықтырылып отырған.

Қазақ даласы қойнауы сырға толы киелі жер. Құс ілім заманынан осы далада бұзылмайтын табиғи тепеңділік заңы сақталып, әр адамы тіршіліктің тілін ұғып, құттың киесін қастерлеп, тектілікті өміріне тұтқа санаған ұрпақ табаны тиіп, тері тамған ата жерін аялаған. Атадан балаға жалғасқан ұлылық пен көрегендік, шешендік пен шеберліктің қыр-сырын жетік меңгерген дала перзенттері өткен күнін жырлап, тұрған тұрағын сәндеп, айшықтай білген, ілім оздырып, бақытты өмір сүрген.

Ұшқан құстың, өскен шөптің, соққан желдің, аққан судың, төрт аяғын тең басқан төрт түліктің, көктегі Ай мен Күн, жүзіктей жымындаған жұлдыздардың тілін түсініп, өміріне азық жинап, есейген зейінді ұрпақтың басынан өткен әр дәуірдің өзіндік тарихы болған.

Тектілік деген ұлы құдірет. Бұл қазаққа ғана тән қасиет. Өне, ата тарихтың ұшы қайдан басталады? Бабаларымыздан да жазу қалған. Әр дәуірде өмір сүрген көреген, дуалы ауызды киелі бабаларымыздың соңында қалған өнегелері мен өсиеттері қаншама? Ұшқан құстан жүйрік тілі бар ел ханға да, қараға да әділ қарап турасын айтқан.

Қазақтың тілі-таудың бұлағындай мөлдір қазына. Әр сөздің астарында, әр кезеңнің тұнған сыры жатады. Елдің жоғын жоқтан, мұңына қорған болған тектілеріне лайықты атақ беріп, қадірлеуді үрдіске айналдырған.

Ақиқатты ашық айтып үйренген ел, шындықты бұрмалаған, астамшылыққа барған. Ердің ерлігін дәріптеуді Қазақтың салқын қандылығы да, талай асылымыздың суға ағып кетуіне ықпал етті. Өйткені, топырағы асыл жұрағат түбінен таймайды. Туған даланың киесіне бас иіп өскен, ақ сөйлеп, адалдықты ардақтап қыл қобыздың шанағын мұңлы күйімен тербеткен Қорқыт баба шарқ ұрып:- Ақиқат отқа жанбайды, тілге күйеді. Ажал бәрін алғысы келеді, Алланың көлеңкесінен аса алмайды,- деп шындықтың дидарын уақыт бүркегенмен, тілдің отына күйсе де жасыра алмайтынына көз жеткізеді.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алып, дербес мемлекетке қол жеткізуіне орай жеткіншектерді атамұра дәстүрінде тәрбиелеуге халықтың ынта-ықыласы арта түсті. Бұл ұрпақтар жалғасының, дәстүр сабақтастығының нығая түсінуіне септігін тигізеді. Сонау ерте дүние заманында адам айнала қоршаған ортасын, қызықтырған табиғат құбылыстарын топыраққа, балшыққа тасқа түсіріп бейнеледі, сол арқылы табиғат сұлулығын ұқты, жан-жануарлардың әрекетін мінезін зерттеді. Бейнелеу өнері айналадағы ортаны тануына, сана сезімінің жетілуіне, көркемдік білім эстетикалық тәрбие алуына ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұралар қалдыруға үлкен үлес қосқан өнер.

Қойнауында сарқылмас қазынасы мен көкпен таласқан шыңырау тау басын қар жамылып, ақша бұлттардың аппақ мәрмәр мүсіндері алма кезек ауысқан, демінді ішіңе тартсаң танауыңды жарып өтетін салқын ауасы бар, табиғат пен жан-жануарлардың қым-қуыт тіршілігінің тап қазіргі көрінісін көрсеткім келді.

Тархи үрдістің қай кезеңінде болсын өркениет көшінің басында болған, рухани серпінді дамудың даңғыл жолын іздеуде де суретшілер ұлттық құндылықты биік дәрежеге көтеруде өз жолын іздеудің талапкерлері.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстанның алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі-халықтың өнерін мәдениетін көтеру.Тәуелсіз заманның жана көркем өнері барлық жанрда ұлттық рухқа бөленген ұлттық сана тұрғысынан үн қата бастады. Тәуелсіздігіміздің жарияланған күнінен бастап қана ой-таным еркіндігіне шындап бет бұру басталды. Тәуелсіз заман жана ой еркіндігіне бағыт берді.

Тәуелсіздік – бабалар аңсауы, ұрпақтың қолы жеткен киелі кезең. Биыл Тәуелсіздігіміздің еркін тынысына 30 жыл. Бұл қазақ мемлекеттілігінің қайта жаңғыруы мен ата-бабаларымыздың талай ұрпақтары арман еткен азаттыққа қол жеткізгенін көрсететін маңызды кезең екенін білеміз. Тарих өлшемдері бойынша 30 жыл – бір сәт. Дегенмен, көптеген халықтар үшін бұл кезең қиындықтар мен жеңістерге, дағдарыстар мен жетістіктерге толы тұтас дәуірді қамтыды. Біз де осыдан өтіп жатырмыз. Тәуелсіздік – кез келген мемлекеттің басты байлығы. Әртүрлі халықтар төңкерістер, соғыстар, ұлт-азаттық соғыстар арқылы тәуелсіздікке әр түрлі жолмен жетеді. Қазақстан үшін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы халықтың егемендікке, өзін-өзі билеуге ұмтылуының бастауы болды.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады. Биыл біз басты мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күнін, «Қазақстан Республикасы» деп аталатын егеменді мемлекеттің құрылғанына 30 жыл толуын атап өтеміз. Олай болса, айтулы үлкен мереке барлығымызға құтты болсын! Бабалар қалдырған осындай кең-байтақ жердің лайықты мұрагері болайық. Қазіргі кезде тек бірлікпен болашаққа сенімді қадаммен жүруіміз керек. Мың жаса Тәуелсіз менің Қазақстаным, Қазақ Елім!!!

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тарақты Аселеу «Көшпенділер тарихы» Алматы, «Атамұра Қазақстан» 1995
2. «Бүгінгі Қазақстан» Республика суретшілерінің шығармаларында Алматы Өнер 1983
3. Ә.Қастеев. Альбом. Алматы, 1978
4. Қазақ ССР Қысқаша Энциклопедиясы 4-том Алматы, 1993
5. Н. Қастеев. Альбом. 1976
6. С. Қасиманов Қазақтың сәндік қолданбалы өнері. А. Өнер 1966
7. А.Х. Маргулан Древняя культура Центрального Казахстана. Алматы, 1966
- Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші: Зерттеунама. Алматы: «Ана тілі», 1995-232 бет. Алмас Ордабаев.Номадтар кітабы. 73 бет.
8. Тарихы терең Түркістан.-Алматы:«Білім»,2000,-200бет
9. Текті тұлға қазағым «Кітап»баспасы-2008., 3-14 бет.

ТӨЛЕ БИ БАБА ӨСИЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ» ТУРАЛЫ

Анарбаев Қайрат Сапарханұлы – т.ғ.к., ОҚМПУ «Рухани жаңғыру және тәрбие»
бөлімі басшысы м.а..

Әуезова Г.Ш. -№84 ЖОББМ тарих пәні мұғалімі (Шымкент қаласы, ҚР)
Резюме

*В статье рассматриваются вопросы о мудрых мыслях Төле би и проблемах
"Духовного возрождения" современной молодежи.*

Summary

*The article deals with the issues of the wise thoughts of Tole bi and the problems of the
"Spiritual revival" of modern youth.*

*«Тура биде туған жоқ,
Туғанды биде иман жоқ» /Төле би/.*

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі және бірегейі Төле би туралы айтқанда, Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1993 жылғы 28 мамырдағы алғашқы демократиялық жаңарулар кезінде, Шымкент қаласының жанында, Ордабасы тауында оның екі көршілес мемлекет – Қырғызстан мен Өзбекстанның Президенттерімен кездесуі кезінде айтқан: **«Біз халықтың әйгілі үш ұлы, үш даңқты данасының аттарын білеміз: Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би. Олар қазақтар үшін бірліктің ауыспайтын нышаны болды. Олардың армандаған сөздері Қасиетті кітаптардан алынған нақыл сөз сияқты ұрпақтардың ақылын жаулап алды. Олардың қазақ халқы үшін тарихи маңызын, олардың біздің тарихымыз үшін маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Және біздің халық ретінде сақталып қалғанымыз, егеменді мемлекетке атау бергеніміз, қазір тәуелсіздік туын көтергеніміз, қасиетті жерде игілікте, бейбітшілікте және келісімде өмір сүріп жатқанымыз үшін, біздер, қазақтардың қазіргі ұрпағы оларға толық міндеттіміз. Және олардың құдай берген өшпес жадының алдында басымызды төмен иеміз»-** деген сөздері еске түседі. Елбасының бұл сөздері үш биге және солар сияқты тарихи тұлғаларымызға қатысты тарихи, әрі әділ бағалаудың айқын көрінісі деп санаймыз.

Расында да елдігімізді, ол үшін қажет ұлттық қасиеттерімізді сақтауда сол бабалардың шешендік сөздері мен имандылыққа қатысты насияттары тек кешегі тарихта ғана емес, бүгінгі еліміз үшінде шамшырақ сияқты. Мысмалы, Төле бабадан қалған: «Шешендіктен не пайда,

Артында сөзі қалмаса?

Батырлықтан не пайда,

Халқына қайран қылмаса?

Хандықтан не пайда,

Қарашасын жалмаса?

Молдалықтан не пайда,

Шариғатты өзгертіп,

Нашарларды алдаса?- деген сөздер кез келген азаматтың ар тазалығы мен елінің алдындағы міндеттерін көрсетіп тұрғандай әсер береді.

Төле би айтқан терең ойлы мағынаға ие: «Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы - ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық»- деген қанатты сөздердің тереңіне қаншалықты үңіліп жүрміз? Қазірге ол жағы тағы белгісіздеу болып тұр. Бүгінгі күнгі ұлттың «Рухани жаңғыру» үрдісінің негіздері сол бабалар армандары мен ақыл-кеңестерімен сабақтастықта өрілгенде ғана табысты болмақ, елдік пен тәуелсіздіктің мәні мен мағынасын жастарға түсіндіру жемісті болады демекпіз.

Ал олай болса, сондай ел мұрасына айналған Төле бабаның «қанатты ойларының» арасында халықпен бірге болу, ол жолда ең бастысы әділдік пен адалдықты ту ету екені анық байқалады. Мысалы, «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол!» немесе « Арғымақ баптап не керек – жабы қуып жеткен соң, Ағайын-туған не керек – аңдысып күні өткен соң,

Бес күн дәурен өтеді – ажал қуып жеткен соң»,

«Атадан ұл туса игі,

Ата жолын қуса игі.

Өзіне келер ұятын,

Өзі біліп тұрса игі.

Жаудан бұққан немені,

Ортасына қуса игі!» деген терең мағыналы сөздерімен қатар біртуар тұлғаның «Тұзаққа түскен бұлбұлдан еркін жүрген торғай артық».

«Әділ айтқан жеңер».

«Әділ айтсаң ағайынға жақпайсың,

Әзіл айтсаң маңайыңа жақпайсың».

«Әділдікке жығылмайтын адам жоқ».

«Әділдіктен қашпа».

«Әділет бізден, төрелік көптің хақы»- деген сөздері ел жадында сақталып қалған.

Төле би қазақтың төбе биі болып, өз замандастарымен бірге елдігімізді сақтаған тарихи тұлға. Тек адалдық туралы шешен сөзбен айтып қана қоймай, өмірде де өзі солай сөзге тоқтап, адалдықты, әділдікті ұстаным еткен тұлға болған. Сондықтан болар олардың есімдері сол әділдік пен адалдықтың символындай халық жадында сақталып қалғаны. Бұған Төле бидің замандасы, тағдырласы Қаз дауысты Қазыбек бидің «Төле би дүниеден өтті» деген суық хабарды естігенде: «Төле өлді дегенше, дүниеден әділет өлді десейші. Бүтін билікке Төле жеткен, бүтін хандыққа Есім жеткен, бұл екеуіне кім жеткен?» деп, жер таянып, көзіне жас алуы да куәлік етеді.

Халқымыздың «баталы ер арымас» деген қағидамен өмір сүріп, ұрпағына аузы дуалы кісілердің батасын алу дәстүрі әлі де сақталғаны белгілі. Ал тарихқа үңілер болсақ өз кезегінде сол батаға лайық жүргісі келген бала халықтың

дәстүрін терең білуге, сақтауға ұмтылып отырған. Ел аузындағы сақталған аңыздарда кезінде Төле би Қазыбек биге былай деп бата берген екен:

«Атасызға ата бол!

Батасызға бата бол!

Арып - ашқан ғаріптің,

Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол,

Кек сақтамас бала бол!

Дос сүйініп, қас сыйлар.

Асу бермес дана бол!». Қазыбек би сондай тұлға болғаны бәріне белгілі. Тарихмызда ондай ұлтқа үлгі боларлық адал ұлдары қаншама десеңші! Тек оларды тани білуіміз қажет.

Қазақтың атақты үш биінің есімдері – Төле би Әлібекұлы (1663-1765), Қазыбек Келдібекұлы (1665-1765) және Әйтеке Байбекұлы (1682-1766) – олардың мемлекеттік және қоғамдық қызметінің маңыздылығы тұрғысынан, шешендік өнерінің және поэтикалық шеберлігінің күші жағынан халықтың жадында мәңгілік сақталып қалды және тек Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге одан тыс жерлерде де танылды.

Бүгінгі жас буын халқымыздың рухани жаңғыруы осы бабаларындай тау тұлғалардың өмірі мен мұраларын танып білу арқылы жаңа белеске көтеріліп, Мәңгілік Ел болатынымызды естен шығармағаны абзал. Ұлы Абай атамыз айтқандай «Өлді деуге бола ма, артына өлмейтұғын сөз қалдырса.....»- дей келе, осындай ұлттық ар-намыстың эталонына айналып үлгерген тұлғаларымызды тануды тоқтатпауымыз керек дегіміз келеді. Алға қазақ! Алға Жастар! Мәңгілік ел болуды аңсаған аталардың арманын орындау енді сенің қолыңда!

ӘӨЖ 95(754)

РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ - ЗЕРТТЕУШІ-ҒАЛЫМ

Ғылыми жетекші: **А.П.Мыңбаева**

ОҚМПУ phd доктор, аға оқытушы

Д.Ж.Арынбаева

ОҚМПУ 1701-10 тобының 2-курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье представлен краткий обзор ряда работ литературоведа, критика, писателя, доктора филологических наук, профессора, лауреата Государственной премии, академика Национальной академии наук Республики Казахстан Рымгали Нургали.

Summary

The article presents a short review of the work of a literary critic, writer, doctor of philological sciences, professor, laureate of the State Prize, academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan Rymgali Nurgali.

Әдебиет зерттеушісі, сыншы, жазушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (1988), Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі (1989), ғылымға еңбегі сіңген

қайраткер (1998), Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі (1995) Рымғали Нұрғали Семей облысы, Абралы ауданы, Қайнар ауылында 1940 жылдың 1 маусымында дүниеге келген. Баршатас орта мектебін медальмен бітірген.

Қазақ ұлттық университетінде әуелі филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінде оқып (2 курс), артынан журналистика бөліміне ауысып, соны аяқтаған (1963).

1962-1965 жылдары "Лениншіл жас" (қазіргі "Жас алаш") газетінің Тың өлкесі бойынша меншікті тілшісі, 1966-1968 жылдары Қазақстан Жазушылар одағында сын бөлімінің меңгерушісі, 1968-2000 жылдары Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде аға оқытушы, доцент, профессор, филология факультетінің деканы, 1986-1997 жылдары Қазақ энциклопедиясының Бас редакторы болды. 2000 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі.

Рымғали Нұрғали қаламынан туындаған сын, зерттеу, көркем жазба еңбектерін жинақтай зерделегенде мынаны аңғарамыз.

1968 жылы жарық көрген "Трагедия табиғаты" зерттеуінде М.Әуезовтың трагедияларын кеңінен саралап қарастырды. Жалпы, М.Әуезов шығармашылығын зерттегенде Р.Нұрғали қаламгердің публицистикасы, драматургиясы, прозасын алаш ұранды әдебиетпен байланыстыра зерттеді. "Көксерек", "Хан Кене", "Қилы заман" секілді туындыларды қайыра қарап, жаңаша пайымдады.

Рымғалидың "Талант табиғаты" шығармасы (1969) Жұмат Шаниннің өмірі мен шығармашылық жолын ашып көрсетуге арналды. Ал, қазақ драматургиясындағы поэтика мәселелерін талдауға арналған туындысы "Күретамыр" (1973) деп аталды. Әдебиет пен эстетика негіздеріне талдау жасап, әдебиеттану ғылымын жаңа қорытынды, тың тұжырымдармен байыта түскен "Өнер алды - қызыл тіл" (1974), "Өнердің эстетикалық нысанасы" (1979) кітаптары қазақы ғылымның қорына қосылған ілкі дүниелер болды.

1967 жылы "Мұхтар Әуезовтың трагедиялары" тақырыбында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін кандидаттық диссертациясын қорғады.

1973 жылы Р.Нұрғали "Қазақ драматургиясының поэтикасы" тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Әйтсе де, сол кездегі Мәскеудегі аттестациялық комиссия 5 жыл бойына созбаққа салып, ақырында "ұлтшылдығы, саяси сәйкеспеушілігіне" байланысты деген желеумен диссертацияны бекітпей қояды. Сол кезде Рымғали отыз үш жаста болған екен...

Қажырын қайта жиып, араға 10 жыл салып диссертацияны екінші қайтара қорғауға бекінеді. 1983 жылы "Проблемы жанров казахской советской драматургии" тақырыбында филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін орыс тілінде диссертация қорғады. Сол жылы ғылым докторы дипломын алды. 1984 жылы Мәскеудегі Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен профессор атағы берілді.

Рымғали көлемді, іргелі еңбектерді жазды. Әдебиеттанудың аса маңызды ғылыми-эстетикалық мәселелерін нақты методологиялық тәсілдер арқылы қарастырып, шешімін тауып отырды. Ол әдебиет тарихын, теориясын, жанрларын жетік меңгерген, зерттеу жұмысында емін-еркін көсіле қалам сілтейтін хас шебер екенін "Қазақ революциялық поэзиясы", "Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму", "Айдын. Қазақ драматургиясының жанр жүйесі" атты үштомдық трилогиясы айқын көрсетіп берді. Осы еңбектері үшін Р.Нұрғали 1988 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

Р.Нұрғали ең алдымен әдеби мәтінге, шығармалардың туу тарихына, түрлі нұсқаларына, жанрлық формаларға, сюжеттік-композициялық ұқсастықтарға, типологиялық қайталауларға, әдеби дамудың ерекшеліктеріне жіті мән беріп, әлеуметтік-қоғамдық идеяларды қарастырып, тың ғылыми тұжырымдар мен байламдар жасайды. Мұның бәрі, әсіресе, "Әуезов және Алаш" монографиясында айқын көрініс тапқан.

Бұған қоса, Р.Нұрғали қазақ әдебиетінің басқа ел әдебиеттерімен байланысы, сарын, идея мен образ үндестігі туралы пайымдары мен тұжырымдары қазақ ғылыми қорын байыта түскені сөзсіз.

Р.Нұрғали зерттеулерінің ең басты ерекшелігі - композициялық жинақтылығында, ой тереңдегінде, стильдік даралығы мен методологиялық, теориялық тиянақтылығында.

Зерттеуші табиғаты аңғарымпаздығымен, қылт еткенді қалт жібермейтін бақылағыштығымен, қиядағыны қалыс қалдырмай шала білетін қағілездігімен, ой-сананың сүнгідей өткірлігімен және мәселені сан қырынан сараптай білетін жан-жақтылығымен, ең бастысы - ерінбей-талмай әрекет етіп ізденуге бейім жанкешті еңбекқорлығымен ерекшеленсе керек.

Мұндай қасиет-қабілеттер Рымғали Нұрғали бойында тұнып тұрды деуге болатындай. Жазып-жариялап қалдырған еңбектерін ақтарғанда, замандас-тұстас, әріптес-шәкірттерінің сөздеріне ден қойғанда, бұған көзіміз анық жете түседі.

Академик, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, профессор, жазушы, сыншы, әдебиеттанушы, энциклопедияшы Рымғали Нұрғалидің мұндай тұлғалық тұтастығы мен сан қырлылығының бір сыры ұлағат үйреткен ұстаздарының ұлықтығына да байланысты еді. Бойдағы табиғи дарынды дамытатын, ұштайтын, кәделі іске жарамды ететін жақсы ұстаздың үлгісі емес пе?! Жоғары оқу орны қабырғасында қазақтың біртуар перзенті Мұхтар Әуезовтен тәлім алғаны бір төбе, қазақ тіл білімінің тамырын таратқан ғалымдар Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Темірғали Нұртазин, Есмағамбет Ысмайыловтардан дәріс алуы да Рымғалидың зерттеушілік талантын шындай түсті. Ал, өз баласындай бауырына тартып, барын бөліскен, ғылымға баулыған Бейсенбай Кенжебаевпен жақын қарым-қатынасы ізденіс жолына түскен жас Рымғалидың қанатын қатайтып, буынын бекіте түскені анық. Алғашқы ғылыми зерттеу жұмыстарын жаздырып, оларға өз атын қостырып тең автор болып жариялатқан Бейсекеңнің бастамашылдығы, көл-көсір кеңшілігі Рымғалидың

сан-салалы, жан-жақты әрі тыңғылықты ғалымдық тұлғасының қалыптасуына зор ықпал етті. 1960 жылы Алматыда өткен Орта Азия және Қазақстан студенттерінің ғылыми конференциясында "Иран тақырыбы қазақ әдебиетінде. Сабыр Шарипов" тақырыбында баяндама жасады. Р.Нұрғали Бейсенбай Кенжебаевты қадірлеп, "рухани әкем" деп мақтанышпен айтумен өтті өмірден.[1, 126-б.]

Бұған қоса, әкесі Нұрғали да әр жылдары жауапты қызметтер атқарған, елмен аралас, жұртпен жымдас көпті көрген кісі болатын. Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезовтермен Семейде бір мезгілде оқыған, Әлихан, Ахмет, Міржақып секілді тұлғалардың көзін көрген, дастархандас-дәмдес болып, сөзін естіген көзіқарақты жан еді. Алып Қажымұқан, Сапарғали Бегалин, Жүсіпбек Елебековтермен достық қарым-қатынаста болған Нұрғали ақсақал тоқсан жасты еңсеріп барып дүние салған. "Менің қазақ тарихына, Алаш азаматтарына деген көзқарасым ең алдымен өз әкемнің ықпалымен қалыптасты", - деп еске алады Рекең. [2, 130-б.]

Рымғалидың денсаулығын кеміріп, көрер күнін тауысып бітуге салдар болған - полигонның зардабы. Семей ядролық сынақ алаңының кіндігі - Дегелең жерінде туған Рымғали зиянды сәуленің зардабынан арыла алмады. "1949 жылғы атом бомбасының сынағын 20 шақырым жерден көріп тұрдық. ...1954 жылғы сутегі бомбасын сынағанды да көзбен көрдік, ішінде болдық. Содан 1957 жылы Алматыға оқуға кеткенше, радиацияның қанша дозасын алғанымызды бір Алланың өзі ғана білетін шығар", [3, 128-б.] - деп ағынан ақтарылады ғалым. Кейінгі кездері кеселдері көбейіп, меңдеп, білгір-дәрігерлердің тексерістерінен өткенде естігені - полигон зардабы деген диагноз болады.

"Лениншіл жас" газетіндегі тілшілік қызмет Рымғалидің қалам қарымын қалыптастырып, байқатқан шеберлік мектебі іспетті еді. Кейін, ғылым жолын меңгеріп, бірнеше құнды еңбекті елге ұсынып болған соң соңына қайырылып, сол кездегі мақалалары негізінде "Дән" деп аталатын кітабын жарыққа шығарды ("Жалын", 1977 ж). Кітап "Жігер", "Алау", "Серпін" деп аталатын тараулардан тұрады. Бірінші тарауда тың ерлерінің қажыр-қайраты, екінші тарауда өндіріс ерлері, үшінші тарауда кейінгі тың игерушілердің көркем бейнелері берілген. "Дәннің" кейіпкерлері - еңбекпен өскен, маңдай тер қадірін білетін, әрі заман, өмір жайлы айқын, жоғары түсінігі бар өрелі азаматтар. "Дән" - адамгершілік тәлім-тәрбиесі мол, өмірмен, сан қилы адамдармен таныстыратын, эстетикалық, әдеби қуаты мол, көркем жазылған дүние. Бұл еңбегі Рымғалидің тек қана әдебиет саласының зерттеушісі ғана емес, шынайы, күнделікті өмірді, сол өмірді сүріп жүрген сан түрлі адамдарды - мамандарды да жіті бақылап-зерттегенін көрсетіп берді. Кітаптың негізгі мазмұны - тың игеру бастамасы, оның жүзеге асу барысы және соны жүзеге асырып жатқан еңбек адамдары жайындағы елу жазбадан тұратын новеллалар жинағы. Өз кезеңінің батырларындай болған шопандардың, кеншілердің, егіншілердің, шахтерлардың, инженерлер мен зоотехниктердің, шаруашылық басшыларының, тракторшылардың, комбайншылардың, өнер иелерінің

өмірлерінен алынған оқиғалар, олардың тыныс-тіршілігі жайлы суреттеулер мен баяндаулар астарында болып жатқан құбылыс-өзгерістерді сөзбен өрімдеп қағазға түсіре алатын шеберлікпен қатар қалт жібермей бақылап, бейнелей білетін жітілік те бары аңғарылады. Бұл да зерттеушінің бойында болуы тиіс асыл қасиеттердің бірі. Әдебиет зерттеушісі, зерделі ғалымның еңбек адамдары жайлы осындай махаббатпен кітап жазуы бізді әрі қуантады, әрі ойландырады. [4, 126-127-бб.]

Осы кітаптағы негізгі кейіпкерлердің бірі қарт дихан Кенжебектің тілімен айтқызып, автор мынадай келелі ойды ортаға салған: "...тіршіліктегі ең қасиетті, ең киелі, ең бағалы, ең алып нәрсені - өсімі, ұрпағы, келешегі бар дүниенің баршасын дән деймін. Маған салса әлемнің кіндігі, барлық нәсілдің, барлық заттың атасы, анасы - дән". Осы арқылы кітаптың бүкіл мазмұны ашылып тұрғандай. Бұдан бөлек, Семей атом полигонының адамдар тағдырына әкелген қасіреттері жайлы жазылған "Аяқталмаған трагедия" әңгімелер жинағы да атап өтуге тұрарлық. Ж.Шанин өміріне арналған "Ай қанатты арғымақ" романы тіл байлығымен, психологиялық талдау шеберлігімен ерекшеленеді. "М.Әуезовтың көркемдік әлемі", "Алаш ұранды әдебиетте Әуезов көтерген азаттық идеясы", "Дала тағдырын толғаған ұлы шығарма" еңбектерінің орны бөлек.

Р.Нұрғали бас редактор әрі мақалалар авторы болып алпыстан астам энциклопедиялық басылым шығарды. Оның ішінде "Абай", "Ислам", "Боздақтар", "Шаңырақ", "Негеш", "Қазақ ССР", "Алматы", "Қарағанды" секілді күрделі еңбектер бар.

Р.Нұрғали өнімді еңбек еткен қаламгер-зерттеуші-ғалымдардың бірі.

1968 жылы "Трагедия табиғаты" монографиясы жарыққа шықты. 1969 жылы "Талант тағдыры" кітабы басылды. 1974 жылы "Өнер алды - қызыл тіл" еңбегі жарық көрді. 1993 жылы "Қазақ энциклопедиясы. Казахская энциклопедия" кітабы басылып шықты. 1998 жылы қажылық сапарын өтеп қайтты. 2000 жылы "Сырлы сөз" біртөмдігі, "Жазушы", "Айғақ" кітаптары жарық көрді. 2001 жылы "Драма өнері" кітабы, 2002 жылы "Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры" кітабы басылды. 2004 жылы "Дегелең дерті" кітабы жарық көрді. 2005 жылы Р.Нұрғалидың жеті томдық шығармалар жинағы оқырманға жол тартты.

Әдебиеттер:

1. Нұрғали Р. Шығармалары. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер.- Астана: Фолиант, 2013. –Т.6., 126-б.
2. Нұрғали Р. Шығармалары. Т.6. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер.- Астана: Фолиант, 2013. –Т.6., 130-б.
3. Нұрғали Р. Шығармалары. Т.6. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер.- Астана: Фолиант, 2013. –Т.6., 128-б.
4. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. - Астана, "Фолиант", 2006. Айғақ. Қазыналы биікте. Қосымша том. –Т.8., 126-127 бб.

ТӨЛЕН ӘБДІК ПРОЗАСЫНЫҢ ПОЭТИКАСЫ

Сапарбаева Қ.Ж., Журсінбек Ж.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

*Резюме**В статье рассматривается жизнь и творчество Толена Абдыка.**Summary**This article examines the life and work of Tolen Abdyk.*

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары қазақ әдебиетінде үлкен серпіліс болды. Сол жылдары жазылған шығармалар сюжетке ғана емес, ой - сананың дамуына өзіндік үлесін қосты. Бұл кезеңде шығармашылығымен көзге түсушілердің бірі - Төлен Әбдік болатын. Төлен Әбдік сол кезеңде пайда болған модернизм бағытында қалам тербеді. Ол 1942 жылы 4 қыркүйекте Қостанай облысы Жангелді ауданы Еңбек ауылында дүниеге келген. Ең әуелі, «Төлен Әбдік кім?» - деген сұраққа жауап берсем. Төлен Әбдік - жазушы, еркін күрес шебері, күйші, публицист, қоғам қайраткері. Төлен Әбдік не істесе де әдемі етіп жасайтын адам. Ол жазса, талғап жазатындығымен, күй тартса, әдемі ойнауға тырысатындығымен ерекшеленеді. Еркін күреспен жас кезінде айналысқан. Ол тек сөз өнеріне ғана емес, қазақтың күй шығару өнеріне де өзіндік үлесін қосқан жан. Тіпті, театр сахнасында өнер көрсеткен жұлдызды сәті де болған. Дегенмен театр сахнасында өнер көрсетуін ата-анасы қаламаған. Ол кейініректе театр өнеріне саханаға шықпаса да, драматург ретінде оралған. Сондықтан, Төлен Әбдіктің жұлдызын жарқыратқан бүгінде сөз өнері. Ол «Қазақстан пионерінде», «Жалында» журналист болып қызмет атқарды. Төлен Әбдік мұнымен тоқтап қалған емес. Мен қоғам қайраткері деп биліктегі тұлғасын жеткізгім келді. Ол Қазақстан Коммунистік партиясының орталық комитетінде жауапты қызметте болды. Әріптестері Әбіш Кекілбаев, Әшірбек Сығай, Марал Сқақбаев болуы да үлкен бір өзгерістің бастауы секілді. Қызметтің қиындығы әдебиет сүйер жандардың жанында болумен жеңілдей түскендей. Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болған кезде де, егемендік алған алғашқы жылдарда Елбасының көмекшісі, Президент аппаратының ішкі істер саясат бөлімі меңгерушінің бірінші орынбасары қызметін де абыроймен атқарды. Ол қай салада жүрсе де тек қоғамға пайдалы адам болуды ойлады.

Төлен Әбдік шығармашылығы өзі сұхбаттарында айтатын адамгершілікке негізделеді. Оның бойындағы қасиеттері балалық шағында тәрбиелеген жандарға байланысты екендігін айтады. Төлен Әбдіктің, яғни атасының қолында өскен бала болады. Өз әкесі Салықты көке деп өседі. Әкесі колхоз басшылығында қызмет еткен. Анасы Разия оқымағанымен, әңгімешіл адам болған. Төлен Әбдік анасының осы қасиеті де әдебиетке бет бұруына тағы бір себеп екенін айтады. Әкесі Әбдік туралы «Әке» повесін жазады. Әке повесіндегі қыңыр, қисықтық өз ұрпақтарында ұлы Дарханда бар екендігін де жасырмайды. Ол өз әкесінің бойындағы сабырлылықты туралы айтқанда, өлім аузында жатқан адамның, өз асының қалай болатынын, ең жақындарын жиып

алып, не істеу керектігін жайбарақат түсіндіріп бергенімен өлшейді. Біз қанша мықтымыз десек те, өлімді сол кісідей дайын еместігіміз айқын. Жазушы өмірден кете білудің өзі үлкен философия екендігін айтады. Сондай адамнан тәрбие алған адам жаман болмайтынын сөзге тиек етеді.

Ең бірінші жарыққа шыққан «Райхан» атты әңгімесі «Таңғы шық» журналында 1964 жылы жарық көреді. Жас жазушы бұл кезде небәрі жиырма жаста болатын. Одан кейін шығармашылығы шыңдалып, 1969 жылы "Көкжиек", 1971 жылы "Күзгі жапырақтар", 1971 жылы "Ақиқат", 1980 жылы "Айтылмаған ақиқат" әңгімелер мен повестер жинақтары мен 1985 жылы "Өліара" романы баспа бетін көрген. Төлен Әбдіковтің жекелеген әңгімелері мен повестері орыс тіліне де аударылды. Жазушы қазақ тіліне аударған көне грек аңыздары "Эллада ерлері" деген атаумен 1977 жылы жарық көрді. «Біз үшеу едік» атты драмалық шығармасы Мүсірепов атындағы Жастар және жасөспірімдер театрында сахналанған. Мұрат - идеал. Өмірде кездесе бермейтін. Кездесе де сирек кездеседі. Өмірбек - оған қарама-қарсы мінездерді өз болмысына жинаған кейіпкер. Қыздың есімін жазушы Алтын деп жақсы қыз деген үлгісі ретінде атағысы келеді. Дегенмен, шығармадағы Дариға - әйелі ұсынған кейіпкер есімі. «Ақиқат» атты кітабы орыс тіліне жекелеген әңгіме, повестері украин, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылды. Мектеп бағдарламасы енген «Қонақтар» әңгімесімен қоса қала мәдениеті туралы «Қайырсыз Жұма» әңгімесінің де өзінше бір айтары бар сияқты. Біз өмір сүріп жатқан қазіргі сәтпен жазушы шығармашылығы да бірге өмір сүріп жатыр. Төлен Әбдік шығармалары адам мінезінің құпия сырларын ашуға, өмірдің мән-мағынасына философия тұрғыдан қарауымен бағалы. Бүгінгі қазақ әдебиеті Төлен Әбдіктің шоқтығы биік шығармалары ретінде «Оң қол», «Тозақ оттары жымыңдайды», «Парасат майданын» біледі. «Оң қол» шығармасында адам тек өзін жақсы көру арқылы өзгелерден кемшілігін іздеуге құмартатынымызды. Сәйкесінше, біз біреумен емес өзімізбен күреске түссек, қоғамға пайдалы адам болар едік. Оң қол - біздің ой әлеміміздегі күрес. Қыздың арғы тегінде өз-өзін өлтіргісі келген адам болған, оның ойы іске аспағанымен ол өзінен жалғасын тапқан ұрпағында көрініс тапқан. Бізді ой әлемінде таза болуға үндейтін шығарма. Оқырманды өзіне қыз бен дәрігер жігіт арасындағы аяулы сезім де қызықтыратыны сөзсіз. «Тозақ оттары жымыңдайды» шығармасында әлемге әйгілі дәрігердің жер бетіндегі жалғыз қандасын құтқара алмаған шарасыз күйі. Бұл шығармасы Кеңес дәуірінде айтуға болмайды деген тұспалдап айтқысы келген жазушының жан толғанысы. Жазушының философиялық проза жанрында жазылған тағы бір шығармасы - «Парасат майданы». Парасат майданы жазушы жеті-сегіз жыл ойлануымен туған шығарма. Философиялық ойдың айтысы бес хат арқылы көрсетілген. Үш айда жазып бітірген шығармасына сыни көзбен қараған жазушының ең алғаш Ақселеу Сейдімбекке оқытып, жоғары баға алған соң ғана, сенім білдірген. Парасат майданы оқырманның ғана емес, жазушының да сүйікті шығармасы тәрізді. Онда ақыл- ой майданындағы соғыс. Ондағы соғыс бір адамның бойында болуымен ерекше. Егер, ізгілік жеңіске жетпесе, адам бойында рухани күйреу болады. Жан - дүниеміздегі арпалыс мәңгілік болып

жататын сияқты. Жазушының: «ең үлкен жеңіс- адамның өзін-өзін жеңуі» деген сөзі шығарманы толық таныстыра алатын ойы секілді.

Төлен Әбдік қандай қызметте болса да, шығармашылықтан қол үзбеген. Оның сыры түнде шабыттанатындығында болса керек. Жазушының «Өліара» шығармасы арқылы тағы бір қыры оқырманға таныс болды. Ол шығармада жазушының өзі жазған өлең жолдары болатын. Жазушының не жазатынын өзінен артық ешкім білмейтіндігімен ерекше. Оның шығармашылығына берілген ең үлкен марапат - 2003 жылы берілген Франц Кафка атындағы халықаралық сыйлық және алтын медалы болса, берілген баға- «Адам жанының археологы». Төлен Әбдік бүгінде көзі тірі жазушылардың бірі де, бірегейі. Оның жиырма, тіпті, қырық жыл бұрын жазған шығармалары бүгінгі күні де өзектілігімен ерекше. Жазушы шығармашылығының мұнан әрі кемелдене түсінуін қазақ әдебиетін сүйер қауым қалайтыны сөзсіз. Өмірде мәңгі оқитын шәкірт- жазушы болса, Төлен Әбдік бұл ғасырдың үздік жазушыларының бірі екендігіне ешкім күмән келтіре алмайды.

Әдебиеттер:

1. Төлен Әбдік Парасат майданы: Таңдамалы. – Алматы: «Раритет», 2012
2. Дәулетбаева Б Құпия есіктің құлпын ашқан қаламгер. – Қазақ әдебиеті, 2002
3. Төлен Әбдік Әке. - Алматы: «Қайнар», 2005
4. Төлен Әбдікұлы Оң қол. - Алматы: «Атамұра», 2002

ӘӨЖ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДА ӨЗІН СЫНАУ ДӘСТҮРІ

Сапарбаева Қ.Ж., Ибрагимов Г.Г.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается самокритика лирического персонажа в поэтических произведениях Дулата, Абая, Шакерима и в современной казахской поэзии.

Summary

This article deals with the self-criticism of a lyrical character in the poetic works of Dulat, Abay, Shakerim and in modern Kazakh poetry.

Ақын – адам. Адам болғанда қандай адам? Әділетшіл адам. Өзгені сынау оңай, өзінді ше? Фалестен ең қиын ғылымды сұрасқанда: «Өзін-өзі тану», – деп жауап берген екен.

Бұл мақаламызда Дулат Бабатайұлы, Абай Құнанбайұлы, Шәкерім Құдайбердіұлының өзін сынау ретінде жазған өлеңдеріне шолу жасап, қазіргі кезең ақындарының өлеңдерінде сол дәстүрдің қалай көрініс тапқанын талдап шықпақпыз.

Түркі халықтарының алтын қазынасы болмыш Ахмет Яссауидің хикметтерінен де біз өзін-өзі сынау дәстүрін байқаймыз:

«Дүниеде жоқ мендей бір сұм мен бәле,
Болмады риза Құдай мен халық және.
Енді болды ақырында жүзім қара,

Уа, Құдірет, неге солай болдым, міне?» [1, 46]

Өзін-өзі сынау тек сопылық сарында жазылған шығармаларда ғана емес, сыншыл реализм әдісін қолданатын ақындардың поэзиясында да кездеседі.

Сыншыл реализм жайында «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» әдебиеттегі көркем әдіс делініп, ерекшелігі ретінде өмірді сыншылдықпен бейнелеп, адамдардың тағдырын, олардың типтік мінез-бітімін, характерін типтік жағдайда көрсете отырып, қоғамдық өмірдегі қайшылықтарды, кемшіліктерді қатты сынға алуы айтылған екен. [2, 309]

Сыншыл реализмді көркем әдіс деп алсақ, өзін-өзі сынау – сол әдіс ішіндегі өзін сынау арқылы өзгеге сын айтудың бір жолы. Өзін-өзі сынау тәсілі қазақ әдебиеті үшін жат дүние емес, аталмыш тәсіл көмегімен ақын өзіміз «мені» арқылы адамзат табиғатын, мінез-құлқын көрсетпек.

Мылтықбай Қараев өзінің «Дулат реализмі» мақаласында Дулат Бабатайұлы шығармашылығын қазақ әдебиетінің тұңғышалды реализмнен (предреализм) классикалық сыншыл реализмге бет түзеуінің басында тұруын айтады. [3, 262] Дулат ақынның төмендегі өлеңінен өзін-өзі сынауды көреміз:

«Біреудің отын үрледім,
Өз отымды жақпадым...
Ләпсі – төбет қабаған:
Жемтік көрсе тұра ма
Ырылдап, танау жиырмай?!
Өзімнен өзім қызғанып,
Азын-аулақ жиғаным
Өзіме де бұйырмай.

Күнәм – жойқын, тәубем – аз,
Тіршіліктен не таптым?
Дүние – жемтік, мен – төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым...»
[3, 62-63]

Өзгені, қоғам мінін сынау оңайырақ, әрине. Бірақ өзін-өзі сынау сыншыл реалисттің сыншылдығының маңызды ерекшелігі деп айтуға болады. Дулат ақын өлеңнің бір жерінде «нәпсіні», басқа жерінде өзіміз «менін» «төбет» деп бейнелеп, нәпсі, яғни тәннің «қабу», «қапқызу» әрекеттерін көркемдеп жеткізеді.

Сыншыл реализмді тұтас көркем әдіс ретінде қалыптастырған ағартушы ақын Абай Құнанбайұлының мына бір өлеңінде де өзін-өзі сынау дәстүрін байқаймыз:

«Ойға түстім, толғандым,
Өз мінімді қолға алдым.
Мінезіме көз салдым,
Тексеруге ойландым.
Өзіме өзім жақпадым,
Енді қайда сыя алдым?
Қалап алған көп мінез,

Қалайша қылып тыя алдым?..
Бәрі болды өзімнен,
Тәңірім салған наз емес.
Осынша ақымақ болғаным
Көрінгенге қызықтым.
Ғәділетті жүректің
Әділетін бұзыппын...» [4, 61-62]

Өзін сынау, өзін сынау арқылы өзгені сынау. Абай ақын бірдей сөздерді түрлендіре айтып, Алланың аманат етіп берген ғәділетті жүректің әділдігін бұзатын адамның «пендешілігін» сынайды.

Иә, Дулат, Абай аталарымыз табиғаты құбылмалы адамның жан дүниесін осылайша жеткізеді. Орайы келгенде, үндіс атаның немересіне айтқан мысалын

айта кетейік. Үндіс ата немересіне адам ішінде екі түрлі қасқыр өмір сүретінін тәмсілдейді. Бірі жақсылық қасқыры болса, екіншісі – жамандық қасқыры. Немересі атасынан қайсысы жеңетінін сұрағанда, «Қайсысын күтіп бақсаң, сонысы жеңеді», деп айтқан екен. Абай Құнанбайұлы «Ескендір поэмасында» қақпа күзетшісі атынан Ескендір патшаға «Мықтымын деп мақтанба, ақыл білсең, // Мықты болсаң, өзіңнің нәпсінді жең», – деп айтады. Бұл тек патшаға емес, жалпы адамзатқа айтылған сөз. Дулат, Абай аталарымыз жоғарыдағы өлеңдері арқылы жалпы адамзатты, адамзат нәпсін, өзімшіл мінезін сынағаны көрініп тұр.

Шәкерім Құдайбердіұлы өзін-өзі сынау дәстүрін «Айна қойдым алдыма» өлеңі арқылы былай жалғастырады:

«Иіс білер мұрын жоқ,
Таза ақылдан ырым жоқ,
Түзелерлік түрім жоқ,
Жалған деме сөзімді...»

Дегенмен де Шәкерім атамыз келесі шумақтарында өзін ғана сынап қоймай, оқырманға да бұй дейді:

«Жалғыз мені деме қор,
Мені көр де, сене көр,
Сен де емессің менен зор,
Дәл мен деп біл өзіңді...»

Ал, өлеңінің соңғы шумағында ақын «ыңдыны таза ешкім жоқтығын» айтады. Дулат, Абай атамыз өзін сынау арқылы өзгені, яғни адамзат болмысын астыртын сынаса, Шәкерім атамыз өзін сынаудан тікелей өзгені сынауға көшеді. Бұл, әрине, жаңашылдық.

Сыншыл реализмдегі өзін-өзі сынау дәстүрі қазіргі қазақ поэзиясында да өз жалғасын тауып отыр. Өйткені көзімен көріп, көңілімен түйген жан-тән құбылысын ақынның сыншылдықпен жеткізуден басқа амалы жоқ.

Әр ақынның стилі де, сөзі де өзгеше. Ақын Жұмабай Құлиев өзіне сын айтуды «біз» деп бастап, келесі тармақтарда «мен» деп кінәсін мойындап, нәпсінің тірлігін «күнәлі қара жәшікке» салып, Аллаға тапсырғысы келеді:

«Екі дүние сыңайын көре білмей,
Қисаярмыз әркіммен жағаласып.
Апат болған ұшақтың дерегіндей,
Қалар бізден күнәлі қара жәшік.
Келген кезде осынау толайым жай,
Қарай алмай ұяттан көзім ашып,
Талқыға сап, ешкімге таба қылмай
Иә, Аллам, оқырсың өзің ашып...»

Ақындықты Алланың аманаты деп білген Әлібек Шегебай да «Өмір» өлеңінде өзін «біз» деп сынап бастайды:

«Тіршіліктің көріп кейбір тас тұрқын,
Кейде өзіңе көнбейді екен жас шіркін.
Адалдықтың жүрген болып жанында

Арамдықпен іс жасаймыз астыртын».

Ал, келесі шумақтарында «сен» деп пендешіліктің мінін айтады:

«Қыдырасың, қызыққа да батасың,

Дос табасың, оны қайта сатасың.

Бақыт-қыздың басын салып әлекке

Байлық-қыздың құшағында жатасың...

Болғанымен армандардың түр-түрі,

Ол да бірақ кей сәттерде күлкілі.

Сонда-дағы шаң жуытпай өзіңе:

«Әй, опасыз өмір», – дейсің бір күні». [6, 4-5]

Ақынның «байлық-қыз», «бақыт-қыз» деп байлық пен бақытты адам күйіне түсіріп кейіптеуі өте ұтымды. Адамның өзімшіл мінезін «шаң жуытпай өзіңе» деп фразалап жеткізуі де әсерлі.

Әлібек Шегебай басқа бір өлеңінде:

«Күн кешуде,

Жанымды – Тән жылатса,

Тәнімді – Жан жұбатып!» – деп түйдектейді. Шәкерім Құдайбердіұлы рухты таза ақыл, деп атайды. Яғни жан – игіліктің қазынасы. Ал, дене немесе нәпсі жамандыққа жақындау. Сондықтан Әлібек ақын осы қайшылықты тәнім жылатады, жаным жұбатады, деп үш тармақпен өз тұжырымын жасайды.

Гүлнар Салықбай «Түркістанға қалай барам?» деп, өзін сынауды басқаша түрде, Ахмет ата Яссауи хикметтерімен сарындас етіп, үндестіре қолданады:

«...Алдамшы дүниені жеңе алмадым.

Бетім жоқ, Түркістанға қалай барам?

Алланың жолын кесіп өте алмадым,

Құл болып, құлай қызмет ете алмадым.

Бетім жоқ, Түркістанға қалай барам?..»

Көбелектей көңілдің отын ұнаттым,

Аршалаған ақылды төмен құлаттым.

Бетім жоқ, Түркістанға қалай барам?»

Бауыржан Үсеновтің өзін сынауы да ерекше. «Сен кімсің?» өлеңінде әуелі адамның кім екеніне сұрақ қою арқылы жауап іздеп көреді:

«Кімсің сен?

Адамсың ба, Құдайсың ба?

Су болсаң,

Тұнықсың ба, ылайсың ба?..

Кімсің сен?

Адамсың ба, залымсың ба?

Жем қылған ақиқатты қалың сұмға...», – дей келе, кейін:

«Сені білдім,

Ал сонда Өзім кіммін?

Бағам арық қойдан да төмен бе екен,

Бағымды ашар бойтұмар өлең бе екен,

Халқым өзі айтар деп Төзім қылдым,
Сен кімсің, ойлан, достым,
Өзім кіммін?» – деп аяқтайды. [7, 60-61]

Ақынның «Сені ғой, білдім, ал, өзім кіммін?» риторикалық сұрағы оқырманды терең ойға батыратындай: оқырман еріксіз түрде өзі туралы ойланып, өзін сынауды бастайды.

Ерғали Бақаштың «Қадыр түні» өлеңінде Шәкерім атамыздай айна деталін пайдалана өзін сынайды:

«Сезіктеніп жүргенде өз ішімнен,
Араздасып нем бар ед сөз үшін мен.
Айна алдында өзімді тани алмай,
Бір албасты көрінді көз ішімнен».

Әлібек Шегебай «бізден» – «саған», Бауыржан Үсенов «Кімсің?» деп сұраудан «Кіммін мен?» деуге өтсе, Ерғали ақын «меннен» «бізге» көшеді. Өлеңінің ерекшелігі де осында. Ақын:

«Жүрек көзін сүртейік, шел баспасын,
Қара түнек орнайды шер басқасын.
Тазаруға асықпын, сен ше, досым?

Міндеттіміз, себебі жер басқасын», – деп көркемдеп түйін жасайды. [8, 11]

Асылында, өзін-өзі сынау шындықсүйер, әділетқұмар әр ақынға тән қасиет. Өзін сынамай алмаған ақын өзгені әділ түрде сынамай білуі бек қиын. Өз мінін көре алған ақын ғана қоғамның мінін дәл көріп, қоғамдық ауруды дөп басып айта алмақ.

Қорыта айтқанда, сыншыл реализм әдісінің бір жолы болған өзін сынау дәстүрін Дулат, Абай, Шәкерім аталарымыз әбден пысықтап-дамытып қалыптастырды деп есептесек, қазіргі қазақ поэзиясында да аталмыш дәстүр өз жалғасын тауып, қазақ әдебиетіне өзіндік үнін қосқанын байқаймыз.

Әдебиеттер:

1. Иасауи Қ.А. Диуани хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы: «Мұраттас», 1993
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі», 1998
3. Бабатайұлы Д. Тұнық тұма. – Алматы: «Раритет», 2002
4. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т2 – Алматы: «Жазушы», 2016
5. Құлиев Ж. Жан қобдиындағы жақұттар. – Алматы: «Жазушы», 2015
6. Шегебай Ә. Ақ жауын. – Алматы: «Жазушы», 2018
7. Үсенов Б. Менің бұлтым. – Алматы: «Жазушы», 2012
8. Бақаш Е. Жастық жалыны. – Алматы: «Жалын», 2012

ТАХАУИ АХТАНОВ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сапарбаева Қ.Ж., Көшкенбайқызы.А

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье рассказывается о жизни и творчестве, деятельности и достижениях Тахави Актанова.

Summary

This article tells about the life and work, activities and achievements of Takhavi Aktanov.

Қазақстанның халық жазушысы Тахауи Ахтанов Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Шетырғыз ауылында 1923 жылы дүниеге келді. Шыққан тегі – шекті руы. Әкесінің есімі Ақтан, анасы – Дәйілхан деген кісілер. Сапа деген бауыры бар.

Кейбір деректерде жазушы ауылында 10 кластық мектеп болмаған деп беріледі. Мұндай жағдайда білімін жетілдіруді көздеген жазушымыз алтыншы сыныпты тәмамдаған соң табелындағы “6” санын “9” деп өзгертіп, ақырында Алматы мұғалімдер институтына оқуға түседі.

Сұрапыл соғыс басталғанда жазушы филология факультетінің екінші курсына оқып жүрген болатын. Ел басына күн туғанда намысшыл драматург қан майданға өзі сұрануды жөн көреді.

Соғыстың дәл ортасында жүрсе де жазушы әдебиет әлемінен шет қалған емес. Алғашқы жазылған еңбектері өлең, очерк түрінде болды. Мұндай көркем шығармалары майдан газеттерінде жарияланып отырды. Тахауи Ахтановтың шығармашылығының шындалуына екінші дүниежүзілік соғыс үлкен әсерін тигізген еді. Жазықсыздардың жанның жанын жалмаған алапат соғыс жазушы шығармашылығынан ойып тұрып орын алды.

Қайраткер 1942 жылы соғысқа өз еркімен аттанғандығын айттық. Майданда жүріп төрт рет жараланды да. Қаншама адамдардың қанын төккен алапат соғыстан батырымыз есен-аман оралды. Туған жерге жеткеннен кейін жазушы жастық өміріне шолу жасайды. Күрсіне есіне алады. Балалық шағының ашаршылықпен тура келгендігін, жастық шағы Отан үшін соғыста құрбан болғандығын айта келе, сондай өмір сынағынан аман қалғандығына бір қуанып, енді әдебиет деген майданға аяқ басқандығын айтады жазушы бір естелігінде.

Елге қайтқаннан кейін Тахауи Ахтанов бар ынтасымен әдебиетке араласады. Тұңғыш өлеңдері “Жастар дауысы” деген ұжымдық жинақта көрініс тапты. Негізінен Тахауи шығармашылығы өлеңдерден бастау алады. Ең алғашқы өлеңін бесінші сыныпта оқып жүргенде жазғандығын айтады жазушы бір сұхбатында. Жоғарыда аталған жинақ 1949 жылы жарыққа шыққан. Онда ақынның 16 өлеңі “Майдан лирикасы” деген атпен бой көрсетеді.

Тахауи Ахтанов әдеби сында да өнімді еңбек еткен. Сыншының әдеби-сын мақалалары Ғабит Мүсірепов, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Шерхан Мұртаза, Шыңғыс Айтматов, Қасым Аманжолов, Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов сынды қаламгерлердің шығармашылығына бағытталған. Ғ.Мүсірепов жайында жазылған сын-зерттеу еңбегі де бар. Өнер саласы жайында, басқа да тақырыптарды арқау етіп жазған эсселері де жоқ емес. Келе бере қаламгердің шығармашылығы проза жанрына ойысты.

Соғыстан кейінгі қазақ әдебиетін Тахауи шығармашылығынсыз елестете алмаймыз. Ал қан майдан жайлы автордың туындылары көбіне проза жанрында жазылған.

1956 жылы «Қаһарлы күндер», 1963 жылы «Боран», 1973 жылы «Шырағың сөнбесін» романдары жарыққа шығады. Мұндағы «Боран» романы үшін жазушы Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері атанады. «Қаһарлы күндер» романы жайлы жазушының өзі: "Бұл романның жазылуы онша көп уақыт алмағанымен, толғағы ұзақ болды. Үш жыл бастан кешкен соғыс туралы роман жазуды көп ойладым. 1949 жылы бас жағын жазып, кірісіп те кеттім. Бірақ жұмысым өнбеді. Шамасы, келер жылы болар, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің "Курляндия" романы жарық көрді. Соны оқып шығып, ойға қалдым. Шығарма біраз кемшілігі болса да, маған қатты ұнады. Онда сол кездегі қазақ жазушыларының басым бөлігінде жоқ, кәдімгі тірі, жанды сурет, бусанып тұрған өмір бөлшектері бар екен. Ал менің бастап қойғандарымның тұрған дәрежесі одан әлдеқайда төмен болатын. Содан өзімнен-өзім жерідім де, жаза бастағанымды тастап кеттім. Кейде болашақ шығарманы ойлап, толғанып жүрсем де, үш-төрт жылға дейін қайтып оралуға зауқым соқпады. Сын мен көркем аударма саласында жұмыс істей бердім",- деген еді.

Қаһарлы соғыстан кейін майдан тақырыбын арқау етіп түрлі жазушылар өз еңбектерін жарыққа шығара бастаған еді. Алайда сондай туындыларға көз жүгіртсек көбіне батырлықты үлгі еткен, жауынгерлердің ерлігін суреттеген тұстарын ұшарастырып қаламыз. Бұл авторлардың арасындағы илеялық ұқсастықтарды көрсетіп тұратын. Ал «Қаһарлы күндерде» автор әр адамның қайталанбас тағдыры бар екендігін көрсетіп, қанша жерден жүрек жұтқан батыр болса да майдан алаңында қорқыныш сезімі бойын билеп алатындығын ерекше көрсеткен болатын. Сол қорқыныш жауынгерлердің өмірге деген құштарлығын арттырды десек қателеспейміз.

Қазақ әдебиетінде ұлттық прозаны биікке көтерген романдарының бірі «Шырағың сөнбесін». Асқан шеберлікпен жазылған бұл роман автордың жемісті туындыларының бірі.

Қазақ сахнасынан өміршең туынды ретінде орын тепкен еңбектеріне «Сәуле», «Боран», «Әке мен бала», «Ант» драмалары жатады. Сондай-ақ «Махаббат мұңы», «Күтпеген кездесу» драмалары, сонсоң «Арыстанның сыбағасы», «Күшік күйеу» комедиялары қазақ, орыс сахналарынан көрінді.

Тұңғыш баспасөз бетінде жарық көрген көркем әңгімесі «Күй аңызы». Одан бөлек «Алғашқы ән», «Қызғаныш», «Жоғалған дос» әңгімелерінің авторы болып табылады.

Жазушы еңбектері аға буын қаламгерлерінің де көңілінен шықты. Сөйтіп Тахауи Ахтанов қазақ әдебиетінде өзге де қаламгерлердің қолдауына ие болды.

Тахауи Ахтанов шығармашылығының басым бөлігі проза жанрында болғандықтан қазақ елінде де, шет мемлекеттерде де прозик ретінде танылған.

Жазушы түрлі жанрда еңбек еткенімен қоймай аударма саласына да өзіндік үлесін қосты. М.Горькийдің бірнеше әңгімелерін сонымен бірге А.Н. Толстойдың "Азапты сапарда" трилогиясын қазақ тіліне тәжірмалаған.

Қаламгеріміздің атқарған қызметтері де аз емес. «Көркем әдебиет» баспасында, «Әдебиет және искусство», «Жұлдыз» журналдарында редактор болып, сонсоң республикалық кітап палатасының директоры, көркемөнер басқармасының бастығы болып қызмет еткен.

Батырымыз екі мәрте Қызыл Жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен сондай-ақ ІІ дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Қазақ әдебиеті қоржынын осынша қазыналармен толтырып үлгерген жазушымыз 1994 жылы ұзаққа созылған сырқаттан дүниеден өтті.

Жазушының өлімі қазақ қаламгерлерінің қабырғасын қайыстырды.

Өтеген Оралбаев: Сынды тағы, тынды тағы бір алып.

Қазақ сөзін бір асқарға шығарып.

Шырақ сөнді, ажал жеңді, амал не?

Оның сөзін оқыдым мен дұға қып -, деп жоқтайды.

Бертін келе жазушының есімі Ақтөбе қаласындағы драма театрына берілді.

Әдебиеттер :

1. Т.Тебегенов “Ахтанов ақиқаты”
2. <https://sputnik.kz/spravka/20210912/18108146/Takhaui-Akhtanov-omirbaian.html>
3. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/15607>

УӘЖ 611.37

ЖАҢАРҒАН ЖАҢА ҚАЛА ТҮРКІСТАН

Жолтаева М.Б. – 1506-10 тобының студенті

Ғылыми жетекшісі: Налмишова Қ.Н.- аға оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В этой статье мы познакомимся с современной жизнью города Туркестан в Республике Казахстан, известного тюркскому миру с многовековой историей.

Summary

In this article, we will get acquainted with the modern life of the city of Turkestan in the Republic of Kazakhstan, known to the Turkic world with a long history.

XIV ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан Темір империясы құрамында болды да, оның бұйрығымен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи қабірінің басына кесене тұрғызу жұмысы жүргізілді. Орта ғасырдағы архитектуралық өнердің ғажайып үлгісі саналатын осы кешен әлемді таңдандырған, қалпы бізге жетті. Тұтастарынан да лайықты баға алған құрылыс туралы жылнамашы Рузбихан XVI ғасырда былай деп жазды. «Ахмет Ясауи кесене – бүкіл әлемдегі теңдессіз мәңгілік құрылыс. Сәулет өнеріндегі адамзат өнерінің керемет, таң қалаларлық туындысы. »

Біздің қаламыз - Қазақстан Республикасының оңтүстігіндегі әкімшілік-аумақтық бөлік. 1932 жылы 10 наурызда құрылған. 1962-1992 жылы Шымкент облысы деп аталады.

Аумағы 117,3 мың км². Тұрғыны 2000000 адам (2018 ж). Орталығы – Түркістан қаласы Солтүстігінде Қарағанды, шығысында Жамбыл, батысында Қызылорда облыстарымен , оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектеседі. Облыс құрамында 11 әкімшілік аудан, 4 қалалық әкімдік, 7 қала (Шымкенттен басқа), 13 кент, 171 ауылдық округ, 932 ауыл бар.

Түркістан – Тұран аймағы деп аңыз болып қалған, «тарихи түркілер елі» деп те аталып, Қазақ хандығының тұңғыш астанасы болған қала. Ежелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы сайын дала төсіне орналасқан қаланың даңқы XII ғасырда, әсіресе бұл жерге ақын Қожа Ахмет Ясауи қоныс тепкеннен кейін шыға бастап, ол қайтыс болған соң бейіті басына мазар салынып, әулиелі мекенге айналады. Бұл қаламыз Шымкент қаласынан 170 шақырым солтүстік – батыста орналасқан. Шығысында тарихи Отырар, солтүстігінде Кентау қаласы мен Созақ ауданы, батысында Қызылорда облысының Жаңақорған ауданымен шектесіп жатқан біздің өңіріміздің әкімшілік орталығы – Түркістан қаласы болып табылады.

Қаламыздың халықаралық көлік қатынастары бойына. Орынбор – Ташкент теміржол магистралі өтетін қалада 60 шақырымдық жергілікті теміржол торабы, 597 шақырым автокөлік жолы бар. Қаладан бұрын Шымкент – Самара автомагистралі өтсе, бүгінде ол Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықтарының оңтүстік – шығысындағы саздақты – шөлді алқабында орналасқан. Бұл жерлер бірде Тұран, бірде Түркістан деген жалпы атауымен аталады.

«Тұран» сөзінің арғы түбірі - «ture». «Авеста» және тағы басқа да еңбектерде ол VI ғасырда Түркілер мекендейтін елдің тұтастай алғандағы атын білдіреді. Ежелгі Тұран елдінің мекені мен қонысы Иран, Қашқария, Қытай, Моңғол, Ресей елдерінің бүгінгі аймақтарына ішкерілей еніп, сұғына жатқан болатын.

2019 жылы жоба біздің өнірде 2024 жылға дейінгі әлеуметтік – экономикалық дамуының кешенді жоспарына еңгізілді. Жобаның сыртқы инженерлік – инфрақұрылым соммасы – 3,6 млрд. Теңгені құрайды. Қазіргі уақытта «Қасқасу туристік – рекреациялық орталығын» салу жобасының бірінші кезеңі іске асыру бойынша жұмыс жүргізілу үстінде (Жобаны іске асыру кезеңі: 2021-2025 жылдар). Жоба жүзеге асырылғанда 5000-ға жуық жұмыс орнын құруға күтілуде. «Түркістанды түркі әлемінің мәдени – рухани орталығы ретінде қалыптастыру жөніндегі жұмыстың бірінші кезеңі аяқталды деп айта аламыз. Екінші кезеңі ретінде біздің облысымыздың 2021–2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспары бекітілді. Жобаға 145 іс-шара еңгізілді ». Түркістан қаласының негізгі әлеуметтік инфрақұрылымы қаланды. Жалпы 445 млрд. Теңгеге 257 жаңа халықаралық әуежай, әкімшілік – іскерлік және мәдени – рухани орталықтар, Б. Саттарханов даңғылы қайта жаңартылды, еркін экономикалық және индустриалды аймақтар құрылды, біздің өнір толық газдандырылды, қаланың айналасында 13 мың гектарға жасыл белдеу құрылды, 3,5 млн. ағаш отырғызылды.

Кешенді жоспарға сәйкес бекітілген 145 іс – шараны жүзеге асыруға 3,9 трлн. теңге бағыттауда Оның ішінде жеке инвестициялар – 2,5 трлн. теңге. Кешенді жоспар аясында алдағы 5 жылда мұнай өндеу зауыты, химия кешені, тұрмыстық техника шығаратын зауыт салынады және біздің өлкеміздің айналасында азық – түлік белдеуін құру жоспарлану үстінде.

Жаңа Кешенді жоспарды іске асыру нәтижесінде 2025 жылы ЖӨӨ – нің көлемі 3,6 трлн. теңгені құрайды. Жыл сайын 40 мың жаңа жұмыс орындары ашылады, жалпы халықтың өмір сүру сапасы мен әл – ауқатын арттыруды қамтамасыз ету көзделуде. Ұзындығы 50 шақырымға жуықтайтын «Шымкент қаласының оңтүстік – батыс айналма жолы», ұзындығы 102 шақырымнан асатын «Сарыағаш қаласының айналма жолы», 30 шақырым «Түркістан қаласының шығыс айналма жолы», Түркістан – Шымкент – Ташкент жүрдек теміржол магистралі салынады деп жоспарлануда.

Біздің облысымызда Жетісай ауданында тәулігіне 2 мың жұп аяқ киім шығаратын цех жұмыс істейді. «Ұлықбек» жеке кәсіпкерлігінде бүгінде 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Онда аяқ киімнің 6 түрлі өндіріледі.

Өндірісте пайдаланылатын шикізаттар Ресей және Өзбекстан елдерінен жеткізіледі. Ал, дайын өнім еліміздің барлық өңірлеріне жөнелтіледі Айта кететін, жалпы ауданда аяқ киім шығарумен айналысатын бұдан бөлек тағы 2 кәсіпорын бар.

Жаңа Дала ауылындағы бақша дақылдарын егумен айналысатын «Рахман» шаруа қожалығының жұмысына да қанықты. Аталған қожалықтың иелігінде 7,5 гектар жер болса, оның 1,5 гектарына – қырыққабат, 3 гектарына – болгар бұрышын, қалған жеріне қарбыз егілген.

Қазіргі таңда, кәсіпкер өнімдерін Ресейден бастап, еліміздің барлық өңірлеріне жөнелтуге дайындап жатыр. Бүгінге дейін аудан диқандары ерте пісетін 1700 тонна қарбыз, және 170 тоннаға жуық қауын жинап үлгерген.

Түркістан-Кентау аймағында қорғасын кен байыту кәсіпорындары жұмыс істейді. Қаламыздың өзі тұрған жер Кентаудан небәрі 30 км, ал Шымкент қаласынан 150 км қашықтықта болғандықтан сыртқы орта экологиясының жай-күйін назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы себептен біз қорғасын мөлшерін топырақта және өсімдікте анықтадық. Қорғасынды балқыту кезінде көптеген ластаушы заттар бөлінеді, олардың суды және ауаны ластауы 100 км қашықтыққа дейін байқалады.

Сыртқы органы ластаушы негізгі көздердің бірі болып автокөліктердің түтіні саналады. Тетраэтил қорғасын бензиндерге қосылады. Жану процесінен қалған қорғасын жерге және ауаға тарайды, одан өсімдіктер бойына сіңіреді.

Біздің өлке топырағына, өсімдіктеріне және ауасына қорғасын өте күшті дамыған автокөлік жүйесінен, кең етек алған жекеменшік от пештерінен, Кентау кеніш суының жайылуынан, Ачполиметалл комбинатының руда өңдеуінен шыққан қалдық су қоймасының булану мен шаң-тозаңдарының таралады.

Әдебиеттер

1. Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 13 сәуір 2017 ж.
- 1.Түркістан қаласының құрылуына 3 жыл толды. Әділет- zhangru.mail.ru №17 23 маусым. 2021
- 2.Түркістан облысының киелі жерлердің географиясы I-том (Қазыбек Тоғызбайұлы Тәжиев)
- 3.Түркістан облысының киелі жерлердің географиясы II-том (Қазыбек Тоғызбайұлы Тәжиев)
- 4.Оңтүстік қазақстан энциклопедия
- 5.Оңтүстік қазақстан облысының тарихи-мәдени ескерткіштері
- 6.40 мың жаңа жұмыс орын ашылады. Әділет- zhangru.mail.ru №17 23 маусым. 2021

ӘОЖ 372.8 (072:811.512.122)

ЕЛ БҮГІНШІЛ, МЕНІКІ –ЕРТЕҢ ҮШІН

магистр аға оқытушы **Турданова М.С.**

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақстан, Шымкент қаласы

Резюме

В статье раскрыто отношение автора к родному языку. С раннего детства и до глубокой старости жизнь человека связана с языком. Основная идея статьи великая благодарность человека родному языку, данному ему судьбой. Выражая свое восхищение и гордость, показывая красоту и величие родного языка, повествуя о том как велико и

могуче родное слово, автор воздаёт дань благодарности мудрой и миролюбивой политике Президента РК, который выступает защитником прогресса и равноправия народов.

Родной язык голос любимой земли и матери, наставников и учителей, мастеров слов и талантливых людей. Автор задаёт риторический вопрос, чтобы и читатель задумался о том какую роль в его жизни играет язык и как можно преодолеть все трудности, опираясь на родной язык.

Summary

The article reveals the attitude of the author to his native language. From early childhood to old age, human life is connected with language. The main idea of the article is the great gratitude of a person to his native language, the fate given to him. Expressing his admiration and pride, showing the beauty and greatness of his native language, telling how great and powerful his own word is, the author pays tribute to the wise and peaceful policy of the President of Kazakhstan, who advocates progress and equality of nations.

The native language is the voice of the beloved land and mother, mentors and teachers, word masters and talented people. The author asks a rhetorical question, so that the reader will also think about the role that language plays in his life and how one can overcome all difficulties, relying on a happy language.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіздік – біздің ең басты бақытымыз.

Ия, біз бақытты елміз! Ешкімге тәуелді емес, өз байлығын өзі басқара алатын мемлекетбіз. Егемендіктің басты бір белгісі – ұлттық тілі, Ата Заңы, елтаңбасы, туы, әнұраны. Ерекше мақтанышымыз – тіліміз. Тіл-байлығымыз, төл тарихымыз, тіл- мәдениетіміз, тіл – әдебиетіміз.

Бір ақын жырлағандай:

Тілім барда қазағым бар, халқым бар,
Дәстүрім бар, ата жолы салтым бар.....

деп біз ертеңге де ана тілімізбен жетеміз, тілімізбен кім екенімізді көрсетеміз. Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін ана тіліміз «Мемлекеттік тіл» деп бекітілді.

Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің ана тіліміз – қазақ тілі. Мектепте ұстаздық етіп, жас ұрпаққа айтарым: «Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Ол тұған жерінді, елінді, Отаныңды, атамекенінді сүйе білу деген сөз». Ана тілімізді Отанындай, туған халқындай, өз ата - анасындай сүйіп ардақтауына, ана тілімізді жетік білуге міндеттіміз. Бір кезде ұлы Абайдың өзі:

Өткірдің жүзі, кестенің бізі,
Өрнегін сендей сала алмас...

деп, өз ана тіліне таңырқап, тағзым еткені белгілі. Осындай керемет өлендерді оқығанда «...Ия, әрбір тіл – өзінше әлем. Ал менің әлемім – қазақ тілі, ана тілім. Ол өте қымбат, ыстық, ең жақын, анамның ақ сүтімен бойыма дарыған құндылығым» деп есептеу керекпіз. Жас ұрпақ талапты, әр ісін ойлап, ақылмен істеп, өскенде ерінбей еңбек етіп, Қазақстанның білімді азаматы болуына ұмтылу керек. Осы мұратқа жету өз халқының баға жетпес байлығы, қымбаттан қымбат кені, төлқұжаты ана тілін жетік білетін тілдік тұлға болуы міндетті.

2007ж. Н.Ә.Назарбаев «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынды. Бұл идеяның негізі мынадай: Қазақстанды бүкіл әлем үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі-мемлекеттік тіл, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілі-жаһандық экономикаға ойдағыдай бірігу тілі. Яғни мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз. «Үштұғырлы тіл» идеясының құрамдас бөлігі-ағылшын тілін үйрену.

Қазақстан Республикасының бірінші президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Үш тілдік тұғырым» саяси идеялогиясы айқын. Өзіміздің қазақ тілін ана тілі ретінде, ал орыс тілі мен ағылшын тілі керек кезде көмек болатын көмекші тілдер ретінде біле жүрейік дегені гой. Біздің елбасымыздың даналық танытқан саясаты мынау дархан дала қандай кен болса, оның да жомарттығы, кендігі, бөтен ел деп санамайтығындығы баршамызға мәлім. «Тіл – достықтың алтын көпірі» десек қателеспейміз. Бүгінде тілдер көптеген «майдан шайқастарынан» өтуде. Қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезендерден өтті. Әр тарихи кезеңнің әсерінен өзгерістерге ұшырай отырып, бүгінгі ұлттық әліпби деңгейіне жеткен. «Тіл тағдыры» бүгінде жаңартылып, қайтадан рухани айналымға түсуде. Бұл «тіл тарихы» ме? Ендеше біз нені білуіміз қажет?

Тіл – табиғаттың адамға берген сыйы. Жер жүзінде қаңшама ұлт болса, соншама тіл бар. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса не болмақ? Сондықтанда, өткенге көз жүгіртіп «Ең көне жазу үлгілері қандай болған?», «Ахмет Байтұрсынов қандай емле қалыптастырды?», «Кириллица қолданысқа қалай енді?, - дей отырып, өткенге сын айтпай, «Латын әліпбиіне көшу не үшін қажет болды?» деген мәселеге дұрыс пікір айтып, «Ол заман талабы» екенің ескеріп, «Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне қандай ықпал тигізеді» деген ойларға жауап іздеу керекпіз. Ол үшін тіл тарихын білуіміз қажет.

Қазақстан жерін жайлаған көне ғұн, сақ тайпалары көне «Есік жазуын» пайдаланған. Сол тайпаларға тән мәдениеттің, соның ішінде жазуының да тарихи мұрагері – үйсін, қаңлы, қыпшақ, т.б. тайпалардың ең көне жазуы болып саналады. Ал, бұл тайпалар кейіннен қазақ халқының негізін құрады. Ежелгі түркі халықтары пайдаланған жазу көне түркі әліпбиі немесе Орхон – Енисей жазуы деп аталды. Олардың тастарға қашалған жазбалары бүгінгі күнге дейін жеткен. Көне түркі әліпбиінде 35 әріп болған. Жазу оңнан солға қарай оқылды. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде көне түркі жазуларының тастарға ғана емес, үй жиһаздарына, түрлі бұйымдарға да ойып жазылғандығы айқындала түсті. Деректерге сүйенсек, мәселен, Талас алқабынан ағаш таяқшаға, төрт бұрышты тас мөр мен дөңгелек тастың жарты сынығына бедерленген, Іле бойынан жартастарға, жүзікке бедерленген ойма жазулар табылды. 1970 жылы Іле өңіріндегі Есік қаласының іргесіндегі сақ дәуіріне жататын ілкен қорымнан жұмбақ жазуы бар күміс тостаған кезікті. Тостағанның сыртқы жағына 26 таңба түсірілген. 1987 жылы бауға тағылған

мөрдiң табанына ойылған сына жазуы белгiлi болды. Аталған ескерткiштер 2500 жыл бұрын түрki тiлдес тайпалардың әлiпбилiк жазуды бiлгендiгiн және оны кең пайдаланғандығын көрсетедi. Сонымен, көне түрki әлiпбиi Оңтүстiк Сiбiр мен Жетiсу жерiнде ерте дәуiрде, яғни бiздiң жыл санауымызға дейiнгi 1 мыңжылдықтың орта кезiнде қалыптасты деуге болады.

Ислам мәдениетiнiң таралуына байланысты көптеген түрki халықтары араб әлiпбиiн пайдалана бастаған. Соның iшiнде қазақ халқы да болды. Қазақ жазба мұраларының көпшiлiгi бiздiң заманымызға араб әлiпбиi арқылы жеттi. Мысалы, «Диуани лұғат-ат-Түрк» (Махмұд Қашқари), «Гулистан бит-Турки» (Сайф Сарай) және тағы басқа шығармалар бұған дәлел.

1912 жылы А.Байтұрсынов араб әлiпбиiне негiзделген қазақ жазуына алғаш өзгерiстер жасады. Ол қазақ тiлiнiң басқа түрki тiлдерiнен ерекшелiгiн анықтап, ұлттың өзiне тән дыбыстарын белгiлейтiн таңбаларды енгiздi. Байтұрсынов емлесi «жаңа емле» («төте жазу») деп аталды. Емле 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерiнде, 1929 жылға дейiн кеңестiк мектептерде қолданылды.

Славян ағартушысы Кирилл грек жазуының 25 әрпiне қосымша 18 әрiп қосып, 43 әрiптен тұратын әлiпби құрастырады. Бұл әлiпби «кириллица» деп аталып, 10 ғасырда Ресейде қолданысқа енедi [1].

1940 жылы Кеңес Одағы құрамындағы халықтардың жазуы жаппай кириллицаға ауысты. Оның iшiнде қазақ жазуы да кирилл әлiпбиiне көшiрiлдi. Орыс тiлiнде жоқ қазақ тiлi дыбыстары кирилл таңбаларына ұқсастырылып жаңа таңбалармен белгiлендi. Осылайша 2017 жылға дейiн қолданылған жаңа қазақ әлiпбиi. Кириллица негiзiндегi қазақ әлiпбиi тiлiмiзге тән ерекшелiктердiң бәрiн толық таңбалай алмайтын едi. Сондықтан, 1993 жылдардан бастап қазақ жазуын латын әлiпбиiне көшiру мәселесi көтерiлдi.

Латын әлiпбиi-әлемде кең таралған әлiпби. Б.з.д. VII ғасырда Римде пайда болып қалыптасқан деген тұжырым бар.

1929 жылы ҚСРС құрамындағы түрki халықтары латын әлiпбиiне көшiрiлдi. Мелекет қайраткерi Х. Досмұхамедов қазақ тiлiне үйлестiрiлген латын әлiпбиiн жасады. Осы әлiпби Қазақстанда 1940 жылға дейiн пайдаланылып, кейiн кириллицаға жол берген болатын.

Елiмiз тәуелсiздiк алғаннан кейiн латын әлiпбиiне қайта көшу қажеттiлiгi туындады. Ол үшiн әлiпбидiң қазақ тiлiне сәйкестендiрiлген жаңа нұсқасын жасау қажет болды. Он бес жылға жуық уақыт бойы талқыға салынып, ғалымдар түрлi нұсқалар ұсынды. Нәтижесiнде 2018 жылдың ақпан айында латын әрпiне көшу туралы бұйрыққа қол қойылып, Қазақ әлiпбиi тарихтың жаңа баспалдағына көтерiлдi.

«Ел бүгiншiл, менiкi – ертең үшiн», - деген екен Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, қазiр қолға алып жатқан дүниенiң бәрi бiз үшiн емес, бүгiн-ертең балабақшаға баратын ұрпақ үшiн жасалып жатқан тiрлiк. Менiңше:

1.«Латын әлiпбиiне өту» әлiпбиден екiншiсiне өту емес, «қазақ жазуына реформа жасау деп» түсiнгенiмiз дұрыс шығар.

2.Маңызы – тілдің өзіндік әуезділігін қалпына келтіру, әрі туысқан түркі тілдеріне, арысы - өркениет әлеміне жақындау үшін тілге берілген мүмкіншіліктер.

3. Қазақтың латын әрпіне көшуі – бүкіл ұлтты бір мезгілде жаңаша жазуға үйрету. Яғни, бәріміз қайта жаза бастаймыз, қайта үйренеміз. Сол арқылы тілді білмеген азаматтардың өзі де қатарға қосылып, бірге үлкен жетістікке де жетуге болады.

4.Өзге ұлттардың да қазақ тілін оқуға, зерттеуге деге сұранысын туғызуы әбден мүмкін. Менің ойымша, басқа ұлт өкілдеріне бұл, латын жазбасы, жеңілірек болады. Көптеген басқа ұлт өкілдері төл әріптерді қиын қабылдайды. Ал латын әліпбиі өте танымал. Қазақ тілі де латын әріптерімен жазылса, ол да жақсы болады, жеңілірек болады.

5.Бұл-ұлттық сананың жаңғыруы. Жаңғыру-жазудан басталады. Латын әліпбиіне көшу-ұлт пен ұлыстарды бір арнаға тоғыстыратын қадам. Себебі, латын әліпбиіне көшу – жаңғырудың басты кепілі.

22 қыркүйек – Қазақстан Республикасы халықтарының тілдер мерекесі. Ең алдымен бұл – барша елге ортақ жалпы халықтық мереке, барлық ұлт өкілдеріне көрсетілген құрмет. Біздің жоғарғы оқу орнымызда да өзге ұлт өкілдерінің студенттері бір ананың баласындай, ұйымшыл, білімді, мәдениетті. Олар қазақ тілінде сөйлеп, өз ойларын еркін жеткізе алады. Бұл жағдайды қазақ тіліне көрсетіліп жатқан құрмет деп түсінуіміз қажет. Байқасаныз бізде бәрі бар: тыныштығымыз бар, достығымыз бар, бірлігіміз бар. Қазақстанда тұратын 100 ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бірдей. Әрқайсысына өзінің әдебиетін, тілін дамытуға тендік берілген. Қазақ тілінің мәртебесін өсіру үшін және мемлекеттік тілімізді қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу үшін оқу орнымызда көптеген іс – шаралар өткізіледі. Қазақ тілі туралы өлең жолдары, тақпақтар, айтылады. Ән салып, би билеген студенттер мерекені жандыра түседі.

«Жүздің көркі – сақал, сөздің көркі – мақал». Мақал – мәтелдің мәні, маңызы зор, қысқа айтып көп нәрсені қамтиды. Осылайша ана тіліміздің теренде жатқан асылдарың, маржандарың біліп, оқып, атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра екенің сезінемін. Елбасымыздың керемет сөзі бар «Қазақстанның келешегі қазақ тілінде». Ия, президентіміз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп қазақ тілінде сөйлеу үшін барлық жағдай жасап «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деп ылғи да айтып келе жатыр. Өз тілімізде сөйлеу – басты парызымыз.

«Мемлекеттік тілді менгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы» деп жазылған Қазақстан Республикасы «Тіл туралы Заңында. Әрине, ана тіліміз ұрпақтан ұрпаққа жету керек. «Өз тілімізді ұмыту – бүкіл ата – бабамызды, тарихымызды ұмыту», - деген екен Бауыржан Момышұлы. Меніңше қазақстандықтар мәнкүрт болудан аулақ. Елбасымыз үш тіл деп жатыр. Тіл мамандары «қанша тіл білсен, сонша ұлттың өкілісің» дейді. Ия, біз барлық күшімізді де, ниеттерімізді де, ықыласымызды да ең бірінші өз тілімізге, екінші-орыс және ағылшын тілдерін білуге жұмсасақ деймін.

Ғарыштық жылдамдықпен дамып келе жатқан бүгінгі өркениеттің көшінен қалмау үшін өте білімді болуымыз керек. Қазақстанның болашағы – біздің болашақ. Еліміздің ертеңі үшін еш аянбай еңбек етіп, оқу оқып, білім игеруіміз қажет.

Әдебиеттер

1. Кляшторный С.Г. Древнетюрские рунические памятники. Москва, 1964г.
2. Этнос в лингвистическом аспекте. Южный Казахстан. 2017г.№3
3. Президенттің халыққа жолдауы. Егемен Қазақстан. 2001., №5

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

ӘОЖ 329

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАР САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ

Тажитаева Р.С. с.ғ.к., доцент

Қылышбаев А.Д. саясаттану магистрі

Қуандық Н.Ж. саясаттану магистрі

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент қ.

Резюме

В статье рассматриваются вопросы молодежной политики Республики Казахстан, положение молодежи в стране, перспективы развития. Проанализирована работа по реализации Концепции государственной молодежной политики Республики Казахстан до 2020 года в контексте закона Республики Казахстан "О государственной молодежной политике в Республике Казахстан" от 2015 года, социально-демографические показатели среди молодежи республики. Рассмотрена необходимость системной реализации молодежной политики для достижения главных целей социально-экономического развития и национальной безопасности страны.

Summary

The article is devoted to the consideration of the state youth policy of the Republic of Kazakhstan, the current state of youth, and the prerequisites for Strategic Development. In the context of the law of the Republic of Kazakhstan "on state youth policy in the Republic of Kazakhstan" for 2015 and indicators reflecting the social status of young people, the work on working with young people on the implementation of the concept of state youth policy of the Republic of Kazakhstan until 2020 was analyzed. The need for systematic implementation of youth policy to achieve the main goal of socio-economic development and national security of the country was considered.

Елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуында мемлекеттік жастар саясатының рөлі ерекше. Жастар проблемаларын шешу саласындағы мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі буыны ғана емес, сонымен қатар Қазақстан қауіпсіздігінің кепілі болып табылады. Геосаяси тұрақсыздық, аумақтар, ресурстар, өткізу нарықтары үшін бәсекелестіктің күшеюі, әлемдегі саяси және экономикалық ықпал салаларын қайта бөлу Қазақстан жастарының санасы үшін ақпараттық, рухани тайталастың өсуіне ықпал етеді.

Мемлекеттік жастар саясатының алдында әлемдік қоғамдастықтың табысты болашағы үшін стратегиялық маңызы бар жастардың жаңа бірегейлігін қалыптастырудың технологиялары мен модельдерін әзірлеу туралы мәселе туындайды.

Елдің тиімді әлеуметтік-экономикалық дамуында мемлекеттік жастар саясатының рөлі ерекше. Жастар проблемаларын шешу саласындағы мемлекеттік жастар саясаты әлеуметтік тұрақтылықтың негізгі буыны ғана емес, сонымен қатар Қазақстан қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

В.П.Вехтерев қазіргі жастардың бойында құндылық бағыттарын анықтап, бағыт беруді күрделі міндеттер қатарына жатқыза отырып, дегенменде оны белгілі бір шарттарды орындай отырып жүзеге асыру әбден мүмкін деп санайды, оның айтуынша егерде «тәрбиеге өмірлік сипат берілсе, және одан барлық жасанды, шартты жағдайлар алып тасталынса, әрмен қарай баланы мінезін нашарлататын ортаның ықпалы әсерінен барынша қоғасаңыз» қажетті құндылық бағытын қалыптастырушы ортаның қалыптасуы мүмкін [1].

Бұл ұстаныммен келіспеу қиын, тек қазіргі ақпараттық кеңістік жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақты «қоршаған ортаның нашарлататын әсерінен» қорғау мүмкін емес. Бүгін біз айналамыздағы шындықта ақпараттық соғыстың күшеюін, оның жастардың санасы мен жан дүниесіне теріс әсер етуін көріп те отырмыз, шарасыз қатысушысы да болып жатырмыз. Жастардың қалыптасып үлгермеген, сын-тегеуріндерге қарсы туруға қатпаған, ақ пен қараны әліде ажырата алуға қабілетсіз, тез қабылдағыш жастардың ақыл-ойына мұндай теріс ықпалдардың жалпы барлық оқу орындарының тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде едәуір қиындықтар туғызуда. Нәтижесінде, педагогика мамандары, жастар саясатын жүргізу мекемелерінің отансүйгіштік сезімды қалыптасуы бойынша барлық жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарына қарамастан, әлеуметтік желі, теледидар, БАҚ және басқа да ақпарат көздерінен шығатын негативті ақпарат жастар санасын жаулауда таразының басында басымдық алуда. Сонымен қатар, кейбір саяси және қоғам қайраткерлерінің елге деген теріс көзқарастарымен ықпал жасайды. Қарапайым халықпен салыстырғанда жайлылық пен әл-ауқатта отырған кейбір билік өкілдері, зияткерлік элиталар мемлекетке деген фундаменталды көзқарасты және түзетуді қажет ететін құрылым ретінде қарау пікірлер айтылады. Нәтижесінде мемлекеттік элита ұлттық басымдықтарды анықтауға қабілетсіз, тіпті оларды қорғау алмау жағдайына түседі [2].

Осылайша, мемлекеттік жастар саясатын азаматтық қоғам институттарымен, қоғамдық бірлестіктермен және жастар ұйымдарымен белсенді өзара іс-қимыл негізінде жүзеге асырылатын облыстың инновациялық дамуының қажетті әлеуметтік жағдайларын қалыптастыруды көздейтін мемлекет қызметінің дербес бағыты ретінде қарастырған жөн. Елімізде 09.02.2015 жылғы "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" ҚР Заңы, 27.02.2013 жылғы "Қазақстан 2020: болашаққа жол" 2020 жылға дейінгі жастар саясаты тұжырымдамасы Қазақстан Республикасындағы жастар саясатын жүргізудің негізге алатын заңнамалық құжаттары, сонымен қатар отыздан астам нормативтік-құқықтық актілері бар. Жастар саясатын қалыптастыруда құқықтық база ретінде республиканың ата заңы, Қазақстанның ратификациялаған халықаралық шарттары, халықаралық құқықтың принциптері, нормалары негізге алынады [3].

Өмір мұраттары мен басымдықтарының мазмұнын анықтау мәселесі адамзат тарихында оның алдында етеден-ақ тұр, ол өмірдің мәні туралы

ойлана алатын кез-келген адамды алаңдатады, өйткені «құндылық бағдарлары белгілі бір мақсаттардың қалауы немесе қалаусыздығы критерийлерін белгілейді. Бұл мақсат қою функциясы құндылық бағдарларын адам мінез-құлқының күшті мотивациялық реттегішіне айналдырады [4].

Бұл мәселенің маңыздылығы әлемнің көптеген елдерінде мойындалады. Сондай-ақ, 2020 жылы статистикалық деректерге сай республикадағы жастар саны халықтың 20,2%-ын құрады (14-28 жас арасылғындағы адамдар саны 3 765,4 мың адам). 1999-2010 жылдар аралығында 14-28 жас аралығындағы ҚР халқының саны 628 248 адамға көбейгені анық [5]. Сонымен қатар, 2010-2020 жылдар аралығында керісінше теріс динамика байқалады. Бұл үрдіс 1990 жылдардағы демографиялық құлдырауға байланысты.

Еңбек етуге жарамды жастағы адамдардың халық санындағы жастардың үлес салмағы 2020 жылы 40,1%-ын құрады, осы себепті, Қазақстанның одан әрі дамуы және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін елдің жас тұрғындарын мәдени, саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларына кеңінен тарту қажеттігі туындауда. Мемлекеттік саясат Қазақстанның жас халқының әлеуетін іске асыруды кеңейтуге, дәлірек айтқанда, өмірлік ұстанымды, өзін-өзі жүзеге асыруын, кәсіби іске асырылуын, басқада жастар әлеуеттің ел дамуының игілігіне арналған бағыттарын таңдауға мүмкіндік беру қажет. Осы мақсаттарға жету мемлекеттік саясат, билік пен басқарудың барлық деңгейлерінің тарапынан жас ұрпақтың әлеуметтік, мәдени, рухани және физикалық дамуына ҚР-да жәрдемдесусіз жүзеге асырыла алмайды [6]. Өткен 2020 жылы ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі «Қазақстан 2020: болашаққа жол» тұжырымдамасының қызметі ресми түрде аяқталды. Аталған құжаттың мақсаты жастарды табысты әлеуметтендіруге, жастардың әлеуетін ел мен қоғамның дамуы үшін пайдалануға арналған мемлекет саясатының тиімді бағдарламасы еді. Өз кезегінде, бұл үшін жастардың азаматтық және патриоттық өзін-өзі танытуын ынталандыруды және т.б. қоса алғанда, 10 негізгі бағыт шеңберінде шаралар кешенін қабылдау ұсынылды.

Осы Тұжырымдаманың қаншалықты іске асырылғанын және қазіргі кезде мемлекеттік жастар саясатының қандай жағдайда екенін түсіну үшін байыпты зерттеу жүргізу қажет. Бұл жастар жылы деп жарияланған 2019 жылы жасалуы керек еді. Алайда, сол жылы жүзеге асырылған президенттік билік транзиті және елдің саяси өміріндегі онымен байланысты оқиғалар іс жүзінде жастар тақырыбын екінші жоспарға шығарды. Мемлекеттік билік пен басқару жүйесінде кадрларды біртіндеп жаңарту мүддесінде Президенттік жастар кадр резерві қалыптастырылып, кейіннен 300 резервшінің 166-сы жұмысқа орналастырылды.

2020 жылдың басында 14-28 жас аралығындағы жас қазақстандықтар 3,7 млн. астам адамды немесе ел халқының жалпы санының 20,2%-ын құрады. Бірақ қазіргі уақытта олардың саны аз болғанына қарамастан, дәл осы

адамдар ел болашағының негізі болып табылады. Ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстанның тәуелсіздік жылдары елімізде 8 миллионнан астам адам дүниеге келді. Сондықтан, жасы үлкен адамдарға қарағанда, тиісті ұрпақтардың республика дамуының әртүрлі мәселелері бойынша сапалы түрде өзгеше көзқарастары, идеялары мен күн тәртібі болады деп күту керек.

Жастардың белгілі әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларын және әртүрлі жағдайларда оның өкілдерінің алдын-ала болжанбайтын мінез-құлқын ескере отырып, мемлекет жастар саясатын жүзеге асыруда негізгі тәсілдері мен тетіктерін айтарлықтай жақсартқан жөн. Қазіргі кезде бірінші кезекте жастардың өзіне, сондай-ақ жүргізіліп жатқан мемлекеттік жастар саясатына қатысты қазіргі заманғы идеялар мен тәсілдердің ескірген және өзін ақтамайтын көзқарастарынан бас тарту маңызды.

Қазақстанның мемлекеттік жастар саясатының күші мен нәтижелілігі мемлекеттің әкімшілік және қаржылық ресурстарында емес, олар үшін және бүкіл қоғам үшін аса маңызды мәселелерді шешу бойынша жас азаматтардың өздерінің белсенді және өнімді қызметінде болатын сияқты. Әрине, мемлекет пен оның органдары жастардың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуді қоса алғанда, әлеуметтік сипаттағы түрлі мәселелер үшін жауапкершілікті де сақтайды. Бірақ басты назар жастар өкілдерінің білім деңгейін арттыруға және қатысуына жәрдемдесуге аударылуы тиіс. Өз кезегінде, бұл үшін жастар мен мүдделі мемлекеттік органдар арасында тұрақты сындарлы диалог орнату және қолдау маңызды.

Әдебиеттер

1. В.П.Вахтерев Избранные педагогические сочинения. М., 1987
2. Психология менеджмента//под ред. Никифоров Г.С. Харьков, 2009.
3. Закон РК «О государственной молодежной политике». 9.02.2015 г., № 285-V
4. Р.Инглхарт, К.Вельцель Модернизация, культурные изменения и демократия. М., 2011.
5. «Қазақстан 2020: болашаққа жол». ҚР мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы туралы. 27.02.2013 ж.. №191// <https://adilet.zan.kz>
6. Социальная активность молодежи Казахстана в современных социально-политических реалиях/под ред. Шаукенова З.К. Алматы, 2014.
7. Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Жолдау. 17.01.2014 ж.// <https://adilet.zan.kz>

ӘОЖ: 327

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Қуандық Н.Ж. магистр, аға оқытушы, Жаппарбекова А.Т. магистр, оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

*В данной статье рассматриваются функции и задачи Ассамблеи народа
Казахстана в сфере межнациональных отношений*

Summary

This article discusses the functions and tasks of the Assembly of People of Kazakhstan in the field of interethnic relations

Қазақстанда бүгінгі күні 120 ұлттың 2722,7 мыңнан аса өкілдері тұрады. Мығым орнап келе жатқан халықтар достығы әрбір Қазақстандық үшін-қауіпсіздік кепілі. Ұлтаралық татулықты қалыптастырып отырған Қазақстан жеріндегі әрбір ұлт өзін толық бақытты сезінуі керек. Өйткені, осы бір мазасыздау уақытта қазақ жері олар үшін тыныштық аралы болып отыр. Олардың әрқайсысы ұрпақ өсіріп, тілі мен мәдениетін, өз ұлтының өнерін, салт-дәстүрін үйреніп, сақтап, оны жаңартып, өркендетуге және әрбір ұлт адамы үшін ең басты нәрсе - қауіпсіздіктің сақталуына кепілдік бар [1].

Ассамблеяның міндеті, ең алдымен, көпұлтты еліміздегі бейбітшілік пен татулыққа қолдау көрсету болып табылады. Ассамблея ұлтаралық қатынастарды саясиландырып жібермеуде шешуші рөл атқаруға тиіс. Ассамблеяның негізгі міндетінің өзі де оқиғаларға кезекші ретінде қарап қалмай, ұлтаралық қатынастардың саяси проблемаға айналып кетпеуі үшін алдын алу шаралары мен ұсыныстар жүйесін алу саясатын есте ұстаған дұрыс. Қазақстан халқы Ассамблеясының Кеңесімен бірлесіп ұлтаралық қатынастардағы ахуалдың үздік-создық емес, нақтылы, жүйелі мониторингін жасау қамына кірісу қажет, әрі небір өткір мәселелерді бұқпантайламай ашықтан-ашық бұқпесіз қоюымыз керек. Ұлтаралық қатынастар кәсіби ғылымдық тұрғыдан саралауды талап етеді. Ассамблеяның Кеңесінде әзірлеп талқылайтын тақырып көптен бері пісіп жетілді. Ассамблеяның іс-қимылының 2-3 жылға арналған орта мерзімді жоспары болуға тиіс, онда ұлтаралық қатынастарды саясиландырудың алдын-алу мен сақтандыру мәселелері жөніндегі саяси, ақпараттық, зерттеушілік іс-шаралар атап көрсетілуі керек. Осындай тұрғыда әзірленгеннен кейін оны ел Үкіметі қарап, тиісті шаралар қабылдауы керек.

Ұлтаралық қатынастар саласында кейбір нақты проблемалар және оларды шешуде маңызды екі жағдайды атап өтуге болады. *Біріншіден:* Қазақстанның көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан барлық халықтардың ұлттық мәдени құндылықтарын сақтау өте маңызды міндет. Олардың әрқайсысының өз түп-тамыры, бағалауға тиесілі өткенінің бай тарихы, ұлы бабалары бар. *Екіншіден:* Қазақстанның тек көп ұлты ғана емес, сонымен бірге көп дінді мемлекет екенінің де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, дүниежүзілік басқа діндердің өкілдері де өмір сүреді.

Бұл қоғамда тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені барлық діндердің негізінде имандылық принциптері - адамға деген сүйіспеншілік, теріс қылықтарды айыптап, жолдан тайғандарға кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатады. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық дінге сенушілер бірдей тең, иманды және бейбітшілік сүйгіш жандар[2].

Ассамблея біздің одағымыздың, бірлігіміздің негізгі ұйытқысы, қатарымызды топтастырып, нығайта түсетін ең басты күш болып табылады. Ассамблея халықтарды топтастыратын бірлікке ғана емес, сонымен қатар қазақтардың өздерінің ұлттық мәдениетін дамытуға да күшті ықпал ететін болуы керек. Мұның өзі Ассамблеяның бүкіл пәлсафасы мен тұжырымдамасында ең бірінші орында тұратын қағида. Қазақ халқына, оның тарихына, мәдениетіне, діліне, мемлекеттік мәртебесі бар тіліне - деген сый құрмет пен сүйіспеншілік Ассамблеяның күнделікті қызметінің алтын арқауына айналуы тиіс[3].

Мәдени - ағарту қоғамдарының, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен кеңінен ынтымақтастық орнату қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге; Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға; ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге; бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға; ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі. Сондай-ақ, білім беру мен денсаулықты сақтауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет.

Мәдениет бұл - өмірді тазарту мен түрлендірудің негізі. Мәдениеттің марқаюынсыз ешқандай да өсу және мәдениеттің күдіретін біліп-сезінбейінше гүлдену болу мүмкін емес. Мәдениетсіз келісім мен өзара түсіністік те болмайды. Мәдениет қайда болса, ынтымақ та сонда. Мәдениет болған жерде қиын әлеуметтік проблемалар да шешімін таппақ. Адам шығармашылығындағы шабыт шалқарлығы да мәдениеттен өзек тартады. Біз өз еліміздегі мәдени ағартушылық пен тәрбиенің аса маңызды деген барлық ошағын сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін істеуіміз керек. Өйткені, мәдениет өзінің сиқырлы болмысымен халықтың, ұлттың дара қасиетін дамытады, мемлекеттің берік іргетасы, үлкен ынтымаққа бастар күш болып табылады.

Қандай тарихи кезең болмасын, өзіндік бір бет бейнесін танытатын басым идеологиялық парадигмасы (сарыны) болады. Парадигма ұғымын қолданысқа енгізген американдық философ Томас Кунның айтуынша, «*парадигма – ғылыми қауымдастық қабылдаған ғылыми дәстүрдің өмір сүруін қамтамасыз ететін сенімдер, құндылықтар және техникалық дәстүрлер жиынтығы*» [1, 16 б.]. Парадигма әрбір кезеңнің ментальдық өзегін білдіреді. ХХІ ғасырдың парадигмалық идеясы – жаһандану. Жаһандану мәселесі қазіргі әлеуметтік әлемнің маңызды, өзекті мәселесі. *Жаһанданудың мынадай қайшылықтары бар:* а) Жаһандану барлық адамзатқа ортақ көкейтесті мәселелерді (экологиялық жағдайларды, соғыстарды, атомдық ядролық қауіптерді және т.с.с) бірігіп шешу жолына бағыттайды. Сөйтіп, адамзаттық мәдениет пен өркениеттің ағымына кіру мүмкіншілігін анықтайды; ә) Жаһандану кезінде басқалардың ішінде ыдырап кетуі, өзіндік Менін жоғалтуы, өзімен өзі болу мүмкіншілігінің жоғалуы, қоғамның бұқаралық деңгейге ауысуы мен өзіндік ұлттық ерекшеліктің жоғалуына алып келуі мүмкін. Сөйтіп, қоғамдағы бұқаралық сананың белең алуына ыңғайлар туғызады. *Ол несімен қауіпті?* Бұқаралық сананың белең алуы ол қандай да болмасын ерекшелікті жойып жібереді, ешқандай шекараны қалдырмайды, қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін де ажыратпайды. Өйткені, ол барлығын бір өлшемге салады. Бұл феномен қоғамның, мәдениеттің, адамның барлық өмірлік салаларына ене отырып, оның өмір сүру тәсілін анықтай бастайды. Оған дәлел, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жолдауларының бірінде, еліміздің өткенін саралап, болашағына бағыт-бағдар беретін *жаңа жаһандық нақтылықтағы жаңғырудың Қазақстандық үлгісін* жасап берген болатын. Мұнда, еліміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін еселеп, тұғырын биіктетуді мақсат етіп, жаңа бастамаларға жол ашқан еді.

Жаһандану үрдісінде адамның өзіндік ерекшелігі, даралығы жоғалып кетеді. Саясаттың немесе мақсаты бұлыңғыр қоғамның (социумның) манипуляторына айналады. Осы жағын ескерген Елбасымыз, Қазақстанның дамуы үшін бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңыздылығына тоқталып, бәсекелестік арқылы кез келген мемлекет жаңа индустрияландырудың жаһандық үдерісіне қосыла алатындығын шегелеп айта білді. Соның негізінде, өндірісте жаңа технология іске қосылып, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өту барысында, білім беруде өзіміздің озық жүйемізді құруға қол жеткізіп, заман талабына сай білім алып, өзгерістерге үнемі бейім болу, жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытып, білім берудің жаңа сапасын арттыру мен үш тілділік мәселесі – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Сонымен, қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті

күшейте түсуде. Ақпараттық-коммуникациялық технология келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты болуына, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашылып, әлемдік өркениеттік кеңістікте Қазақстан жаһандану жағдайына еніп келеді. Бұл үрдісте Батыс өркениеті әзірше басымдылық танытып отыр. Дегенмен, философияда өркениеттер бір-бірін «жекпе-жекке» шақырады деген көзқарас бар. Ескіні жоқтап, заман талабына сай іс-қимыл жасамай, өзгеден үйренуге талпынбай, құр ұлттық «Менін» (ұлттық нәпсісін) дәріптей берсе, елді мәдени-рухани тоқырауға апарары сөзсіз. Яғни, «жекпе-жекпен» қашып, өз үңгіріне барып тығыла берсе, тарихи тағдырын өз қолына алып жігерленбесе, өзін-өзі «қамшылап» дамытпаса, онда, ұлттың болашағы болмайды. Ұлттық мәдениет трансформацияға ұшырағанда *дара тұлғалардың рөлі* (данышпандардың) күрт өседі. Олар әуелі өз менталитетін жетілдіріп, сосын халыққа Үндеу салады. Алайда, консервативтік топтар оларға қарсы шығып жатады. Кейде, халық жаңа өмір салтын жақтаған адамдарға күдікпен қарайды. Осындай шешуші арпалыс кезінде халық өзіне *шын жол* көрсетіп отырған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев пен Президентіміз Қ.-Ж.К.Тоқаевтың Жолдауларын тани білуіміз, қастерлеуіміз қажет. Сонда, Біз өтпелі кезеңнен сүрінбей өтіп, мұратымызға жетеміз.

XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеді және Батыс суфизмді өзіне «ашты». Батыс дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («көпшілік мәдениеті») зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Осының барлығын ескере отырып белгілі қазақ философы, академик Ғ.Есім мынаны ашып айтты: *«американдану», «европалану» біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсауға болмайды. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Бүгін, XIX ғасырдың рационалист-ағартушылары сияқты ойлауға болмайды. Біздің дәстүршілдігіміз, руханилығымыз, мұсылмандығымыз, шығыстығымыз олардан күшті»* [3, 3 б.] – деді. Яғни, жаппай вестеризация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған болмақ. XXI ғасыр ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайдағы шығармашылық ізденіс болып табылады. Біздің бүгінгі ұстанған бағытымыз – бүкіл аймақтық мәдени-әлеуметтік-саяси трансформация процестеріне ілгері басушылық, гүлдену әкелері сөзсіз. Рухани кеңістікті құрайтын элементтердің (ұлттық философия мен әдебиет, мәдениет пен оның түрлері) қоғамдық өмірге тигізетін әсері, қоғамдық сананы белгілеудегі алатын орны ерекше. Қазіргі кезде адами мәселелерге түбегейлі, жаңаша қарауға мүмкіндіктер туды. Оған дәлел, рухани келісімнің рухани жаңғырудың дара жолы болып отырғандығы. Өзара қауымдастық, достық, береке болған елде ғана асқаралы

істер жүзеге асырылып, биік белестерді бағындыра алмақ. Бүгінде, қоғамның рухани өміріндегі құндылықтардың өзіндік келбеті мен сипаты көп өзгерді. Қоғамдық тарихи процестегі болып жатқан әртүрлі жағдайларды, Елбасымыз бен Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауларымен байланыстырмай терең түсіндіру мен түсіну мүмкін емес. Олардың еңбектері мемлекетіміздің моделі. *Модель дегеніміз, белгілі бір зерттелетін нысанның ой түсінігі арқылы берілген үлгі.* Сондықтан, Елбасымыздың көптеген еңбектері шетел тілдеріне аударылып, «*Назарбаев моделі*» атымен үлгі болуда. «Назарбаев моделі» атты кітап – осы модельдің негізгі бағыттары мен негізгі жетістіктері қандай деген сұрақтарға жауап береді. Бұл модель арқылы тек қана ғалымдар емес, барлық Қазақстандықтар осы модельдің негізгі принциптерін зерделеуде.

Қазір, Батыс елдері үлкен дағдарыста. Бала туу деңгейі төмен 20 ұлттың 18-і – европалықтар. Европадағы бала туудың орташа деңгейі соңғы кездері 1,5 адамға дейін түскен. Нәтижесінде, Европа құруға қарқынды түрде бет алып барады. 2000-2050 жылдар аралығында жер бетіндегі халықтың саны 3,5 миллиардқа өсетін көрінеді. Алайда, бұл өсім тек Азия, Африка және Латын Америка елдерінің есебінен болады. 1960-70 жылдары европалықтар әлем халқының ширегін құраса, 2000 жылы 6/1, ал, 2050 жылы 10/1 құрайды екен. Яғни, батыс кеміп барады. Дәл осы секілді көрініс Құрама Штаттардан да байқалады. Бұған қоса, 2016 жылдың қараша айында Дональд Трамп президенттік ант қабылдағанда, Құрама Штаттарда 30 млн. иммигрант болған. Ал, 2020 жылы Джо Байден таққа отырған кезде американдықтардың саны 50 млн. артқан [3, 16 б.]. Осы мәліметке қарап, *қазіргі вестернизацияның мынадай қиындықтары жүріп жатқанын байқауға болады:* а) руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу; ә) эскапистік (ағыл.тіл. *escapist* – *қашу*), дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі; б) нонконформизм, конформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі; в) рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі; г) стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну. Осы аталған қиындықтардан бұқаралық сана мен тобырлық қоғам мәселесінің өзектілігі туындайды.

«*Ақылды адам*» түсінігі бұқаралық ортада, тобырлық қоғамда өз мәніне сәйкес келмейді, өйткені, тобырды басқаратын сезім, тобырлық инстинкт, иррационалдык. Тобырлық қоғам көптеген индивидтердің сапасыз жиынтығын құрайды. Мұндай жағдайда ешкім жауапкершілікте болмайды. Өз еркімен еркіндіктің тізгінін басқаға беріп қойып, соқыр еліктеумен, біреудің басшылығымен жүре берген әлдеқайда ыңғайлы. Осы өлшеммен-ақ, жеке адамның маңыздылығын жоғалтпайды, ол бір ұлттың ерекшелігін жойып жіберіп, жалпылыққа салып жібереді. Бүгінгі күнде жаһанданудың өз мәнін жоғалтып батыстандыруға, нақтырақ айтсақ, «америкаландыруға» айналдыру бұқаралық сана жайлаған қоғамда өте оңай жүреді. Өйткені, шешімді өзіндік қабылдаудан гөрі, біреуге тізгінді беріп қойған немесе бар

шешімді қайталаған ыңғайлы, бұл біздің қоғамда (*білім саласында, мәдениет саласында (өнерде, теледидарлық бағдарламаларда, киноиндустрияда), саясатта, экономикада*) айқын көрініс табуда.

Қазіргі қоғам ақпараттық қоғам деп бағаланады. Кімнің қолында ақпарат алу немесе беру мүмкіншіліктері бар болса, сол күшті. Ақпарат құралдары ол билік күшін тек нығайтады. *Ақпаратты игерген адам, әлемді игереді* дегенмен бірдей. Ақпарат игілікті білімді дамыта ма, ақиқат па әлде ақиқат емес пе ол аса маңызды емес. Ол барған сайын адамның сыни, рационалды (ақылмен) ойлауын жоққа шығарып, адамдарды дөрекілікке, қарабайырлыққа, ойлауды қажет етпейтін нәрселерге алып келетіндігі анық. Оған дәлел, бүгінгі ақпарат құралдарындағы пікірлер (комментарии). Материалдық игіліктерді игеру бірінші орында тұрған қоғам үшін БАҚ-да жазылып жатқан комментарийлер аса маңызды емес болып көруі мүмкін. Бұқаралық қоғамда білімнің бұрынғы сакралды міндеттері өзгеріп, оның әлеуметтік құндылығы, дәрежесі мен формасы өз мәнін жоғалтқанын көріп отырмыз. Жағымсыз, сауатсыз жазылған комментарийлер ақпарат алумен сабақтасып кетті. Шындығында, шынайы білім кітап оқудан басталады. Ол атадан балаға, бір кезеңнең екінші кезеңге өтіп жатқан құндылықтарды қажетті деп сіндіретін және жеткізетін киелі құрал болып табылады. Алайда, бүгінгі күнде кітап оқу актуалды болмай қалды. Кітаптың орнын, уақытты үнемдейтін және жеткілікті, дайын түрінде жеткізіп беретін ақпарат құралдары басты. Әрине, оларды мүлдем жоққа шығаруға болмайды, алайда, одан алатын білімді абсолюттеуге де болмайды. Мәселе – ақпараттық құралдарды терістеу емес, мақсат – адамдарға өзіндік болмыстықты жеткізу. Қандай да болсын алынған ақпаратқа ақыл-парасатпен сыни көзқарас танытуымыз қажет, яғни, ақпарат құралдарын біреулердің мүмкіншілігіне айналдыратын құрал ретінде емес, адамзаттың игілігіне жұмыс жасайтын құрал ретінде қарауымыз қажет. Тобыр классикалық әдебиеттерді оқып басын қатырғысы келмейді, керісінше, тиражы көп шығатын, біріне бірі ұқсас детективтер мен әншілердің өмірі туралы оқу ыңғайлы. Ол көп рационалды ойлауды қажет етпейді, демек, ойлау жүйелерін тежейді, сонымен қатар, тілдің жұтаңдығына алып келеді. Бүгінгі күннің адамы үшін ақпарат құралдары ол ең алдымен зымырап жатқан, тез өзгеріске түсетін, құндылықтық ерекшелігі орнығып үлгермейтін оқиғалар мен жағдайлардан тыс қалып қалмау мүмкіншілігі. Ақпарат құралдарын «төртінші билік» деп атау арқылы олар өздерінің саяси мәнін, саяси мақсаттылығын, билікте болғысы келетіндігін жасырмайды. Өйткені, ақпарат құралдары қандай да болмасын саяси мүддені көздейді. Мәселен, кейбір журналистер ел алдында жүрген адамдардың жеке өмірі жоқ екендігін естеріне түсіріп, адамдардың жеке өмірін жарияға жар салуы арқылы өз болмысын анықтап жатады. Бұл қандай құндылықтарды қалыптастыратындығы жайында ойлануы керек. Егер, кітапта адамның пікір қалыптастыруының, бағалау мүмкіншілігінің еркіндігі болатын болса, журналист оның бәрін алдын ала жоспарлап қойған, яғни, газет немесе интернет оқырманында таңдау мүмкіншілігі жоқ. Оған

ойланудың қажеті де жоқ, бағыт баяғыда анықталған. Бұқаралық ақпарат құралдарының билеу жолы мемлекеттік саясатқа қарағанда икемді, әрі жұмсақ. Оқырманға өз позициясын анықтауға таңдау бергені сияқты, бірақ, ол таңдау алдын ала анықталған, ол жасырын түрде бұқаралық сананы манипуляциялап отырады. Адамға бұқаралық сананың белсенді әсер етуі оның болмысын анықтауға, осы дүниедегі орнын айқындауға мүмкіншілік беретіндей болып көрінеді, алайда, бұл жасанды мифтік әлемде, өзі сияқтылардың арасында өз-өзін табу ол үшін қиындыққа түседі. Бұқаралық ақпарат құралдарының қолында сананы жетілдіруге де, уландыруға да мүмкіншіліктері бар. Оның барлығы бірдей көре алатындығы, теледидар арқылы зорлық-зомбылық, адам өлтіру, алдау-арбау, наркоманияны жасырын түрде насихаттау болып табылады. Ол тек ересектерге арналған кино, бағдарламаларда ғана емес, сонымен қатар, бұл тенденция қалыптасып келе жатқан баланың санасына әсер ететін мультфильмдердің өзінен де байқалады. Бұл бұқаралық сананың көрінісі. Бұқаралық қоғамның өмір сүру тәсілінің бірі ол – еліктеушілік. Еліктеу арқылы тобыр өзін бір тұтастықта екендігін сезінеді. Еліктеу саналы түрде қабылдануы мүмкін, бейсаналы түрде де енуі мүмкін. Бейсаналық еліктеу мәдениеттің тұтастығы деп жария еткен жаһандану үрдісімен келе жатқан әуен, музыка, өнер түрлері, саясат, экономика, дін арқылы жүзеге асырылып отырады. Саналы түрде еліктеу болмаса да, басқа елдің мәдениетін, тілін, дінін, музыкасын қалайша идеалға айналдырып жібергенін көп жағдайда байқамай да қалады. Ал, саналы еліктеу көбінесе белгілі бір саяси-экономикалық мақсаттарды көздеу барысында болады. Жаһандық үрдісімен келіп жатқан батыстандыру бұқаралық әлсіз қоғамда өз ойын тез, әрі ұтымды жүзеге асырады. Өйткені, еліктегіш болмыс, тез сенгіштік және өз тарихыңды бағаламау өзіндік ұлттық ерекшеліктен айыруға барынша мүмкіндік туғызады. Өткені жоқ, болашағы бұлыңғыр адамды (мәңгүртті) қалыптастырып шығарады. Сол себептен, мәдениеттер арасындағы сұхбатты жүргізе отырып, өзіміздің тарихи-мәдени мұраларымызды тек сақтап қана қоймай, құндылық ретінде *ұлттық мұратқа* айналдыруымыз қажет. Ғылым да, саясат та, дін де, бұқаралық ақпарат құралдары да қазақ қоғамының игілігіне, ұлттық сана сезімді, ұлттық рухты көтеруге қызмет етсе нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Кун Т. Структура научных революций. -Москва, издательство АСТ, 2019. -С.616.
2. Есім Ғ. Жаңаша ойлау символы / Егемен Қазақстан. 2020. -16 қазан.
3. Бьюкенен П.Дж. Смерть запада. -Москва, издательство АСТ, 2021. -С.444.

ЖАСТАР САЯСАТЫ МЕН САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

**Өтегенов Б.Д. аға оқытушы,
Еркінбекова Ә.С. аға оқытушы**

Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются проблемы преемственности молодежной политики и политической культуры, в том числе процесс формирования и реализации молодежной политики в Казахстане.

Summary

The article examines the problems of the continuity of youth policy and political culture, including the process of formation and implementation of youth policy in Kazakhstan.

Тәуелсіз мемлекеттің дербес саясатының бірі - жастар саясаты. Өйткені жастар - тәуелсіз елдің қуаты, қозғаушы күші.

Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі - ел жастарының сапалы білім мен тәлім-тәрбие алып, адамгершілігі мол, салауатты, толыққанды, кемелденіп өсуі. Мұны кезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев та жастарға ерекше сенім арта отырып, ел жастарына жағдай жасауға баса назар аударды. Ел Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында да бұл мәселе басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылады.

Жастар - ел ертеңінің арқа сүйер болашағы. Қандай жағдайда болмасын жастардың бастауында ел ісіне, толеранттылыққа деген белсенділік, бастамашылдық, еріктіліктің болуы елдің прогрессивті түрде өсуінің жалпы адамзаттық дамудан қалмай өркендеуінің нақты көрінісі бола отырып, қоғам дамуының өзекті мәселесі ретінде орын алуы түсінікті нәрсе.

Қазақстан жастары елдегі қоғамдық-саяси үдерістерге араласуы, кезек күттірмейтін мәселелердің түйінін тарқатып шешуде өзіндік ой-пікірлері мен толеранттылық сезімін білдіруі де лайықты дәстүрге айналып отыр.

Жастар мәселесін зерттеудегі мәселелер - олардың әлеуметтік экономикалық жағдайы, олардың заманауи тұрғыдағы ерекшелігі, олардың саяси көзқарастары мен оған ықпал ету мүмкіндігі, жұмыссыздық мәселесі, билік орындарының жастар саясатын қолдауы. Сондықтан да жастар мәселесінде олардың саяси мәдениетін қалыптастыру мәселесі назар аударатын өзекті мәселе.

Саяси мәдениет жастардың жан-жақты өсуінің, заманға сай өсуінің кепілі. Ол жеке адамның саяси өмірді дұрыс қалыптастырудағы рөлін, елдегі қоғамдық топтардың саяси санасы мен қоғамдық өмірдегі қандай да болсын саяси жағдайда өзін-өзі ұстай білу ерекшеліктерін, мемлекеттегі өмір сүріп тұрған құрылыстың, саяси жүйенің сын-сипатын, өзгерісін, өрістеуін, саяси үдерістің бағыт-бағдарын толеранттылық тұрғысында дұрыс түсінуге мүмкіндік береді.

«Саяси мәдениет» түсінігін Платон, Аристотель, Еуропада Н.Макиавелли, Ф.Бэкон, Ш.Монтескье т.б. қолданған. Олар елдегі бүкіл салт-дәстүрде тәрбиеленіп, әлеуметтік, саяси көзқарасы бар адамдардың кездесетін біртұтас жағдайларда түрліше сезініп, оған әр алуан жауап беретіндігі неліктен? деген сұрақтарға жауап іздеген.

Жаңа дәуірде М.Вебер, Э.Дюркгейм, Т.Парсонс секілді батыс саясаттанушылары мен әлеуметтанушылары бұл мәселеге елеулі үлес қосты. «Саяси мәдениет» категориясын ғылымда алғаш қолданған, оны әдеби тұрғыда енгізген XVIII ғ. неміс ағартушысы, философ И.Гердер болды. Ол саяси мәдениетті өкімет пен азаматтардың өзара қатынастарының барысында тарихи қалыптасқан саяси нұсқаулар, қазыналар, адамның өзін-өзі ұстай білуі т.б. туралы жарлық, қаулылар жүйесін айтады.

Саяси мәдениет елдің қоғамдық өмірінің барлық салаларын қамти отырып, өзіне ең алдымен саяси сана мәдениеті, жеке адамдардың, топтардың, әр түрлі таптардың, ұлттардың өзін-өзі мәдени танып білуі, осы жүйе аясында жұмыс жасайтын саяси мекемелердің мәдениетін кірістіреді. Бұған қоса, саяси мәдениет адамның белсенді саяси өмірге дайындық дәрежесін де білдіреді.

Саяси мәдениет адамның саяси өмірде еркін іс-әрекет жасауына да көмектеседі. Қазіргі пандемия кезінде ел жастарының, студенттердің волонтерлық жұмысы соған дәлел бола алады. Олар көмекке мұқтаж жандарға әлеуметтік көмек беріп, дәрі-дәрмек жеткізуде азаматтық қоғаммен жұмыс жасап, қиындықта өздерінің саяси ұстанымдарын көрсете білді.

Қоғамда адам еркін іс-әрекет жасауға үйреніп, осы арқылы теріс қиындықтарға ұрынбай, елдегі және саяси әлемдегі саяси өмірдің әр алуан оқиғаларына өзінің жеке қатынасын төзімділікпен анықтап араласып, оның белсенді атқарушысы, субъектісі бола алады. Дүниетанымдық белсенділік те жеке адамның саяси мәдениеті үшін айқындаушы рөл атқарады. Олай дейтініміз, мұнда топтық, жалпыхалықтық мүдделер айрықша көрініс бере отырып, нәтижесінде жеке адамның қоғамдық, толерантты саяси ұстанымы қалыптасады.

Қазақ жастарында саяси мәдениеттің қаншалықты деңгейде дамуда дегенге келсек - ол заман талабынан туатын үрдіс.

Қай елде болмасын жастар – қоғамның ең белсенді, ірі әлеуметтік-демографиялық тобын құрайды. Оларға әр алуан саяси мәселедегі орын алған саяси күштердің қалыптасуы мен ықпал етуі тиесілі болса - жастар электораттың ең ұтқыр да белсенді бөлігі бола отырып, оның дамуын да, дауыс беруін де, саяси тұрақсыздық мәселесінде негізгі фактор болып табылатыны шындық.

Жастар қауымының саясаттағы ерекше жақтары-оның даму үдерісіндегі әлеуметтенуі болып табылады. Бұл «Психология, Социология, Политология» журналында Абай А. пікірлерінде жан-жақты өз көрінісін таба алған [1].

Жастардың саяси мәдениетін қалыптастыру - бүгінде өзекті мәселеге айналуда. Өз бойында саяси мәдениеті қалыптасқан жастар өз елінің

болашағы, ертеңі. Біздің мәдениетіміз - елдің ішкі және сыртқы саясатына толеранттылық тұрғысында үлес қосатын жас буынды тәрбиелеу. Жалпылама түрде жастарды олардың саясатқа идеалистік қатынасы, саяси белсенділігі және де заңсыз түрде атқаратын іс-әрекеттерге қарсы келуі біріктіреді.

Кейінгі кездерде саяси мәдениеттің маңыздылығын зерттеу ерекше жоғарылағанын байқауға болады. Оны тоталитарлық және авторитарлық, демократиялық саяси-қоғамдық жүйеге айналуынан да көруге болады.

Саяси мәдениет қоғамда демократиялық қағидалардың орындалуына әсер етсе, оның бастысы, ең негізгісі - демократияға көшу мәселесі, яғни плюрализмдік қағидаға негізделген, көппартиялылық, адам бостандығы, толеранттылығы, жеке адамның құқығының жеке дара түрде қорғалуына кепілдік беру, азаматтық қоғамның дамуына үлес қосу. Бұл жастардың әлеуметтенуі мәселесінде ерекше түрде аталып өтіледі және оған заманауи тұрғыда баға беріледі [2].

Қазақстандық қоғам өмірінде демократияландыру үдерісі заманға сай даму үстіндегі жастар қауымынан, студенттерден қарқынды қозғалыс үстіндегі әлеуметтік топты құрай отырып, демократиялық қоғамда өзінің іс-әрекетімен бәсекеге қабілеттілігін айқындауда, оның саяси мәдениетінің даму деңгейінің ықпалдылығы, толеранттылығы негізгі рөл атқарады. Қазіргі кезде саяси мәдениетті зерттеудегі өзектілік - жастардың ел саясатының дамуына қатысты көзқарастарынан да байқауға болады. Өйткені осыған дейін жастар тәрбиесінде жастардың саясатының дамуына деген, саясатқа араласу мәселесі енжар түрде жүргізіліп келгені шындық. Қазіргі кезде бұл мәселеде көптеген ілгерілеушілік орын алған. Бұрын студент жоғары оқу орынында ғана белгілі бір іс-шараға қатысып, өзінің саяси белсенділігін арттыра алатын еді, ал қазір бұл көзқарастың жағымды түрде өзгергені айқын.

Қазақстан өзінің егемендігін алған кезде жастардың саяси белсенділігі төмендеп, қоғамда басқаша пікір қалыптасқан болатын. Сонда да саяси тәртіп, саяси мәдениет, толеранттылық мәселелері өзекті болып қала береді. Өйткені, елдің дамуы мен оның болашағының дамуында жастар негізгі рөл атқаратынын Елбасы Н.Ә.Назарбаев Жолдауларында айтып отырады [3].

Қай өңір болмасын жалпы тұрғындар санының үштен бір бөлігін жастар қауымы құрайды. Елде жастардың құқығын қорғап, мүдделерін өсіріп, оларға жан-жақты жағдай жасау (үй мәселесі, жұмыспен қамту т.б.) мәселесі толыққанды түрде шешілмеген, яғни жастар саясаты әлі жетілдіруді қажет етеді. Кейінгі кезде «Жасыл Ел», «Студенттер құрылыс жасағы» сияқты бірлестіктерге жастардың белсенділігі төмендегені байқалауда.

«Дипломмен-ауылға» жобасын одан әрі нығайту үшін барлық жерде оларды қолдау шараларын, басқа да ынталандыру мүмкіндіктерін қарастыру қажет. «Студенттер Аллеясы», «Жастар салауатты өмір үшін», «Жас ғалымдар» т.б. ұйымдар мен бірлестіктер белсенді жұмыс атқаруда.

Бұлардың мақсаты - жастардың, жас ғалымдардың кәсіби белсенділігін арттыру, олардың әлеуметтік, экономикалық, инновациялық дамуы мен білім беру сапасының, өнер мен мәдениеттің қарқынды дамуына жас ғалымдар мен мамандардың өндірістегі, аймақаралық, халықаралық ынтымақтастықты, толеранттылықты нығайтуға қосатын үлесін арттыру болып табылады.

Бірақ оңтайлы шешімін тапқан істер де баршылық. Өнер саласы, спорттық жарыстарда көш басында жүрген жастар ел намысын қорғап, елдің туын желбіретіп, асқақтатқан жастар да мақтанышымыз болып табылады.

Жастардың саяси мәдениетін, толеранттылығын дамыту барысында елде атқарылып жатқан іс-шаралар мен жұмыстар ел жастарының саясатқа деген белсенділігін арттыруға зор мүмкіндіктер береді.

Қазіргі жаһандану үдерісінде жастардың саясатқа деген көзқарасы, болашаққа деген үміті, қызығушылығы, өзіндік саяси мәдениеті, қоғам дамуында жан-жақты толыққанды толерантты түрде қалыптасқандығы өз тетігін тауып жатқандығы да қуанышты жағдай. Әлеуметтік таптың жастар арасындағы саяси мәдениетті, толеранттылықты зерттеудегі әлеуметтік белсенділігінен де байқалады. Осы тұрғыда саяси мәдениеттің үдерістерінің қарқын алуы анық байқалып, ерекшелене түсуде.

Саяси мәдениеттің жалпы мазмұнында оның кешенді сана-сезімі мен саяси саладағы өзіндік тәртібі түсінікті нәрсе. Осы түсінік арқылы құндылық, тәртіп үлгісі, әртүрлі элементтердің саяси жүйедегі азаматтардың өзіндік бейімделуін жатқызуға болады. Бұдан саяси мәдениеттегі негізгі тарихи тәрбиеден келе жатқан қоғам мен оның жекелік, даралық тәжірибесі, яғни әлеуметтік үдеріс кезінде қалыптасқан жеке, толерантты дара тұлғаның дамуы деген ой шығады.

Қазіргі кездегі Қазақстанның демократиялық қоғамында көптеген ауқымды әлеуметтік-саяси өзгерістер болып жатқандығына саясаттанушылар, әлеуметтанушылар немқұрайды қарай алмайды. Ең басты да негізгісі - жастар арасындағы саяси мәдениетте орын алып жатқан оң өзгерістер өткен күн мен бүгінгінің құндылығымен етене байланысты болады.

Жалпы алғанда жастардың толеранттылық мәдениеті даму үстіндегі үдерісте қарқындап отырғанымен, нақты саяси мәдениет тұрақталды деп айтуға әлі ерте сияқты. Мұны жастардың саяси түсінігі толық қалыптаспауынан, көптеген жастарды толғандырып жүрген мәселелердің жауапсыз қалуынан көруге болады. Жастарда әлі саяси түсінік тұрақты емес, яғни кейде үмітін арттырса, кейде әлеуметтік мәселелердің басым болуы, студенттің моральдық-адамгершілік дағдарысы бұған әсер етпей қоймайды, бұл үшін әлі де көптеген істер атқарылуы қажет.

Әдебиеттер:

Абай А. Некоторые особенности формирования имиджа политического лидера на современном этапе. II Психология. Социология. Политология. №11-12. 2008г.с-75.
Еркебаева Г. Применение индексов в изучении политической социализации молодежи. №11-12. 2008г.с62-70.

ӘӨЖ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИСТІК ӘЛЕУЕТІНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР

Аға оқытушы **Налмишова Қ.Н., Қарабаева А.М.**

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Резюме

В статье анализируются факторы, способствующие увеличению туристического потенциала обновленного Туркестанского региона

Summary

The article analyzes the factors contributing to the increase in the tourist potential of the renewed Turkestan region.

Оңтүстік - кең-байтақ қазақ жеріндегі тарихы терең, құнарлы да қасиет қонған өңірдің бірі. 2018 ж. 19 маусымында елбасы жарлығымен Оңтүстік қазақстан облысы Түркістан облысы болып қайта құрылып, оның орталығы Түркістан қаласы болып бекітілді. Тәуелсіздік алған жылдардан бері елдің оңтүстік аймағында экономикада, білім мен ғылымда, әлеуметтік-мәдени салада қол жеткен табыстары жетерлік. Шырайлы Шымкент – Түркістан облысының экономикасы дамыған мәдени, ғылыми маңызға ие болған Қазақстанның ірі қалаларының бірі. Бұл күндері елімізде үшінші мегаполис саналатын қала тұрғындарының саны миллионға жуықтады. Жалпы, елімізде әрбір бесінші сәби өмірге келетін Оңтүстік Қазақстан өңірінің өзіндік ерекшеліктері бар. **Бірінші**, Түркістан облысы - республикада ең халқы көп өңірге жатады. Біздің өлкеміздегі халықтың этникалық құрамында түркі тілдестер мен жергілікті ұлт өкілдерінің үлесі жоғары және демографиялық ахуалында түркі-мұсылман халықтарының өсіп-өнуі көп мүмкіндік тудырады. **Екінші**, халық санының тығыздығы басқа облыстармен салыстырғанда өте жоғары. **Үшінші**, көнеден келе жатқан Ұлы жібек жолы бойындағы қалалардың негізінде жалғасын тапқан ірі қалалар мен елді мекендер бүгінгі таңдағы заманауи тіршілікті жалғастырып отыр. **Төртінші**, климаты өте ерекше табиғаттың төрт мезгілі айқын байқалатын аймақ, халықтың қоныстануына ерекше қолайлы, әрі тиімді жақтарымен ерекше. **Бесінші**, экономика игілігінің арқасында шаруашылығы шапшаңдап, жұртшылықтың еңбек етуі қарқынды дамып келеді. Бүгінде аймақ халқының жалпы саны - **2894816** адамды құрап отыр. Яғни, республикада халық саны бойынша бірінші орында тұр. Түркістан облысы- ежелгі өркениеттер ізі қалған киелі мекен. Нұрсұлтан Назарбаев оңтүстік өңірге келген сапарларының бірінде: «Оңтүстік Қазақстан - қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өлке.

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан біздің өңіріміз қаймағы бұзылмаған қазақ халқының салт- дәстүрін жалғастырушы халық саны көп

тығыз қоныстанған ел. Қазіргі таңда заманауи түрде қайта жаңғырған, дәстүрді жалғастырған, табиғаты әсем өлке өзіне тартып тұрады. Бүгінде біздің өлкеде В.Преображенскийдің кезінде туризмді классификациялап бөліп көрсеткен туризмнің барлық түрі: танымдық, сауықтықтыру, этникалық, орнитологиялық, балалар, экологиялық, аңшылық және тағы басқа да түрлері бойынша қарқынды түрде дамуда және келген қонақтарға қызмет ете алатындай дәрежеде. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан біздің өңіріміз ежелден бері бүкіл түркі әлеміне танылған түркі халықтарының тарихи мекені. Сол себептен бірегей табиғаты ғажайып қорықтары, емдік су көздері, археологиялық және тарихи ескерткіштері, қалалары киелі орындары, рекреациялық орындар мен туризм дамыту аймақтар қатарынан орын алған. Қазақстандағы алғашқы туристік ұйымдар ХХ ғасырдың 20-30 жылдары пайда болып қалыптаса бастады. Өткен ғасырдаң соңында пайда болған жаңа серпін елімізде туризм саласының тамыры тым тереңде жатқанын анықтатты. Туризм бұл экономикалық-әлеуметтік салаға жататын ғылымдар жүйесі болсада табиғат пен қоғамдағы даму факторларына тәуелді. Бұл факторлар:

-Табиғи-географиялық жататын факторлар жергілікті жердің климаты, клорасы менөсімдіктер мен жануарлары,топырағы және суы т.б.аймақтың туристік әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік береді.

-Мәдени-тарихи фактор Ұлы жібек жолы бойындағы елді мекендердің саяхатқа келген қонақтарға таныстыруға, тарихи құндылықтарымызды дәріптеуге арнайы орындар мен мұражайларда үш тілді меңгер қызметкерлермен қамтамасыз ету туризмнің дамуына қол жетімдік жасауға мүмкіндік тудырады.

-Әлеуметтік факторлар өндірістің құлдырауы, жұмыссыздықтың қатарының көбеюі білім деңгейінің төмендеуі, мәдениеті, ұлттың эстетикалық қажеттіліктері жатады. Сондықтан туризмді жоғарылату үшін аймақтың экономикалық әлеуметтік жағдайын көтеретін өндірістік іс-әрекеттерді жүйелі түрде ұйымдастырып жергілікті жердің тарихи және фольклорлық өнерімен таныстыру.

-Демографиялық факторлар халықтың санының өсімі , қала маңындағы елді мекендердің урбандалуы, еңбекке жарамды адамдардың денсаулығын жақсарту, жанұялық жағдай мен жанұяның құрамының көбеюі.

-Саяси құқықтық факторлар қазіргі таңдағы жекелеген елдердің саяси жағдай, елдердің шекараларын ашу мүмкіндіктері,туризмді дамытудағы әкімшілік қадағалау жұмыстарын жақсарту. Қайсыбір аймақты алып қарасаңызда туризмнің дамуы тікелей саяси жағдайға байланысты.

-Ғылым мен техникалық факторлар дамуы туристік қызметтердің әмбебаптығын дамытады.Ол қонақ үй шаруашылығы, транспорт, саяхаттау бюросының қызмет түрлері. Көлік және байланыс туристердің көп мөлшерін комфортты танымдық туризміні қалыптастыруға, тасымалдауға мүмкіншілік ашады. Туризмнің дамуына, біріншіден, ыңғайлы, тез, салыстырмалы қолжетерлік транспорттық құралдар (ең алдымен, авиация) туристерді алыс

қашықтыққа тасымалдауда жақсы әсер тигізеді. Екіншіден, компьютерлік құрылғылардың дамуы, онсыз туризмде жұмыс істеу қиынға соғар еді.

-*Экологиялық фактор* туризмнің дамуына ықпалы зор. Оған оң әсерін тигізетін аймақтағы қорықтар, табиғи саябақтар, ботаникалық бақтар мен дендрологиялық бақтар. Әрбір аймақтың табиғи ресурстарын дәріптеп, таза күйінде ұстау, геоэкологиялық жағдайы қоршаған ортаның дамуына мүмкіндік тудырады. Табиғи ортаның бұзылуы туристік сұраныстың төмендеуіне әкеліп соғады. Сонымен, туризмнің дамуына оң әсерін тигізетін нақты факторлар: елдегі нақты табыстың өсуі, сол табыстың теңдей салаларға бөлінуі, валютаның тұрақтылығы, жарнаманың қолжетімділігі.

-*Туризмді дамытушы кері факторлар*: экономинаның өсіміндегі дағдарыстар, өндірістің құлдырау, елдегі жұмыссыздық, жалақының дер кезінде берілмеуі, туризмге сұранып тұрған аймақтардың радиоактивті, химиялық және басқа да ластану түрлері. Жоғарыда көрсетілген факторлар елдегі туризмнің дамуына тікелей әсерін тигізеді. Дұрыс басқару мен сапалы еңбек арқылы факторларды өз пайдамызға қолдану ол білікті маман, азаматтар мен жастардан елжандылық пен ұлтжандылықты қажет етеді.

Бірінші президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында елдің туризміні жаңаша қырымен дамытуға негіз болатын Ұлы даланың жеті негізгі құндылығын атап көрсетті: «**Атқа міну мәдениеті**», «**Ұлы даланың ежелгі металлургиясы**», «**Аң стилі**», «**Алтын адам**», «**Түркі әлемінің бесігі**», «**Ұлы жібек жолы**», «**Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны**». Осы мақаладағы «Қазақстан-алма мен қызғалдақтың отаны», -деп көрсеткен бөлімі біздің өлкемізді меңзеп тұрғандай.

Біздің Оңтүстік өңір әлемдегі қызғалдақтың отаны болып саналады оның дәлелі 2017 жылдан бері дәстүрлі жалғасын тауып келе жатқан «Шұбайқызыл» фестивалі. Түркістан облысының Түлкібас ауданында Шұбайқызыл атты жер бар. Шұбайқызыл десе шұбай қызыл. 2017 жылы ауданда шымқай қызыл гүлдердің фотофестивалі ұйымдастырылды. Келешекте де суретшілер пленері, шетелдік саяхатшылар мен журналистер басқосуы өткізіліп жатса, ел мен жердің насихатын арттыра түсетіні сөзсіз. Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" мақаласындағы "Туған жер" бағдарламасы аясында өткізіліп отырған іс-шара жастарды табиғатты аялап қорғауға шақыру арқылы жаңа қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге белсене атсалысу мақсатында өткізіліп отыр. «Жауқазындар каролі» деп аталып кеткен, әйгілі Шұбай қызыл шоқысындағы грейг қызғалдағы құрып барады. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Туған жер» бағдарламасына байланысты қоғамдық сананы жан-жақты және түбегейлі жаңғыртуға бағытталған ауқымды шаралар өткізу және оларды дәстүрге айналдыру көзделіп отыр. Ал «Шұбайқызыл шоқысы» осы тарихи төбенің күншығыс жағында орналасқан. Шын мәнінде Грейг, Кауфман қызғалдағының отаны осы өңір. Қазақ даласында шұбай өскен қызғалдақтың пиязын алып, зерттеп,

өсіріп-өндiрген голландтықтар 2002 жылы бiздiң елге алғыс айтқан. Шұбайқызыл шоқысында елiмiздiң «Қызыл кiтабына» енгiзiлген грейг қызғалдағы ең көп өсетiн аумақ. Бұл қызғалдақтар Қазығұрт, Төлеби, Бәйдiбек өңiрлерiндегi таулы аумақтарда кездеседi. Ең көп шоғырланған жерi осы Шұбайқызыл шоқысы. Жылына бiр рет небәрi 10-15 күн ғана гүлдейтiн қызғалдақтар тiршiлiк жаңарған шақта 20 гектар жердi алып жатқан алқап қызыл кiлемге оранғандай әсем түрге енедi. Тарихта бұл жердi «Красная горка», кейiнен «Қызыл төбешiк» деп атаса, қарымды қаламгер М.Байғұт бастамасымен «Шұбайқызыл шоқысы» қайта атауы берiлдi. Жыл сайын Қазiргi уақытта «Шұбайқызыл шоқысы» мамыр айында қызғалдақтар бұр жарғанда өзiнiң әсем алқызыл көркiмен қонақтарды қарсы алуға асығып тұратындай, өңiрге өзгеше көрiк берiп тұрады. Қызғалдақтың өте сирек кездесетiн түрi Альберт қызғалдағы, Борщов қызғалдағы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы, т.б.түрлерiн, осы өңiрден көруге болады. Мәселен, 2019 жылдың қорытындысы бойынша өңiрiмiзге 460 мыңнан аса турист келген. Келген қонақтар әсем табиғатымыздан бөлек, аймақтың тарихи және археологиялық ескерткiштерге деген өзгеше қызығушылығын танытқан. «Қызыл кiтапқа» енген, айрықша қорғауды қажет ететiн қызғалдақ –Шымкен қаласының символына айналды. Алқызыл қызғалдақтың ең әдемілерi Түлкiбас ауданындағы Ақсу-Жабағылыда және Шұбайқызылда көптеп өседi. Апта басында көктемгi тамаша көрiнiстi қызықтау үшiн өңiрге елiмiздiң түкпiр-түкпiрiнен қонақтар ағылады. «Қызғалдақтар фестивалi»жыл сайын сәуiр айының соңы мамыр айының басында Шұбай қызыл шоқысында өткiзу дәстүрге айналуда. «Туған жер» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған iс-шараның мақсаты – жастарды табиғатты аялап, қорғауға шақыру. Фестиваль қонақтарына «Шұбайқызыл шоқысының» тарихы жайлы мағлұмат берiлдi. Жас ақындардың Шұбайқызыл тақырыбындағы мүшәйрасы өтiп, табиғатты кескiндеген қылқалам шеберлерi мен фототiлшiлер де бақ сынасады. Шұбайқызыл шоқысы елiмiздiң «Қызыл кiтабына» енген грейг қызғалдағымен танымал. Жалпы, қызғалдақ гүлi – көктемнiң, жаңа өмiрдiң, тiршiлiктiң жаршысы. Оның отыздан астам түрi бар, ал Қазақстанның далалық аймақтарында 11 түрi өседi. Көктем гүлi тiршiлiк жаңарған шақта жылына бiр рет небәрi 10-15 күн ғана гүлдейдi, сондықтан қадiрлi қонақтар мамыр айының алғашқы онкүндiгiнде бiдiң өлкемiзге келiп қызғаладақ фестивалiн тамашалауға болады.

Табиғаты әсем бiздiң өлкемiздiң Қазақстан Республикасында туризмнiң барлық саласын дамытуға мол мүмкiндiгi бар, сондықтан бiз жастарды, ауыл-өңiр тұрғындарын өңiрiмiздiң туристiк әлеуетiн үздiксiз арттырып отыруға үлес қосуға шақырумыз.

Әдебиеттер

1 <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/20/item/265653-t-rkistan-oblysynda-y-shy-a-astanany-20-zhyldy-y-atauy-berildi2.09.2017ж>

<https://ia-centr.ru/experts/altynbek-bekn-r/t-rkistan-tarikhi-turzim-ortaly-y/>

С.Ю. Экономика туристского рынка. М.,1998

2 <https://ia->

В.И.,Туманов

3 Дурович А.П.,Копанев

А.С Маркетинг в туризме: Учебное пособие Минск:1998ж

4 https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/oko-da-respublikalyik-kyizgaldak-festival-ott-288533/

5 <https://turkystan.kz/article/59546-yzyl-kitap-a-engen-yz-alda>

Саялы Сарағаштың бүгінгі таңдағы туристік әлеуеті қандай? 05.11.2018

6Ғ. Елшібай «Егемен Қазақстан». <https://egemen.kz/article/turizm-onhtustikke-tu-tigedi>

ӘӘЖ

ФИЛОСОФИЯ ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА

А.К. Турашбеков-

Доцент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета,
Шымкент

Е.А.Турашбек

– старший преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби, Алматы

Резюме

Бұл мақалада О. Сулеймоновтың шығармашылығына философиялық көзқарас берілген.

Summary

This article discusses the work O. Suleymenov a philosophical aspect.

История существования человечества показывает нам, что в каждом поколении, у каждого народа, пусть эта будет у большого или у малого, есть свои герои, свои мудрецы, свои праведники. Изредка среди людей бывают те, кто в одном лице объединяет эти качества.

Это – всегда активные и заметные представители общества.

Это – всегда лицо народа, это – всегда совесть его, душа его

Это – люди, которые становятся символом своего времени.

Когда человек свою мысль передаёт окружающим, в целом обществу и сообществу, то это настоящая философия. Таковым является великий мыслитель современности Олжас Сулейменов.

Вся его философия построена на философских исследованиях по проблеме человека, его жизни в окружающем мире, поиска самого себя, сохранение уникальности, смысла жизни.

Философия Олжаса Сулейменова определена им самим в недавнем интервью «Казахстанской правде»: «Мы все представители вида HomoSapiens – ЧеловекМыслящий. В разных культурах накопилось множество мифов, эпосов о могучих, храбрых героях. Но самая древняя на земле поэма – «Сказание о Бильгамеше» («О Мудром») сложена в Шумере шесть тысяч лет назад. Через тысячелетие её перевели на древнесемитский – «Сказание о Гильгамеше» («О Мудром»). Люди всегда мечтали о мудрых, много знающих вождях». Этим Олжас подчёркивает, что всё человечество в истории своего развития искало пути к мудрости.

А мудрость у Олжаса Сулейменова становится самым главным вопросом в его философии. С его именем связана целая эпоха в жизни

нашей страны. Он из яркой плеяды тех знаменитых «шестидесятников», которые потрясли умы. Он, как Юрий Гагарин, совершил поэтический взлет на вершину поэзии. Его поэма «Земля, поконишься человеку!» - философский памятник человеку и человечеству.

В ранней философии Олжаса Омаровича ярко выделяется дух качевника и душа поэта, степной ветер и шум дождя, напев домбры и шелест лесов, а главное, органичное сочетание тюркских и славянских пластов культур, также этические, эстетические и житейские традиции народов.

В философии Сулейменова в 1975 году «грянул гром» - книга «Ази Я». Судьба этой книги очень уникальна, в ней сполна можно увидеть трагизм и драматизм. Но главная заслуга этой книги является то, что как художественно- научный текст активизирует общественное сознание. И как представитель молодежи того времени, я уверен, что это явилось толчком, приведших нас к независимости.

Читая философию (мудровствование) Олжаса Сулейменова, ясно достигаешь одной цели – изменение стиля мышления. Его творчество полностью пронизано Казахским национальным духом, в котором, главное место занимает любовь к родине и беззаветное служение ей. Этому, подтверждение слова нашего современника, государственного и общественного деятеля Мырзатая Жолдасбекова: «Олжас блестяще отстаивает честь своей страны и поднимает ее престиж. В международных отношениях, в вопросах политики, на исторических форумах и научных конференциях, в любой стране его мысли всегда поражают аудиторию своей широтой и неординарностью»

А какое философское и воспитательное значение имеет следующее высказывание Олжаса Омаровича - «Наше поколение много сделало для самосознания нации, мы доказали себе, что мы не наследники, но активные продолжатели добрых замыслов и дел своих предков. Только такое эстафетное сотрудничество поколений обеспечивает жизнь народа в истории, продлевает его дорогу в будущее.»

Читая и осмысливая книги Олжаса Сулейменова, мы убеждаемся в непререкаемой ценности родного языка, сохранившего следы исторического прошлого народа и определяющего его будущее.

Уникальность и неповторимость национальных языков и культур, нерасторжимость прошлого и настоящего народов, единство мира, строящегося на фундаменте общечеловеческих ценностей и общечеловеческой истории и культуры, и есть основные темы его философии.

Олжас Сулейменов – великий патриот, своим поведением и творчеством он учит нас уважать предков, осознавать ответственность перед потомками.

Любящий свою Родину человек не может не испытывать нравственную ответственность перед людьми будущего, чьи духовные запросы будут

множиться и возрастать. Высшее торжество для Олжаса заключается в том, чтобы заставить мыслить тех, кто способен мыслить.

В прошлом году мы отметили юбилей нашего государства, 25 лет назад нам впервые за тысячелетия выпал шанс – стать независимыми и свободными. Этот шанс дается не одному поколению. Его обязаны профессионально использовать еще десятки следующих поколений. Не доверяя его даже на время романтикам и невеждам, потому что после них торжествуют хищники. Эту мысль Олжаса хотелось продолжить его словами: «Создание государства со своей яркой внешней политикой – это особенная победа всех нас, нашего Первого Президента, победа, которой надо гордиться и дорожить. Когда меня просят дать бата – благословение, я всегда заканчиваю его словами: Еліміз аман болсын! («Пусть страна наша будет всегда!»)

Как близки каждому казахстанцу слова Олжаса «...я мечтал воспитать своими книгами гордый, умный, добрый народ, презирающий подлость и предательство. Только такой достоин продолжаться в вечности. Вот поэтому для меня писательство было важнее любой карьеры. Литература должна участвовать в переделке сознания и действительности, в изменении судеб своего народа, судеб человечества. Так было всегда, так это и сейчас.»

Высокую оценку творчеству Олжаса Сулейменова дал писатель, лауреат Международной премии имени М. Шолохова, Сабит Досанов: «Среди знаковых культур казахского народа, высокий (в прямом и переносном смысле слова) Олжас Сулейменов – на особом пьедестале. Он – Великий Поэт, Великая Личность и Великий Гражданин. Олжас – казахский поэт мирового звучания. Ему присущи чувство слова Александра Пушкина, пафос Владимира Маяковского, романтизм Михаила Лермонтова, глубина и сложность Андрея Вознесенского, накал Евгения Евтушенко, назидательная мудрость Омара Хайяма, огненное дыхание стихов Махамбета, глубинная философия и точность мысли Абая. Олжас- дух нации и символ времени.» В этом определении высказана вся философия Олжаса Омаровича Сулейменова.

Философию Олжаса Сулейменова можно уверенно констатировать его же словами: «Возвысить степь, не принижая горы». «Настоящее будет плоским без глубины прошлого, без вершины будущего». «Эта жизнь – и твоя, и чужая- Наша!» «Мир – оболочка, мы его основа». «Мы прошли испытания, льдом и мечом».

Все эти мысли имеют философскую основу и мыслящему человеку не представляет труда понять его и вооружиться этими идеями во имя процветания человеческой жизни.

В философии Олжаса Сулейменова отражена вся наша планета, имя которой - Земля. В нем есть место гордому и доброму Казахстану, для которого поэт – философ не жалеет ни силы, ни энергии вот уже восемь десятков лет. И мы по праву можем назвать его философию – дух нации и символ времени. И пусть это будет, как говорят казахи «Узағынан болсын!»

(« Пусть будет долгим!»).

На страницах нашей главной газеты «Казахстанская правда» на первой странице была напечатана статья Первого Президента нашей страны Нурсултана Абишевича Назарбаева «Слово о моем друге Олжасе». Вот что он писал – « В канун замечательного 70- летнего Юбилея великого поэта современности, видного общественного деятеля и моего давнего друга Олжаса Сулейменова отразилось переплетение его личной судьбы и судьбы страны. В его стихах , которыми мы все зачитывались , были и лирика, и образы родной земли, боли и проблемы ее народа, и думы о судьбах человечества. Он истинный патриот своей Родины, понимающий ее нужды и действующий во имя мира и стабильности на этой земле и благополучия нашего народа.» И это высказывание лидера нации, подтверждение того, что двух великих сыновей казахского народа объединяет – одна земля, одна родина – Казахстан, за которую они отдают много сил и здоровья, и которую прославили на весь Мир.

Я хочу сказать, что вчитываясь вот уже пять десятков лет в философию Олжаса Сулейменова, хочу с уверенностью утверждать, что он был и есть могучий излучатель энергии добра, света и свободы в наш далеко не совершенный мир.

И хочется закончить свою статью словами Мырзатая Жолдасбекова «В самом центре великих людей стоит колоритная личность Олжаса, как ярчайшая звезда. Олжас Сулейменов – видный государственный и общественный деятель, крупный дипломат и политик, личность мировой величины, связующая нить между нациями, верный сын своего народа, мыслитель эпохи, Великий поэт, ставший гордостью нации. Он - посол страны и совесть нации. Такова истина.И эту историческую правду никто не сможет отрицать.»

Проявлением высшей справедливости и общенародным признанием исторических заслуг выдающегося сына земли казахской, человека, прославившего на весь мир свой народ, стало присвоение Олжасу Омаровичу Сулейменову, Указом Президента страны от 17 мая 2016 года высшей степени отличия независимого государства – звания «Казакстанның Енбек Ері /Герой труда Казахстана/. Да, он – Ер. Истинный. Во всех отношениях.

Литературы:

1. Назарбаев Н. Слово о моем друге Олжасе. «Казахстанская правда» 17.05.2016г.
2. Куттикадам С. Феномен Олжаса, или Вихрь духа. «Казахстанская правда» 21.04.2004г.
3. Жолдасбеков М. Слово об Олжасе. «Казахстанская правда» 26.06.2010г.
4. Турашбеков А. Личность в потоке истории. Республиканский общественно – политический журнал «Мысль». №7 от 07.2016г.

ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Есіркеп Г.Ж. аға оқыт., магистр. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,
Шымкент, Қазақстан

Тасполтаева М.Р. аға оқыт., магистр. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, Шымкент, Қазақстан

Жолдыбаева М.С. аға оқыт., магистр. М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Строительство социального государства и проблемы становления гражданского общества, одна из актуальных тем современного общества. В данной статье речь идет о проблемах современного общества

Summary

The analysis of any phenomenon requires the definition of concepts. In particular, the question of whether the law belongs to a spiritual culture as a result of the achievements of a nomadic civilization is still not fully open. Law in itself is a part of the national spirit, which reflects all the historical and intellectual potential embedded in it, and can be said to reflect the true spirit of the nation.

Көптеген жылдар бойы ғылыми әдебиеттерде азаматтық қоғам бар немесе мемлекет бар деген пікірлер жиі кездеседі. Көптеген ізденістер өзара әр түрлі, тек осы ұғымдардың табиғатының пайда болуының тарихи алғышарттары ғана әрқашан өзгеріссіз қалады. Сондай - ақ олар көп жоспарлы және көп аспектілі деп сеніммен айтуға болады, өйткені олар назарын өзіне аударады. Анықталмаған, бүгінде талданып жатқан пәннің өзі, ол туралы көп жазылады, бұл ретте оның не екенін мүлдем елестете алмай.

Отандық заңгерлік білім белгілі бір тарихи аралықта бұл ұғымды айналымнан алып тастады немесе оны түрлі себептермен мұқият қарамады. Ғылыми айналымда «азаматтық қоғам» термині белсенді жұмыс істеп жатқанына қарамастан, бірақ құбылыс ретінде ол түбегейлі ашылмаған, әрі осы ұғымды зерттеу бойынша тарихи экскурс болса да, бірақ олар біркелкі емес. Болып жатқан оқиғаларға деген қызығушылық айқын көрінеді. Жаңа заманның маңызды саяси идеялары азаматтық қоғам идеясымен байланысты болды, ал соңғысы «мемлекет» ұғымымен салыстыруда өзгеріссіз қарастырылады.

«Азаматтық қоғам» ұғымы көптеген өзгерістерден өтті, тіпті бұл ретте ол «мемлекет» ұғымымен бірге қарастырылады. Шығ тегі 17 ғасырдың ортасына жатады. Өз кезегінде Т.Гоббс пен Дж.Локк азаматтық қоғамды сипаттауға тырысып, кең тараған либералдық түсіндірмеге жүгінді. «Азаматтық қоғам» ұғымын сипаттау әрекеттері адамзат қоғамының тарихи дамуын және сонымен қатар өркениеттің өзін бейнелеуге әкелді. Өркениет және оған байланысты барлық нәрселе табиғи құқықтың өзімен және адамның қоғамда өмір сүру ниетімен айқындалады деп болжануда.

Тәуелсіз жеке тұлғаның қалыптасу процесінің негізінде Ж. Локк жеке меншік жатыр. Ол оның бостандығы мен саяси дербестігінің экономикалық кепілі болып табылады. Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынас Т. Гоббс пен Д. Локктің идеяларына сәйкес шарттық негізде құрылды, өйткені мемлекет пен азаматтық қоғам бірлесіп негізгі адами қажеттіліктерді қанағаттандыру және жеке тұлғалардың тіршілік әрекетін қамтамасыз ету үшін жағдай жасады.

Азаматтық қоғамды еңбектің көмегімен өздерінің күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұлғалардың жиынтығы ретінде қарастырған Г. Гегельдің тәсілі басқа дәстүрді білдіреді. Азаматтық қоғамның негізі жеке меншік болып табылады. Алайда Г. Гегель бойынша азаматтық қоғам прогрестің қозғаушы күші емес, мемлекет болды. Мемлекет әділеттілікті қамтамасыз етіп, мүдделердің жалпыға ортақ болуын іске асырды. Азаматтық қоғам мен жеке тұлға мемлекетке бағынышты болды, өйткені мемлекет жекелеген топтар мен жеке тұлғаларды олардың тіршілік әрекетіне мән бере отырып, органикалық тұтастыққа біріктіреді.

Азаматтық қоғам адамның тамаққа, киімге және тұрғын үйге деген басты қажеттіліктерін іске асырудың шарты ретінде танылды. Азаматтық қоғам адамның күнделікті қажеттіліктері қанағаттандырылатын әлеуметтік өмірдің (экономикалық, әлеуметтік, мәдени) барлық салаларынан босату және қалыптасу процестерінің нәтижесінде пайда болды.

Ж. Локкқа сәйкес, жеке тұлғаның жеке меншіктен тәуелсіз қалыптасуы мен қалыптасуының бастапқы процесінің негізінде. Бұл саяси билік пен тәуелсіздіктен бас тарту деп аталатын оны қаржылық кепілдікпен қамтамасыз ету деп айтуға болады[1]. Т. Гоббс пен Д. Локк бойынша

мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара байланыс шарт қағидаттарында игерілді, өйткені мемлекет пен азаматтық қоғам адамдардың белсенділігін қамтамасыз ету үшін адамның негізгі мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында бірлесіп талап қалыптастырды. Басқа дәстүрлі ерекшелік Г. Гегельдің өркениетті қоғамды өз күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын тұлғалар кешені ретінде бағалауымен әзірленді. Жеке меншік – азаматтық қоғамның негізгі негізі.

Алайда, Г. Гегель бойынша прогресті ілгерілетуші күш өркениетті қоғамдық білім емес, мемлекеттің өзі болды[2]. Мүдделердің әмбебаптығы мен әділеттілігін мемлекет алып, қамтамасыз етті. Жеке және азаматтық қоғам мемлекеттің қарамағында болды, өйткені ол жеке тұлғалар мен жекелеген топтарды біріктіреді, бұл ретте олардың өмір сүруінің мәніне назар аударады.

Г. Гегельдің мемлекет азаматтық қоғаммен салыстырғанда бастапқы мәртебеге ие екендігі туралы сөзін назарға алмағанда. К. Маркс Г. Гегельге қатысты азаматтық қоғамды жаһандық қоғам құрудың базисі немесе негізі ретінде қарастырғанды жөн көрді, ал адамдардың қызметі мен өмірін ол тарихи дамудың факторы ретінде көрсетті. Бұл материализм тұрғысынан тарихты сезінуден туындады. Қоғамның эволюциялық дамуының өзі

материалдық жағдайлар мен өмір сүру деңгейінің қорытындысы мен көрсеткіші. Осылайша, азаматтық қоғам адамдардың көптеген материалдық және экономикалық өзара қарым-қатынасы деп қорытындылауға болады. Өндіріс және айналымдар - К. Маркс бойынша қоғамдық ұйымдардағы қоғам мен ұжымдардың негізгі аспектілері. Осыдан, К. Маркстің айтуынша, мемлекет механизм деп аталады, соның арқасында бірінші кезектегі және неғұрлым қорғалған үстем кластар болады.[3] Әдіске сәйкес, азамат тек оның мүлкі немесе меншігі бар, сондықтан мұндай қатынастар тең емес және шарттық негізделмеген.

Ғалымдар, зерттеушілер және көптеген заманауи қайраткерлер азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуы мәселелерін ғана емес, өз мемлекетінің азаматтық қоғамының қалыптасуы мен жұмыс істеуінің проблемалары да олардың мүдделері аясына кірді. Қисынға қарағанда, құқықтық мемлекеттің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын олар да қарастырады.

Айтылғандардан азаматтық қоғам мемлекеттен тыс өмір сүре алмайды және болмауы тиіс деген қорытынды жасалады. Ол мемлекет заңдарымен бекітілген құқықтары мен міндеттері бар адамдардың өмірінен тыс өмір сүре алмайды. Мемлекетті тану оның дамуын тек статикалық қана емес, сондай-ақ динамикалық өсімді де зерттеуді көздейді. Бұл әлеуметтік институт өсу сатыларына және даму эволюциясына ұшырайды және бір мезгілде өзінің әлеуметтік мақсатын орындайды. Осының барлығы мемлекеттік тетіктің жүйелілігін ескеруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік және құқықтық теория мемлекеттің тұжырымдамаларын, функциялары мен сипаттамаларын, оның белсенді аспектілерін түсіндіру, түсіндіру және болжау үшін мемлекеттің не және қалай жұмыс істейтінін нақты сипаттайды. Мемлекет пен құқық теориясының ұғымдары, функциялары мен нышандары қызметтің бағытын, мәнін, осы қызметтің мазмұнын және белгілі бір саяси және құқықтық институттарды қолдауды білдіреді. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимылы мәселесі менің елімнің барлық азаматтары үшін маңызды және мен олардан жоққа шығарылмаймын. Ол азаматтық қоғам мен мемлекеттің басты тұлғасы ғой. Біздің елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуы ғана орын алуда, сондықтан одан әрі даму мен жұмыс істеу - мемлекеттің өміршеңдігінің басты шарттарының бірі.

Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам арақатынасының аспектілері неғұрлым күрделі және сонымен бірге ашылған немесе қаралған тақырыптардың бірі болып табылады, ол құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы мен өзара тәуелділігінің проблематикасы мен мәселелерін зерттейді. Сипатты арақатынас пен өзара іс-қимыл өз кезегінде олардың айырмашылықтарын анықтайтын және белгілейтін қасиеттер, қасиеттер мен белгілі бір ерекшеліктер бірлігінде анықталады, сондай-ақ көрсетілген құбылыстар мен формалардың өзара байланыстағы жалпы сәттері қаралады және байқалады.

Құқықтық мемлекет құру базасы да басым алғышарттар болып табылады және ең алдымен азаматтық қоғамның бар екенін көрсетеді. Біздің мемлекетте осындай қоғам құру - Қазақстанда жаңғыртылған реформаларды енгізудің, қайта құрудың негізгі идеясы мен мақсаты болып қала береді. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның арақатынасы туралы ұғымдарды қарау және ашуға тырысу үшін ұсынылған ұғымдарды алдын ала талдау және айқындау қажеттілігі туындайды, яғни осы ұғымдарға анықтама беру қажет.

Қазақстандық құқықтық ғылым мен әдебиетте құқықтық мемлекет - құқық нормаларының үстемдігі іс жүзінде айқындалған мемлекет, билік құқыққа негізделген мемлекет, ол шектеледі және сол арқылы іске асырылады деген анықтама жиі беріледі.

Әдебиеттер

- 1.«Құқық негіздері» оқу құралы. Оспанов Қ.И., Алматы: Жеті Жарғы, 2006ж.
- 2.«Мемлекет және құқық негіздері» оқу құралы. Дулатбеков Н.О., Амандықова С., Турлаев А., Астана: 2001ж.
- 3.«Мемлекет және құқық негіздері» оқулық. Е.Баянов., Алматы: Жеті жарғы, 2001ж.

ОӘЖ 316.61

ТҰЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ ЖӘНЕ САЛТ-ДӘСТҮР

Тилеубаева Г.У. магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме: Основная цель работы - определить влияние национальных традиций на социализацию личности. Определить усвоения ребенком традиций через агентов социализации.

Summary: The main goal of the work is to determine the influence of national traditions on the socialization of the individual. Determine the child's assimilation of traditions through socialization agents.

Қазақ халқының өзіне тән тұрмыс-тіршілігі, күн көрісі, әдет-ғұрпы, салты атадан балаға беріліп келе жатқаны мәлім. Қазақ халқының мәдениеті салт-дәстүр, әдет ғұрыппен қатар ауыз әдебиеті арқылы да қазіргі ұрпаққа жеткен. Бізге жеткен әдеби мұраларымыздан бабаларымыздың бала тәрбиесіне өте мұқият қарап, ер балаға отанының қорғаны болсын деген тілекпен, қыз баланың табиғатын ескеріп және болашақ ұрпақтың анасы деген ниетпен екеуіне екі түрлі тәрбиені жоспарлаған. Сол тәрбиеден тәлім алған ұлттың ұрпағы бүгінгі таңда ешкімнен кем түспей Атырау мен Алтайдың арасында тәуелсіз қазақ елін орнатып, әлемдік деңгейдегі алып державалармен өз саясатын жүргізуде. Ата- бабамыздың салған жолынан таймай, ұлттық мәдениетімізден нәр алған ұлттық болмысымызды сақтау арқылы және дамыған заманның ғылымы мен техникасын игере отырып өз ұрпағымызды тәрбиелесек болашағымыз сөзсіз жарқын болатындығына кәміл сенеміз.

Қазіргі таңда қазақ жастарының арасында батыс мәдениеті мен әсіресе соңғы жылдары кәріс ұлтының мәдениетіне еліктеушілік үрдісі кең етек жаюда. Ел болашағы жастар дейтін болсақ, ал олар жаһандану үдерісінде өзге мәдениеттердің теріс ықпалын өз бойына жинай берсе, болашағымыз қандай болмақ? Осындай мәселеде қазақ жастарының болмысын сақтап қалу үшін олардың әлеуметтену процесіне қазақи салт-дәстүрлерді, ауыз әдебиетін, ұлттық наным-сенім элементтерін тәрбие арқылы енгізуіміз қажет.

Қоғамдық өмірге қадам басқан әрбір жаңа ұрпақ өзіне дейін қалыптасқан қоғамның дамуы мен қалыптасқан өмір салтын иеленеді. Жастар үшін әлеуметтік маңызы бар әлеуметтік кеңістік пен уақытты құрайтын материалдық және рухани процестер, белгілі бір әлеуметтік сипаттарды ала отырып, қоғамға біріктіріледі.

Әлеуметтенудің мәдени үлгілері жағдайларға, мақсаттарға, мүмкіндіктерге, қоғамның ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі болады. Қазақтардың дәстүрлі қоғамы ересектер мен жастар арасындағы қарым-қатынаста айтарлықтай шекаралар қоймаған, бұл жастарға әр түрлі әлеуметтік рөлдерді игеріп, олардың тиісті жұмыстарды орындауға қатысуын ынталандыру арқылы еркін әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сондықтан балалық шақ пен кемелдену арасындағы алшақтық аз болып, жастар болашақ рөлдері жақсы үйренді.

Балаңды бес жасқа дейін патшаңдай күт.

Бес жастан он бес жасқа дейін құлыңдай жұмса.

Он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас деген мақалдан да қазақ баласының жас ерекшеліктеріне қарай тәрбиесінің бағытын да өзгертіп отырғанын байқаймыз.

Қазіргі қоғамдық әдебиеттерде «әлеуметтену» ұғымы тұлғаның әлеуметтік ортасының әсерімен қалыптасуы мен даму процесін зерттеуде кеңінен қолданылып жүр. Әлеуметтену процесі дегеніміз – сол қоғамға, әлеуметтік бірлікке, топқа тән оқу және адамдық құндылықтардың, нормалардың, бағыттардың, іс-әрекеттің үлгісін жеке адамның қабылдауы, оны қалыптастыру процесі. Әлеуметтену – тоқтаусыз түрде жүретін, яғни адамның бүкіл өмірі бойы жалғасатын ұзақ процесс[1]. Тұлғаның әлеуметтенуі өмір жолында әлеуметтену процесіне тікелей әсер ететін көптеген агенттерден өтеді. Сол агенттерің ең алғашқысы әрі маңыздысы отбасы болып табылады.

Әлеуметтік ортаның ең алуан түрлі институттарының арасында отбасы ең маңызды орын алады. Отбасында шын мәнінде баланың әлеуметтенуіне оңтайлы ықпал ететін, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастың алуан түрлі формалары жинақталған.

Отбасы институты жаңа туылған бала баратын ең бірінші әлеуметтік бірлік болып табылады. Отбасы адам мен болашақ азаматтың негізгі моральдық-этикалық контурларын белгілейді. Отбасы тәрбиесінің артықшылығы – бейресми негізде дамитындығында және жаңа сипаттағы белгілер мен тұлғалық қасиеттер баланың жан дүниесі, Локктың

айтқанындай, «таза тақтаға» ұқсас кезеңде дамиды. Туылған адамның «тақтасында» жазылған кез келген нәрсені толық өшіру мүмкін емес. Ол өшкен күнің өзінде өмір бойы еске түсіп тұрады. Бала үшін отбасының тілі ана тіліне айналады. Талғамдар, материалдық және моральдық-этикалық концепциялар балаға отбасында қалай түсіндірілсе, солай қабылданады. Тіпті баланың болашақта таңдайтын мамандығына дейін отбасында белгіленеді.

Адамның қандай тұлға болып қалыптасуы жеке тұлғаның әлеуметтенуінің негізі ретінде отбасының құрылымына байланысты. Көбінесе авторитарлы отбасынан – тәуелді және бағынышты, асоциалды отбасынан – қоғамға қиындық тудырушы адамдар шығады. Егер отбасы жақсы ұйымдастырылған болса, онда ол жерден тәрбиеленіп шығатын тұлға да моральдық-этикалық тұрғыда жақсы адам болып шығады.

Отбасындағы тәлім тәрбиеге тұлғаның әлеуметтенуі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның бойындағы тұқым қуалайтын қасиеттері (биологизация) де байланысты. Мұндай жағдайда отбасында бір жағынан тұқым қуалайтын оң қасиеттерді мақсатты түрде дамытып, ал жағымсыз қасиеттерді тежеуге болса, екінші жағынан - бәрі керісінше болуы мүмкін: яғни қалыпты қоғамдағы өмірде тиым салынатын гипертрофияланған түрдегі қолайсыз қасиеттер дамуы мүмкін.

Тұлғаның дамуы мен қалыптасуына отбасы бірінші болып әсер етсе де оның әлеуметтенуіне бүкіл құрылым қоғамдық өмірдің табиғаты, елдің, халықтың тарихи дамуы да әсер етеді. Әлеуметтік тәжірибені меңгеру мен дамыту руханият, экономика, еңбек, саясат, мәдениет сияқты адамдардың қарым-қатынасының негізгі бағыттарын қамтуы тиіс. Олай болса, отбасы мен қоғамның әлеуметтік өмірі арасындағы байланысты қадағалап көрейік.

Қоғамның өмірі сол қоғамда өмір сүретін барлық адамдардың қызметі мен іс-әрекеті арқылы жасалады. Адамдардың мінез-құлқы мен олардың қарым-қатынасының сипаты отбасылық ортаның әсерінен қалыптасады. Егер отбасының жіктелуінің негізіне тұлғаның әлеуметтенуін алсақ, отбасының үш негізгі түрін бөліп көрсетуге болады. Олар: дәстүрлі отбасы, мемлекеттік отбасы, тұлғалы отбасы. Осылардың ішінен дәстүрлі отбасыға кеңірек тоқталсақ.

Дәстүрлі отбасында жас ұрпақты тәрбиелеу патриархат нормаларына сай жүргізіледі. Мұндай отбасы балаларын отағасының басшылығымен ұжымдық немесе рулық қауымда өмірге дайындайды. Дәстүрлі отбасындағы ұжымдық өмірде тәрбиеленушілер толықтай сол отбасының үлкендеріне бағынады және соларға тәуелді болады. Мұндай отбасында өмірге деген тұтынушылық көзқарас қалыптасады, онда өмір сүрудің басты шарты өзіне емес, туыстық байланысқа, руға тіреу болу болып табылады. Отбасы мүшелерінің жеке мәселелері жойылып, олар ортақ шешім тауып отырады. Мысал ретінде дәстүрлі қазақ отбасын алатын болсақ.

Қазақ табиғатында отбасы иелері ең әуелі өз ұлы мен қызының алдында тәрбиелі, өнегелі, көргенді, үлгілі болуға тырысқан. Оның ең басты себебі, "ұлдың ұяты-әкеде, қыздың ұяты-шешеді" деп

бағалағандықтан. Алғашқы мүшелі 13 жасқа таяған кезінен бастап ата-ана өз балаларын тұрмыс пен салтқа бейімдеген. Он үште отау иесі деп, сол кезеңнен бастап-ақ, әке қызына айтар ескертпесі мен қолқасы болса анасы арқылы жеткізген. Қызға қырық үйден тию деп, қызыдың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Кішкентай кезінен шашын өсіріп шашбау таққан. Шашбау сәнді әшекей қызметімен қоса сыңғырлаған үні арқылы қыздың келе жатқанын білдіріп тұрған. Яғни шашбаудың сылдыры естілгенде жиналып тұрған ер адамдар бойларын түзеп, ауыр сөйлемеуге тырысқан. Осыдан қыздың еститін сөзіне дейін мән берілгенін көреміз. Алайда, осылайша үкілеп, үлбіретіп отырған қыз баланың өзіне де талап қатал. Анасы қызының шашы ажарлы, сүмбіл, сұлу болсын деп не қатықпен, не ірімшіктің сары суымен мезгіл-мезгіл жуғызып, ең әуелі өз басын қадірлеуді үйретеді. Киетін киіміне де аса мән беріп, қай жерде қандай киім киетініне дейін жоспарлайды.

Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой-санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Сондықтан әрбір әдет-ғұрыптың, салт-дәстүрдің салт-санаға әсер ететін тәрбиелік мәні зор [2].

Бала туғаннан кейін жасалатын ат қою, шілдеhana, бесікке салу, тұсау кесу, ер баланы атқа отырғызып қыз балаға сырға тағу, тілашар тойы, қыз баланы ұзату, ер баланы үйлендіру деген сияқты той томалақтар, сол тойлардағы айтылатын өлең жырлар, жасалатын ырым жоралғы, кәде сыйлардың барлығы жас сәбидің болашақта еліне тірек болатын үлкен азамат болып, тұлға болып қалыптасуына үлкен әсер етеді. Бұл салт дәстүрлерге жеке тоқталып сырын ашуға бір мақаланың ауқымы жетпейтіндіктен қысқаша ғана тоқталып өттік.

Қорыта келгенде, ұлттық тәрбиенің функциялық мүмкіндіктері жайында мыналарды тізбектеп көрсетуге болады:

1. Танымдық функциясы өз ұлтының мәдени-рухани қазынасын жаңа қырынан танып білуге, әрбір тарихи-мәдени кезеңдегі қоғамның құндылықтарын бағалай білуге, байланысты қоғамдағы қарама-қайшылықтарды байқап, оның идеологиялық бағытын санамен ұғынуға көмектеседі.
2. Дамытушылық функциясы – ұлттың тәрбие арқылы халықтың рухани қазынасын меңгеруге қызығушылығын оятып, қажеттілігін арттырады.
3. Каммуникативтік функциясы – ұлттың мәдени-рухани мұраның құндылықтарын, өнеге тұтар дәстүрлерін түсінікті тілмен логикалық жүйемен жеткізе білуге үйретеді. Өзін бағалай отырып, басқаны түсінуге жетелейді.

Ұрпақтың ұлт перзенті болып болашаққа халық ретінде дін аман жетуі оның ұлттық үрдісіне, халықтық дәстүрге беріктігімен тығыз

байланысты [3]. Ұлттық қасиетіміздің ұрпақ бойында қалыптасуы қоғам игілігі үшін маңызды. Әрбір тұлға қоғамнан, ұжымнан тыс өмір сүре алмайды. Ұжым жеке тұлғалардан құралады. Сондықтан да әр тұлғада ізгі қасиеттер қалпытасып, олардың өздері осы қасиеттердің мән-мағынасын саналы тұрғыда тереңнен ұғынса ғана өркениетті ел бола аламыз.

Әдебиеттер

1. Рахметов Қ.Ж., Болатова А.Н., Исмағамбетова З.Н. Социология., А.,
2. Ғылыми – педагогикалық басылым. Ұлт тағылымы. Қазақстан 2030.
3. Егемен Қазақстан газеті. 22 қараша. 2003. / 3 санында

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ПЕДАГОГИКАСЫ. ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУ

УП 371.1

ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

Умбеталиева А.М – преподаватель

Асанова А.И, Өмірәлі А.Ы

Студенты 103-18 учебных групп

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, г. Шымкент,
Казахстан

Tүйін

Жоғары мектепте оқу процесінің негізін интербелсенді (интерактивті) әдістемелер құрауы керек, әрбір оқытушы интербелсенді құралдар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінде қолдану

Summary

The high school curriculum should be based on interactive (interactive) techniques, each teacher uses interactive tools and techniques in his/her methodology

«Обучение и обучение осуществляется только через активное взаимодействие» и «Обучение/обучение может осуществляться только через взаимодействие». Процесс преподавания в средней школе должен основываться на интерактивных (интерактивных) методах, и каждый учитель должен видеть инструменты и методы своей методологии.

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев подчеркивает особую важность интерактивной методики Главы государства в развитии личности и подготовке экспертов, в виде интерактивного курса, во время Учебного дня 1 сентября 2007 года.

Ознакомление преподавателей и студентов университетов с особенностями интерактивного преподавания и обучения, а также с основными идеями и методами методологии. В нем признается, что в нем определена небольшая часть интерактивной методологии. Потому что её педагогическая философия уважает принцип, что «Каждый учитель - квалифицированный профессионал и каждый ученик - мыслитель», автор надеется, что, приспособившись к потребностям каждого читателя (учителя и ученика), она изменит, углубит и улучшит знания, предоставляемые в инструменте. в соответствии со своими целями.

Поскольку концепция интерактивного чтения и обучения является полной и имеет широкое значение, ее философия и методология можно увидеть во многих системах обучения/обучения. К ним относятся известные среди обучающихся людей нашей страны «Продвижение чтения и письма и критического мышления», «Уличное право» и «Тай-тай» («Шаг за шагом»), «Модульная технология обучения» М. Жанпейсова. Надо понимать, что название «образование» не соответствует существующим требованиям. В конечном счете, инновационные концепции обучения напрямую соотносят эффективность и результативность этого процесса с деятельностью студента. По его правилам образование происходит не под влиянием других, например

через «передачу». Процесс усвоения информации - это не переезд руководителя от домадора (учителя) к обучающемуся (студенту) президенту, и наращивание на старте преподавания (вроде скопления транспортных средств в банке). В этом случае обучение/обучение будет легким, а не просто надоест «давать» информацию. Если бы это произошло, все ли люди получили бы образование?

Чтобы быть обученным, ученик должен работать, принимать меры. Чтобы тренировки появились в голове, необходимо помнить, понимать, практиковать, анализировать и оценивать. Это единственный способ узнать информацию. Студент учится только чувствовать себя главным человеком в процессе обучения. Знание может только привыкнуть, а учение должно состоять из активных действий: мы можем знать только с желанием и трудом. Основной принцип процесса обучения - «Ты не можешь учиться, ты можешь только учиться!» Студент должен справиться с приверженностью, энтузиазмом и желанием учиться. Нельзя учить студента, у которого нет интереса к чтению.

Обучение требует участия обеих сторон (учащихся и преподавателей). Учитель должен отказаться от традиционных и привычных ролей «источник знаний», «инструктор», а не «организатор», «основной курс», «создатель условий обучения», «ассистент», «руководство», «спрос», «посредник» между учеником и знанием. Инструктор (преподаватель) отводит ученику (ученику) фундаментальную роль в обучении. Поэтому термин «образование» в казахском языке подробно не описывает характеристики когнитивного процесса. В качестве доказательства мы покажем примеры из других языков и сравним заголовки, используемые с заголовками из Казахстана. Ладно, в этом смысле давайте говорить по-английски в «образовании» и по-русски в «имидже».

Корень английского слова основан на латинском слове «educare». Какова взаимосвязь между «извлечением» и информацией? Древние греки (а затем и римляне) имели эту веру. Они понимали, что все люди жили с богами до того, как они ожили, и узнавали от них всю информацию (таково понятие, содержащееся в мифе Платона «Жук»). Но когда он родился, древние греки верили, что вся информация будет забыта, что человек может только видеть и знать «там». Иными словами, образование находится в студенческом принципе, но студент, который выходит на свет, его не знает, поэтому он должен тащить информацию «на поверхность сознания, которое находится в неизвестном состоянии в первой части человеческого». Философ Сократ никогда не учил своих учеников и вместо этого задавал им только вопросы (метод знаменитой Маевтики). В ответ на их вопросы студенты, как представляется, «убирают» информацию, которую они имели в голове, из головы, но забыли об этом. Ещё Сократ говорит, что неграмотный и неграмотный помощник мастера ремесел в возрасте от 12 до 13 лет сам создал теорему Фалеса («углы подножия неравного треугольника одинаковы»)… Для древних греков, следовательно, понятие «образование»

равнялось понятию «напоминание». Позднее, в новую эпоху, Декарт и Лейбниц также придерживались этой теории познания. Многие философы сегодня сходятся во мнении, что эта концепция жизнеспособна (В. Губин).

Русский термин «образ» также означает «формирование», «организация». Эта концепция отражает содержание и результаты системы образования как «организация своего становления». Обучение в этом случае цитируется как двоичный процесс, в котором ученик активен. Российское слово, «учащееся», может быть понято в том же смысле как «изучение/обучение» и «обучение/обучение». Слово «обучение» в казахском языке показывает влияние других: «учение» (не «обучение»).

Традиционное (репродуктивное) образование занимается этими вопросами следующим образом: знания и подготовленные стандарты для учащихся, а именно базовые знания («Что?»). Подготовка специалистов в будущем путем предоставления («Для чего?»). Традиционное образование является более формальным с точки зрения разнообразия знаний: оно обучает учащихся знаниям и знаниям, содержащимся в учебной программе и учебнике по данному предмету, а именно содержанию программ и учебников.

Что такое образование? Традиционное (репродуктивное) образование в корне связано с знаниями. Эта концепция стала одной из основных проблем процесса обучения, поскольку ограничивает содержание преподавания «передачей» (учителем) и «приобретением» (учеником) информации. В таком случае «образованным» следует называть того, кто только так много знает, а именно хранит столько информации в памяти? Почему это знание превращается в меняющийся и эволюционирующий результат человеческой жизни? Позиция «образования - информация», однако, оставляет эти вопросы без ответа, потому что здесь много интересного, как «Знаешь что?», «Сюрпризы мира», или «В мире много интересного». Эти кошмары смущают и унижают страну и говорят: «Я не знаю, что под землей!»

В педагогике было показано, что нельзя учиться только словом. Скорее, знания можно усвоить только через действия. Человек может только хранить в памяти то, что он делает своими руками и использовать свои способности и способности, полученные от этих действий в повседневной жизни: (Конфуций). Так, на каждом мероприятии студенты должны не только слушать и копировать, но активно действовать: думать, читать, говорить, обсуждать, писать, кусать, размышлять.

Литературы

1. Перепелкина Н.О., Мутавчи Е.П., Ермакова Н.А. Психодиагностика: Учеб. пособие. - М.: Дашков и К, 2017. - 224 с.
2. Ахметкаримова К.С. Развитие диагностической деятельности будущих педагогов: Автореф... дис.к.п.н.. - Караганда, 2004. - 28 с.

**ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Сейдаева А.Н. магистр-оқытушы

Ортаева А.С. аға оқытушы

Әбдезім А.М. 2-курс студенті

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

В этой статье рассматривается определение психолого-психологических особенностей формирования личности подростка.

Summary

This article discusses the definition of psychological and psychological features of formation of the personality of a teenager.

Өзін анықтаудың күрделі проблемаларын жасөспірім жалғыз өзі шешпейді, әке – шешесімен, құрбы – құрдастарымен, мұғалімдермен бірге, олардың қолдауы жағдайымен шешеді.

Автономияға ұмтылу және әке – шешесімен өзара қарым – қатынас. Жеткіншектің өзі – ақ өзінде ояна бастаған есею сезімінің негізінде өзіне қамқорлық жасағанға ауырсынып, әке – шешесімен қарым – қатынасын теңдік негізінде қайта құруға тырысады. Бұл тенденция жас өспірімдік кезде де жалғасады. Бірақ жететін автономияның нақты дәрежесі мен табиғаты қандай? Жас өспірімдіктің әлеуметтік психологиясына ғылым ретінде жастар қашан, қай жерде болмасын «бүлік шығарады», «ұрпақтар дау-дамайын» туғызады деп пайымдайтын сыңаржақ теориялар көп зиян тигізді. Шын мәнінде әкелер мен балалардың өзара қарым – қатынастары әлеуметтік өзгерістердің қарқыны мен сипаты, жанұяның құрылымы, тәртіп сақтау сипаты мен тәсілдері т.б. сияқты әлеуметтік жағдайлардың тұтас бір жиынтығына байланысты. Қалыптасып келе жатқан адамның өз ұмтылыс талаптарына тежеу болатын тәрбиелеудің авторитарлық жүйесі іс жүзінде дау – жанжалдар туғызады, ал демократиялық тәрбиелеуде ондай болмайды. Алайда әке – шешелермен қарым - қатынастың жасөспірім кезде елеулі түрде қайта құрылатынын көрмейтін пікірлер де дұрыс емес. [1, 15 б.]

Қазіргі психология есейген балалардың мінез – құлық автономиясы (жасөспірімнің жеке өзіне қатысты мәселелерді өзі дербес шешкісі келетіні және оған құқылығы), эмоциялық автономия (әке – шешесінің дегенімен емес, олардан тәуелсіз өзі қалаған ден қояр жайлар болу құқығы және оны қажетсіну), моральдық және құндылық автономиясы (өз көзқарастары болу құқығы мен қажеттігі және осындай көзқарастарының шын мәнінде болуы) болады деп шектеп, балалар автономиясы туралы мәселені нақты тұрғыдан қояды.

Жеткіншектер бәрінен бұрын, әлбетте, белгілі бір шекте, бос уақыт саласында мінез – құлық автономиясына жеткісі келеді. Мәселен, қалалардағы мектеп оқушыларының көбі бос уақыттарын мектептен де, үйден де басқа жерде өткізгенді ұнатады. Ауылдық мектептің мәдени

демалыс орталығы болу мүмкіндігі қала мектебіне қарағанда көбірек, өйткені қалада театрлар, клубтар т.б. мектепті толықтырумен бірге онымен бәсекелеседі. Балалар дем алғанда ересектерден гөрі құрдастарымен бірге болуды артық көреді.

Эмоциялық автономияның үлкен қиыншылықтары бар. Жасөспірімдерге әке – шешелері балаларында болған өзгерістерді жете бағаламайтындай, олардың толғаныстарын байыптап қарамайтындай болып көрінеді және көбіне бұлары әбден дұрыс та. Болмашы бір әдеп сақтамаудың өзінен – ақ жасөспірімнің ішкі жан дүниесі әке – шешелері үшін, егер біржола болмаса да, ұзақ уақытқа жабылуы мүмкін. «Сені кім жақсы түсінеді?» - деген сұраққа жасөспірімдер жігіттер мен қыздардың бірсыпырасы әке – шеше деуден гөрі достарым мен құрбы – құрдастарым деп жауап береді. Егер тәртіп тұрғысынан жеткіншектік жас неғұрлым қиын болса, балаң жасөспірімдік кез көптеген эмоциялық проблемалар туғызып, балалардың ата – аналарынан психологиялық тұрғыдан жатсынып кетулері жиі кездеседі. Бұл жылдары әкемен өзара қарым – қатынас ерекше күрделенеді. Еліміздегі және шетелдердегі көптеген зерттеулер бұл жаста да шешенің балаға әкеден гөрі жақын болатынын көрсетеді. Алайда әке – шешемен қарым – қатынаста біраз салқындық болып, оларға айтылмайтын сырлардың шығуы әсте де жатсыну емес. Есейген балаларының интимдік әлемін күшейтуге бармай – екі жаққа да сондай қажет эмоциялық жылылық пен өзара түсінісудің сақталуы – сақталмауы әке – шешенің сезімталдығы мен әдептілігіне байланысты. [2,16 б.]

Моральдық нұсқаулар мен құндылық бағдарлар саласында жасөспірімдер өздерінің автономиялы болу құқығын барынша қорғайды. Кейде ерекше болсам деген талабын тиянақтай түсу үшін ғана әдейі ұшқары көзқарастар айтылады. Бірақ іс жүзінде әке – шешенің ықпалы бұл арада басым болып қала береді. Сән, талғам, көңіл көтеру тәсілдері секілді бірсыпыра жеңіл – желпі мәселелерде ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар әжептеуір. Кейбір тәрбиешілердің шалбардың балағының енін, шаштың ұзындығы мен би ырғағын әкімшілікке басып жөндеуге әрекеттенуі ешкімге қажетсіз дау – жанжалға ғана әкеліп соғады. Бірақ неғұрлым терең проблемаларға – саяси көзқарастарға, дүниетанымға, кәсіп таңдауға – келгенде әке – шешенің беделі анағұрлым басым болып, әдетте, дос, құрбы – құрдастарының ықпалын жеңіп кетеді.

Ата – анадан тәуелсіздену, ересектердің тұрмыс – тіршілік, мәдениетіне бет беру. 15 – 18 жастағылар біртіндеп тәуелсіздікке бет бұрады. Осының астары неде?

Біріншіден, ата – ананың тұрақты қадағалауынан босану әрекеті. Үнемі қадағалауда болған бала, өзінше тәуелсіздік алғанға асығады. Бұл жерде ата – аналар кінәлі. «Сен қайда жүрсің? Олай жүрме. Басқа дос тап. Басқа қызбен таныс. Мына бала бізге ұнамайды», т.б. сықылды нұсқаулар жасөспірімді ығыр етеді. Сондықтан да ерте ме, кеш пе бала тәуелсіздікке барады. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, жоғары

сыныпта қыдырымпаздыққа салыну, дискотекаға кету, жолдасының үйінде түнеп қалу, мектепті бітіре салып басқа қалаға кету, т.б. Қысқасы, ата – ананың тілін алмау, ата – ананың қадағалауынан шығып кету.

Екіншіден, ата – ананың, үлкендердің керітартпалығынан босану. Үлкен кісілер консерватор (керітартпа) болып келеді. Олардың көзқарасы балалардың көзқарасына сәйкес келе бермейді. Мәселен, өмірге көзқарас, рухани, материалдық байлық туралы, мәдениетке, сәнге деген көзқараста алшақтық болады. Әсіресе, жастар неғұрлым жаңалыққа ұмтылса, соғұрлым үлкен кісілердің керітартпалығы күшейе түседі. Ол түсінікті де. Үлкендер жастарға жамандық ойлап керітартпалыққа барып отырған жоқ. Олардың керітартпалығы балалардың тым шектен шығып, өз еріктерін билей алмау жағдайына жеткізбеу ниетінен туындайды. Жастар максималистер, олардың талаптары өте жоғары, кей кезде орындалмайтын талапты да қоюы мүмкін. Осының бәрін реттейтін үлкендер. Сондықтан да олар консерватор – керітартпа. [3,21 б.]

Бірақ үлкен адамдардың арасында шектен шыққан консерватор – керітартпалар болуы мүмкін. Олар тіпті киген киімді де жақтырмай: «Біздің кезімізде анандай еді. Осы күнгі жастарда ұят жоқ, тәртіп жоқ », - дегендей сөзге келіп, жастардың арына тиеді. Бұл қауіпті. Себебі жастардың ар – намысына тиген соң, олар да ашынып қарсы шығуы мүмкін. Әке мен ұлдың, шеше мен қыздың жанжалға баруы осындай жағдайдан туындайды. Мұндай қатынас жақсылыққа апармайды.

Үлкен кісілердің керітартпалығы намысқа тимейтіндей, әдепті сақтап түсіндіретіндей жағдайда өтуі тиіс. Сонда ғана жастар ересектердің керітартпалығын кешіреді. Кезінде ересектер де өздерінің ата – аналарының керітартпалығын көрген, естіген. Сондықтан ересектер өмір тәжірибесіне сүйеніп жастармен ортақ тіл табысуға тырысулары керек. Олар көрінген сәнге, шаш қайыруына, киім киісіне, т.б. шектен тыс көңіл аудара бермегені жөн.

Үлкен адамдар жастарға өктемдік көрсетіп, тыйым салып, т.б. шектен тыс қаталдыққа бармаса, жастар да оларды түсінеді. Ең негізгісі, «Жігіт немесе қыз неге осы әрекетті, сән үлгісін, биді таңдап алды» деген сұрақтарға жауап іздеу керек. Егер үлкендер ондай сұрақ қоя алмаса, не ондай сұрақ қойған күнде де, оған жауап таба алмаса, онда құр тыйым салу еш нәтиже бермейді.

Үшіншіден, әлеуметтік – экономикалық қиындықтан туындаған проблемаларға қарсылық. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге, қиындықтарға байланысты жастар өздерінің қарсылықтарын көрсетеді. Осыған орай олар түрлі ұйымдар құрып, өздерінше формалды емес топтар болып бірігеді. Мәселен, «панки», «хиппи», «рокерлер», «ұлтшылдар», т.б. болып кете береді.

Бүгінде Ресейдегі, Украинадағы ұлтшылдар топтары славян халқына жатпайтындарға қысым көрсетіп, қантөгіске баруда. Осындай жастарды пиғылы бұзықтар пайдалануда. Әсіресе, бүгінде, бұрынғы адамгершілік,

әділдік, тазалық, имандылық, ізгілік, т.б. құндылықты жоғалтып алған заманда жастар жаман жолды таңдайды. Сол жолға түседі. Бүгінгі жастардың ішімдік, есірткі, т.б. пайдалануы да сол идеалды жоғалтып алудың нәтижесі.

Сондықтан да үлкендер, әсіресе, мемлекет басшылары осы мәселені шешіп, жастардың жаман жолға түсуінің алдын алу қажет. Қазақстан Республикасының жағдайында бұл мәселе аз да болса өз шешімін табуда. Мәселен, жастар саясатын құру, Халықтар Ассамблеясының аясында жұмыс істеу, т.б. ізгі істер мемлекетімізде баршылық. [4,9 б.]

Елімізде жастар саясатын үйлестіруде, жастардың қоғамнан іргесін аулақ салудан алып қалудың үш жағы бар: түсіну, қолдау, өзара түсінісу. Енді осы үшеуін талдап, анықтама беріп, мысалдар келтіріп көрейік.

Түсіну – заттар мен құбылыстардың санада сақталып, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуіне қайта жаңғырылатын көрнекті сезім бейнелері. Біз мұнда айтып отырғанымыз – жастарды түсіну, солардың іс - әрекетінің түп негізін білу, жастардың ойын сезу. Олардың іс - әрекеттерін жан дүниемізден өткізу, сараптау. Біз сонда ғана оларды түсінеміз. Жастар қарт болып көрген жоқ, ал қарттар жас болды ғой. Өзіміздің жастығымызды неге еске алмасқа?

Бұл мәселеге әлеуметтік педагогика, әлеуметтік психология тұрғысынан көңіл бөлу керек. Жастарды түсіну үшін өзіңнің жастық шағыңа үңіл, жастардың қылықтарының көңілге қонымдысын есепке ал, «Не себепті солай болды» деп себебін ізде. Сонда ғана жастарды түсінесің.

Қолдау. Жастарды ұрсып, олармен талас – тартысқа барғаннан гөрі, оларға қолдау көрсету, сол арқылы оларды алған бағытынан қайтару керек. Мәселен, жастар ересектерге жағымсыз, осы заманның музыкасын тыңдаса, үлкендер соған қолдау көрсетсін. Жастар біраз ойнағаннан кейін ол райдан өздері де қайтады. Қазақ ондайда «Табанын тасқа тигіз» дейді. Жастарды қолдай отырып, алған бетінен қайтар.

Өзара түсінісу. Мұғалім мен жастар арасында керіс, түсініспеушіліктер болып тұрады. Осы жағдайда «мен мұғаліммін» деп қатып қалмай, жастарға жақындасып, олардың жақпайтын қылықтарын бірге талдап, түсіністікке бару керек. Жастарды ашық әңгімеге шақырса, олар бәрін айтып, өздерінің қателерін де мойындайды. Олардың ойынша, «Алдымен адам, сонан кейін мұғалім». Мұғалімдердің қатесі олар алдымен өздерін мұғалім санап, екінші кезекте адам ретінде таныса екен дейді. Бұл – қате пікір.

Жастардың сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Жастардың сүйіспеншілігі – олардың үлкен кісілерден оқшаулануының бір белгісі. Осы ерекшелікке баға беру үшін, оның физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктерін білу керек. Оны үш жағдайда талдауға болады.

Біріншіден, сүйіспеншілік дегеніміз - З.Фрейдтің айтқанындай психологиялық, биологиялық тұрғыдан қарағанда, тек сезімнен ғана тұрмайтын жыныстық қатынасты қажет ететін түсінік. Біз мұны жоққа шығара алмаймыз. Бұл да дұрыс. Бірақ осыған қосып айтарымыз – сүйіспеншілік тек психологиялық, биологиялық тұрғыда сезім арқылы жыныстық қатынаспен ғана шектелмейді. Сүйіспеншілік рухани қатынасты

да қажет етеді. Адамның адамдық қасиеті осы рухани қатынас. Әйтпесе психологиялық, биологиялық қатынас жануарларда да болады. Адам жануар емес.

Екіншіден, сүйіспеншілік тек психологиялық, биологиялық, рухани қатынастан тұрмайды. Бұған қосарымыз – дене қатынасы. Бірақ неғұрлым рухани байланыс мықты болса, соғұрлым сүйіспеншілік – махаббат күшті болады. Дене қатынасы деп отырғанымыз – жыныстық қатынас. Бірақ, кей жағдайда рухани байлықтың аздығынан жастар дене қатынасына ерте араласатын болады. Бұл, әсіресе, ақыл тоқтатпаған жастарда кездеседі. Орта, жоғары сынып оқушыларының арасында алғашқы махаббат, алғашқы сүйіспеншілік пайда болады. Оларға ата-ана мұқият көңіл бөліп, араларына тимей, алғашқы махаббатқа тыйым салмай, ақыл-кеңестерін беріп, психологиялық, биологиялық, рухани сезімдерін реттеп, дене қатынасына жібермеу керек. Жезөкшелік осы алғашқы дене қатынасын ретсіз, уақытынан бұрын бастағаннан туындайды. Алғашқы махаббат өте күшті сезімді қажет етеді. Мүмкін жастардың бақыты сол алғашқы махаббатпен байланысты шығар. Жастардың алғашқы махаббатына байланысты ата – ананың, мұғалімдердің, жақын адамдардың ашық әңгімелескені дұрыс. [5,23 б.]

Үшіншіден, үлкендер жастардың махаббатының арасына ретсіз араласпағаны жөн. Тек керекті кезеңді пайдаланып, мәдениетті түрде әңгімелесіп, ал әңгіменің нәтижесін ешкімге айтпай, жастардың құпиясын жарияламау қажет. Үлкендер жастардың алғашқы махаббатының даму барысын сырттай бақылап, көмек керек кезде ғана олардың ісіне араласуға болады. Бірақ әңгіменің аяғы неге соғарын күні бұрын болжау қажет. Тосыннан көтерілген әңгіме өз нәтижесін бермейді.

Бұл мәселені жекелеп қарау керек. Ол жағдаятқа, махаббаттың қаншалықты терең екеніне, балалардың психологиясына, өмірлік тәжірибесіне, т.б. байланысты. Жастардың ішінде осы мәселеге байланысты *идеалистері* (қиялшылдары), *романтиктері* (арманшылдары), *күмәнданушылары*, *сенбеушілері*, *арсыздары* болады. Енді біз осылардың әрқайсысына тоқталып көрейік.

Идеалистер немесе қиялшылдар. Бұл жастарға сүйіспеншілік, махаббат деген тек рухани азық. Оның күнделікті қарапайым өмірге қатысы жоқ сияқты. Ондай жастар дене қатынасында жұмысы жоқ, оны ойламайды да. Бұл, әсіресе, қыздар арасында болады. Олар түрлі әдебиеттерден оқып, кинофильмдерден көріп махаббатты кітап жүзінен ғана біледі. Ал шын мәнінде адам мен адам арасындағы шын махаббатқа келгенде, ол өмірде өзгеше болып келеді де, өздерінің алғашқы махаббатынан көңілдері қалады. Отбасын құру олар үшін кітаптағы кейіпкерлердей болу керек. Ондай болмаған жағдайда көңілдері толмайды. Идеалистік – махаббатшылдар – кітап махаббаты. Олар жыныстық қатынасты түсінбейді де.

Романтик – арманшылдар. Өздерінің таңдаған, сүйген адамын бәрінен артық санайды. Ол ақылды, данышпан, күшті, батыл, сұлу, өз қатарынын алды. Романтиктер үшін ең бірінші кезекте рухани байлық. Ондайлар жақсы

отбасын құруды армандайды. Олар үшін рухани байлық, тек отбасылық арман ғана емес. Осы топтағылар отбасының материалдық жағдайының жақсы болғанын қалайды. Романтиктер – есеппен жүретін жастар. Олар үшін ең бірінші кезекте отбасын ұстап қалу. Отбасының бұзылуына өте қатты қайғырады. Олар жыныстық қатынасқа ерте араласпайды. Бірақ ішінара кездесіп те қалады.

Күмәнданушылар. Махаббат, сүйіспеншілік дегенге сенбейтін, оған күдікпен қарайтындар. «Еркек пен әйелдің қатынасы рухани қатынастан емес, жыныстық қатынастан тұрады» деп есептейді күмәнділер. Оларға отбасын тастап кету, біреуді сүйіп, екіншісіне ауысу қасиеті тән. Олар үйленгенге дейін – ақ жыныстық қатынаста болып, отбасылық қасиетті онша түсінбейді, қадірлемейді. Отбасылық тұрақтылық немесе жұбайының көзіне шөп салу – олар үшін үйреншікті нәрсе. Осы топтағылар жастайынан түрлі жыныстық ауруға ұшырайды. Сондықтан ата – ана, мұғалімдер осындай жастармен уақытылы әңгіме өткізіп тұрғаны дұрыс.

Сенбеушілер. Махаббат, сүйіспеншілік деген сезімге сенімсіз қарайтындарды сенбеушілер тобына жатқызамыз. Олар құрбыларының махаббат туралы әңгімесіне кекесінді түрде қарайды. Олар ұл мен қыз, әйел мен еркек қатынасын тек жыныстық тұрғыда көреді. Олар үшін үйлену, отбасын құру жай сөз. Әйел мен еркектің, олардың қатынасының тұрақтылығына еш сенбейді. Олар еркін қатынасты қалайды. Бір күні біреумен, екінші күні екінші адаммен жарты, бір күндік қатынаспен жүре береді.

Арсыздар. Махаббат, сүйіспеншіліктің не екенін біледі, сенеді. Бірақ олар тұрақсыз. Отбасын құруға ынталанбайды. Некеге тұрақтылық туралы көзқарасы бар адамдарға күледі. Отбасын формалды түрде құрады. Бірақ қасындағы адамға сенбейді. Тұрақтылықты дұрыс деп білмейді. [6,33 б.]

Біз осы бес топты мысалға келтірдік. Бірақ осы бес топ таза немесе аралас күйінде де кездеседі. Сонда ол бес емес бірнеше топ болып шығуы мүмкін. Осы топтағылардың өмір өзгерісіне байланысты, олардың да көзқарастары өзгеруі мүмкін. Бұл көрсеткеніміз – адами қатынас. Ал адами қатынас әр адамның өзіне, жағдайына, көңіл – күйіне, ортасына, т.б. жағдайларға байланысты. Сондықтан да жастармен осы көрсетілген мәселелер төңірегінде әңгіме қозғау еш уақытта кеш емес.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы – Астана: Дастан, 2000.-100б.
2. Қазақстан Республикасында 2015–жылға дейінгі білім беру дамуының тұжырымдамасы. Оңтүстік Қазақстан, 2004. 26 – наурыз.-150б.
3. Қазақстан Республикасының Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. А., 1994.-180б.
4. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, 2006, Егемен Қазақстан
5. Бап – Баба С. Жалпы психология. Алматы, 2004 ж.-82б.
6. Богданова О.С. Этические беседы с подростками М, 2004.-102б.

ЭЛЕКТРОСТАТИКАМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУДІҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қожабекова Ә.К, Тұраш Қ.У, Шегебек С.А.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Түйін:

Статикалық электрлендіру кезінде қағазды, тоқыма маталарды, полиэтилен, шыны, химиялық заттарды және басқа да синтетикалық материалдарды өңдеумен байланысты өндірістік процестерде ондаған киловольт ретіндегі кернеу пайда болады.

Статикалық электр энергиясы - бұл еркін электр заряды пайда болып, бетінде және диэлектриктерде, өткізгіштерде және жартылай өткізгіштерде жинақталатын құбылыс.

Электростатика барлық жерде бар - табиғатта да, өндірісте де.

Статикалық электр тогының себептері:

1. Екі материалдың жанасуы және олардың бір-бірінен бөлінуі, соның ішінде үйкеліс, орау / босату және т.б.
2. Жылдам температура айырмашылығы (мысалы, материалды пешке салу сәтінде).
3. Жоғары энергия құндылықтары бар сәуле, ультракүлгін сәулелер, рентген сәулелері және басқа электр өрістері (өнеркәсіптік өндіріске тән емес).
4. Кесу жұмыстары (мысалы, кесу машиналарында немесе қағаз кесетін станоктарда).
5. Электр өрісінің әсері.

Статикалық электрлендіру кезінде қағазды, тоқыма маталарды, полиэтилен, шыны, химиялық заттарды және басқа да синтетикалық материалдарды өңдеумен байланысты өндірістік процестерде ондаған киловольт ретіндегі кернеу пайда болады.

Бұған өндіріс жылдамдығы мен көлемінің күн санап артуы ықпал етеді. Қуатсыз статикалық электрлендіру тіпті өндірістік процесті толығымен тоқтата алады немесе электроникамен жұмыс істеу кезінде қалпына келтірілмейтін зиян келтіруі мүмкін. Сондай-ақ, статикалық жағдай өрттің шығуына әкелуі мүмкін.

Мұндай жағдайларда өндірістік желінің дұрыс нүктелеріне кәсіби түрде орнатылған жоғары тиімді электростатикалық жою құрылғыларын пайдалану қажет.

Екінші жағынан, статикалық электрлендіруді «өзі жұмыс істеуі үшін» жасауға болады. Мәселен, мақсатты электростатикалық зарядтау пластикалық табақтар мен басқа материалдарды бір-біріне немесе өндіріс барысында түйісу үшін сәтті қолданылды. Технологиялық процестердің әртүрлі түрлерінде өндірістік шаңмен күресу үшін иондаушы құрылғылар өте алмастырылмайды.

Электростатикалық жабдықтардың жетекші өндірушілерінің бірі - Eltex неміс компаниясы.

Eltex құрылғылары көбінесе орама өндірісте қолданылады, яғни автоматты түрде орамасы бар немесе жылдамдығы жоғары әр түрлі материалдарды алып тастайды. Шарлау мен электрод арасындағы оңтайлы қашықтық 50-100 мм, өйткені айналу кезінде катушканың көлемі көбейеді немесе азаяды. Осылайша, қарапайым электродтың жұмысы шиыршықтың әртүрлі өлшемдеріне байланысты күрделі болады және электростатикалық кернеуді кетіру тиімділігі төмендейді.

Оны ауыстыру үшін Eltex қызметкерлері RX3 IONSTAR антистатикалық электродының жаңа моделін ойлап тапты, ол «ақылды» сенсормен жабдықталған, өзгеретін қашықтыққа жауап бере алады және берілген иондар ағынын басқарады. Бұл модельдің жоғары қуатты генераторы сонымен қатар ішіне салынған, сондықтан жеке қуат көзін сатып алу және орнатудың қажеті жоқ.

Неміс компаниясының жаңалығы - бұл 24В (DC) кіріс қуаты бар электрмен жабдықтау. Әрине, қолданыстағы және дәлелденген Eltex құрылғылары жетілдіруді және дамуды жалғастыруда.

Бүгінгі таңда электростатикалық зарядты өндірістік мақсатта пайдалану кеңінен таралды. Жоғарыда айтылғандай, зарядтау электродтарын қолдану арқылы қағаз, пленка, пластмассалар бір-біріне қосылады немесе жерге қосылған роликке, роликке, гильзаға қосылады.

Бұл жабдықтың ерекшеліктері:

- ламинация, ламинация, қаптау: нысанаға түсіру немесе пленканы бекіту
- қалыптау кезіндегі таңбалау: құралға затбелгілерді дәл бекіту.
- Фильм өнімдері: дәл, уақыты шектеулі.
- өңдеу кезінде пленканы электростатикалық бекіту.
- Пленка бетіне ұнтақты сенімді жабыстыру.
- орау кезінде телескоптың болмауы.

Баспа өндірісінде зарядтаушы жабдықты пайдалану ондаған технологиялық процестерге ие. Eltex R130, R120, R23ATR зарядтау электродтары мен Eltex KNH35, KNH65 және KNH124 қуат көздерін пайдалану, әртүрлі материалдарды қауіпсіз және сапалы байланыстыру орын алады.

«Адам» компаниясының мамандары сізге статикамен байланысты мәселелердің оңтайлы шешімін табуға көмектеседі.

1980 жылдары Америка Құрама Штаттарында ANSI X.12 (Электронды деректермен алмасу - EDI) электронды деректермен алмасу стандарты құрылды, ал Еуропада - мәліметтер алмасудың жалпы мақсаттары стандарттары (GTDI). Соңғысы негізінде бірыңғай халықаралық ISO 9735 стандарты жасалды (Әкімшілік, сауда және көлік үшін электронды ақпарат алмасу - EDIFACT). EDIFACT тасымалдау құралы ретінде X.400 электрондық пошта стандарты қолданылады (жиынтық X.435). Америка

Құрама Штаттарында Х.12 корпоративті өзара әрекеттесу үшін әлі де қолданылды.

1990 жылдардағы Интернеттің қарқынды өсуі, веб-технологияның дамуына байланысты көптеген бизнес өкілдерін оның мүмкіндіктеріне назар аударуға мәжбүр етті. Бизнесінің жаңа түрі пайда болды - онлайн-бөлшек. Сол кезде Интернет арнайы жеке желілер (электронды почта) арқылы электрондық поштадан гөрі ақпарат таратудың арзан құралы болған (және әлі де бар), содан кейін EDIINT стандартын (Интернет арқылы EDIFACT) жасаңыз. SMTP / S-MIME Интернет-электрондық пошта стандарттары.

ISO 9735 және ANSI X.12-тің соңғы қосылуы 1997 жылы жоспарланған болатын, бірақ бұл іс жүзінде болмады, өйткені Интернет арқылы кеңейтілген сауда және төлем операцияларын жүргізу мүмкіндігі өзекті бола түсті. Осы мәселені бірнеше рет талқылау барысында және «Сауда үшін электрондық мәліметтер алмасу» сөздерінің тіркесімінде «электрондық коммерция» термині пайда болды. Нәтижесінде 1997 жылы «Интернетте ашық сатып алу» (ОВІ) стандарт пайда болды. Онда электрондық коммерциялық бағдарламалық қамтамасыздандыру ашық Интернет стандарттарын қолдайтын принциптер көрсетілген. ОВІ стандарты EDIINT-ге негізделген, бірақ ол «жеткізу - сату - сатып алу» (Жеткізу - Сату - Сатып алу) толық цикліне қатысатын ұйымдардың өзара әрекеттесуінің барлық түрлерін стандарттау мәселелеріне қатысты.

Электрондық коммерция әдістерін жеткілікті түрде түсіну үшін оның негізін құрайтын негізгі технологиялармен танысу қажет.

Аутентификация - бұл ақпаратқа, қызметтерге интерактивті қол жеткізуді, келісім жасасуды және т.б. алғысы келетін адамды тексеруге мүмкіндік беретін сәйкестендіру процесі. Аутентификация тараптардың кейіннен олардың мәмілеге қатысудан бас тарта алмайтындығына кепілдік береді; қауіпсіздікті қамтамасыз ету және транзакциялардың орындалуына кепілдік беру үшін орындалған; Ол парольдерді, арнайы карталарды, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭСҚ) алгоритмдерін және т.б. қолдануға негізделген. Қазіргі уақытта бүкіл әлем бойынша электрондық коммерциялық операциялардың басым көпшілігі сандық қолтаңбаны қолдана отырып қызмет көрсетіледі. ЭСҚ қолдану тетігі екі криптографиялық қайта құруды қамтиды: құжат бойынша ЭЦҚ қалыптастыру және оның түпнұсқалығын тексеру. ЭЦҚ ашық кілт криптографиясы (асимметриялық криптография) арқылы жүзеге асырылады.

Ашық кілттердің криптографиясы - екі кілттегі шифрларды қолданатын асимметриялық криптографиялық әдістер класы: ашық кілт және жеке кілт. Жұптың иесі ашық хаттың кілтін барлық корреспонденттерге одан алынған хабарламалардың шифрлануын, жіберілген хабарламалардың кодталуын және электрондық цифрлық қолтаңба мен йод хабарламаларының шынайылығын тексеру үшін хабарлайды. Жеке кілт оның иесіне ғана белгілі және ол құжаттарда (хабарламаларда) электрондық цифрлық қолтаңбаны

құру және ашық кілтпен шифрланған хабарламаларды шифрлау үшін қолданылады.

Электрондық қол қою тетігі осы әдісті қолдануға негізделген. Электрондық сандық қолтаңбаны құру үшін кілттің иесі алдымен стандартты алгоритмді қолдана отырып, құжаттардың жинақталуын есептейді - оның бірегей сәйкестендіру коды (синонимдер - хэш, дайджест), содан кейін жеке кілтпен шифрланған жинақ құжаттың соңында орналастырылады.

Біз мөрмен куәландырылған қолтаңбаға, цифрлық қолтаңбамен, олардың қорғаныш функциялары тұрғысынан салыстырмалы бағасын береміз:

Құжаттың тұтастығын қорғау - қол қоюдан кейін әдеттегі қолтаңба және басып шығару қолданылған жағдайда құжат өзгертілуі мүмкін (мысалы, бір нәрсе басып шығарылуы мүмкін). Электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған электрондық құжатты өзгерту мүмкін емес, өйткені сандық қолтаңбаның шифрланған ашық кілті мен құжаттың жиналуы арасындағы сәйкестік бұзылады;

Қолтаңбаның жасалуынан қорғау - қарапайым қолтаңбаның жасалуы үшін шабуылдаушыға тек компьютер, сканер, принтер және қолтаңба мен басып шығару үлгісі қажет. Қазіргі уақытта пайдаланылатын шифрлау кілттерінің ұзындығымен және компьютерлік технологияның мүмкіндіктерімен электрондық цифрлық қолтаңбаны жасанды түрде жасау үшін шамамен 300 жыл қажет болуы мүмкін;

Құпиялық: тұрақты қолтаңбамен қол қойылған құжатты кез-келген адам оқи алады. Цифрлық қолтаңба технологияларын қолдану жағдайында құжатты адресат тек оқи алатын режим ұсынылған.

Осылайша, ашық кілттегі криптографияны пайдалану ақпаратты құпиялылықты сақтау үшін және ашық желілер арқылы берілгенде электрондық құжаттардың аутентификациясы үшін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер:

1. Спабекова Р., Пономаренко Е.В., Мусаев Д., Битемирова А.Е., Шаграева Б.Б. ОҚЫТУ ФИЗИКАСЫНЫҢ НЕСІЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ШАРТТАРЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОСТАТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕЖЕЛЕРІ // Экспериментальды білімнің халықаралық журналы. - 2017. - № 4-2. - С. 113-117;
2. URL: <http://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=11449> (дата обращения: 21.10.2019).
3. Васильева Е.В. Біліктілік жүйесі еңбек және білім беру салаларының мүдделеріне сәйкес келетін құрал ретінде. Университет журналы № 19,2014, Мемлекеттік басқару университеті.
3. Колес М., Олейникова А., Муравьев А., «Ұлттық біліктілік жүйесі. Сұраныс және еңбек нарығындағы біліктілік ұсыныстар. «ISBN 987-5-91026-027-0.
4. Стратегиялық бастамалар агенттігі [Электрондық ресурс]: <http://www.asi.ru>.

ОРТА МЕКТЕПТЕ ХИМИЯНЫ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Байтемір Ж. Т. - 1504-10 тобының магистранты

Ғылыми жетекшісі: Аширов А. М. - т.ғ.д., профессор

Шағраева Б. Б. - х.ғ.к., доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются особенности и преимущества дистанционного обучения химии в старшей школе. Химия отличается от других дисциплин тем, что большинство уроков основано на практических занятиях. Чтобы понять состав, структуру, свойства и взаимоотношения веществ, необходимы эксперименты. Показано, что дистанционное обучение не мешает практической работе. С помощью современных технологий ученик может увидеть практическую часть урока и принять непосредственное участие в некоторых видах. Дистанционное участие в практической работе также является оптимальным способом для здоровья и безопасности студентов. Хотя обучение проходит дистанционно, основные предметы и задачи образовательного процесса не меняются. Отношения «учитель-ученик» осуществляются с помощью техники, и физическое расстояние не может разорвать психоэмоциональную связь. Дистанционное обучение улучшает у студентов навыки самоуправления и навыки работы с современными технологиями.

Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы өмірдің барлық саласына өзгерістер енгізіп жатыр. Адам баласының жетіліп, дамуында жетекші рөл атқаратын білім саласы да бұл үдерістен тысқары қала алмайды. Керісінше, білім беру саласы озық технологияларды пайдалануда көш бастауы тиіс. Кейінгі жылдардағы Covid – 19 пандемиясына байланысты жаңа технологиялардың көмегімен қашықтықтан білім беруді жетілдіру қызығушылықтан бұрын уақыт талабына сай қажеттілікке айналды. Қашықтықтан білім беру кезінде мұғалім мен оқушы бір-бірімен компьютерлік техника мен интернет желісінің көмегімен байланысады. Білім берудің бұл түрін негізінен бастапқыда тіл үйрету курстары мен мектептері пайдаланды. Орта мектептегі білім беру жүйесіне қашықтықтан оқыту технологиясын енгізу артықшылықтарды қолданудан гөрі қажеттілік жағдайында қолданылады [1]. Мысалы, карантин кезі, оқушының денсаулық жағдайы немесе мектептен тым алыс жерде тұрып орта мектепке бара алмаса қашықтықтан оқыту түрін қолдану мәселені шешеді.

Химия – қызықты әрі күрделі ғылым. Бұл пән өзге сабақтардан практикалық бөлімінің басым болуымен ерекшеленеді. Тек дәріс арқылы химияны түсіну мүмкін емес, оқушының тақырыпты игеруі үшін көрнекіліктер мен зертханалық жұмыстың орны маңызды. Қашықтықтан оқыту кезінде технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану сабақтың теориялық бөлімін қызықты әрі түсінікті етіп өткізуге мүмкіндік береді. Дайындалған презентация немесе анимациялық видеолар оқушылардың оқуға ынтасын арттырады және сақталған сабақтан түсінбеген жерін шәкірт қайталап көріп тақырыпты толық меңгереді. Үй тапсырмасын орындау барысында

оқушының ақпараттық технологияларды қолдану, интернетпен жұмыс істеу қабілеті артады, түрлі бағдарламалармен жұмыс істеп үйреніп, болашағына қажет маңызды техникалық мүмкіндіктерді игереді.

Заттардың құрамын, құрылымын, олардың қасиеттері мен өзара байланысы кезіндегі химиялық өзгерістерді түсіну үшін практикалық жұмыс жүргізу қажет. Бұл жағдайда қашықтықтан оқытудың тағы да бірнеше артықшылықтары пайда болады.

Біріншіден, мұғалім медиа-технологияларды қолданып қауіпсіздік ережесіне сай оқушылармен сынып бөлмесінде өткізе алмайтын қауіпті (жарылғыш, улы) заттармен жүргізілетін тәжірибелерді көрсете алады. Сондай-ақ, оқушы материалдың қажет жерін қайта айналдырып, ұнаған жұмысты қалаған уақытта қайта көре алады. Оқушылар ұнаған видеоларды достарымен бөлісіп, әлеуметтік желіде, форумдарда тәжірибені талқылауды ұсынған дұрыс. Мұндай әлеуметтік белсенділік тақырыпты толық игеру мен балалардың әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізеді.

Екіншіден, кейбір практикалық жұмыстардың уақыты бір сабақтың көлеміне сыймауы мүмкін. Мысалы «кристаллдар бағы» деп аталатын кристалдау тәжірибесі кристалдардың баяу өсуіне байланысты бірнеше күнге созылады. Веб-камераның көмегімен тәжірибе барысын интернет желісінде ағымдағы трансляция арқылы бақылауға болады. Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын оятып, химиялық үдерісті толық түсінуіне көмектеседі.

Үшіншіден, интерактивті қосымшалар қашықтықтан оқитын шәкірттің берілген мәселені тереңірек зерттеуіне мүмкіндік береді. Мұндай қосымшаларды қарапайым сыныпта қолданумен салыстырғанда, қашықтықтан білім алу кезінде оқушының жеке психологиялық ерекшеліктері ескерілетін жеке оқыту формасы жүреді. Әрбір оқушы басқадан бөлек қосымшамен жеке жұмыс істеп, өзі қалаған өзгерістер енгізу мүмкіндігі болады. Мысалы, жоғарыда аталған кристал торларының шарсырықты моделін зерттеу кезінде оқушы тордың түрін, түйіншектегі құрылымдық бөлшектерінің түрлерін (атом, молекула, ион), байланыс ұзындығын немесе өзге де мәндерін өзгерткенде модель басқа түрге енеді. Ондай жұмысты бірнеше модель түрі ғана бар және уақыты шектеулі кәдімгі сынып сабағында жасау мүмкін емес.

Химия сабағы зертханалық жұмыс жасау барысында оқушы үшін қызықты пәнге айналады. Білім алушының денсаулығына кері әсерін тигізуі мүмкін тәжірибелер де бар. Химия кабинетіндегі қауіпті тәжірибелерге мыналарды жатқызуға болады:

Күйік қауіпі бар тәжірибе – қышқыл мен сілті әсерінен болатын химиялық күйіктер, спиртшамды немесе электр қыздырғыш құралдарды дұрыс қолданбаудан болатын термиялық күйіктер; жарылыс қауіпі бар тәжірибе – газдар қоспалары жануына және жеңіл тұтанатын заттардың жануына негізделген; өрт қауіпі бар эксперимент – жеңіл тұтанатын заттардың ойламаған жерден жарқ етіп тұтануына негізделген [2].

Сондықтан да, химия пәнін оқыту кезінде оқушыларға қауіпсіздік ережелерін мұқият түсіндіру керек. Үй жағдайында да кей тәжірибелерді өз бетінше жасамау қажеттігін ұғындыру абзал.

Кейінгі жылдары зертханалық жұмыстарды жүргізуде оқушылардың әр түрлі иістерге аллергиялық реакциясы, реагенттердің жеткіліксіздігі, улы заттармен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік және де пәнді оқытуда сағат санының азаюы сияқты мәселелер туындап отыр. Бұл мәселені шешуде қашықтықтан оқыту көмекке келеді. Мұндай сабақ барысында оқушы тікелей тапсырманы өз қолымен орындап қатыса алмағанымен, көзбен көріп көңіліне түйе алады. Ал болашақта қашықтықтан оқыту барысында зертханалық сабақтарды үлкен көзілдіріктерінің көмегімен өткізсе нұр үстіне нұр болар еді .

Ақпараттық технологиялар білім беру үшін ұстаздың шығармашылық қабілетін қолданып, ақпаратты жеткізудің жаңа тәсілдерін ойлап табуына түрткі болады. «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «30 under 30» тізімдеріне енген әріптесіміз Ұлан Үсеновтың химиялық реакциялар мен формулаларды «тик-ток» әлеуметтік желісінде аниме, рэп стилінде жеткізіп, химия пәні қиын және түсініксіз деген ұғымның өзгеруіне себепші болуы мені қуантады.

Бүгінгі мұғалім тек өз пәнін жетік білетін маман ғана емес, ақпараттық технологияны да жақсы меңгерген және оны өз жұмысында тиімді пайдалана алатын жан-жақты шығармашыл тұлға болуы қажеттігіне көз жеткіземіз.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушы қалаған нәтижеге қол жеткізу үшін мен оқу материалын жүйелеп, мынадай бірнеше бөліктерге бөлдім:

1) оқып-зерттеуге арналған материалдар – бұл презентация, видеодәріс, көрсетілетін арнайы тәжірибе. Бұл бөлікті міндетті түрде оқып, түсіну қажет;

2) үй тапсырмасы – тест, викторина сұрақтары, тәжірибені зерттеу, өзіндік жұмыс. Тест өткізу үшін «google формасы» мен телеграм боттарын қолданамын.

3) байланыс жүйесі – оқушы мен мұғалім арасында, оқушылардың өз араларында кеңесіп пікір алмасуы үшін құрылған чаттар. Оқушыға көмек қажет болғанда ол мұғалімге немесе сыныптастарына хабарласып, мәселесін шеше алады;

4) қосымша материалдар – пәнді терең меңгеру және оқушының дүниетанымын кеңейтуге арналған бөлік. Бұл бөлімде болашағын химия пәнімен байланыстыратын білім алушылармен қосымша жұмыс істеймін.

Білікті ұстаздың басты міндеттерінің бірі – оқушының жанын түсіну, оның еркін таңдау жасап, үлкен өмірге саналы қадам басуына жәрдемдесуі. Білім беру түрі қашықтықтан оқытуға өзгерсе де, оқу процессінің басты субъектілері ұстаз бен оқушы болып қалады. Қашықтықтан оқыту барысында мұғалім мен шәкірттің арасында тек физикалық ара қашықтық орын алады, ал психо-эмоционалдық байланыс артпаса, кемімейді [3]. Оқушылардың пәнді жақсы меңгеруі үшін олармен ашық сөйлесіп, балалардың сабақ оқудағы мотивациясын анықтаған жөн. Болашақ мамандықтарын таңдап, алдағы өмірін химиямен байланыстырмайтын жоғары сыныптың оқушылары көбінесе химия пәнін аттестағы жақсы баға үшін оқиды. Ондай оқушыларға

берілген бағдарламаны игеру жеткілікті. Химияны жаңа оқып бастаған 7-8 оқушылары әлі мамандық таңдауда нақты шешім қабылдамаған, сондықтан олардың барынша пәнге қызығушылықтарын оятуға тырысу қажет. Қай пән мұғалімі болсын алдындағы әр шәкірттің жеке тұлға, еліміздің болашағы екенін ұмытпай, онымен өзара сыйластыққа негізделген қарым-қатынас ұстануы керек. Қашықтықтан білім алу жүйесінің сөзсіз пайдасы оқушының өзін-өзі басқару қабілетінің жетілуінде және оқу барысында оқушының жаңа технологиялар мен интернет желісінде жұмыс істеуді жетік меңгеретіндігі дей аламыз. Еліміздің гүлденуі бүгінгі жас ұрпақтың жан-жақты, технологияға жүйрік, саналы болып жетілуіне байланысты. Алдындағы әр оқушының заттар мен құбылыстарды талдап, қоршаған ортаның қасиеті мен сырын түсінуге ұмтылатын білімқұмар, дербес ойлай білетін дара тұлға етіп қалыптасуына әсер етсем, ұстаздық «химиямның» жүзеге асқаны деп білемін.

Әдебиеттер

1. Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану // Педагогикалық альманах №3-4. – 2010. – 64-бет
2. Ә.С. Тапалова, Л.Р. Асылова «Химия пәнінен қызықты тәжірибелер» // Оқу-әдістемелік құралы, Қызылорда, 2017, - 107бет.
3. Вайндорф-Сысоева М.Е. Педагогика в виртуальной образовательной среде: Хрестоматия. М.:МГОУ. – 2006. – 167 с.

ӘОЖ 811.111

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІН САНДЫҚ ЖҮЙЕГЕ КӨШІРУ

Есенәлиева Ж.Е., Сманова Г.И.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

Рассмотрены актуальные вопросы качества предоставления новых инструментов для развития современных цифровых технологий во всех университетах мира и других образовательных организациях.

Summary

Topical issues of the quality of providing new tools for the development of modern digital technologies in all universities of the world and other educational organizations are considered.

Күн тәртібіндегі басты өзекті мәселе білім мен тәрбие. Заман талабы өзгерді, талап өзгерді. Бүгінгі бала-ертеңгі ел болашағы. Олай болса, білім деңгейімен шығармашылық қабілеті шәкірттерді тәрбиелеу ұстаздардың басты міндеттері.

XXI ғасыр – ғылым мен білімнің ғасыры. Қолданбалы ғылымның көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқанын көріп отырмыз. Ғалымдар жаңа көкжиекке көз тігіп, әлемдік жаңа технологияларды игеруі керек.

Заман талабына сай білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, инновациялық - педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, нақты тәжірибелік

іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Қазіргі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және бүгінгі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі мен мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне ену мақсатында оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр. Білім беру ісіндегі басты тұлға – педагог.

Педагог – ол жан-жақты рухани дамыған, педагогикалық технологияның қыр – сырын жетік меңгерген шығармашыл тұлға болуы керек. Оқытушының педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы бұл адамның қызыметті атқаруға дайындығын сипаттайды.

XXI ғасыр – бүгінгі әлемдік қоғамдастықты белсенді ақпараттандыру ғасыры. Халықты жаппай компьютерлендіру білім берудің негізгі міндеті болған. Педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті жаңа оқу әрекетін сандық жүйеге көшіру міндеті тұр.

«Сандық ғасырға көшіру - педагогиканы қайта ойластыру» кітабы XXI ғасырдағы маңызды нұсқау болып табылады. Сандық технологияны белсенді қолдануда педагогикалық кадрлардың әлсіздігі, олардың сандық инновацияны білім беру үдерісіне интеграциялауға қабілетсіздігі кедергі болмау мақсатында кәсіби білім беру ұйымдарының басты міндеті педагогикалық кадрлардың ақпараттық - коммуникативтік технологиялар саласын игеру бойынша біліктілігін арттыру болып отыр. «Сандық жүйеге көшіру дәуірінде педагогиканы қайта ойластыру» кітабында білім алушыға оқу әрекеті мен білім беру іс-әрекетінің қол жетімділігін жан-жақты жобалаудың перспективасы талқыланады.

XXI ғасырдағы педагогика оқытуды жеке тұлғаға бейімдеу үшін қолжетімді әрі тиімді жоспарлау мен оны жүзеге асыруға бағытталған жобалар қарастырылады. Автор оқу қызметін электрондық және мобильді технологиялар контекстінде зерттей отырып, білім берудің бағдарлы болашағын кеңінен баяндайды. Технология - ол оқыту нәтижесіне қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Технологияның оқыту үдерісіне жалпы, тиімді қызмет етуге мүмкіндіктерін сипаттау біздің міндетіміз болып табылады. Жетілдіру теориясы - технологияның қажеттілігіне сипаттама беруі тиіс. Сандық технология әлемнің барлық университеттері мен басқа да білім беру ұйымдарын дамыту үшін жаңа құралдарды ұсынады. Сандық технология жинақталған тәжірибе мен білімді алмасуға мүмкіндік береді, ол одамдарға көп нәрсені білуге және күнделікті өмірдегі дәлелді шешім қабылдауға көмектеседі. Цифрлық инновацияларда оқытудың аралас түрлері (blended learning) мен MOOC (Massive on-line open course) онлайн-

курстарының белсенді дамуы түрінде көрсетілетін онлайн-оқытудың жылдам бейімделуін атап өту керек.

Сандық технологияны қолдану үшін білім жағдайының жаңа элементтерін алдын ала жоспарлау немесе әзірлеу қажет.

Электронды оқытуды қолдану үшін білім беретін мекемелерде оқытуды ұйымдастырудың бүгінгі таңға дейінгі классикалық формасының дамуы аса анық байқалатынын атап көрсетуге болады. Ұстаздар сабақты дұрыс ұйымдастыру үшін алдымен педагогикалық тұғырды дұрыс таңдауға, оқыту теориясын білуге және ақпараттық-коммуникативтік технологияны таңдауға мүмкіндік беретін мақсаттар мен міндеттерге зейін аудару қажет.

Барлық оқыту үдерісі сыныптық, тьюторлық топ немесе виртуальды компьютермен байланыс элеуметтік контекст негізінде алынған. Индивид тұлғаралық қарым-қатынастың адамзаттық қоғамдастықтың әртүрлі формасы, мазмұны, құндылықтары мен құрылымы бойынша өзін тұлға ретінде көрсетеді және басқамен қарым-қатынас жүйесінде өзін бағалау мүмкіндігін ұсынады. Студенттік топтағы қарым-қатынас білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың және жетілдірудің жетекші шарттарының бірі болып табылады және топта белгілі бір ұстанымды иеленіп, білім алушылар басқа адамдарға ықпал ете отырып, тәжірибе жинақтайды, ЖОО-дағы оқу іс-әрекеті және кәсіби сапаларды дамытуға қажетті білім мен дағдыны, тұлғаралық таным мен бағалауды жетілдіреді. Тұлғаның қалыптасуы мен білім алушының болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін бұл тәжірибенің маңыздылығын асыра бағалау қиын. Білім алушылардың осындай топпен ұқсас болуы және осы топтың теңқұқылы мүшесі ретінде қатысуға қажеттілігі артады.

Мұғалімдерді дәстүрлі дайындаумен бірге «online-оқытуды» тиімді жобалауға қабілетті және жоғары білім сұранысымен сандық дәуірде жұмыс істей алатын білім беру қызметкерлерін дайындайды. Көбінесе мұғалім сандық дәуірде – қарапайым online-тьютор емес, ол ақпараттық ресурстардың аналитигі, менеджері, интербелсенді мультимедиялық құралдарды пайдаланумен сабақ үзінділерін, моделін дайындаушы ретінде танылады. Сандық дәуірде мұғалім рөлінің өзгерістеріне байланысты

Ұстаздар Блум таксономиясын пайдалана отырып, цифрлық және ақпараттық сауаттылыққа арналған оқыту нәтижелерін жобалау кезінде оқушылардың цифрлық ресурстары мен мүмкіндіктерін қамтитын нәтижелерді қолдауға және дамытуға арналған білім беру мақсаттарын белгілеу қажет. Мысалы, «түсіну» деңгейінде идеяларды бір құрылғыдан екінші құрылғыға (сандық медиада ойнату, бейне, аудио, суреттер, сурет салу, анимация немесе мультимедиа, веб-блог жазбасы) ойнату мүмкіндігін дамыта отырып, цифрлық және ақпараттық сауаттылықты оқыту нәтижелерін жобалау кезінде мұғалімдер ақпараттық құзыреттілікті үнемі жетілдіріп отыруы керек. Бұл білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыратын білім беру мақсаттары мен міндеттерін әзірлеуге көмектеседі.

Біз жаңа заманауи сандық технологиялардың дамыған уақытында өмір сүретінімізді тілге тиек ете отырып, жаңа технологиялар білім беру ұйымдарының қызметіне әсер етуде. Қазіргі кезде біз сандық жүйеге көшіруді ұтымды жүзеге асыруда оқушыға, талапкерге, студентке, педагогикалық, ғылыми-педагогикалық кадрларға және серіктестіктердің мүмкіндіктерін кеңейту арқылы білім беру ұйымдарының әлі кеңінен жетілетініне сенімдіміз.

XXI ғасыр сандық дәуірмен туындаған білім беру саласындағы келесі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады: 1. Білімді қалыптастыру мен қаржыландыру максималды басқарылатын болуы тиіс. 2. Желілік қоғамның сандық технологиясы мен телекоммуникациясын дамыту арқылы адамның тұлғалық даму үдерісін, білімін және оны игерту мен бекіту тәсілдерін өзгертеді, сондықтан білім желілік қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруы, сондай-ақ желілік болуы тиіс. 3. Сандық технологиялар - бұл трансұлтты және трансмәдениетті, жалпыға қолжетімді және салыстырмалы арзан және ол кез келген білімді жалпы қолжетімді етеді. 4. Білім берудегі инновацияның елеулі бөлігі бүгінгі таңда білім – технологиялық стартап арқылы іске асырылуда. Ресми емес білім беру жүйесінің нәтижесінде білім беру қызметін көрсетудің жылдам өсетін нарығы туындауда, ол қысқа мерзімде дәстүрлі білім беру жүйесін қолдану саласын тарытып, тұтынушылардың қалыптасқан және тез өзгертін сұранысы мен қажеттіліктеріне жауап беретін жаңа білім беру стандарттарын құруға алып келеді. 5. Ауыспалы экономиканы дамыту динамикасы, технологияның тез алмасуы жаңа құзыреттілікті және дайындықты талап етеді.

Қазақстандық зерттеушілер мен шетелдік зерттеушілердің мойындауынша, ұстаз тұлғасы білімнің кез келген түрінде маңызды рөл атқара береді. Сондықтан студентке, мектеп мұғаліміне және университеттің оқытушысына да үнемі оқу мақсатына жету үшін, ғаламдық кеңістікті және виртуалды коммуникацияны пайдалануды жетілдіру керек, өйткені сандық педагогиканың саны мен мүмкіндіктері жыл сайын өсіп келеді. Дегенмен қазіргі кезде дәстүрлі педагогика және жаңа цифрлық педагогика бір-бірінің ерекшеліктерін дамып келеді.

Интернет – білім беру үдерісі ғана емес, сонымен қатар білім алу, білім алушының мінез-құлқын кімге және қалай әрекет ететініне байланысты өзгерте алатын динамикалық кеңістік пен білім беру тұжырымдамасы пайда болады. Білім беру ресурстарын дамытуда модульдер, сессиялар мен секциялар бойынша қозғалыстардың жүйелілігін ескеру қажет. Болашақта білім берудің онлайн бағдарламалары жаңа тәуелсіз жанрды, жанкүйерлерімен, үлкен бюджеттерімен және «Голливуд» жұлдыздары рөліндегі мұғалімдерді де қалыптастыруы мүмкін. Цифрлық педагогиканың саласы ретінде анықталуы үшін, білім берудің гуманистік мақсаттарына сәйкес жұмыс істеу қағидалары мен ережелерін әзірлеуі қажет. Қорытындылай келе, білім беру және оқытудың түрлі тәсілдері

философтарды, педагогтарды және қоғамдық қайраткерлерді алаңдатқан өркениеттің алғаш кезеңінен бастап үлкен мәселе болып табылады. Әр дәуір өзінің нені үйрету керек, қалай үйрету және нені үйрету керек деген бірегей ұғымдары мен шешімдерін ұсынады және осы жағдайларда ғасырлық сұрақ, маңыздылығы ерекше – қалай үйрету және не арқылы жүзеге асырылады. Заманауи технологиялар мен педагогикалық тапсырмалардың ең үйлесімді комбинациясын анықтау қажет. Біз осы зертеуімізде тәжірибелік мысалдар арқылы сандық ресурстар мен технологияларды пайдалана отырып, білім беру нәтижелерін жобалау мысалдарын беруге тырыстық.

Әдебиеттер

1. Цифрлық дәуір педагогикасы. XXI ғасырдағы білім беру, Қазақстанның ашық университеті №1, №2, №3, №4, №5, №6, №7
2. Е.С.Полат. Дистанционное обучение: Учебное пособие для вузов.– М., 2008г
3. Демкин В.П., Можаева Г.В. Технологии дистанционного обучения. - Томск, 2002г.
4. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі /Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ«ҰБАО «Өрлеу», 2013.
5. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар,–Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32б.
6. Тевс Д.П., Подковырова В.Н., Апольских Е.И. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе.- Барнаул: БГПУ, 2006.-11с.

ӘОЖ 378.36

PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL COMPETENCE IN HIGHER EDUCATION

Ереханова Ф. Т., Төрехан Н. Ә., Исманбеков Ш. Б.,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ, Қазақстан.

Түйін

Бұл мақалада жастарды тәрбиелеу маңызды рөл атқаратын жоғары мектептің білім беру процесінде Құзыретті мұғалімді қалыптастыру мәселесіне авторлық көзқарас берілген. Автор білім беруді әлеуметтену процесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Мұғалімдерді даярлаудың қолданыстағы тәжірибесін зерттеуге сәйкес, жоғары білімнің білім беру процесінде болашақ мұғалімнің жеке құзыреттерін дұрыс бағаламау тенденциясы байқалады. Қорытындылар өте қайшылықты.

Резюме

В статье представлен авторский взгляд на проблему формирования компетентного педагога в образовательном процессе высшей школы, в котором воспитание молодежи играет значительную роль. Автор рассматривает образование как главную составляющую процесса социализации. Согласно исследованию существующей практики подготовки учителей, в образовательном процессе высшего образования наблюдается тенденция к недооценке личных компетенций будущего учителя. Выводы имеют дискуссионный характер.

Higher education, especially pedagogical education, is currently developing progressively and successfully into a new qualitative condition. Many significant events in the life of higher education in recent years have been closely connected to the development and implementation of new educational standards, including the development and implementation of the third generation of educational standards. New challenges to modernize higher education are arising and being handled. New challenges for modernizing higher education are occurring and being handled on the basis of humanitarization and informatization, the transfer of students to a higher stage of intellectual growth, independent of the degree of their higher pedagogical education.

Education has an essential role in people's ability to live in a multicultural, constantly changing world. To a considerable part, it is dependent on the teacher's professional ability and the quality of his or her teaching. The teacher becomes a public figure, indirectly part of the changes in society. That is why the position of the teacher has received a lot of attention recently. The highest level of the active unpopular in society has passed. The fairly high competition for admission to pedagogical colleges. As indicated by the relatively high level of competition for teachers at colleges and universities, whose hands hold the most priceless treasure - children, their brains and souls - the profession has passed its height of unpopularity. In this regard, we feel that the most essential purpose of Russian education reform (modernization) has been to continuously protect individual interests while also humanizing the overall educational system. The achievement of this aim appears to be linked to the reform's main directions and state policy principles in the guiding principles of state education policy. Kazakhstan's educational system is changing as new technologies emerging.

New educational technologies, innovations and, on their basis, new curricula and textbooks, all aimed at developing a set of competencies in students.

In this paradigm, the primary goal of learning and education is to provide a person with a wide range of academic knowledge. The main source of knowledge is the learner (teacher, instructor). The learner is primarily seen as an object that must be filled with knowledge. The formation of cognitive motivation and cognitive abilities are reduced to the formation of personal aspects of learning. As a result, the primary focus is on the transmission of knowledge to the personality rather than its growth, which is viewed as a "byproduct" of learning activities.

The technocratic (or pragmatic) paradigm is a form of knowledge-based paradigm. Its primary purpose of education and parenting is to provide a person with knowledge, abilities, and skills that will be realistically helpful and necessary in life and professional activities, as well as to assist in correctly interacting with modern technology. In education, the main principle is polytechnism.

As a result, the knowledge-based and technocratic educational paradigms do not prioritize the student as a subject of the educational process. The student is only an element of pedagogical influence. The standardization of the educational process is envisaged, with learning technology focusing primarily on the skills of the ordinary student. The direct (imperative) style of administration of students'

learning activity is used. The educational models based on these paradigms' concepts are characterized by monologized teaching and an underestimating of the significance of initiative and creativity in the educational process. Both models attempt to build a personality with prearranged characteristics and to transfer the content of teaching methods in a ready-made shape.

To replace the old teaching-disciplinary model in domestic education, a humanistic, personality-development model focusing on treating students as complete partners in a collaborative atmosphere and refusing a manipulative approach to them is currently being implemented.

References:

1. Professional Pedagogy: Textbook for Students Studying in Pedagogical specialties and directions / Edited by S.Ya.Novikov. - Rev. - M.: Publishing house EGWES, 2009. - 456 с.
2. Pastukhova I.P. Fundamentals of educational and research activity of students.
3. Educational and research activity of students: Textbook for students of the secondary vocational educational institutions / I.P.
4. Pastukhova I.P., Tarasova N.V. Basics of student's educational-research activity. - Moscow: Publishing Center "Academy", 2010. - 160 с.

ӘОЖ 372.8:91

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖАҒДАЙЫНДА ГЕОГРАФИЯДАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Г.Ғ.К., доцент М.А. Қожабекова З. Е.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье дается краткий обзор новых подходов и методов обучения географии в современных условиях.

Summary

The article provides a brief overview of new approaches and methods of teaching geography in modern conditions.

Қазіргі заман жағдайында география негіздерін білмейтін, шын мәнінде білімді және мәдениетті адамды елестету мүмкін емес. География білімі адамның жалпы дүниетанымын кеңейтеді, оны гуманизм мен патриотизм рухында тәрбиелейді. Географиядан білім беру Отанға, туған жерлерге, табиғатқа деген сүйіспеншілікке, адамдарға, басқа елдер мен халықтарға ынтымақтастық қарым -қатынасты қалыптастырады.

Қазіргі заманда географиялық білім беру жүйесін жаңғырту бағыттарының бірі компьютерлік технологиялар мен мультимедияны енгізу болып табылады. Бұл студенттердің аналитикалық белсенділігін арттыруға, оқыту әдістерін демократияландыруды тереңдетуге, шығармашылық мүмкіндіктерді пайдалануға, мектеп оқушыларының психикалық үдерістерін, ойлау қабылетін және есте сақтауын ынталандыруға және дамытуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары жаңа ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы мен енгізілуі қазіргі баланың дамуына зор әсерін тигізуде.

Сондықтан қазіргі жастарды қысқа мерзімде үлкен көлемді ақпаратты меңгеруге, түрлендіруге және практикада қолдануға үйрету қажет. Қазіргі заманда географиялық білім беру жүйесін жаңғырту бағыттарының бірі оқушы сабақта қызығушылықпен, ынтамен жұмыс жасап, өз еңбегінің жемісін көріп, оны бағалай алатындай етіп оқу үдерісін ұйымдастыру өте маңызды. Қазіргі білім беруде оқытудың дәстүрлі әдістері мен заманауи ақпараттық технологиялардың, соның ішінде компьютерлік технологиялардың үйлесімі мұғалімге бұл қиын тапсырманы шешуге көмектеседі. Өйткені, компьютерді сабақта қолдану оқу процесін мобильді, қатаң сараланған және жеке етуге мүмкіндік береді. Географиядан ғылыми сауаттылық - бұл адамның жаратылыстану ғылымына қатысты мәселелер бойынша белсенді азаматтық ұстанымға ие болуы және оның жаратылыстану идеяларына қызығушылық танытуы. Жаратылыстану сауаты бар адам жаратылыстану мен технологияға қатысты мәселелерді дәлелді талқылауға қатысуға ұмтылады, бұл оған келесі құзыреттіліктерді талап етеді: құбылыстарды ғылыми түрде түсіндіруді, ғылыми зерттеулерді бағалауды және жоспарлауды, деректерді ғылыми түрде түсіндіруді және дәлелдемелерді ұсынуды. Жаратылыстану сауаттылығын сипаттайтын дағдылардың үш тобы бар: 1. Қолда бар ғылыми білім негізінде жаратылыстану құбылыстарын түсіндіру немесе сипаттау, сонымен қатар өзгерістерді болжау. 2. Ғылыми сұрақтарды тану және жаратылыстануды зерттеу әдістерін қолдану. 3. Мәліметтерді интерпретациялау және қорытынды жасау үшін ғылыми дәлелдерді қолдану.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, бүгінгі күні география мұғалімі алдында оқушыға әр түрлі дереккөздерден ақпаратты табуға және талдауға үйретіп қана қоймай, сонымен бірге алынған ақпаратты және алынған дағдыларды өмірде қолдана білу міндеті тұр.

Орта жалпы білім беру кезеңінде географияны зерттеу, негізгі білім беру бағдарламасын меңгерудің нәтижесіне қойылатын талаптарға сәйкес, негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік стандартының компоненті келесі мақсаттарға жетуге бағытталған: - интегралды, сан алуан және динамикалық өзгеретін әлем туралы географиялық білім жүйесін, барлық территориялық деңгейдегі табиғаттың, халықтың және экономиканың байланысын, адамзаттың жаһандық мәселелерінің географиялық аспектілерін және оларды шешу жолдарын меңгеру; - географиялық кеңістікті, оның объектілері мен процестерінің алуан түрлілігін зерттеу әдісін қолдану.

Қазіргі әлемде географияның рөлі орасан зор. География адам өмірінің, қоғамның барлық аспектілеріне қатысты, елдің әрбір азаматының шынайы өмірімен барынша тығыз байланысты; бұл: табиғат, еңбек, экономикалық қызмет, демалыс және т.б. Егер бір кездері географияны әлеммен жалпы танысу үшін ғылым деп атауға болатын болса, енді ол, мысалы, шет тілдерін үйренумен бірдей, бүкіл оқу процесінің маңызды бөлігі болып табылады.

Географиялық білім мен пәндік дағдылардың қалыптасуының негізі оқушыларда бірінші мектеп курсы – физикалық географияның бастауыш

курсын оқу кезінде қалыптасады. Бұл курстың ерекшелігі - оның барлық географияның ғылым ретінде теориялық білімінің негізін құрайтын жалпы географиялық түсініктерге бай болуы. Студенттер арасында жалпы түсініктерді қалыптастыру нақты объектілер мен құбылыстарды, ең алдымен өз аймағының табиғатын зерттеу арқылы жүзеге асады. Географиядан білім беруде әр түрлі қолданыстағы оқу құралдарын (глобус, теллур, компас, барометр және т.б.), сонымен қатар интерактивті көрнекі құралдардың барлық түрлерін және ең алдымен географиялық карталарды кеңінен қолдану ұсынылады, олармен жұмыс барлық кезеңдерде қажет. Географиядан практикалық білім беруде мұғалімге объектіні таңдау құқығы беріледі, оның мысалында география сабақтарында алған білімдері бекітіледі, бағыттарды, қашықтықтарды, ұзындықтарды, жер бедерінің биіктігін және басқа да сипаттамаларды анықтауға байланысты практикалық дағдылар өңделеді. Білімді кеңейтетін қосымша ақпаратты география антологиясынан, ғылыми және көркем әдебиеттерден, энциклопедиялар мен анықтамалықтардан және басқа да дереккөздерден алуға болады. Курсты оқыту студенттердің патриоттық, адамгершілік, экологиялық және экономикалық ойлауын, олардың жеке қасиеттерін қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге, оның бірегей табиғатына, табиғи ресурстарға, елде тұратын халықтардың мәдениеті мен дініне құрметпен қарауға бағытталған. Курстың мазмұны қайта құрудан кейінгі кезеңде, КСРО ыдыраған кездегі ел экономикасы мен экономикасының дамуындағы объективті қиындықтарды жеңу кезеңімен, елдің қазіргі экономикалық және мәдени дамуымен тығыз байланысты. Біз әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканың соңғы моделін, мемлекеттің көпвекторлы саясатын жүзеге асыру туралы соңғы құжаттарды, материалдарды, нақты фактілерді қолдануды ұсынамыз; оқушыларды белсенді танымдық іс -әрекеттерге (семинарлар орындау, жобаларды қорғау, пікірталастарға қатысу) қосу, нәтижесінде олар өз елінің объективті эмоционалды және құндылықтық қабылдауын қалыптастырады.



Ғалымдардың айтуынша география - философиялық сипаттағы пән. Ол Жер планетасының адамдар планетасы ретінде күрделі, жүйелі және әлеуметтік бағытталған көзқарасын қалыптастырады. Географияның міндеті-енді тек Жерді сипаттау ғана емес, сонымен қатар кеңістіктік-уақыттық қатынастарды, адамның табиғатқа әсерін, территориялық жүйелердің дамуын зерттеу. Географтар саяси, әлеуметтік, экономикалық, экологиялық мәселелерді шешуге қатысады. География - жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың арасындағы байланыс. Ол жас ұрпақтың бойында гуманистік дүниетанымды қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілікті, ғарышқа бағдарлану дағдыларын және қоршаған әлемдегі әлеуметтік жауапты мінез - құлықты қалыптастыруға ерекше жауапкершілікпен қарайды.

Әдебиеттер:

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 172 б.
2. География және табиғат ғылыми-педагогикалық журнал 2005№1 2007№1
3. Б.А. Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

ӘӨЖ

ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ АРАЛАС ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қ.Әтірбек, М.Әбілқасым – магистрант, жетекшісі п.ғ.д., доцент

Р.И. Кадирбаева

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье изложено о создании эффективных условий для обучения студентов в условиях смешанного обучения с использованием математических онлайн курсов.

Summary

The article describes the creation of effective conditions for teaching students in a mixed learning environment using online math courses.

Қазіргі кезде онлайн-оқыту мен дәстүрлі оқытуды қатар алып жүру арқылы аралас оқыту технологиясын қолдану білім берудің барлық деңгейіне еніп келеді. Аралас оқыту технологиясы кез-келген жерде, кез-келген уақытта студенттің тиімді білім алуына көмектесетін онлайн курстарды үнемі дамытудың арқасында қол жетімді болды. Бұл, әсіресе, бүкіләлемдік пандемия жағдайында таптырмас дүние. Қазіргі уақытта тұлғаға бағытталған білім беруде инновациялық технологияларды пайдаланудың қажеттілігі артуда. Сол себепті, оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, аралас оқыту технологиясының тиімді жақтарын таңдау, оны оқу үдерісінде белсенділікпен енгізу мәселелері көкейкесті. Сондай-ақ электронды оқытуды дамытудың да тиімді жақтары көп. Аралас оқытудың басты мақсаты: ашық ақпараттық білім кеңістігінде «бүкіл ғұмыр бойы оқу» негізінде студенттердің ақпараттынастық тұлғалығын қалыптастыру. Осы орайда студенттің үйде өз бетінше дайындық жасауына мүмкіндік беретін цифрлық форматтағы дидактикалық материалдар болып табылатын цифрлық білім ресурстарының пайдасы артуда. Мұндай ресурстардың қатарына аралас оқыту технологиясы арқылы оқыту мен басқаруды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орталар да жатады. Бүгінде оқытушылар мен студенттердің ғаламтор арқылы әлемдік деңгейде білім бере алатын мыңдаған тегін математикалық онлайн курстардан керекті материал алуларына мүмкіндіктері бар. Мысал келтіретін болсақ:

1) **Khan Academy** – математикалық және жаратылыстану ғылымдарының онлайн курсын қамтитын оқытушылар мен студенттерге арналған тегін платформа. Платформада жинақталған математикалық онлайн курстардың ішінде мектеп математикасы, алгебра, геометрия (планиметрия, стереометрия) курстары бар. Әр онлайн курс мәтіндік материалдардан, видеодәрістерден, тест сұрақтарынан тұрады. ЖОО студенттеріне арналған жоғары математика (ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, жиындар теориясы, жоғары алгебра негіздері, математикалық анализ, функционалдық анализ) курстары да жетерлік. Онлайн курстың әр бөлімі білімді тексеруге және қай тақырыпты қайталау керектігін түсінуге көмектесетін тесттермен толықтырылған. Қазіргі таңда Khan Academy платформасын АҚШ-ң 90% оқытушылары мен студенттері пайдаланады. Платформаның басты бетінде оқытушыларға, оқушыларға, ата-аналарға деп бөлінген тіркеуден өту нұсқаулығы көрсетілген. [1]

2) **Sabaq online** – ҰБТ тапсырушылар мен БИЛ, НЗМ-не түсушілерді дайындайтын Отандық онлайн тегін платформа. Бұл платформада әр пәннен видеодәрістер, тест тапсырмалары жинақталған. Sabaq online платформасында кез-келген пәннен тест тапсырып, басқа қалалардың оқушыларымен жарысып ұпай (XP) жинау арқылы өз рейтингін көтере алады.

Қалай балл (XP) жинап, рейтингті көтеруге болады?



- Әр сабақтан кейін саған сол тапсырма бойынша әр түрлі форматта тапсырмалар беріледі. Дұрыс орындаған тапсырмалар үшін балл (XP) беріледі. Яғни үй жұмысын жасап балл (XP) алуға болады.
- Бізбен сабақ оқу қызық және тиімді. Ал сен сол жайлы өз достарыңа айт. Сенің рефералды сілтемеңмен келіп төлем жасаған досың, (әр досың үшін) 1000 теңге және 200 XP алуыңа болады.
- Sabaq.online платформасынан білім алып, өз нәтижеңізбен және алған әсеріңізбен бөлісіп, сапалы видео пікір қалдырсаңыз, XP (балл) жинай аласыз. Жинаған XP (балл) біздің платформадағы рейтингке қосылады.

Сонымен қатар, білім алушы кез-келген пәннен тест тапсырмаларын орындап, пәнге қатысты сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы пәнді толық меңгере алады. Пәнді толық меңгерген білім алушыға сертификат беріледі. [2]



3) **Daryn.online** – ҰБТ тапсыратын жоғарғы сынып оқушыларына арналған математикалық тегін авторлық онлайн курс. Онлайн курста математикалық сауаттылық бойынша видеодәрістер тест тапсырмалары сұрақ-жауабымен жинақталған. Онлайн курстың сайтында «Курстар» бөлімінде «Дарын» мектептеріне дайындық курстары, 2020-2021ж. ҰБТ-не қазақша, орысша дайындық курстары, БИЛ дайындық курстары, НЗМ дайындық курстары, РФММ дайындық курстары, шет тілі курстары, мобилография курстары, оқытушыларға арналған курстар бар. [3]



Қазақстандағы №1 білім беру экожүйесі

Республикамыздағы жастар ресурсын әлеуметтік жағдайы мен қашықтыққа қарамай сапалы біліммен қамтамасыз ету

Оқуды бастау

4) **BILIM LAND** – Қазақстандағы интернет арқылы қашықтықтан оқытатын білім беру орталарының бірі болып табылатын платформа. BILIM LAND – әлемдегі электронды оқыту саласының озық жетістіктері негізінде жасалған онлайн білім беру платформасы. Бұл қазақ, ағылшан және орыс тілдерінде бірдей жұмыс істейтін, қазіргі уақыт талабына сай, сапалы білім беруге арналған контенттің ең ірі коллекциясы. Бұл ағылшын, неміс және француз тілдерін оқып қана қоймай, тіл ерекшеліктеріне терең бойлауға мүмкіндік беретін ерекше виртуалды орта. Бұл ресурсқа жазылып, BILIM LAND қауымдастығына мүше болу арқылы білім алушы оқуды шын мәнінде қызықты ететін, білім беретін мыңдаған анимациялық және видеофильмдер, ауқымды аудиотека, заманауи симуляторлар мен интерактивті жаттығулардың шексіз әлеміне есік ашады. Мұндағы курстар, пәндер мен сабақтардың таңдауы үнемі толығып, кеңейе береді. Оларды интерактивті тақта, компьютер, планшет немесе смартфонның кез келген түрімен пайдалануға болады. Еліміздегі жүздеген мектептер, соның ішінде 16 Назарбаев зияткерлік мектебі және мыңдаған жеке қолданушылар осы ресурсты қазірдің өзінде пайдалануда. BILIM LAND шын ұстаздың, білімге құштар бала мен баласына жанашыр ата-ананың армандары орындалатын жер. Бұл ресурс сабақтарын тиімді әрі қызықты өткізуді ойлайтын мұғалімге, өз бетінше білім алуға арналған электронды оқыту құралдарын іздеген оқушыға, баласының оқуына көмектесетін қолжетімді көмекші құрал іздеген ата-анаға арналады. BILIM LAND платформасының басты мақсаты – сапалы білімді баршаға қолжетімді жасау. BILIM LAND – білімнің қадірін білетін және оның күшіне сенетіндердің ортасы. [4]

Осы жоғарыда аталған онлайн білім орталары мен қатар онлайн оқытуды жүзеге асыруда қолданылып жатқан құрал жабдықтар да бар. Олар: смарт телефон, компьютер, ноутбук, планшет, электронды оқулықтар, интернет желісі, әрине, қалам дәптерлер. Сонымен қатар онлайн оқытуға жағдай жасайтын төмендегідей платформаларды атап өтуге болады:

- *Электронды почта* - барлық мұғалімдер мен шәкірттердің ақпарат алмасуына мүмкіндік беретін тамаша жүйе.

- *WhatsApp* – мәтіндік хабарландыру, сурет, видео және аудио жөнелтуге болатын смартфондарға арналған мессенджер. *WhatsApp*-та чат құрып, сол чатта сұрақ-жауап алмасып, онлайн режимді сабақтарды уақытында белгілеуге, дискуссия жасауға ыңғайлы жүйе.

- *Telegram* – смартфондар мен басқа да құрылғылар үшін, мәтіндік хабарламалар мен түрлі форматтағы медиафайлдармен алмасуға мүмкіндік беретін тегін кроссплатформды мессенджер. *Telegram* чаты өте ыңғайлы телефон жадысын толтырмайды, фото және видео сапаларының сақталуы жақсы, көптеген артықшылықтары бар қосымша.

- *Zoom* – бейне-конференция жүргізуге ыңғайлы платформа. Оны телефон, ноутбук, компьютерге жүткеп алу арқылы қолданады.

-*Google classroom* – жазбаша тапсырма алмасуға өте ыңғайлы платформа. Бірнеше мұғалім бірігіп жасауға болатын, бірнеше функциялар біріктірілген ұтымды платформа.

- *Instagram* мен *Facebook* – фотосуреттер мен видео бөлісуге және пікір қалдыруға арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Олардың көмегімен қолданушылардың фотосуреттер жасауға, оларға фильтр қолдануға, сонымен қатар, оларды өзінің сервисі немесе басқа да әлеуметтік желілер арқылы таратуға мүмкіндіктері бар. Қолданушы парақшаларына комментарий қалдыру немесе тікелей эфирге шығуға да қолайлы жүйелер.

- *Idroo* бағдарламасы – ең танымал виртуалды тақта, ол Skype бағдарламасын пайдалану кезінде бірге жұмыс жасай алады. Бұл бағдарламада көптеген функциялар бар. Математикалық клеткалы парақ ашып, сол жерге кәдімгідей дәптерге жазғандай жазып, сызып тікелей жаңа сабақты үйретуге болады. Барлығы онлайн түрде көрініп тұрады. Бұл бағдарламамен алдын ала үйрететін сабақты жазып сілтеме жасап қоюға да болады.

Әр оқытушы өзінің білім алушыларына қандай платформада жұмыс жасау ыңғайлы екенін таңдап алғаны дұрыс. Сол кезде ғана ол өзінің жұмысын жоспарлы түрде іске асыра алады. Өйткені, математика сабағын дәстүрлі емес жағдайда қашықтықтан оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Математика сабағын түсіндіру үшін әр мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Бірі слайд жасап түсіндірсе, екіншісі WhatsApp желісі арқылы видео, аудио жіберіп жатты. Ал кейбірі *Bilimland* платформасындағы дайын тапсырмаларды берсе тағы біреулер телесабақтармен, маршруттық парақтармен жұмыс жасап жатты.

Аралас оқыту кезінде күндізгі бөлімде оқытылатын материалдарды қолдана отырып, оқытуды жүйелі және тиімді интервентивтілікпен қамтамасыз ету қарастырылады. Осыған байланысты аралас оқыту технологиясы арқылы білім берудің сапасын бақылауда үнемі кері байланыс жасалынып отыруы тиіс. Ол үшін тапсырмаларды орындатуда қолданылатын желілік әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру бағдарламаларын пайдаланған жөн. Олар:

1. Kahoot бағдарламасы – бұл сабақты бекітуге, білімді тиянақтауға қолдануға арналған бағдарлама. Ол – тегін білімді тексеруді ыңғайлы

қызықты ресурс болып саналады. Kahoot әр түрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб интерфейспен ойнатылады. 2017 қыркүйек айында Kahoot мобильді платформада қосымша ретінде іске қосылды. Оған оқушылар жеке код арқылы кіреді де берілген тест сұрақтарына жауап береді. Бағдарлама кім қанша тестке қаншалықты жылдам дұрыс жауап бергенін, яғни сабақты түсінген түсінбегенін көруге мүмкіндік беретін анализ бөлімімен ерекшеленеді.

2. Quizizz бағдарламасы – бұл тест тапсырмаларды орындатуға мүмкіндік беретін бағдарлама. Ол – тек баланың білім деңгейін тексеру үшін ғана қолданылмайды, балаларды тез жалықтырып жіберетін тестті ойын түрінде өткізетін өте ыңғайлы бағдарлама болып табылады. Ойынға қытасу үшін смартфон (немесе компьютер) мен интернет керек. Ал тестті өтілген тақырыптарға сәйкес баланың деңгейі бойынша оқытушы өзі құрастырады. Оны сабақты қорытындылауда қолдануға болады.

3. Simple бағдарламасы – бағалауды жүзеге асыруға болатын бағдарлама. Бұл бағдарлама бойынша жиынтық бағалау, немесе тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарын жүзеге асыруға болады. Әр оқушыға кері байланыс жасау арқылы түрлі критерийлерге қарай бағалауға мүмкіндік бар.

4. Оқушыларға кері байланыс жасау үшін қолдануға қажетті смайликтерді жасауға арналған бағдарламаны пайдаланып, смартфон телефондағы дайын смайликтерден басқа өзінің бет бейнемен әр түрлі смайликті өз қалауыңша жасауға мүмкіндік бар.

Осы аталған әрі тиімді, әрі қол жетімді бағдарламаларды математика сабағын аралас оқытуда қолдану арқылы оқушылармен дер кезінде кері байланыс жасап отыру оқушылардың белсенділігін арттыруға көмегін тигізеді. Сол себепті, оқу үдерісінде аралас оқыту технологиясын қолдану мүмкіндіктерін сабақтың мақсатына қарай тиімді пайдалану мұғалімнің құзыреттілігінде дей отырып, осы мәселеге байланысты ғылыми тұрғыдан педагогикалық зерттеулердің қажеттілігіне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Khan Academy платформасының ресми сайтына сілтеме <https://www.khanacademy.org/>
2. Sabaq.online платформасының ресми сайтына сілтеме <https://sabaq.online/>
3. Daryn.online платформасының ресми сайтына сілтеме <https://daryn.online/>
4. Кадирбаева Р.И. Математиканы оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану – Шымкент. 2020 ж. 39 - 40 б.

ХИМИЯ ПӘНІН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

Қарманова Ә.С., докторант, Юсупова Д.Х., магистрант, Мәдібекова Ғ.М., х.ғ.к.,
доцент

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются основные компоненты цифровых технологий в образовании, а также цифровые процессы организации учебного процесса. Цифровизация образования — процесс обеспечения сферы образования методологией и практикой разработки и оптимального использования цифровых технологий.

Summary

The article considers the main components of digital technologies in education, as well as digital processes of educational process organization. Digitalization of education is the process of providing the education sector with methodology and practice for the development and optimal use of digital technologies.

Қазіргі заман талабына сай мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты қоғамның барлық салаларын цифрландыруды дамыту болып табылады. Кәсіптік білім беру мен оқытуды цифрландыру – бұл бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы білім беру процесінің тиімділігін қамтамасыз ететін жаңа инновациялық технологияларын қолдану. Білім саласындағы цифрландыру мәселесі ең алдымен «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының «Адам капиталын дамыту» атты төртінші бағытымен сабақтасады және ҚР «Білім туралы» заңында ақпараттық технологияларға, білім беру жүйесін ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты мәселелер ескерілген. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы – еліміздің әрбір тұрғынының цифрлық технологияларды пайдалану есебінен өмір сүру деңгейін арттыруға бағытталған маңызды кешенді бағдарлама. Бағдарламаның негізгі мақсаттары экономиканың даму қарқынын жеделдету болды және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ экономиканың түбегейлі жаңа траектория-болашақтың цифрлық экономикаға көшуі үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Сонымен қатар, «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» ҚР Президентінің 2021 жылғы жолдауында да аталған мәселелерге кеңінен мән берілген. Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің қолжетімділігі төмен болғанын көрсетті. Осыған сәйкес, қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсарту тапсырылды [3]. Демек, алдағы уақытта барлық елді мекендерде білім мекемелері желілік жүйемен, электронды ресурстармен қамтамасыз етіледі. Электрондық оқыту жүйесінің тұжырымдамасында білім беру ұйымдарының технологиялық инфрақұрылымын дамыту; оқу үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалануды дамыту; цифрлық білім беру ресурстарын жоғары дәрежеде

жүзеге асыру; электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды қамтамасыз ету және даярлау көзделеді.

Цифрлық білім беру - мақсаттан нәтижеге өту кезіндегі оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара іс-әрекетті ұйымдастыру процесі, оның негізгі құралдары цифрлық технологиялар. "Цифрлық білім" терминін басқа ғылыми терминмен "білім берудегі цифрлық технологиялар"мен ауыстыруға болады.

Кәсіби білім берудегі цифрлық технологиялардың базалық элементтеріне мыналар жатады: оқу процесін ұйымдастырудың цифрлық процестері, студенттердің жалпы білім берудегі кәсіби құзыреттіліктерін, білімдерін, іскерліктерін, дағдыларын бақылаудың цифрлық технологиялары. Білім берудегі цифрлық технологиялардың мәні-бұл оқу процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ақпаратты өңдеуді, беруді және көрсетуді қамтамасыз ететін әдістер, тәсілдер мен құралдар жиынтығы. Қашықтықтан оқыту технологиялары студенттер мен оқытушылардың ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өзара іс-әрекеттері жүзеге асырылатын технологияларды білдіреді [4]. Соңғы онжылдықта дәстүрлі білім беру процесіне қашықтықтан оқыту технологияларын енгізу әлемнің барлық жоғары оқу орындарында белсенді түрде жүргізілуде. Қашықтықтан және икемді оқыту арқылы диплом алуды ұсынатын ЖОО тізімі жыл сайын толықтырылып отырады. Жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне прогрессивті технологиялар мен оқу жүйелері, оның ішінде қашықтықтан білім беру жүйесі енгізілді.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын негізгі бағыттарына сәйкес іске асыруда Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті қазіргі заманғы технологияларды және инновациялық шешімдерді қолдана отырып, белсенді трансформация кезеңінде деуге болады. Университеттің материалдық-техникалық базасы білім беру бағдарламалары бойынша жұмыстарды жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Оқу орнында электронды каталог және библиографиялық деректер базасы құрылған, бүкіл оқыту үрдісі Универ платформасында орналасқан. Университеттің дұрыс стратегиялық саясатты таңдауы, яғни, қашықтықтан оқыту бөлімінде әр мамандық бойынша дайындалған электронды пән кешендерінің болуы, онлайн оқыту жүйесіне жедел әрі жеңіл көшуге мүмкіндік берді. Қашықтықтан оқыту педагогтардың кәсіби өсуіне екі бағыт бойынша ықпал етеді: практикалық тәжірибе және цифрлық оқу материалдарын әзірлеу. Университет қызметінің бағыттары бойынша call-орталықтар құрылды. Шектеу шаралары режимінде оқу орны мектептер мен колледждерге университетке түсу мәселелері бойынша ашық вебинарлар өткізді, сондай-ақ тұрақты негізде кеңес береді. Қашықтықтан оқытуда бағдарламалық шешімдерді қолдану бойынша бейне нұсқаулықтар әзірленді.

Осы оқу жылының күзгі семестрінде университет аралас оқыту үрдісіне көшті. Дәріс сабақтар ZOOM платформасы арқылы онлайн түрде

жүргізіліп келеді. Мұнда, платформаның демонстрациялық экранын қолдана отырып, Microsoft Power Point бағдарламасында дайындалған презентациялар, алдын-ала дайындалған электронды оқу құралдарымен қатар, аудио, видео, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу материалдары қолданыла отырып сабақтар жүргізілуде және кері байланыс жасалуда. Бұл әдістің тиімділігі оқулықтар мен ресурстарды сілтемелер арқылы білім алушылардың қолдануы. Практикалық және зертханалық сабақтар аудиториялық (дәстүрлі) түрде жүргізілуде. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту бойынша, univer.okmru.kz платформасына пәнге қажет кешен орналастырылды. Студенттерге тақырыпқа сәйкес оқу материалдарының барлық түрін толыққанды қолдана алатын жағдай жасалған және univer.okmru.kz платформасына пән бойынша берілген тапсырмаларды білім алушылар кері байланыс жасап тапсырып отырады.

Аналитикалық химияның сапалық анализ бөлімінің дәрістерін қашықтықтан оқытуда ZOOM платформасының демонстрациялық экранын қолдана отырып, әр тақырыпқа сай Microsoft Power Point бағдарламасында дайындалған презентациялар қолданылады. Сабақтың тақырыбына сәйкес негізгі қорыту формулалары мен есептеулер, иондардың анықтау реакциялары, қоспалардың сызба-нұсқалары тақтада жазып көрсетіліп талданып отырады. Дәріс барысында білім алушыларға пәннің негізгі оқулықтарының электрондық жинағы ұсынылады. Дәстүрлі (аудиториялық) түрде өткізілетін зертханалық сабақтарда жұмыстарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулық, алдын-ала дайындалған виртуальды зертханалық жұмыстар сабақ барысында интерактивті тақтада қосулы тұрады, студенттердің қайталап қарап отыруына мүмкіндік жасалған.



Виртуальды зертханалық жұмыстардың сабақ барысында интерактивті тақтада көрсетілген кескіні

Білімалушылардың өзіндік жұмыстарының ұйымдастырылуы, тапсырмалардың орындалуы электронды түрде де жүзеге асырылады. Берілген тапсырмалар презентация, реферат, эссе, портфолио және т.б. түрінде орындалып, univer.okmru.kz платформасының қашықтық курстар бөліміне енгізіледі, ал ол жұмыстарды талқылау және тапсыру сөз кестесіне сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, студенттердің білімдерін, іскерліктерін, сабаққа қатысуын бағалау электронды журналда сабақ үстінде орындалады.

"Цифрлық Қазақстан" бағдарламасы шеңберінде іске асырылған барлық іс-шаралар мен жобалар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға, халықтың жұмыспен қамтылуына, денсаулық сақтау мен білім берудің сапасын арттыруға, сондай-ақ инвестициялық климатты жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру, шағын және орта бизнестің үлесінің өсуіне көмектеседі. Қорытындылай келе, білім беру жүйесін цифрландыру аясында қабылданған шаралардың мазмұны жағынан да, білім берудегі ұйымдастырушылық процестерді жеделдететін, жетілдіретін жаңа озық технологияларды қолдануға бағытталғанын атап өтуге болады.

Әдебиеттер

1. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы (21.07.2015ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
3. <https://primeminister.kz/kz/addresses/01092021>
4. Авадаева И.В. Методологические основы формирования современной цифровой образовательной среды / И.В. Авадаева, Нижний Новгород, 2018. –175 с.

ӘӨЖ

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Дастанова Ақмарал

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы «Облыстық
фтизиопульмонология орталығы», Шымкент, Қазақстан

Түйін

Мақалада заманауи жаңа технологияларды қолдана отырып ағылшын тілі сабағында оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында қолданылған технологиялар зерттелген.

Summary

The article examines the technologies used to increase students' interest in English lessons using modern new technologies.

Оқу үрдісі жылдам болады, ғалымдардың ілім-ғылымға деген қызығушылығы жоғарылайды, ақпараттық оқу материалының сапасы көтеріліп, субъективтілікке бейімділік жойылады.

Қазіргі парадигма өте заманауи, аудио-визуалды тапсырмаларды орындау үшін интерактивті компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып,

кейіпкерлерді жеңетін комбинациялар деңгейінде көптеген ғылыми жұмыстар бар.

Акт негізінен дайындық процесінде, презентацияда:

- * компьютер және мультимедиялық проектор арқылы ұсынылған электрондық процессорлар мен пайдаланушылар,
- * электронды сұрақ-жауап кітаптары және автор,
- * симуляторлар мен сынақ программалары,
- * Интернеттегі білім беру ресурстары,
- * Суреттері мен иллюстрациялары бар DVD және ықшам дискілер,
- * Видео және аудио технологиялар,
- * Ғылыми және қолданбалы роботтар
- * Интерактивті тақта

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мектептерді оқытуда жеке және мемлекеттік сектордың жұмысына тиімді жағдай жасайды. Пәнді компьютерде өңдеуге және өз бетінше оқуға қолдануға болады. Осыдан компьютер – кез келген тапсырманы дұрыс қайталай алатын, сайып келгенде сарапшы жасай алатын ең шыдамды мұғалім.

Сыртқы байланыстарды зерттеу үшін материалды меңгеруге ынталандыратын және сәйкес мінез-құлықты (яғни шынайы қарым-қатынас принципі деп аталатын) дамытатын нақты, өмірлік жағдайларды жасау қажет. Жаңа технологиялар, әсіресе интернет бұл мәселені шешуде. Сондықтан бүгінгі таңда интернет ресурстарын пайдаланудың жаңа тәсілдері шетел тілін дәстүрлі оқытуға қайшы келеді.

Ағылшын тілі сабақтарында Интернетті пайдалана отырып, бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге болады: ғаламдық желілер материалдарын пайдалана отырып, оқу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру; Оқушылардың жазу дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; Оқушылардың ағылшын тілін үйренуге тұрақты мотивациясын қалыптастыру. Студенттер онлайн сынақтарға, викториналарға, жарыстарға, олимпиадаларға, басқа елдерден келген құрдастарымен хат алмасуға, чатқа, бейнеконференцияға қатыса алады. Студенттер жоба жұмыс істеп жатқан мәселе туралы ақпарат ала алады. Бұл бір немесе бірнеше елдерден келген ресейлік мектеп оқушыларының және олардың шетелдік құрдастарының бірлескен жұмысы болуы мүмкін.

Сабақта мен онлайн ресурстарды пайдаланамын:

Компьютерді енгізу оқу ортасын бұрын болмаған жаңа материалдармен қамтамасыз етеді және оқу материалдарын жобалауға және саралауға мүмкіндік береді. Ағылшын тілі тақырыптары бойынша презентациялар дайындау үшін POWER POINT пайдаланамын. Компьютерлік модельдеуді сабақ барысында да, оқу процесінің белгілі бір кезеңдерінде де қолдануға болады. Ағылшын тілінде сөйлейтін елдердегі шындықты сипаттайтын музыкалық бейнелер мен веб-сайттар шет тілінің мәдениетін білуге көмектеседі. Мысалы, Елизавета II ханшайымы мен оның отбасы туралы веб-сайт немесе Америка Құрама Штаттарын көрсететін бейне сізге «тіл» туралы

оқуға көмектеседі. Бұл құрал сынып ішінде ойын ортасын, сондай-ақ дыбыстық, грамматикалық және грамматикалық дағдыларды жылдам жасауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың жобалық іс-әрекеті

Студенттердің жалпы және құрылымдық білімі мен тәсілі дизайн және шығармашылық жұмысқа қатысуға шақырылуы мүмкін: компьютерлік презентациялар, веб-іздеулер немесе вебинарлар. Содан кейін бұл жұмыстар Power Point, хаттар, брошюралар және бейнематериалдар түрінде оқырманға ұсынылып, қорғалады.

Бұл жұмыс түрі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын дамытады, белсенділіктерін арттырады, өмірлік пайдалы дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі. Ақпараттық технология студенттерге өз ойын көрсетуге мүмкіндік береді: олардың жұмысы басқаларға пайдалы және пайдалы болуы мүмкін. Бұл перспектива олардың топтардың немесе жеке тұлғалардың тәуелсіз танымдық функцияларына күшті серпін береді.

Тыңдау (лингвфон туралы: жақсы және жаман жақтары).

Орталық коммуникация жағдайында студенттердің тыңдау дағдыларын, қашықтықтан жазуды қабылдау және түсінуді дамыту маңызды деп есептеймін. Сондай-ақ сабақта бірнеше медиа презентацияларды пайдалану пайдалы. Ең маңызды артықшылықтардың бірі – оқушының тапсырманы орындағаннан кейін жазбаша түрде дұрыс жауап беруі. Бұл студенттерді дәлдікке негізделген фактілерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді жазуға ынталандыруы мүмкін, бұл дұрыс жазуды жеңілдетеді. Болашақта бұл мәтіндер тақырыптар мен тұлғаларды, сондай-ақ үй тапсырмасын талқылау үшін пайдаланылады.

Жаттығулар жасау

Интернетті пайдалана отырып, сіз өзіңіздің дәрістеріңізді ақпараттық агенттіктерге аударып, оқырмандарды үздік журналистерге айналдыра аласыз. Бұл іс-әрекет түрі жоғары сынып оқушылары үшін дұрыс, себебі ол көп оқу және түсіндіру, еркін Газетпен жұмыс істеу де қызықты.

Университетте оқып жүргенде ағылшын, неміс мақалаларын оқып, жұмыс істейтінбіз. Бұл қиын болатын, бірақ қызық, көп сөздік және нақты сөздік, негізінен саяси білімді қажет етеді.

Әлемдегі әрбір ірі журнал-газеттің дерлік өз веб-сайты бар, оның көмегімен сіз тек оқып қана қоймай, көптеген тілдердегі жаңалықтарды тыңдай аласыз. Ағылшын тілін үйрену процесі. Бірақ ол үшін онлайн болу керек.

Жазуды үйрену

Нақты уақыттағы байланыс электрондық пошта арқылы жүзеге асады, ол достық хаттар арқылы мәдениетаралық білімді насихаттау үшін қолданылады. Халықаралық жұмыс кез келген сыныпта және тілді меңгерудің кез келген деңгейінде жүргізілуі мүмкін. Электрондық поштаның қағаздың артықшылығы бар: ол жылдамырақ, ыңғайлырақ және арзанырақ.

Мен үшін жұмыстың басқа түрі әлі де арман болып табылады - үй тапсырмасын электронды пошта арқылы жіберу. Студенттер бағалау үшін эссе, хат және басқа да жазбаша тапсырмаларды тапсырады. Мен, әрбір оқушы, қателіктерге түсініктеме беруге, сабаққа уақыт бөлуге, қатысушыларды жарыстарға, олимпиадаларға дайындауға немесе үлгермейтін оқушылармен жұмыс істеуге мүмкіндік беремін. Мен Вера Юрьевнаның осылай жұмыс істейтінін білемін және сіз жеңдіңіз. Әрине, сіз оған уақытыңызды жұмсауыңыз керек. Бірақ нәтижелер бар.

Электрондық кітаптар. Жақсы немесе жаман. Мұғалім үшін тамаша, бірақ балалардың денсаулығына зиян. Балалардың компьютерге 45 минут жетуіне жол бермеңіз. Сабақта компьютерді пайдалану қажет болса, жоғары сынып оқушылары үшін екі минуттан астам дене шынықтыру жаттығулары және бастауыш және жоғары сынып оқушылары үшін компьютерде 20 минуттан астам жұмыс істеу керек.

Бүгінде көптеген орыс мектептерінде кітапшаларды дәптер алмастырды. Оның жақсы немесе жаман екенін уақыт көрсетеді, бірақ компьютерді қолданбай жаңа білімді тез меңгеру мүмкін емес екені анық.

Компьютерлік технологиямен жұмыс істеуде мұғалімнің рөлі де өзгерді, оның басты міндеті – оқушылардың жеке тұлғасын шығармашылық тәсілдерге дамыту, қолдау және бағыттау. Студенттермен қарым-қатынас ынтымақтастық пен шығармашылық принциптеріне негізделген. Осы тұрғыда оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың қазіргі әдістерін қайта қарастыру қажет: оқушылардың жеке және топтық жұмыстарын күшейту, оқытудың сипаттау және түсіндіру әдістері басым мәдени сабақтардан бас тарту. Нақты және шығармашылық зерттеу жұмыстарының көлемін ұлғайту.

Біз тәрбиешілер балалардың компьютер, айфон, көшірме, планшет және басқа да ақпараттық технология құрылғыларын ерте жастан пайдалана бастайтынын есте ұстауымыз керек. Бұл құрал күндіз-түні жұмыс істейді, сондықтан мұғалім оқып жатқан пәнінен жақсы нәтижеге қол жеткізгісі келсе, ол енді балаларымыздың қарқыны мен өсуіне ілесуі керек.

Әдебиет

1. Биболетова М.З. Мультимедиа орта мектептерге арналған «Enjoy English» оқу материалдарының ассистенті ретінде. ИЯШ, №3. 1999.
2. Владимирова Л.П. Шетел тілі сабағында интернет. ИЯШ, №3, 2002. 33-41 б.
3. Донцов Д. Компьютерде ағылшын тілі. Біз оқимыз, аударамыз, сөйлейміз. М., 2007 ж.
4. Карамышева Т.В. Компьютер арқылы шет тілдерін оқу. (сұрақ-жауап түрінде). СПб., 2001 ж.

**БІЛІМ БЕРУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІК-КОНТЕКСТІК МОДЕЛІ
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ
Досназарова Шарапат**

Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасы «Облыстық
фтизиопульмонология орталығы», Шымкент, Қазақстан

Түйін

Бұл мақалада үздіксіз білім беруде инклюзивті білім беру идеяларын жүзеге асыру мәселесі қарастырылады және тәрбие мен білім берудің құзыреттілік-контекстік моделінің негізгі ерекшеліктері осы міндетке сәйкес келетін оқыту моделі ретінде сипатталады.

Summary

In this article, the problem of implementing the ideas of inclusive education in continuing education is considered and the main features of the competence-contextual model of education and training are described as a learning model that corresponds to this task.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру жүйесі көптеген жылдар бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Бұл мекемелерде сабақ өткізу үшін арнайы жағдайлар жасалған, балалармен дәрігерлер және арнайы педагогтар жұмыс істейді. Алайда, бала кезіндегі арнайы / түзету оқу орындарының оқшаулануына байланысты адамдар "сау" адамдар мен мүгедектерге бөлінеді. Нәтижесінде, АУЫТҚУЫ бар адамдар үшін өмір бойы білім алу мүмкін емес, өйткені білім беруді жалғастыру үшін арнайы жағдайлар әрқашан негізгі білім беру шеңберінен тыс бола бермейді. Инклюзивті білім беру осындай жүйенің баламасы болып табылады; ол мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін (мемлекеттік) мектептерде оқытуды қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беруді дамыту проблемасын шешу білім беру моделінің өзгеру проблемасымен тығыз байланысты. Білім берудің жаңа моделі қарапайым балаларды АУЫТҚУЫ бар балалармен бірлесіп оқытуды ғана көздемеуі керек, сонымен бірге барлық оқушыларға өмір бойы үздіксіз білім беру жүйесінде білімін жалғастыруды қамтамасыз ететін дағдыларды игеруге мүмкіндік беруі керек. Біздің ойымызша, білім беру мен тәрбиелеудің құзыреттілік-контекстік моделі үздіксіз білім беру жүйесі шеңберінде Инклюзивті білім беру идеяларын іске асыра алатын әлеуетке ие.

Құзыреттілік-контекстік білім берудің негізгі мақсаты "базалық білім беру деңгейінде үздіксіз білім беру процесінде оқушының пән ретінде дамуын қамтамасыз ететін білім берудің өзгермейтін нәтижесі ретінде оқушылардың білім беру іс-әрекеті процесінде құзыреттілікті қалыптастыру үшін педагогикалық және психологиялық жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл процесс, сондай-ақ студент тұлғасының құндылықты-мағыналық саласын дамыту мақсатына қол жеткізуді қамтиды" [2, 210 б.]. Құзыреттілік-контекстік білім беру процесінде студенттерге проблемаларды шешуге және білім негізінде тапсырмаларды орындауға мүмкіндік беретін академиялық типтегі оқу іс-әрекетін дербес іс-әрекетке айналдыру

қамтамасыз етілед. Трансформациялық қызмет кезеңі бір тақырыпты зерттеу кезеңіне тең, оның аясында тұтас құбылыс, процесс зерттеледі.

Қызметтің үш негізгі формасы ерекшеленеді: студенттердің зерттелетін құбылыстардың құрылымын түсінуін қамтамасыз ететін академиялық типтегі қызмет. Барлық студенттер зерттелетін тақырыпқа байланысты әртүрлі жағдайлардың модельдері болып табылатын көптеген мәселелерді шешуге арналған бірдей құралдар жиынтығын алады. Тапсырмалар барлық студенттерге бірдей қойылады, бірақ шешу дағдылары алынады

Олар білім беру мен тәрбиелеудің құзыреттілік-контекстік моделінде дараланады, өйткені оқушылардың қабілеттері, қызығушылықтары мен қажеттіліктері ескеріледі; квази-тәуелсіз қызмет студенттердің жұмыс әдістерін түсінуін қамтамасыз етеді. Студенттер оқытушысымен бірге көптеген негізгі бағыттардан тұратын күрделі тапсырмалар бар тақырып аясында бірқатар мәселелерді шешеді; дербес қызмет - бұл белгілі әдістемелерді тікелей қолдануды талап ететін міндеттерден бастап зерттеу және жобалау міндеттеріне дейін қамту аясы жеткілікті кең тақырып шеңберіндегі міндеттерді шешуге бағытталған студенттердің ұжымдық қызметі. Қызметтің бұл түрі оларға проблемаларды өз бетінше шешу тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде мұғалім тәрбиеші болып табылады, оның міндеті әр оқушының максималды нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз ету болып табылады. Тапсырмаларды орындай отырып, оқушылар өздігінен қозғалады.

Жұмыс барысында балалар стихиялық топтар құрады, олардың факторы мәселенің күрделілігі болып табылады. Бірінші деңгейден өткеннен кейін балалар келесі деңгейге өтеді. Бұл кезеңнің уақыты үлкен, олар тақырыпты зерттеуге бөлінген барлық уақыттың шамамен 40% алады, сондықтан әр баланың минималды базалық деңгейге ие болу мүмкіндігі бар. Топ ішіндегі балалар арасындағы қарым-қатынас маңызды фактор болып табылады. Білім беру мен тәрбиенің құзыреттілік-контекстік моделі шеңберінде Инклюзивті білім берудің барлық сегіз қағидатын іске асыру үшін жағдайлар жасалады: (a) адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктеріне байланысты; (b) әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті; (c) әрбір адамның қарым-қатынас жасауға және естуге құқығы бар; (d) барлық адамдар бір-біріне мұқтаж; (e) шынайы білім беру тек нақты қатынастар контекстінде берілуі мүмкін; (f) барлық адамдар өз құрдастарының қолдауы мен достығын; (g) Барлық студенттер қолынан келмейтін нәрселерден гөрі не істей алатындығында жақсы жетістікке жете алады;

(h) әртүрлілік адам өмірінің барлық аспектілерін жақсартады.

Біздің ойымызша, инклюзивті білім беру мәселесін шешу неғұрлым кең мәселені шешуден тұрады: білім беру парадигмасын өзгерту. Жаңа парадигма

- әр адамның туа біткен қабілеттерін оқушының пән ретінде қалыптасуын қамтамасыз ететін" тұжырымдамалық ойлау "және" метапроцесс "интеллектуалдық операцияларымен толықтыруға болатындығын түсінуге

негізделген" ойлау мектебі " дәстүрлі білім беру парадигмасының орнын алуы керек. Білім беру мен тәрбиенің құзыреттілік - контекстік моделі тұлғаның өзін – өзі жүзеге асыру процесін бастау механизмін қамтиды-бұл білім берудің өзгермейтін нәтижесін-когнитивті, Әлеуметтік және рефлексивті тәжірибе кешені ретінде құзыреттілікті қалыптастыру. Бұл нәтиженің қалыптасуы әр түрлі қабілеттері бар студенттерге "өмір бойы"үздіксіз білім беру процесінде әр түрлі іс-әрекеттерді өз бетінше игеруге мүмкіндік береді.

Әдебиеттері:

1. Қалықбаева З. Табиғат – тал бесігің. \ Отбасы және балабақша. – 1995. № 6. 306.
2. Құдашева Д. Т. Баланың жан – дүниесін әсемдікке баулу. \ Отбасы және балабақша. – 2007. № 3. 15 – 166.
3. Манкеш А. Е. Ұлттық тәрбие негізінде баланың рухани жан дүниесін дамыту. \ Білім беру және менеджмент. – 2007. № 2. 117 – 1196.
4. Көбеева Н. Бала және табиғат. \ Үйелмен және балабақша. – 1993. № 5. 6 – 76.

ӘӨЖ

АШЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бекмуратова Қ.П., Қалдарова Б.С.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Түйін

Мақалада жалпы білім беретін мекемелерде ашық білім беру ресурстарын қолдану тиімділігі қарастырылған. Бүгінгі білім берудегі ашық білім беру ресурстарын оқу орындарында оқытудың ағымдағы жай-күйін зерттеп, тиімділігін анықтау мақсатында зерттеулер жүргізілді.

Summary

The article considers the effectiveness of the use of open educational resources in general education institutions. Research was conducted to determine the effectiveness of the current state of teaching in educational institutions of open educational resources in today's education.

Біз ақпараттың мол болу дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Тарихта алғаш рет кез-келген адам кез-келген білімге қол жеткізе алады. Оқытудың жаңа мүмкіндіктерінің кілті - ашық білім беру ресурстары . Бұл термин студенттердің пайдасы үшін заңды түрде жүктеуге, өзгертуге және таратуға болатын барлық материалдарды білдіреді.

Ашық білім беру - бұл кез-келген ортада сандық цифрлық немесе зияткерлік меншік лицензиясы бойынша жарияланған, шектеулі бар немесе шектеусіз басқа адамдарға тегін кіруге, пайдалануға, бейімдеуге немесе таратуға мүмкіндік беретін оқу, оқыту және зерттеу материалдары. Бұл термин алғаш рет 2002 жылы ЮНЕСКО-ның ашық оқу курстары форумында енгізілген және "... кез-келген медиада, сандық немесе басқада, көпшілікке қол жетімді немесе ашық лицензия бойынша шығарылған, ақысыз қол жеткізуге, пайдалануға, бейімдеуге және таратуға мүмкіндік беретін оқыту, оқу және зерттеу материалдары" дегенді білдіреді [1].

Ашық білім беру ресурстарын жалпы орта мектептерге кіріктіре отырып, білім беру деңгейін көтеру мақсатында тиімділігін анықтау.

Ашық білім беру ресурстарының тиімділігі кез-келген адам интернеттен қажетті білім ресурстарын тауып, яғни әртүрлі курстар, электронды оқулықтарды қолданып келеді.

Жалпы дүниежүзінде ашық білім беру ресурстарының тиімділігі анықталып, жастардың көп бөлігі интернеттен тегін ашық білім беру ресурстарын қолдану арқылы білімдерін тереңдетіп, көптеген қажетті материалдарды бойларына сіңіріп отыр.

Ашық білім беру ресурстарына сүйене отырып, жоғары оқу орындары білім беру жүйесіндегі түрлі жақсартуларға ықпал етеді. Бірінші оң аспектен қол жетімділік. Оқудың бірінші күнінен бастап барлық студенттер барлық білім беру ресурстарының толық көлеміне қол жеткізе алады. Бұл айқын көрінуі мүмкін, бірақ тіпті АҚШ-та университет студенттерінің үштен екісі оқулықтарды сатып алмайды, өйткені оларда қаражат жоқ.

Екінші оң нәтиже-барлық студенттер өздері үшін дайындалған тиісті білім беру көздеріне қол жеткізе алады. Сонымен, Мумбайдағы профессор Барселона университеті бөліскен еркін лицензиясы бар оқулықты жүктеп, оны хинди тіліне аударып, студенттеріне түсінікті мысалдармен суреттей алады.

Үшіншіден, оқу нәтижелері жақсарады немесе өзгеріссіз қалады, ал шығындар нөлге дейін төмендейді. Бір курстың барлық студенттері оқудың бірінші күнінен бастап барлық қажетті ресурстарға қол жеткізе алатын болса, олардың жетістікке жету мүмкіндігі жоғары болады. 2015 жылы жарияланған және 16000-нан астам жоғары мемлекеттік білім беру студенттерін қамтыған талдауға сәйкес, ашық материалдарды қолданатын студенттер арасында нәтижелер дәстүрлі білім беру әдістерін қолданатын оқушылардың нәтижелерімен тең немесе асып түседі. (Лейн Фишер, Джон Хилтон, Т. Джаред Робинсон және Дэвид Уайли: "ашық оқулықтардың университет студенттерінің оқу нәтижелеріне әсерін көп институционалды зерттеу", жоғары білімді компьютерлендіру журналы, 2015). (Ашық оқулықтарды қабылдаудың 2015 жылғы Жоғары сынып оқушыларының оқыту нәтижелеріне әсерін көп институционалды зерттеу).

Төртіншіден, ашық білім беру ресурстарының арқасында оқуды сәтті аяқтаған студенттердің пайызы өсуде деп айтуға болады. Tidewater Community College-де (Virginia, NDLT) жиналған деректерге сәйкес, АБЖ пайдаланатын әртүрлі пәндерден келген студенттердің нәтижелері білім алғандар саны бойынша да, үлгерімі бойынша да 11% - ға жақсы болып шықты. (Лейн Фишер, Джон Хилтон, Дэвид Уайли және Линда Уильям: "диплом алуға деген ынтаны сақтау: ооғ және өнімділік көрсеткіштері", 2016 жылғы ашық және таратылған оқыту зерттеулеріне Халықаралық шолу). (Maintaining momentum toward graduation: REL and the course throughput rate, The International Review of Research in Open and Distributed Learning 2016).

Басқаша айтқанда, студенттерге мақсатқа жету үшін қажетті барлық білім беру ресурстарына қол жетімділік берілген кезде, олар оқу процесін сәтті аяқтайды.

Бесіншіден, БЖБ енгізілген сәттен бастап Оқушылар мен оқытушылар ашық білім беру әдістемесін пайдалана алады. Бұл "ООР құру мен бірнеше рет қолдануды көздейтін ынтымақтастыққа негізделген тәжірибелер, сонымен қатар қатысу, жұптасып оқу, білім алмасу және білім алмасу және оқушылардың тәуелсіздігін арттыруға негізделген педагогикалық әдістер". Мұндай анықтаманы Кэтрин Кронен 2017 жылы ашық және үлестірілген оқыту саласындағы зерттеулердің халықаралық шолуында (the International Review of Research in Open and Distributed Learning) жарияланған "ашықтық және практика: жоғары білім беруде ашық білім беру әдістерін пайдалануды зерттеу" (Openness and praxis: Exploring the Use of Ppen Educational Practices in Higher Education) мақаласында береді. Осылайша, студенттердің өздері білім жасаушы болады, өйткені олар оқу барысында АБЖ-ны жаңарта және жетілдіре алады.

Ашық білім беру ресурстары әртүрлі білім беру мақсаттары үшін пайдаланылады және қолданатын ұйымдардың көпшілігі ғылыми дәреже бермейді. Ашық білім беру саласында кейбір аккредиттелген мекемелер қатысушылардың жетістіктерін құжаттау және тану үшін ақысыз сертификаттар немесе жетістік белгілерін ұсынады.

Ірі ашық білім беру платформаларының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

МООС (Massive Open Online Courses) – бір уақытта бірнеше жүз мың адамға дейін жететін қазіргі заманғы көп салалы курстар.

2012 жылы Гарвард университеті мен Массачусетс технологиялық институты (АҚШ) құрған "EdX" платформасы әлемдегі 90 үздік университеттің жоғары сапалы курстарын ұсынатын онлайн оқу орталығы және МООС жеткізушісі болып табылады.

Coursera – жаппай онлайн білім беру саласындағы жаһандық жоба. Оның аясында Интернетте онлайн курстар жиынтығы түрінде білім беру материалдарын жариялау жобасы бар. Жоба әр түрлі білім салалары бойынша жүйеде курстар жариялап, жүргізетін университеттермен ынтымақтастық жасайды.

Udacity - білім беруді демократияландыру, білім алушылардың неғұрлым талап ететін дағдылары мен мансаптық өсуін дамытуды қолдау үшін құрылған платформа. Udacity бүкіл әлемдегі студенттерге білім алуға және әлемдегі ең қызықты және инновациялық салаларға үлес қосуға мүмкіндік береді.

OpenLearn – Ұлыбританияның ашық университеті шығарған Қашықтықтан оқытуға арналған материалдар оқу орындарында және бірқатар пәндер бойынша оқытуды қолдау үшін қолданылады.

Ашық білім - Ресей университеттерінде оқытылатын базалық пәндер бойынша онлайн курстар ұсынатын заманауи білім беру платформасы.

Платформаны жетекші университеттер - ММУ құрған "ашық білім берудің ұлттық платформасы" қауымдастығы құрды. М. в. Ломоносов, СПбПУ, Спбму, "МИСиС" НИТУ, ЭЖМ ФЗУ, МФТИ, УрФУ және ИТМО университеті.

Қорытындылай келе, біздің мақсатымыз-білім берудің барлық деңгейлерінде, барлық пәндер бойынша және барлық тілдерде АББ-ны дамыту, оларды жергілікті қажеттіліктерге бейімдеу және оларды құру және үнемі жаңартып отыру. Бұл үшін, біріншіден, АҚҰ маңыздылығын ұғыну және жүйелі қолдау, екіншіден, ашық білім беру лицензияларын кеңінен қолдану талап етіледі. Оқытушылар білім беру ресурстарына ашық қол жеткізу идеясына енулері қажет, ал біз қоғамдық қаражатқа құрылған білім беру ресурстарының толық көлеміне қол жеткізу үшін қаржылық ережелерді өзгертуіміз қажет. Сонда ғана біз әр адам қалаған білімге қол жеткізе алатын әлемде өмір сүре аламыз.

Әдебиеттер:

1. Science education research and practice in Asia : challenges and opportunities. — Singapore. — 1 online resource c. — ISBN 978-981-10-0847-4, 981-10-0847-7, 981-10-0845-0, 978-981-10-0845-0.

2. Пейперт С. Переворот в сознании: Дети, компьютеры, плодотворные идеи / С. Пейперт; пер. с англ.; под. ред. А.В. Беляевой, В.В. Леонаса. — М.: Педагогика, 1989. — 224 с

ӘОЖ 372.8:37

ИНТЕРАКТИВТІ САБАҚ ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН NEARPOD ПЛАТФОРМАСЫ

Одаманова Г.П., Орал Ә.Б., Сейсенбек М.Ә. магистр оқытушы
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан


Резюме

В статье рассматривается платформа Nearpod для проведения активных интерактивных занятий. Методика использования платформу для проведения занятий и получить к ней безлимитный доступ.

Summary

The article discusses the Nearpod platform for conducting active interactive classes. Methodology of using the platform for conducting classes and getting unlimited access to it.

Жаһандану процестерінің дамуымен орта білім берудің алдына болашақта жаһандық нарықтың түбегейлі өзгерген жағдайларында тиімді еңбек етуге қабілетті түлектерді даярлаудың жаңа мақсаттары қойылып отыр. Мұндай өзгерістерді тудыратын негізгі фактор- ақпараттың қарқынды өсуі. Білімді жаңарту процесі де жылдам. Білімді жаңартудың маңызды құралы- оқытушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға кең мүмкіндіктер беретін ғаламдық Интернет желісі. Қазіргі уақытта заманауи ғаламдық желіні



2-сурет. Материалды бөлісу


«Live Participation» режимі мұғалімге нақты уақытта орындалу процесін бақылауға болады. Бұл оқушыға кодты жіберуге және сайтқа тіркелусіз кіруге мүмкіндік береді. Тапсырмаларды орындау процесі мұғалімнің экранында көрсетіледі.

«Student-Paced» режимде оқушы тапсырмаларды мұғалімнің бақылауынсыз өз бетінше орындайды.

«Live Participation + Zoom (премиум нұсқасы)» режимінде екі платформаның барлық функциялары тек бір код немесе сілтеме арқылы қол жетімді болады.

Оқушылардың нәтижелерін көру үшін «Reports» бөліміне өтіп, қажетті сабақты таңдау қажет. Онда тапсырманы орындаған студенттердің саны, жауаптардың нәтижелері көрсетіледі, сонымен қатар нақты жаттығулардың біреуін таңдап, әрқайсысының жауаптарын көруге болады.

Content→ Video шерту арқылы Video library бөлімі Nearpod бағдарламасындағы ағылшын тілі, математика, ғылым, әлеуметтану, технология және информатика және т.б. пәндер бойынша ағылшын тіліндегі дайын видеоларды (3-сурет), ал YouTube бөлімі YouTube видеохостингідегі видеоларды, Upload a video бөлімі арқылы жеке компьютердегі видеоларды цифрлық контентке қоюға мүмкіндік береді.



Content→ Nearpod 3D бөлімі үш өлшемді нысандарды цифрлық контентке орналастыруға мүмкіндік береді. 3D нысандар бірнеше категорияларға бөлінген:

- Staff Picks / Қызметтерді іріктеу;
- Amazing Places & Things/ Таңғажайып жерлер мен заттар;
- Ancient Times/ Ежелгі заман;
- Environment/ Қоршаған орта;
- Human Body/ Адам денесі;
- Microscopic/ Микроскопия.

Teacher Resources бөлімінде мұғалім басқа мұғалімдермен платформадағы іс-тәжірибесімен бөліседі және конференцияларға қатыса алады.

Қызметтің негізгі функциялары тегін. Оның басты артықшылықтарының бірі-бұл қызметті планшет немесе смартфон болсын, кез-келген құрылғыдан пайдалануға болады. Сондай-ақ, Nearpod-да кез-келген түрдегі файлдарды импорттауға және 30 қатысушымен онлайн сабақ өткізуге болады.

Мұғалім немесе оқушыларға цифрлық контентке кіру кодын береді немесе электронды пошта арқылы жібереді, ал оқушылар смартфондардан немесе планшет, компьютерлерден қосылады.

Мұғалім презентация немесе мәтіндік құжат слайдтарын ауыстыруды басқарып, сабақтың қарқынын белгілеп, бақылай алады, сондай-ақ, нақты уақытта әр оқушының нәтижелерін қадағалайды. Сабақтың тиімділігін бақылау үшін мұғалімге бағдарламаның көмегімен құрылғыға алдын-ала жасалған тест, грамматикалық тапсырма, салыстыру тапсырмасын және т. б. жүктеу жеткілікті.

Nearpod бағдарламасын қолдана отырып, оқушылар өздерінің жауаптарын немесе пікірлерін жалпы презентацияға қоса алады. Осылайша, әр оқушы өзін-өзі көрсетеді, ал жаңа қосылған материал пікірталас тақырыбына айналуы мүмкін.

Егерде Интернет желісінің жылдамдығы аз болса сабақ материалдарының экранда көріну сапасы төмен болады. Бұл қосымшаның жалғыз минусы емес. Смартфондарда оқушылар, әсіресе викториналар мен тесттерді орындау кезінде жұмыс істеуге өте ыңғайсыз. Себебі тапсырмалар экран өлшеміне сай адаптивті құрастырылмаған.

Интерактивті оқыту тапсырмалары мұғалім мен оқушылардың ақпараттық және коммуникативтік сауаттылық деңгейін арттыруға ықпал етеді, жаңа технологиямен жұмыс істеуге үйретеді. Мұғалімнің цифрлық технологияларды пайдалану құзыреттіліктерін дамыта отырып, кешенді мультимедиялық оқыту ресурстары үшін жағдай жасайды. Оқушылардың білім алуы мен білімін бақылауда ыңғайлы, оқыту нәтижелерін жақсартуға және ынталандыруға мүмкіндік береді. Білім алушылардың деңгейін ескеруге

мүмкіндік береді, бұл білім беруде дараландыру және сараланған көзқарас принциптерін іске асыру үшін негіз болып табылады [4, 5].

Информатика пәнін оқыту барысында Nearpod сервисін қолдану:

1. Оқу мотивациясын арттырады;
2. Жаңа терминдерді есте сақтау процесін жақсартады;
3. Білім сапасын арттырады;
4. Білім алушыны интеллектуалды шығармашылық тұрғыдан дамытады;
5. Цифрлық технологияларды пайдалану құзіреттіліктерін қалыптастырады;
6. Қысқа мерзімде білім мен іскерлікті объективті бағалауға көмектеседі.

Сондықтан білім берудегі заманауи Web технологияларды қолдану дәстүрлі сабақты жандандырып, оған өзгешелік енгізуге мүмкіндік береді, пәнге деген білім алушылардың қызығушылығын арттырып, нәтижесінде оқыту сапасын арттырады. Сабақтарды мәнді және қызықты өткізу барысында педагогке түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға жағдай жасайды [6, 7].

Бұл платформаны пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден мұғалім мен білім алушының арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден білім алушылар арасында бәсекелестік туындап, жаңа мәліметтермен тақырыпты толық ашуға болады.

Әдебиеттер:

1. Официальный сайт Web 2.0-платформы Nearpod <https://www.nearpod.com>. Режим доступа: <http://www.nearpod.com>
2. Marc Prensky, Digital Natives, Digital Immigrants Part 1, On the Horizon, 2001, Vol. 9 Iss: 5, pp.1 – 6.
3. O'Reilly Tim What is web 2.0? / Tim O'Reilly. - URL: <http://www.computerra.ru/think/234100.html>.
4. Ялукова И. В. Электронный учебник как средство индивидуального подхода на уроках информатики [Текст] // Проблемы и перспективы развития образования: материалы V междунар. науч. конф. (г. Пермь, март 2014 г.). - Пермь: Меркурий, 2014. - С. 249-251.
5. Шелестова Л. В. Интерактивные технологии как ресурс личностного саморазвития студентов: аспект теоретического осмысления. Волгоград, 2014.
6. Куликова, Н.Ю. Разработка электронных образовательных ресурсов: программа учеб. дисц. по напр. 050100 «Педагогическое образование», профили «Информатика», «Математика», «Физика» / Н.Ю. Куликова. – Волгоград: Изд-во ВГСПУ «Перемена», 2014. – 23 с.
7. Куликова, Н.Ю. Методические особенности создания интерактивных мультимедийных образовательных ресурсов для уроков информатики: учеб.-метод. пособие / Н.Ю. Куликова. – Волгоград: Изд-во ВГСПУ «Перемена», 2014. – 60 с.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫ МЕН ҰСТАЗ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ДЕҢГЕЙІ

Жакипбекова М.Т.- №75 мектеп-гимназия, Шымкент қ., Қазақстан

Сейсенбек Д.Ә.- №45 мектеп-гимназия, Шымкент қ., Қазақстан

Сейсенбек М.Ә. магистр оқытушы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

В результате эпидемии коронавируса (COVID-19) подавляющее большинство школьников и студентов во всем мире перешли на дистанционное обучение. Это в корне изменило способ и содержание работы. В статье описаны преимущества и недостатки дистанционного обучения, формы организации дистанционного обучения.

Summary

As a result of the coronavirus (COVID-19) epidemic, the vast majority of schoolchildren and students around the world have switched to distance learning. This radically changed the way and content of work. The article describes the advantages and disadvantages of distance learning, forms of organization of distance learning.

Білім беру – өз бойына көптеген деңгейлер мен түрлі қызметтерді сыйдырған күрделі және үздіксіз процесс. Қазір технологиялардың қарыштап дамуы білім беру процесін одан ары қиындата түсті деген пікірді жиі естуге болады. Кәсіби мамандардың өздері меңгеруге оңай соқпайтын көптеген жаңа ұғымдар, бағыттар, техникалық құралдар мен технологиялық құбылыстар пайда болды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етуде. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отыруда. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақ жеткілікті деңгейде сандық сауатты, себебі әртүрлі салаларда жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдалануда. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты.

Қашықтан оқыту — ұстаз бен оқушының ақпараттық технологияларды қолдана отырып қашықтан өзара әрекеттесу арқылы білім алу формасы.

Қашықтан оқыту кезінде оқушы әзірленген бағдарлама бойынша өз бетінше жұмыс жасайды, вебинарлардың жазбаларын қарайды, тапсырмаларды орындайды, онлайн чатта оқытушысымен кеңесіп отырады және мезгіл-мезгіл мұғалімге өз жұмысын тексертуге береді.

Қашықтан оқыту Интернет пайда болғалы бері кеңінен тарап, танымал бола бастады. Оның тиімділігі алғашында шалғай елді мекендердегі балаларды оқытуда анық көрінген еді. Басында қашықтан оқыту білім алудың немесе емтиханға дайындалудың қосымша тәсілі ретінде ғана қабылданды. Енді оқушылар білім ошақтарынан алыс жерлерде болса да технологиялардың көмегімен сапалы білім алып, өз бетімен жұмыс жасауға

және мұғалімдерімен кез-келген уақытта байланыс орнатуға мүмкіндіктері бар.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудың бірнеше формалары бар: синхронды, асинхронды және аралас оқыту.

Синхронды оқыту – нақты уақыттағы әрекеттер. Мұғалім оқушылармен байланыс жасап, олармен белсенді түрде араласады: сұрақтарға жауап береді, оларды жаттығуларға қатыстырады, үй тапсырмасын тексереді. Синхронды оқыту – бұл мұғалім онлайн сабақ өткізгенде ең көп еңбекті қажет ететін тәсіл.

Синхронды қашықтан оқыту формалары:

- видеоконференциялар;
- чаттар;
- вебинарлар.

Синхронды оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте

Синхронды оқытудың артықшылықтары	Синхронды оқытудың кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> - Жеке қарым-қатынас жасау сезімін тудырады және оқшаулану сезімін азайтады. - Мұғалім оқушылардың сұрақтарына тез жауап береді және оларға сабақтың тақырыбын түсінуге көмектеседі. - Белгіленген уақытта сабақтың болуы, оқушыларды тәртіпке бағыттайды. 	<ul style="list-style-type: none"> - Мұғалімде немесе оқушыларда байланыс желісінде мәселелер болуы мүмкін. - Сабақ уақытын жоспарлау және ұйымдастыру мұғалімге қиын болуы мүмкін.

Асинхронды оқыту – мұғалім оқушыларға оқу материалдарын жібереді, олар тапсырмаларды өз уақытында орындайды. Бұл жерде тапсырмаларды орындау мерзімдерін нақты көрсету және оларды қатаң сақтау маңызды. Асинхронды әдіспен оқушыларға әдеттегіден гөрі материалды үйренуге көбірек жауапкершілік жүктеледі.

Асинхронды қашықтан оқыту формалары:

- дәрістердің видеожазбасы;
- онлайн платформалардағы тапсырмалар;
- онлайн-курстар.

Асинхронды оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері 2-кестеде көрсетілген.

2-кесте

Асинхронды оқытудың артықшылықтары	Асинхронды оқытудың кемшіліктері
<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылармен үнемі араласудың қажеті жоқ. - Интерактивті араласу тұрақты іс- 	<ul style="list-style-type: none"> - Мұғалім оқушылармен, ал оқушылар болса мұғаліммен және бір-бірімен нақты уақытта байланыс жасай алмайды.

<p>әрекетті қалыптастырады.</p> <p>- Оқушы материалдарды оқуға көбірек уақыт алады және сол қарқынмен ары қарай қозғалады.</p> <p>- Мұғалім онлайн кездесулерді ұйымдастыруға және техникалық мәселелерді шешуге аз уақыт жұмсайды.</p>	<p>- Оқушыларда сұрақты нақтылауға мүмкіндік жоқ, сондықтан материалды түсінбеуі мүмкін.</p>
---	--

Аралас оқыту – араластырылған қашықтан оқыту асинхронды және синхронды формаларды біріктіреді: мұғалім вебинарлар мен жазба дәрістерін, видеоконференцияларды және онлайн платформалардағы тапсырмаларды ауыстырып отырады.

Аралас оқыту – қашықтықтан оқытудың оңтайлы түрі, ол синхронды және асинхронды оқытудың артықшылықтарын біріктіруге және олардың кемшіліктерін реттеуге мүмкіндік береді.

Қашықтан оқытудың сипаттамалары:

Қашықтық: мұғалім мен оқушылар физикалық тұрғыда әр түрлі жерлерде.

Қолайлылық: оқушылар кез келген ыңғайлы уақытта тапсырмаларды орындай алады.

Қол жетімділік: Қосымша білімге мұқтаж оқушылар басқаларға тең дәрежеде сабаққа қатыса алады.

Дербестендірілген тәсіл: мұғалім үлгеріміне байланысты әр балаға әр түрлі тапсырмалар бере алады.

Технологияны қолдану: видеобайланыс модульдері, сақтау платформалары, интерактивті тапсырмалар, онлайн тесттер және аудио-визуальды материалдар.

Аналитика: Цифрлық платформалар оқушылардың оқу үлгерімі туралы мәліметтерді құруға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалау үшін мәліметтер жинаңыз.

Бейімделу: жеке тапсырмаларды таңдау жеке оқу жолын тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Білім беру платформасы — педагогтар мен білім алушылардың өзара іс-қимылы үшін арнайы құрылған Интернет желісіндегі ақпараттық алаң. Білім беру платформасында қашықтықтан өзара әрекеттесудің әртүрлі тәсілдері алдын-ала қарастырылған, сонымен қатар оқу материалдарын жасау және орналастыру, тапсырмаларды тексеру және бағалау, толыққанды оқу процесі үшін қажетті әртүрлі ресурстарға қол жеткізу рәсімдері барынша жеңілдетілген.

Білім беру онлайн платформасының үйлестірушісі — онлайн педагогикада жетілдірілген құзыреттілігі бар, әртүрлі пәндер бойынша онлайн-курстарды дайындауды сүйемелдейтін, үлгілік білім беру траекторияларын немесе белгілі бір курстарды ұйымдастыратын және білім беру жобасының немесе білім беру мекемесінің маманы. Ол платформалар немесе курстар аясында оқытушылар мен студенттер арасындағы қарым-

қатынас процесін модельдейді, білім беру платформасын жетілдіруге талаптар қояды [1].

Қазіргі әлемдегі онлайн курстар жоғары біліктілік алуға, жаңа мамандық саласындағы білімді игеруге тамаша мүмкіндік береді [2]. Көптеген білім алушылар пандемияға байланысты инновациялық технологиялардың арқасында онлайн оқыту бағдарламаларын қолдану арқылы білім алуда.

Қашықтықтан білім берудің қолданыстағы құралдары мен әдістерінің әртүрлілігі Интернеттен алынған білім сапасына әлі де кепілдік бермейді, өйткені оқу іс-әрекеті көбінесе өздігінен, бақылаусыз жүреді, дидактиканың, теорияның практикамен байланысы сияқты негізгі принциптерін елемейді. Сондықтан бүгінгі күні Интернет желісінде жекелеген білім беру ресурстарын емес, белгілі бір талаптарға сәйкес келетін бір білім беру платформасында біріктірілген тұтас кешендерді құру қажет. Мұндай платформаларды өз жұмысын жақсы білетін білім беру онлайн платформасының үйлестірушілері басқаратын болады. Ақпараттық технологиялар адамға ыңғайлы кез келген уақытта қашықтықтан, оның ішінде тегін оқуға мүмкіндік береді. Алайда, әр түрлі курстар, бейне сабақтар, тесттер және басқа онлайн білім беру ресурстары жүйелі білім беруді қамтамасыз етпейді. Білім беру онлайн платформасы қашықтықтан оқытудың түрлі құралдарын біріктіруге мүмкіндік береді. Онлайн білім беру платформасының үйлестірушісі осы платформаны басқарудың әдістері мен нысандарын зерттейді, пәннің мазмұнын онлайн платформалармен байланысын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, білім беру платформасының үйлестірушісі ғылыми әзірлемелерді сараптамалық және аналитикалық сүйемелдеуге, заманауи білім беру платформасының құзыреттері аясында жүзеге асырылатын ғылыми-білім беруді үйлестіруге жауап береді [3].

Әдебиеттер:

8.Абрамова И. А. Мир будущих профессий [Текст] / И. А. Абрамова. – Курган: КГУ, 2014. – 51 с.

9.В России составлен перечень новых профессий в сфере образования, которые появятся к 2030 году [Электронный ресурс] // Сидоров, С.В. Сайт педагога-исследователя. – Режим доступа: <http://si-sv.com/news/2014-02-19-200>. – 10.02.2015.

10. Гурьева, О. Г. Онлайн-обучение как важная составляющая процесса образования [Текст] / О. Г. Гурьева. – ЧГПУ, 2012. – 37 с.

DIGITAL TECHNOLOGIES AND CHANGES IN PEDAGOGY EDUCATION

¹Ashirova Dilbar Abukasymkyzy, ²Abdukarimova Zhanylsai Zharkhynbekovna

South Kazakh State Pedagogical University

e-mail: 1dilbar_abkasymkyzy@mail.ru, 2usenbaeva_janylsai@mail.ru,

Түйін

Намазбаева Ж.И., Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С., Тулебиева Г.Н. зерттеулерінде бастауыш мектеп жасындағы сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға қатысты логопедтік көмектің және логопедтік түзетудің мазмұнын ұйымдастыруға, білім беру мазмұнын игерудегі нәтижеліліктің мониторингіне, отбасын сүйемелдеуге, сөйлеудің дамымау көріністерінің диапазонын ескеру қажеттілігіне назар аударылады [8; 9; 10; 11; 12]. Олардың ішінде қызметті ұйымдастыру және реттеу дағдыларын қалыптастыру, математикалық шынайылықты сөйлеу арқылы медиация қабілеттерін дамыту, танымдық функцияларды дамыту қажеттілігі бар.

Айырмашылықтардың кең ауқымы көру проблемалары бар білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды. Зағип және нашар көретін балалар арнайы оқулықтар мен дидактикалық материалдар жасауды, арнайы офтальмологиялық-гигиеналық режимді сақтауды, баланың компьютерлік техника мен арнайы ассистивті құрылғыларды, ақпаратқа визуалды емес қол жеткізу бағдарламаларын меңгеру мерзімдерін өзгертуді, арнайы оқу пәндерін және түзету курстарын (атап айтқанда зағиптарды пәндік-кеңістіктік бағдарлауды оқытумен байланысты) енгізуді қажет етеді.

И.Г. Ерсарина, Т.Н. Алмазова, К.Ж. Бектаева, И.Г. Елисеева және т.б. жұмыстары ПДТ балаларды жалпы білім беру ортасына қосу және оларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мәселелеріне арналған [13; 14; 15; 16]. Қазіргі білім беру тәжірибесінде ПДТ баланы дифференциалды қолдау жүйесін жобалауға көзқарас ұсынылған, ол ЕБҚБ білім алушылардың басқа санаттарына психологиялық қолдау модельдерін құру перспективасын ашады; психикалық дамуы бұзылған балаларды ажыратуда түбегейлі жаңа сапалық және сандық тәсілді жүзеге асыратын диагностикалық құралдар жасалды; балаларға психологиялық-педагогикалық сараптама жүргізуге арналған практикалық материал жинақталды. ПДТ білім алушыларда семантикалық оқу мәселесін әрі қарай зерттеу өзекті болып қала береді.

Осы ғылыми саладағы зерттеулер оқушының қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін білім беру процесінің мәні ретінде түсінудің ортақтығын анықтайды. Білім беру ортасында үш негізгі компонентті ажырату әдетке айналған: әлеуметтік (әлеуметтік орта, әлеуметтік орта), материалдық (кеңістіктік-пәндік, материалдық-техникалық, кеңістіктік-пәндік орта), мазмұндық (ақпараттық, психодидактикалық). Бұл компоненттер өзара байланысты, бір-бірін толықтырады және білім беру қатынастарының әр субъектісіне әсер етеді, бұл өз кезегінде оның компоненттерін құрылымдау және өзгерту арқылы белгілі бір әсер етеді. Білім беру ортасын жобалау және бағалау мәселесіне әртүрлі тәсілдерді ұсына отырып, зерттеушілер оны белгілі

бір білім беру ұйымының ортасы ретінде анықтайды.

Мұндай өзара әрекеттесуде мұғалімнің кәсіби сипаттамалары, оның дайындығын, көзқарасы мен қажеттіліктерін көрсете отырып, көбінесе тиімділікті анықтайтын компоненттерге айналады. Бұл мұғалімнің мектептегі оқытудың бастапқы кезеңіндегі жаңа маңызды ересек адам ретіндегі ерекше рөліне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аутаева А.Н., Бекбаева З.Н. Инклюзивті білім беру жүйесімен 5В010500-«Дефектология» мамандығы бойынша білім алатын бакалавр студенттерін даярлау // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №2(37), 2014. -5-7 бб
- 2 Бутабаева Л.А., Аязбекова А.С. Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық- педагогикалық қолдау // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №1(52) 2018 ж. – 111-114 бб.
- 3 Выготский Л.С. Педагогическая психология [Текст] /Л.С. Выготский. -М.: Педагогика, 1991. – 480 с
- 4 Жалмухамедова А.К. Организационно-методические основы раннего включения детей с ограниченными возможностями в образовательный процесс: дис.канд.пед.наук: 13.00.03. - Алматы, 2006.
- 5 Қатарбаева А.Е. Нашар еститін балалардың көрнекі-бейнелік ойлауының даму ерекшеліктерін эксперименталды зерттеу // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №11(44), 2016, 39-44 бб.
- 6 Бектаева К.Ж., Равшанова А.Ө. Нашар еститін бастауыш сынып оқушыларының сөздік-логикалық ойлау қабілетін дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №1(52), 2018, 76-82 бб.
- 7 Булабаева С.Т., Бекбаева З.Н., Болатбек Л.Қ. Есту қабілеті зақымдалған балалардың жеке тұлғалық және іс-әрекет ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №1(52), 2018, 125-130 бб.
- 8 Кабдырова А.А., Намазбаева Ж.И. Психолого-педагогические проблемы личностно-мотивационной готовности к школьному обучению детей с ОНР // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика», №1(52), 2015. стр. 26-28
- 9 Ибатова Г.Б., Оразаева Г.С. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық жұмыстың ұйымдастырылуы және мазмұны. Алматы, 2013
- 10 Оразаева Г.С., Гниденко Т. Специальные приёмы обучения грамоте детей с недоразвитием речи // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика», №3(42), 2015. 133-136 с.
- 11 Әбіласан Г., Тулебиева Г.Н. Инклюзивті білім беру жағдайында логопедиялық түзету жұмысын ұйымдастыру мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №11 (44), 2016, 9-12 бб.
- 12 Тулебиева Г.Н. Қазақ тіліне тән дыбыстардың бұзылуы және түзету жолдары. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2013. – 62 б.
- 13 Организационно-методические основы включения школьников с аутизмом в общеобразовательный процесс: методические рекомендации / Составители: Джангельдинова З.Б., Айтжанова Р.К. - Алматы, 2015. - 59 с.
- 14 Проектирование процесса коррекционно-развивающего обучения младших школьников с задержкой психического развития: метод рекомендации/ Елисеева И.Г., Жангазиева Т.А., Чумакова О.Ф. -Алматы, ННПЦ КП, 2014.-294 с.

- 15 Бектаева К.Ж., Увалиева М.З. Зияты зақымдалған оқушыларды сауат ашу кезеңіне дайындау // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы №3(50) 2017. -58-61 бб.
- 16 Ерсарина А.К., Алмазова Т.Н. Сенсомоторная коррекция нарушений психофизического развития детей дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика», 3(50), 2017. -76-81 бб.

ӘОЖ 621.7(075)

«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КОНСТРУКТОРЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ІСКЕРЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Маханов Т.Ш. п.ғ.к.

Сарыбаев Ғ.М. магистр.

Жаңбыршиев С.Н. п.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье подробно описаны конструкторско-технологические умения учащейся на уроках «Художественный труд» в общеобразовательных школах, а также «умения», «конструкторско-технологические умения» «формирования умений», «дидактические условия», «формирования конструкторско-технологические умения»

Summary

This article describes in detail the design and technological skills of the student in the lesson «Artistic work» in secondary schools, as well as «skills», «design and technological skills», «formation of skills», «didactic conditions», «formation of design and technological skills»

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атап айтқанындай, Қазақстанның бәсекелестікке қабілетті 50-мемлекеттің қатарына ену стратегиясының басты мақсаты заманауи білім беру жүйесін дамыту және білікті мамандарды даярлау болып табылады. Осыған орай мектептегі білім берудің мәні жалпы, және қоғамның жаңа әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағытына және әлемдік кеңістіктегі білім беру талаптарына сәйкес келетін білім алушылардағы конструкторлық-технологиялық іскерліктердің қалыптасу мәселесінің техникалық білім беру мекемелерінде мәні жеке дара артады, өзекті және мағыналы бола бастайды. [1]

Жалпы білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәні білім алушыларды болашақта табысты шығармашылық қабілетімен түрлендіру әрекетін жасау барысына, білім алуға деген ішкі тұтынушылықты, еңбектің жасалу процесі мен нәтижесіне; техника-технологиялық мәдениетке құрметті көзқараспен қараудың негізін (фундамент) қалайтын конструкторлық-технологиялық іскерліктердің жиынтығын қалыптастырады.

Мектептегі жалпы білім беру пәні ретінде көркем еңбектің маңызды ерекшелігі, пәндік білімдер мен еңбек қызметіндегі жобалық-танымдық оқу

процесінде білім алушылардағы интегративті сипаттар мен практикалық-бағдарлық бағыттарды қалыптастыру болып табылады.

Мектептегі «Көркем еңбек» пәнінің басты тағайындалуы ол, алдымен білім алушыларды болашақ еңбек қызметінің әр түрлі орындалу операцияларымен таныстырады, кәсіби түрде өзін-өзі анықтауға, шығармашылық қабілеттерді ашып көрсетумен дамытуға ықпал жасайды.

Мектептегі «Көркем еңбек» пәні бойынша білім берудің нәтижесі болып:

- білім алушыларды қоғамның тұтынушылығын есепке алып, оның мақсатын негіздей білу;
- қажетті ақпараттарды табу және өңдеу іскерліктері саналуы керек;
- ұжымда жұмыс жасау жолдарын білуі керек;
- өзінің кәсіби мүмкіндіктерін объективті түрде бағалай білуі және оларды еңбек нарығындағы нақты жағдайлармен сәйкестендіре білуі керек;
- әр түрлі дәрежедегі қиындықтар мен тағайындалуына байланысты болатын конструкторлық-технологиялық міндеттер жиынтығын шеше білуі керек.

Осы жағдайда білім алушылардың конструкторлық-технологиялық іскерліктерін қалыптасуының маңыздылығы туындайды, өйткені, біздің көзқарасымыз бойынша іскерліктің бұл түрін қоғамдық өндірістің қандай да бір саласындағы заманауи жұмысшының шығармашылық еңбегінің негізі деп санауға болады.

Біздің болжамымыз бойынша: білім алушылардың мұндай білім алуларының қалыптасуына «Көркем еңбек» сабағының мұғалімінен алға қойған мақсатты жүзеге асыру үшін соған сәйкес келетін дидактикалық шарттарды құру керек деген талаптар қойылу керек.

Біздің зерттеулеріміздегі қойылған сұрақтарды оқып білу үшін кейбір анықтамалардың алғашқы түсініктемелерін қарастыруды талап етеді:

- шарт;
- дидактикалық шарттар;
- іскерліктер;
- іскерліктердің қалыптасуы;
- конструкторлық-технологиялық іскерліктер;
- конструкторлық-технологиялық іскерліктердің қалыптасуы.

Шарт – қандай да бір заттың қалыпты жұмысын қамтамасыз ететін өмір қызметінің қандай да бір саласында ортанылған нақты, бар ережелер.

Дидактикалық шарттар – «Неі жобалау керек және қалай жобалау керек?», «Жобалау мүмкін болу үшін не істеу керек?» деген сұрақтарға жауап іздеу барысында оқу процесін жобалау кезінде қолданылатын «Неге үйрету керек?» және «Қалай үйрету керек?» деген сұрақтарға жауап беретін, дидактиканы орнатуға негізделген білім берудегі педагогикалық теорияның ережелері.

Іскерліктер – бұл, қандай да бір ережеге (білімге) және оны нақты бір міндеттерді шешу барысында соған сәйкес қолдануға негізделген, жаңа әрекетті (немесе әрекеттің жаңа әдісін) меңгеру нәтижесі.

Іскерліктерді қалыптастыру білім алушыларды нақты бір әрекетті (әрекеттер жиынтығын) дәл және мағыналы орындауды дайындау процесі деп түсіндіріледі. Бұл процесс өзіне тағы да мынадай әрекеттерді енгізеді: мұғалімнен бағытталған (түсінік, көрсетілім, қателіктерді жөндеу және т.б.) білім алушылардың белсенді қызметтері (бақылау, жаттығу, өзін-өзі бақылау және т.б.).

Мектептегі "Көркем еңбек" пәнінің мақсаттары мен міндеттеріне сүйене отырып, біз: "конструкторлық-технологиялық іскерліктер" ұғымын қарастырамыз - бұл мектеп білім алушыларының шикізатты, конструкциялық материалдарды, энергияны, ақпаратты түрлендірудің әр түрлі тәсілдері мен құралдарын дұрыс таңдаумен байланысты нақты мәселелерді шешу үшін әртүрлі білім салаларында теориялық білімге негізделген бағдарламалық материалды игеру кезінде оқу-танымдық іс-әрекет процесінде көркем еңбек сабақтарда алынған жобалық және технологиялық білімді іс жүзінде қолдану және біріктіру мүмкіндігі, мектеп шеберханаларының техника-технологиялық жабдықтарының құралдары мен икемдеуші құралдарын қолдану арқылы соңғы жобаланған еңбек өнімі.

Біздің түсінігімізде конструкторлық-технологиялық іскерліктерді қалыптастыру - бұл білім алушыларды тәуелсіз шығармашылық дизайнға және болжамды функционалды қасиеттерге, дизайнның жалпы талаптарына және мектеп шеберханаларында технологиялық процесті жүзеге асырудың нақты жағдайларын ескере отырып дайындау процесі.

Арнайы зерттеу негізінде (В. А. Слепнин, Б. Ф. Рябов, В. Г. Тельнов, А. А. Новоженин және т. б.) және әдістемелік әдебиеттер (Д. А. Тхоржевский, С. Я. Батышев, Е. М. Муравьев және т.б.) біз эксперименттік жұмыста оқушылардың конструкторлық-технологиялық іскерліктерін сәтті қалыптастыруға ықпал ететін бірқатар шығармашылық міндеттерді анықтадық. [2], [3]

Сонымен, біз мектептегі "Көркем еңбек" пәні сабағының басым міндеттерінің қатарына белгілі бір бұйымдарды өндірудің технологиялық процесін жеңілдететін әр түрлі құрылғыларды жобалауға байланысты міндеттерді жатқыздық. Шымкент қаласының және өңірдің базалық жалпы білім беретін мектептерінде бірнеше жыл бойы сынақтан өткен олардың кейбірін атап өтейік.

Бұл, ағаш қалдықтарын, құбыр сынықтарын, қаңылтыр материалды, бұрыштамаларды және т.б. мектеп шеберханаларында жұмыс істеуге арналған пайдалы құрылғыларды жобалау және орындауға байланысты тапсырмалар. Мысалы: ТВ-6 машинасында тойтарма шеге жасауға арналған икемдеуші құралдар; фосоннды беттерді өндеуге арналған токарлық кескіштер жиынтығы; бұрғылау станогына арналған тіректер жинағы; дәстүрлі кескіштерді модернизациялау; белгі түсіру-өлшеу аспаптары мен металды орнатуға және майыстыруға арналған икемдеуші құралдар; штамптар және т.б.

Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды беру кезінде білім алушыларға өткен жылдары білім алушылар жасаған аналогтар көрсетіледі. Конструкторлық-технологиялық іскерліктерді қалыптастыру процесінде білім алушылардың ерекше назары талаптардың сақталуына аударылады:

- дайындаудың қарапайымдылығы;
- пайдаланудағы ыңғайлылық пен сенімділік;
- бағасының төмен болуы және материалдар тапшылығының болмауы;
- жұмыс құралы мен еңбек затының өзара әрекеті;
- еңбек өнімін өндіруге қажетті технологиялық операцияларды бөлу;
- жаңа өнім әзірлеу, сондай-ақ қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіру және т.б.

Білім алушыларға қажетті іскерліктерді сәтті қалыптастыру үшін "Көркем еңбек" пәнінің мұғалімі бірқатар дидактикалық шарттарды сақтауы керек деп санаймыз:

1. "Көркем еңбек" пәні сабақтарында білім алушылардың конструкторлық-технологиялық іскерліктерін қалыптастыру ғылыми-техникалық, технологиялық және экономикалық білімнің синтезіне негізделуі керек, бұл олардың интеграциялануына және адамның практикалық шығармашылық және трансформациялық іс-әрекетінің әр түрлі салаларына ауысуына ықпал етеді. (П.Р.Атутов., Қ.У.Өстеміров., Б.Т.Ортаев., Ю.Н.Камалов., Т.Ш.Маханов. және т.б.). [4], [5], [6]

2. Білім алушылардың конструкторлық-технологиялық іс-әрекеті шығармашылық тапсырмалар мен тапсырмалардың күрделену дәрежесінің жоғарылауын ескере отырып, сыныптан сыныпқа қалыптасатын іскерліктердің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылуы керек (Д. А. Тхоржевский. В. А. Поляков, П. Н. Андрианов, В. Д. Путилин, В.Д.Симоненко және т.б.) [7], [8]

3. Білім алушылардың оқу-танымдық әрекетінің мазмұны олардың жас және жеке ерекшеліктеріне, техникалық объектілерді (процестерді) қабылдау сипатына, дене күшіне, дененің әр түрлі мүшелерінің қозғалыс ауқымына сәйкес болуы керек (С.М. Громбах, Н.Ф. Добрынин), Е.А.Милерян, Н.М.Попов, В.В.Чебышева және т.б.).

4. "Көркем еңбек" пәні сабақтарындағы білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің мазмұны негізінен қолданылатын еңбек объектілерінің жүйесімен және білім алушылардың шығармашылық іс-әрекет түрлерінің кезектесуімен алдын ала белгіленуі керек (В.В.Сапожников, Е.М.Муравьев, Г.Н. Кругликов, Н.П. Щипицын және басқалар).

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы. Наурыз. 2006 ж.
2. Практикум по курсу «Методика трудового обучения»: [Учеб... 2008 «Преподавание труда и черчения в IV-VIII кл. Общеобразовательные школы»] «Д.А. Тхоржевский.- М.: Просвещение, 1980.-112с»

3. Батышев С.Я. Профессиональная педагогика. Учебник для студентов, обучающихся по педагогическим специальностям. – М.: Ассоциация «Профессиональное образование». 1997. – 512 с.
4. Атутов П.Р. Связь трудового обучения с основами науки: Книга для учителя. -М.: Просвещение, 1983. - 125с.
5. Устемиров К.У. и др. Учебная программа по предмету «Технология» для 5–9 классов общеобразовательной школы. – Астана, 2013. – 56
6. Ортаев Б.Т., Камалов Ю.Н., Маханов Т.Ш. Оқу шеберханасындағы практикум. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ Шымкент «Әлем» баспаханасы. 2016г.
7. Техническое творчество учащихся /Сост. П.А.Андрианов. – Москва.-:Просвещение, 1987г – 215с.
8. Методика профессионального обучения: учебно-методическое пособие // Под ред. В.Д. Симоненко. – Брянск: БрГУ, 2002, - 160.с.

ӘӘЖ

**«АЛГЕБРА ЖӘНЕ САНДАР ТЕОРИЯСЫ» КУРСЫНДА АРАЛАС ОҚЫТУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Б.Т. Алимкулова – докторант, жетекшісі п.ғ.д., доцент – Р.И. Кадирбаева
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме:

В статье рассматривается опыт применения технологии смешанного обучения из курса "Алгебра и теория чисел" по образовательной программе 6B01508-Математика и физика педагогического университета. Анализируются итоговые данные, полученные на практическом занятии, и прогнозируются возможные выводы.

Summary

The article discusses the experience of using blended learning technology from the course "Algebra and number theory" in the educational program 6B01508-Mathematics and Physics of the Pedagogical University. The final data obtained during the practical lesson are analyzed and possible conclusions are predicted.

"Болашақтың цифрлық индустриясын құру" - Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасында белгіленген адами капиталдың даму деңгейін арттыру есебінен елді цифрлық трансформациялауды іске қосу, ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету, озық қарқынмен білім беруді цифрлық трансформациялау талап етіледі[1].

Осыған байланысты, болашақ математика мұғалімінің математикалық білімі сапалық өзгерістерді талап етуде. Білім саласындағы заманауи тенденциялар - жоо-лардағы білімдік қызмет көрсету мен оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен жолдарын өзгерту, әсіресе, цифрлық ресурстарды пайдалану, яғни математиканы оқытуда дәстүрлі оқытумен қатар қашықтықтан оқытуды қолдануды, соның негізінде аралас оқыту технологиясын пайдалануды қажетсінеді.

Соңғы уақытта аралас оқыту технологиясы Қазақстанның жоғары оқу орындарында танымал бола бастады. Аралас оқыту жаңа термин емес, ол 20

жылдан астам қолданып келеді. ЖОО оқытушыларының оқытудың осы түріне деген қызығушылығының артуына қарамастан, аралас оқыту терминін түсіндіруде әлі де бірыңғай түсінік жоқ. Бұл тұжырымдаманың әртүрлі түсіндірмелері бар. Негізінен алғанда, аралас оқытудың мәні дәстүрлі және қашықтықтан оқыту формаларының ұтымды үйлесімі болып табылады, яғни ол екі форманың күшті жақтарын пайдалану арқылы оқытудың кемшілігін жоюға мүмкіндік береді деп түсіндіріледі.

Қазіргі пандемия жағдайында еліміздің басқа оқу орындары сияқты біздің Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінде де оқи үдерісі дәстүрлі және онлайн оқыту түрлерін араластыру арқылы ұйымдастырылуда. Бұл араластыру оқыту топтарында дәрістерді онлайн оқыту форматында, ал практикалық сабақтарды дәстүрлі оқыту форматында жүргізу арқылы іске асуда. Университеттің қашықтықтан білім беру технологиясын (ҚБТ) іске асыруға арналған «Универ» (univer.okmru.kz) жүйесі бар. Бұл жүйеге барлық оқытушылар мен білім алушылар тіркелген. Сонымен қатар онлайн дәрістерді жүзеге асыруда бірнеше платформалар қолданылды, олар: ZOOM, Skype, You Tube Live, Microsoft Teams, Google Meet, moocs.kz., Cisco WebEX және т.б.

Алайда, біздің тәжірибемізде оқытудың екі формасын жай ғана араластыру емес, оқытуды аралас оқыту технологиясының белгілі бір модельдерін пайдалану арқылы ұйымдастыру қарастырылды.

Бүгінгі тағда аралас оқытудың әртүрлі модельдері бар және олар тәжірибеден өткізілуде. Олардың ішінен бағдарламаның талаптарына, білім алушылардың білім деңгейіне сәйкес келетін қажетті модельді таңдау және сол бойынша сабақтарды жүйелеу арқылы курстың бағдарламасын аралас оқыту жүйесіне проектилеу оқытушылар үшін басты мәселе болып табылады [2].

Біз өз тәжірибемізді «Алгебра және сандар теориясы» курсы жүргізуде қолдандық. Тәжірибе аралас оқытудың «Төңкерілген сынып» моделі бойынша жүзеге асты. Негізгі мақсатымыз: Төңкерілген сынып моделінің білім алушылардың жеке оқу траекториясын құру үрдісіне әсерін анықтау.

Бұл модельдің басты ерекшелігі – білім алушылар жаңа материалмен танысуды онлайн курстар арқылы үйде, ал оффлайн сабақта алған білімін тәжірибелік тұрғыдан бекітуге мүмкіндік алуда. Осы модельді қолдану мақсатында «Алгебра және сандар теориясы» бойынша арнайы жасақталған онлайн курсына студенттерді тіркеп, оларға курстың бағдарламасын өз бетінше игеруге мүмкіндік жасалды. Онлайн курсты пайдалану білім алушыға оқу бағдарламасындағы материалды өз қажеттілігіне қарай кез-келген уақытта қарап, бірнеше рет қайталауына мүмкіндік береді. Оффлайн түрде өтетін сабақтарда студенттер онлайн курста алған білімдерін ортаға салып, тәжірибелік тапсырмаларды орындайды және түсінбеген материалдар бойынша түсініктемелер алып, білімдерін бекітеді. Сондай-ақ, бұл білім

алушылардың өз оқу траекториясын құра алуына, өз бетімен оқуға дағдылануына, оқуға деген жауапкершілігінің артуына ықпал етеді.

«Алгебра және сандар теориясы» курсы аптасына 4 сағат (дәріс - 2, практика - 2) оқытылады. Оның оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес білім алушылар үшін «Универ» жүйесінде Пәннің оқу әдістемелік кешені орнатылған, ол барлық оқу материалдарымен (дәріс конспектілері, бейне лекциялар, презентациялар, қосымша материалдар, тапсырмалар), қамтамасыз етілген. Сонымен қатар Moodle виртуальді жүйесіндегі «Алгебра және сандар теориясы» курсына да аталған оқу материалдарымен қатар жүйенің басқа да мүмкіндіктері қарастырылған. Олар: тақырыптық және қорытынды тестілеу, өзіндік жұмыстар, цифрлық ресурстарға сілтемелер, бейне түсірілімдер және де кері байланыс үшін чат, форум, семинар ұйымдастыру мүмкіндіктері.

Тәжірибелік сабақта студенттердің онлайн тапсырмалары мен тест нәтижелері бойынша сұрақ-жауап жүргізу немесе, мысалы үшін, **kahoot.it** программасы арқылы 5 минуттық тест орындау жолға қойылған.

Бір тәжірибелік сабақ бойынша орындалған жұмыстарды сипаттап өтейік. Курстың «Матирца және оларға амалдар қолдану» тәжірибелік сабағы бойынша **kahoot.it** программасында қамтылған Тест сұрақтарының берілуі төмендегідей:

1. $m \times n$ өлшемді матрица дегеніміз ...
2. Егер матрицаның жолдарының саны оның бағандарының санына, яғни $m = n$ болса, онда ...
3. A матрица ерекше емес матрица егерде ...
4. Егер квадрат A матрица элементтері үшін $a_{ij} = a_{ji}, i = \overline{1, n}, j = \overline{1, n}$ теңдігі орындалса, онда ...
5. Егер квадрат A матрицаның негізгі диагоналының элементтерінен өзге элементтері нөлге тең болса, онда ...

Осы жоғарыда көрсетілген сұрақтарға сәйкесінше 2-5 аралығында жауаптары берілді. **kahoot.it** программасы бойынша анықталған нәтижеге сәйкес студенттер өз деңгейлеріне қарай 3 топқа бөлінді. Әр топқа деңгейлеріне байланысты тапсырмалар берілді. Топтардың жұмыстарын оқытушы тарапынан қадағаланды. Сабақ соңында рефлексия жасалды, студенттер сабақта ұнаған немесе қиындық көрген тұстарын алдын ала таратылған парақтарға жазып тапсырды. Студенттер бағалау парақшаларындағы нәтижелерді саралап, кесте құрды және төмен нәтиже көрсеткен студенттермен жеке жұмыс жасауға жоспар құрылды. Топта барлығы 23 студент бар. Сабақ нәтижесі төмендегі 1-кестеде көрсетілген:

Кесте 1 – Тәжірибелік сабақ нәтижесі

Тапсырмалар/ Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар	Бағаланған студенттер саны				Сапа %
	Өте жақсы	Жақсы	Қанағат- танарлық	Қанағатта- нарлықсыз	
Теориялық сұрақтар	5	7	6	5	78

бойынша					
Тәжірибелік тапсырмалар бойынша	10	8	3	2	91
Тест нәтижесі бойынша	15	7	1		100

Тәжірибе нәтижесі білім алушылардың теориялық білімге 96%-ға жуық дайындығы және берілген тапсырмаларды орындау арқылы жаңа тақырыпты өз беттерімен қызығушылықпен меңгергені рефлексия нәтижесін талдаудан байқалды (диаграмма 1).



Диаграмма 1 – Рефлексия нәтижесі

«Матрицалар мен анықтауыштар» тақырыбы бойынша жүргізілген 2 онлайн лекция мен 2 тәжірибелік сабақтар нәтижесінде студенттер алған білімдерін қорытындылау үшін тақырыптық тест тапсырды (диаграмма 2).



Диаграмма 2 – Тақырыптық тест нәтижесі

Тәжірибелік сабақтың жүргізілуі мен тақырыптық тест нәтижесі студенттердің тақырыпты терең меңгергендігін және практикалық дағдыларын қалыптастыруда сабақ уақытының тиімді пайдаланылғанын көрсетеді. Демек, аралас оқыту технологиясын пайдаланып жүргізілген тәжірибелік сабақтың артықшылығы - студенттердің басым көпшілігі өзін-өзі басқарып, өз бетімен жаңа математикалық материалды тиімді игере алуында. Алайда,

кейбір студенттерге өз бетімен оқығаннан гөрі оқытушымен бірге жұмыс жасау қажеттілігі туындады.

Сонымен, аралас оқыту технологиясының «Төңкерілген сынып» моделін пайдалану тәжірибесі төмендегідей болжамды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- студенттерді өзін-өзі басқарып, өз бетімен жаңа математикалық материалды тиімді игеруге дағдыландыру;
- сабақ уақытын тиімді пайдалану;
- бағалаудың ашықтығына қол жеткізу;
- онлайн курс арқылы оқу материалдарының көп бейнелілігімен қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін цифрлық ұрпаққа бейімдеу тұжырымдамасы. Нұр-Сұлтан, 2019

2. Әмірбекұлы А., Алимқұлова Б. «Алгебра және сандар теориясы» пәні бойынша онлайн-курсты енгізу негізінде аралас оқыту технологиясын жасақтау.// Журнал Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогикалық сериясы -№3.2021 –Б.71-82

УДК 517(072), ӘӨЖ.74.262

ОҚУШЫЛАРДЫ МАТЕМАТИКАДАН ҒЫЛЫМИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА БАУЛУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Абдрахманов Қ.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,

Шымкент қ., Қазақстан

Резюме

В данной статье приведены методические рекомендации по привитию навыков учащимся средних школ к научно-творческой работе по математике. Рассматриваются примеры привития навыков учащихся к исследовательской работе по математике.

Summary

This article provides guidelines for the inculcation of skills of middle school students to the scientific and creative work in mathematics. The examples of imparting skills to students' research work in mathematics.

Орта мектепте математиканы оқыту барысында оқушыларға терең және жан-жақты білім берумен қатар, оларды шығармашылық жұмыстарды орындауға баулуды қарастыру қажет. Әлбетте математикадан шығармашылық жұмыстары сыныптағы дарынды бірнеше оқушыны тарту да жеткілікті. Ол үшін пән мұғалімінің өзінің математикалық терең білімі және шығармашылық жұмыстарға қабілеті болуы керек.

Ғылыми-шығармашылық жұмыстарының тақырыптары оқу бағдарламасынан тыс болуы мүмкін, бірақ ол қандай да бір байланыста болады. Ғылыми – ізденіс жұмыстың тақырыбы оқушының білім деңгейіне сәйкес келіп оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталады.

Д.Пойаның айтуынша оқушының шығармашылық жұмыспен айналысуы үшін оның аңғарымпаздығы болуы керек. Тек аңғарымпаздықтың арқасында жаңалық ашуға болады. Жаңа тақырыпты үйрену барысында, оның даму схемасы және заңдылықтарынан көңіл бөлерлік нәтижелерге келетін фактілерді байқап, оны ары қарай дамитын болжау жасауға болады. Яғни болжаулар немесе гипотезалар құрып олардың орындалатынын дәлелдеу арқылы біз жаңалықтар аша аламыз. Демек белгілі фактілерден болжау жасап, сол болжаулардың орындалатынын дәлелдеу, бұл математикадағы шығармашылық жұмыстың негізі болады.

Сонымен шығармашылық жұмысты орындаудың схемасын келесі түрде қарастырса болады: 1) ұқсас мәселелерді қарастыру; 2) әр түрлі жағдайларды зерттеу;

3) бақылау жүргізу; 4) әр түрлі идеяларды зерттеу;

5) әр түрлі гипотезалар құрып оларды қарастыру;

6) гипотезаларды тексеріп, орындалатынын дәлелдеу;

7) алынған нәтижелерді талдау.

Оқушылардың ғылыми ізденіс жұмыстарының мазмұны мен орындау әдістерін келесідей міселелерді сипаттау қажет деп санаймыз:

1. Қойылатын міселені таңдап алуда ең бірінші аңғарымпаздықпен (көрегендік) алдын ала болжау қабілеттерін іске қосу. Әлбетте бұған пән мұғалімінің қатысуы керек болады. Оқушының алға қойған мақсатына, оны орындауға жетекшілік жасап дұрыс жолға бастап отырады. Сондықтан ең үлкен роль пән мұғаліміне артылады.

2. Оқушының ізденімпаздығы - алға қойған мәселені шешуге белсенді қатысып негізгі жағдайларды бөліп алып сол мәселелерді шешудің тиімді жолдарын қарастыра білу. Қойылған мәселені шешу бірнеше бағытта жүргізіліп, олардың қосалқы, негізгі еместері алынып тасталады.

3. Қарастырылған мәселені шешудегі аңғарымпаздық, болжау, индукциялық ойша пайымдаулар ақиқатқа жақын ойларға алып келуі керек. Жоғарыда айтылған алға қойылған мәселенің дұрыс таңдап алу, оқушының білімін, ізденімпаздығын белсенді қолдану және ақиқатқа жақын ой пайымдарының пайдалану арқылы оқушының дұрыс ой қорытуының дамуын қалыптастыратын жаңа жетістіктерге жетуіне алып келеді деп санаймыз.

Оқушыларды ғылыми-шығармашылық жұмыстарына баулуда біздің бірінші қоятын мақсатымыз - ол математикада қандайда бір жаңалық алу емес, оқушы өзі үшін қандай да бір жаңалық ашып өзінің математикаға деген қызығушылық арттыру.

Оқушыларды ғылыми-шығармашылық жұмыстарына баулуға мысал ретінде, өз тәжірибемнен алынған бір тақырыпты ашып көрсеткім келеді. «Қысқаша көбейту формулалары» тақырыбын оқытқаннан кейін екі санның қосындысымен айырымының квадратымен кубының жіктелуін төртінші, бесінші дәрежелерінің жіктелуін зерттеуге қосымша тапсырма ретінде беріледі. Осыдан кейін осы тақырыпқа қызығушылық танытқан

оқушыларға екі санның қосындысымен айырымының кез-келген n -натурал дәрежесін ашып жазуды (Ньютон биномының) және олардың коэффициенттерінің өзгеру заңдылықтары Паскаль үшбұрышы арқылы анықталатыны көрсетіледі . Ол коэффициенттер $C_n^k = \frac{n!}{(n-k)!k!}$ өрнегі арқылы анықталатыны айтылып осы C_n^k коэффициенттерінің қасиеттерін зерттеуге келтіріледі . Мысалы $C_n^0 + C_n^2 + \dots + C_n^n = 2^n$. Егер осы Паскаль үшбұрышындағы сандардың қиғаш қосындыларын қарастырсақ келесі сан тізбегі шығады 1,1,2,3,5,8,13,21,34,...

			1			
			1	1		
		1	2	1		
	1	3	3	1		
	1	4	6	4	1	
1	5	10	10	5	1	
...

1-сурет

Бұл сандар тізбегінен байқайтындығымыз үшінші саннан бастап әр біреуі алдыңғы екеуінің қосындысына тең $F_n = F_{n-2} + F_{n-1}$. Бұл сандар тізбегін Фибоначчи сандары деп аталады . Фибоначчи сандарының тамаша қасиеттері бар . Оларды “Алтын қимамен ” байланыстыратын қосымша бір мәселе ретінде қарастыруға болады .

Ал Паскаль үшбұрышына оралып, қиғаштық бұрышын үлкейтіп, қосындыларын қарастырса , келесі сан тізбегі пайда болады : 1,1,1,2,3,4,6,9,13,19,28,41,... . Бұл сандар тізбегін $E_n = E_{n-1} + E_{n-3}$ рекурентті формуласы арқылы жазуға болады екен. Бұл сандардың қандай қасиеттері барын зерттеңіз .

Осы тақырыпты жалғастырып біз келесідей сандың үшбұрыштардың тамаша қасиеттерін зерттей аламыз :

1.Триноминальдық коэффициенттер . Сандық үшбұрыштың оң жағымен сал жағында 0 және 1 цифрларын жазып үшбұрыш құрастырсақ , онда әрбір келесі қатарда тұрған сан , осы санның төбесінде тұрған көршілес үш санның қосындысына тең(2-сурет) .

Бұл үшбұрыштың келесі қасиеттерін байқау қиын емес

			0	1	0				
		0	1	1	1	0			
	0	1	2	3	2	1	0		
	0	1	3	6	7	6	3	1	0
0	1	4	10	16	19	16	10	4	10

2-сурет

$$\begin{aligned}
 &1+1+1=3 \\
 &1+2+3+2+1=9 \\
 &1+3+6+7+6+3+1=27 \\
 &.....
 \end{aligned}$$

$$1^2 + 2^2 + 3^2 + 2^2 + 1^2 = 19$$

$$1-1+1=1$$

$$1-2+3-2+1=1$$

$$1-3+6-7+6-3+1=1$$

.....

2.Гармоникалық үшбұрыш.(3-сурет).

Мұнда

$$\frac{1}{2} = \frac{1}{3} + \frac{1}{6}, \frac{1}{3} = \frac{1}{4} + \frac{1}{12}, \frac{1}{6} = \frac{1}{12} + \frac{1}{12}, \dots \text{ қасиеттерін зерттеңіз}$$

		1/1				
		1/2	1/2			
		1/3	1/6	1/3		
		1/4	1/12	1/12	1/4	
		1/5	1/20	1/30	1/20	1/5

3-сурет

Әдебиеттер:

1. Д.Пойа . Математика и правдоподобные рассуждения , М. Наука.1978.
2. Д.Пойа. Математическое открытие , М.Наука.1976.
3. В.А.Успенский , Треугольник Паскаля , Наука , 1966.
4. Р.Г.Хазанкин , Развивать творческие способности школьников . Ж."Математика в школе " №2 6 1989. С. 10-13

ӘОЖ 372.8

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ӘДІСІН ҚОЛДАНУ

Шертаева Н.Т., х.ғ.к., Ыбраимова С., 1 курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье показано, что на уроках химии одним из эффективных средств развития творческой активности, логического мышления, любознательности, наблюдательности является самостоятельная работа учащихся, которая позволяет учащимся самостоятельно добывать знания и использовать их в повседневной жизни.

Summary

This article shows that in chemistry lessons, one of the effective means of developing creative activity, logical thinking, curiosity, observation is the independent work of students, which allows students to independently acquire knowledge and use it in everyday life.

Қазіргі жағдайда мектеп оқушыларына жалпы білім беретін және арнайы білім, білік және дағды жүйесін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар олардың өз бетінше білім алу қажеттілігін қалыптастырып, дамытуы керек [1].

Химия сабақтарында оқу-танымдық қызметтің ұйымдастырған кезде, дамытудың тиімді құралдарының бірі болып табылатын, оқушылардың шығармашылық белсенділігіне және оқушылардың өз бетінше білім алуға, өңдеуге, қолдануға және қалпына келтіруге, ақыл-ой жұмысының жаңа әдістерін жетілдіруге және ойлау стилін әзірлеуге мүмкіндік беретін оқушылардың өзіндік шығармашылық белсенділігіне ерекше назар аударамыз. Дербестікті дамыту төмендегі дидактикалық құралдарды пайдалану кезінде мүмкін болады: ақыл-ой және оқу еңбегін ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

өзіндік шығармашылық әрекетін ұйымдастыру; оқу сабақтарын ұйымдастырудың дәстүрлі және эвристикалық нысандары [2].

Қазіргі сабақтың әдістемесі оқулықта, карточкаларда, зертханалық тәжірибелерде орындалатын тәуелсіз жұмыс жүйесімен сипатталады. Оқушылардың назарын жұмыстың мақсаттарын түсіну қажеттілігіне, тапсырманы орындау кезінде қандай білім мен дағдыларды алу керек екеніне аудару керек. Мұғалім оқушыларға, мақсатты түсіну, жұмысты орындау, жұмыс нәтижелерінің мақсатқа қатынасы, олардың жетістіктерін бағалау атты танымдық іс-әрекеттің барлық қажетті компоненттерін үйретеді. Сабақтарда өзіндік жұмыстарды кеңінен қолдану көптеген оқу-тәрбиелік міндеттерді сәтті шешуге мүмкіндік береді: оқушылардың білімді игеруінің санасы мен беріктігін арттыру; білімдері мен дағдыларды дамыту; алған білімдерін өмірде қолдануға үйрету; танымдық қабілеттерін, байқағыштығын, қызығушылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін дамыту; оларды өз бетінше, нәтижелі және қызығушылықпен жұмыс істеуге үйрету; оқушыларды мектептен кейін өз бетінше білім алуға дайындау. Практикалық жұмысы кезінде мұғалім өзіндік жұмыстың көптеген түрлерін ұйымдастырады. Баяндама, реферат, оқулықпен жұмыс, карточкалармен жұмыс, тәжірибе жүргізу [3].

Өзіндік жұмыс сабақтың барлық кезеңдерінде және үй тапсырмасында оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға көмектеседі, өйткені ол оқу процесін басқаруға мүмкіндік береді, ойлаудың тәуелсіздігін дамытуға ықпал етеді және оқу әрекетін ынталандырады. Оқушылардың өзіндік жұмысы оқу үрдісінің ажырамас элементі болып табылады. Онсыз оқушылардың сабақ беруі мен дербес оқуының бірлігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Егер мұғалім оқушылардың оқу тәуелсіздігін, ұтымды оқу, оқу-танымдық іс-әрекеттің дұрыс ұйымдастыру және жүзеге асыру қабілетін белсенді дамытқысы келсе, онда ол оқытудың басқа әдістерімен үйлесімде басым болатын өзіндік жұмыс әдістерін қолдануы керек.

Оқушылардың өзіндік іс-әрекетінің үш деңгейін бөлектеуге болады:

1. Репродуктивті (көшіруші) – өзіндік жұмыстарға арналған тапсырмалар белгілі бір әрекеттерді үлгі бойынша орындау талаптарын қамтиды. Олардағы нұсқаулар негізінен осы немесе басқа есептерді қалай және қандай ретпен шешу керектігін белгілейді. Бұл жағдайларда өзіндік жұмыс зерттелген материалды есте сақтай отырып, жаңасын түсінуді жақсарту мақсатына қызмет етеді.

2. Ішінара іздеу (эвристикалық) – өзіндік жұмыс оқушыны толығымен саналы әрекетке итермелейді. Жұмыстың осы түріне арналған тапсырмалар оқушыларға белгілі бір мәселені қолда бар білім негізінде шешудің жолы мен әдісін табуға мүмкіндік береді.

3. Зерттеу өзіндік жұмыстары - бұл оқушылардың кішігірім зерттеулері, нәтижесінде оқушылар жаңа білім алады немесе жаңа іс-қимыл режимін үйренеді.

Өздік жұмысты ұйымдастырудың белгілі бір талаптар бар:

1. Өзіндік жұмыс мақсатты және жүйелі болуы керек.
2. Оқушылар тапсырмаларды орындауға міндетті дайын болуы керек.
3. Тапсырмаларды орындауға деген қызығушылықты оятуға ықпал жасайтындай көп деңгейлі таңдалуы керек.
4. Өзіндік жұмысқа жаңа жағдайда білімді қолдануды қажет ететін тапсырмаларды ұсыну.
5. Өзіндік жұмысты жоспарлы және жүйелі түрде оқу үрдісіне енгізілуі керек.
6. Өздік жұмыс әдісін басқа әдістермен біріктіріп қажет. Өзіндік жұмыстарды мұғалім тексеріп, түсіндіруі керек.

Химияны оқыту үрдісінде өзіндік жұмыстың келесі түрлерін қолдануға болады:

1. Кітаппен жұмыс (мәтінмен жұмыс, жауап жоспарын құру, конспекттеу, мәтінді құрылымдау).
2. Жаттығулар (үлгі бойынша көбейтілген жаттығушылық, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған жаттығулар).
3. Өзіндік тексеру жұмыстары (тесттер, химиялық диктанттар).
4. Баяндамалар мен рефераттар дайындау.
5. Сыныптан тыс жұмыстар (олимпиадаларға дайындық).

Өзіндік жұмыстарды жүргізуге арналған дидактикалық материалдың түрлері: тесттер, көп деңгейлі карточкалар, жеке жұмыс парақтары, тіректі конспектілер, тапсырма карточкалары, сөздері мен терминдері жетіспейтін химиялық диктанттардың тесттері.

Оқытудың белсенді моделі оқушылардың танымдық белсенділігі мен дербестігін ынталандыратын әдістерді қолдануды көздейді.

Химияны оқытуда тиімді деп санайтын жеке белсенді әдістердің сипаттамасына қысқаша тоқталайық [4].

Имитациялық ойындар-бұл қоршаған шындықтың кез-келген құбылыстарын жаңғыртатын, еліктейтін белгілі бір қарапайым, белгілі әрекеттерді орындау процедуралары. Нәтиже - тез шешім қабылдау және жедел реакциялар.

Имитациялық ойындар оқушылардың қиялын, сыни ойлау дағдыларын дамытады, дағдыларды практикада қолдануға ықпал етеді, тәуелсіздік көріністерін, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін ынталандырады.

Рөлдік ойын, оның мақсаты оқушылардың нақты өмірлік жағдайға қатынасын анықтау, ойын арқылы тәжірибе жинауға көмектесу, тәжірибе мен сезім негізінде үйрену. Белгілі бір өмірлік жағдайды рөлдерде ойнау қиял мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, балама әрекеттерді табу және қарастыру қабілетін қалыптастырады, белгілі бір әлеуметтік рөлде өзін көрсетуге, басқаларға жанашырлық танытуға және т.б. көмектеседі.

"Микрофон" - бұл әдіс әр оқушыға тез және қысқа, "микрофонға сөйлеуге" еліктеп, өз пікірін немесе ұстанымын білдіруге мүмкіндік береді. Мысалы, жаңа

материалды зерттеу кезеңінде мұғалім "алюминий қосылыстары негізгі қасиеттерге ие ме және қандай жағдайда?". "Микрофон" - бұл сабақтың соңғы кезеңіндегі тиімді әдіс, оқушылар сабақта не және қалай істегендері туралы ойланады.

"Оқыту – үйрену" әдісі (немесе "Әркім бәріне үйретеді", "Броундық қозғалыс") оқушыларға оқуға қатысуға, яғни сыныптастарына жаңа материалды түсіндіруге мүмкіндік береді.

Шағын топтардағы жұмыс оқушыларға қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл ең тиімді әдістердің бірі, өйткені топтық жұмысты ұйымдастырған кезде пікір алмасу жүреді, оның нәтижесі мәселені оңтайлы бірлесіп шешу болып табылады.

"Идеялар шеңбері" - бұл әдістің тиімділігі оқушыларға өз позициясын білдіруге мүмкіндік жасай отырып, даулы мәселелерді шешуден тұрады. Мысалы, "кремний қосылыстары" тақырыбын зерттеген кезде оқушылар кремний оксидін қышқыл оксиді ретінде сипаттай отырып, оған көптеген реакциялар мүмкін емес екенін түсінбейді. Оқушылар өз пікірлерін идеялар таусылғанша кезекпен айтады; ұсынылған жауаптардың барлық нұсқалары тақтаға жазылады.

"Миға шабуыл" - бұл ұжымдық талқылаудың тиімді әдісі, оқушыларды қиял мен шығармашылықты көрсетуге итермелейтін шешімдерді іздеу, бұл барлық қатысушылардың еркін пікір білдіруі негізінде қол жеткізіледі және белгілі бір тақырып бойынша бірнеше шешім табуға көмектеседі.

Өзіндік іс-әрекетті дамытуға бағытталған химия сабақтарын өткізу үшін біз оқушылардың белсенді өзіндік оқу-танымдық қызметін көздейтін арнайы тапсырмаларды таңдадық немесе әзірледік. Мысал ретінде кейбір тапсырмаларды қарастырайық.

Ойындар

1. "Кім көбірек"

Осы элементтерден мүмкіндігінше көп химиялық формулалар жасаңыз және алынған заттарға атау беріңіз.

Na, C, N, Ag, O, P, Cu, S

2. "Крестиктер-нолики"

А) Қышқылдардың дұрыс қатарын тап.

Ұтымды жолын табу.

NaCl	KOH	H ₂ SO ₄
HCl	H ₂ S	K ₂ CO ₃
HNO ₃	H ₃ PO ₄	CuSO ₄

Б) Тұздардың дұрыс қатарын тап.

Ұтымды жолын табу.

NaCl	KOH	KNO ₃
HCl	H ₂ S	K ₂ CO ₃
HNO ₃	H ₃ PO ₄	CuSO ₄

3. "Қозғалысқа сәйкестік" ойыны:

Мұғалім оқушылармен келіседі: егер мен қышқылдар туралы айтатын болсам, онда сіздер - сол қолыңызды көтересіз, ал сілтілер туралы айтсам - оң қолыңызды көтересіздер.

Бұл ойын материалды оңай және жанды түрде бекітуге және тексеруге мүмкіндік береді.

Жоғарыда аталған белсенді оқыту әдістерін қолдану, өзіндік іс-әрекеттің қалыптасуына ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой іс-әрекетінің белсенділігіне де ықпал етеді [5].

Осылайша, химия сабақтарында оқушылардың өзіндік жұмысын қолдану, көптеген оқу міндеттерін сәтті шешуге мүмкіндік береді:

- оқушылардың білімді игеруінің санасы мен беріктігін арттыру;
- өмірде, әлеуметтік пайдалы жұмыста алған білімдері мен дағдыларын қолдануға үйрету;
- оқушылардың танымдық қабілеттерін, байқағыштығын, қызығушылығын, логикалық ойлауын, шығармашылық белсенділігін дамыту;
- білімді игеру кезінде.

Әдебиеттер

1. Родионова Н.И., Чупрова Л.В., Ершова О.В. Развитие самостоятельности учащихся гимназии на уроках химии // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. – 2016. – № 9-1. – С. 145-148.

2. Городнова А.А. Организация самостоятельной работы: методические рекомендации.- Нижний Новгород: ООО «Цветной бульвар», 2016.-46с.

3. Алимов А.Т. Развитие самостоятельного и творческого мышления у учащихся в процессе обучения // Молодой ученый. – 2014. – №1. – С. 468-470.

4. Гордеева В.В. Активные и интерактивные формы организации и педагогического сопровождения самостоятельной работы//Известия ПГПУ им.В.Г. Белинского. - №28. - 2012. - С.52 - 55.

5. Банникова Е. А., Хасанова Ю. Г. Использование активных методов обучения в образовательном процессе // Молодой ученый. – 2015. – №11.1. – С. 51-53.

ӘОЖ 372.8

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУ

Шертаева Н.Т., х.ғ.к., Құрақбаева А., 1 курс магистранты

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье показано, использование электронных образовательных ресурсов при проведении занятий по химии для того чтобы повысить активность обучающихся, так

как во время занятий происходит максимальное вовлечение учеников в учебный процесс, вследствие этого у учащихся появляется интерес к обучению, повышается мотивация и увеличивается эффективность обучения.

Summary

This article shows the use of electronic educational resources during chemistry classes in order to increase the activity of students, since during classes there is maximum involvement of students in the learning process, as a result, students have an interest in learning, motivation increases and learning efficiency increases.

Бүгінгі таңда орта мектепте химияны оқыту құзыреттілік және жүйелік-белсенділік тәсілдерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады, олардың басты міндеттерінің бірі білім алушыларда өмір бойы оқуға, командада жұмыс істеуге деген ықылас пен ынтаны қалыптастыру болып табылады, бұл оқу уақытын оңтайландыруға және оны кеңінен танымал дидактикалық принциптерге - көрнекілікке, ғылымға, қол жетімділікке, жүйелілікке сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік беретін электрондық білім беру ресурстарын пайдалануы іс жүзінде өте маңызды.

«Электрондық білім беру ресурсы» ұғымының мағынасын түсінбес бұрын, біз «ресурс» ұғымының мағынасын талдаймыз. Әдебиеттерде ресурс деген сөз («ressource» француз сөзінен шыққан) көмекші құрал, қор, көз, процесті жүзеге асыру мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [1].

Сонымен, ресурсты құрал, көз ретінде түсінуге болады. Информатикада ресурс басқа компьютерден қашықтан қол жеткізуге болатын ақпараттың бөлігі ретінде сипатталады.

Білім беруде «электрондық білім беру ресурсы» термині оқу процесін жүзеге асырудың құралы немесе көзі ретінде қолданылады. Электрондық білім беру ресурсының түрлері бойынша былай көрсетуге болады.

1. Ақпараттық білім беру ресурстары - бұл білім беру саласында қолдануға үшін арналған ақпараттық жүйелердегі жеке құжаттар және олардың жиынтығы. Олар оқу-анықтамалық материалдардың деректер базасын, білім базаларын; қашықтықтан оқыту әдістерін қамтамасыз етудің техникалық және бағдарламалық құралдарын пайдалынады.

2. Электрондық білім беру ресурстары – бұл оқу ақпараттарды қолдану үшін электрондық құралдарды пайдалануы.

3. Цифрлық білім беру ресурсы - бұл цифрлық объектерді ұсынылуы: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалдық және интерактивті модельдеу объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер және іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті оқу материалдары.

Білім беру үдірісінде электронды білім беру ресурстарын қолдану оқушылардың активтігін артуымен, уәждеунің жоғарылауымен және химияға және биологияға қызығушылығы артады. Білім беру процесі толығымен

компьютерлендірілген болуы мүмкін. Бұл жағдайда мұғалім кеңесші және тьютор ретінде қарастырылады.

Әдеби шолу көрсеткендей, қазіргі таңда оқу үдірісінде электрондық білім беру ресурстарын құру және қолдану кезінде бірнеше ақпараттар бар [2]. Бірақ, бүгінгі таңда зерттеушілер осы тұжырымдаманың мағынасын анықтау туралы бірдей көзқарастар жоқ.

Электрондық білім беру ресурсы - бұл оқу бейнефильмдері мен дыбыс жазбалары, электрондық оқулықтар. Бейнефильмдер мен дыбыс жазбалар, электрондық оқулықтарды пайдалану үшін магнитофон, CD ойнатқышы, компьютер керек.

Соңғы жылдары электронды білім беру ресурстарын білім беру мен оқытудың кешенді тәсілін сипаттайтын және мазмұнындағы негізгі элементтерін, оқу пәндердің арасындағы өзара байланысты оқшаулауға мүмкіндік беретін педагогикалық құрал болып ұсынылады.

Электрондық білім беру ресурстары оқу үдірісін жақсартуға көп мүмкіндіктер береді:

- білім алушылардың танымдық қызметін рационалды ұйымдастыру;
- оқытудың тиімділігін арттыру;
- жеке оқыту мен өзән-өзі оқытуды құру;
- оқу қабілеті ерекшеленетін білім алушылардың белсенділігін арттыру;
- жаңа танымдық құралдарды меңгеру;
- оқу- тәрбие үдірісінің барлық деңгейлерін интенсификациялау.

Интерактивті тақталар классикалық презентацияның барлық артықшылықтарын жоғары технологиялық мүмкіндіктермен, интернеттен, компьютерден, бейне ойнатқыштан, бейнемагнитофоннан немесе бейнекамерадан ақпаратты көрсетумен үйлестіруге мүмкіндік береді. Химия сабақтарында интерактивті тақтаны қолдану сабақты тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Оны қолдану білім алушылардың жағымды мотивация қалыптастыруға көмектеседі, сонымен қатар оларға ұжымда жұмыс істеуге тамаша мүмкіндік береді.

Химия сабақтарында интерактивті тақтаны қолдану білім алушылардың эмоционалдығын арттыруға мүмкіндік береді. Химия сабақтарын өткізу барысында білім алушыларды білім беру бағдарламасымен жұмыс істеуді, сол арқылы олардың оқу қабілеті белсендіріленеді.

Авторлар [3] оқу үдірісінде интерактивті тақтаның келесі мүмкіндіктерін көрсетеді:

- жаңа оқу материалын динамикалық түрде ұсыну;
- білім алушыларды сабақ өткізу процесіне тарту;
- оқыту ойындары мен міндеттерін құру және өткізу;
- интерактивті тапсырмаларды әзірлеу;
- білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Компьютерлік аудиторияда сабақтарды жүргізу кезінде презентацияның көрнекілігін оқытушының ауызша презентациясымен біріктіруге мүмкіндік

береді. Көрнекілік құралдар оқу материалын түсіндіру барысында басты мәселені бөлуге көмектеседі.

Көрнекілік құралдарын қолдану оқушылардың көрнекі-бейнелі ойлауын дамыта алады, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жандандырады, ұғымдарды жүйелейді және жіктейді.

Қорыта айтқанда, электронды білім беру ресурстары заманауи компьютерлік технологиялардың барлық артықшылықтарын біріктіреді және оқу үдірісін жаңа сапалы деңгейге шығарады.

Әдебиеттер

- 1.Дьякова Е.А. Цифровизация образования как основа подготовки учителя XXI века: проблемы и решения / Е.А. Дьякова, Г.Г. Сечкарева // Вестник Армавирского государственного педагогического университета. 2019. № 2. С. 24-35.
- 2.Исупова, Н.И. Использование электронных образовательных ресурсов для реализации активных и интерактивных форм и методов обучения [Текст] / Н.И. Исупова, Т.Н. Суворова // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – М., 2014. – Т. 26. – С. 136-140.
- 3.Грушевская, В.Ю. Проблемы изучения мультимедиа технологий в образовании [Текст] / В.Ю. Грушевская // Новые информационные технологии в образовании. – Екатеринбург, 2011. – Часть 2. – С.40-43.

УДК 881.243:371.3

ББК 81.1:74.268.0

FORMATION OF STUDENTS CULTURE AND MORAL VALUES THROUGH THE USE OF SET EXPRESSIONS

¹Abdukarimova Zhanylsai Zharkhynbekovna, ²Ashirova Dilbar Abukasymkyzy

South Kazakh State Pedagogical University

e-mail: ¹usenbaeva_janylsai@mail.ru, ²dilbar_abkasymkyzy@mail.ru

Түйін

Адамның интеллектуалды даму деңгейі, оның физикалық жетілуі, ерік-жігері адамгершілік дамуымен ұштастыра отырып оң әлеуметтік мәнге ие болады. Студенттердің адамгершілік мінез-құлқының негізгі принциптерін қалыптастырудағы маңызды рөл жалпы білім беретін мектепке тиесілі. Әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму міндеттеріне сәйкес кез-келген дәуір адамгершілік тәрбиесінің қажеттілігін талап етеді. Алайда жалпы білім беру ұйымы шеңберінде студенттердің адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мәселесі арнайы зерттеу нысанына айналмай келеді. Қазіргі кезде адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу проблемасының зерттеу тақырыбының өзектілігі даусыз.

Сондай-ақ, студенттердің интеллектуалды санасының белсенді түрде жетілдіріліп, ойлауы мен түсініктерінің қалыптасуы даму үстінде. Танымдық сфераның өзгеруі студенттердің қоршаған ортаға қатынасына және жалпы тұлғаның дамуына әсер етеді. Адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу әдістері жеке тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеу процесін ұйымдастырумен жіне осы процесті басқару функцияларын орындайды. Зерттеудің мақсаты - тұрақты сөз тіркестерін қолдану арқылы студенттердің адамгершілігі мен мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық –психологиялық түп негізін саралап, оны практикада жүзеге асырудың әдістемесін беру. Әдістерді бірнеше топқа бөлуге болады: сананы қалыптастыру әдістері (дәріс, этикалық әңгіме, кеңес, ұсыныс, пікірталас, баяндама, мысал); іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері және мінез-құлқы тәжірибесін қалыптастыру (жаттығу, тәрбиелік жағдаяттар); ынталандыру әдістері (бәсекелестік, мадақтау, жазалау).

Резюме

Уровень интеллектуального развития личности, ее физическое совершенство, сила воли имеют положительный социальный смысл в сочетании с нравственным развитием. Важная роль в формировании основных принципов нравственного поведения студентов принадлежит общеобразовательной школе. Любая эпоха в соответствии задачами социальноэкономического и культурного развития, диктует необходимость нравственного воспитания. Однако, проблема воспитания нравственных качеств у школьников в рамках общеобразовательной организации не стала предметом специального изучения. Актуальность темы исследования проблемы воспитания нравственных качеств сегодня неоспорима.

Также активно совершенствуются интеллектуальные процессы подростка, происходит развитие мышления и образование понятий. Изменения в когнитивной сфере влияют на отношение студентов к окружающей действительности и на развитие личности в целом. Методы воспитания нравственных качеств выполняют функции организации процесса нравственного воспитания личности, управление этим процессом. Цель исследования - проанализировать педагогические и психологические основы формирования нравственности и культуры учащихся с помощью устойчивых выражений на уроках английского языка. Их можно разделить на несколько групп: методы формирования сознания (рассказ, объяснение, разъяснение, лекция, этическая беседа, диспут, доклад, пример); методы организации деятельности и формирования опыта поведения (упражнение, воспитывающие ситуации); методы стимулирования (соревнование, мотивация, наказание).

Introduction. The strategies of the Republic of Kazakhstan is aimed at to modernize three main objects: political, economic and socio-cultural. The educational standards presented the issues of strengthening the foundations of the country in the future as a strategic direction in the formation of an intellectual nation. These preconditions are now becoming a socio-cultural dimension of significant initiatives in the country. Because the independence of the state and the country is influenced by democracy, the market, scientific and technological progress, national traditions [1].

At present, the research is carried out in the field of students with the help of work to recognize, develop and improve the inner world, the spiritual world of the individual. For example, Kazakhstani scientists study the trends of universal national values in the formation of education and upbringing in various scientific, theoretical and methodological directions (G.A. Umanov, N.D. Khmel, K.B. Zharykbayev, A.A. Beisenbayeva, S.A. Uzakbayeva, T. Sapabekova, etc.). The common views of these scientists coincide, and the personality of the individual deserves it.

Phraseologisms reflect the cultural and historical experience of a particular people. It is important to introduce students to this rich part of the language. As we explore different learning materials, we pay less attention to set expressions in English lessons. Therefore, the purpose of this study was to study this issue in more detail and to find the most effective and interesting ways to introduce set expressions into English lessons. After the analysis of domestic and foreign literary sources, effective ways to introduce set expressions into English lessons were identified. Depending on the purpose of using set expressions in English lessons, we will consider the effectiveness of methods of their introduction.

Research methods

The use of set expressions and creative project work in English is effective for effective learning of English in English lessons to attract students to culture and morality. In particular, we have come to the conclusion that the planned plan of

educational work will bring great benefits in the implementation of the goals and objectives of training. The results of the tests were different at the beginning and end of the semester, and the results showed an increase in student interest and learning outcomes.

Research results

In the implementation of the state programs on the formation of cultural heritage of the country on the basis of the English language. As a result of the synthesis of the goals of individual disciplines and the above goals of language integration, a single integrative goal was formulated. A substantive component of set expressions based on a foreign language is a system of invariant and variable blocks. They include certain knowledge (language, ie knowledge of foreign and native languages, socio-cultural, linguocultural studies, knowledge of special subjects), skills (speech, communicative, informational, creative), intercultural communication (to the world, homeland, person, culture, science, education, work, art, native and foreign languages) gave the most fruitful results.

Findings and discussions

Despite the complexity and diversity of meanings and forms of set expressions and some difficulties in using set expressions in live speech, many literatures say that they are the most vivid means of expressing human emotions.

The percentage of set expressions in a language is closely related to the development of the culture of a particular people, because set expressions and their etymology are a reflection of this culture.

Traditions and customs are considered to be the silent founders of the formation of set expressions in speech. However, during a live speech, it is impossible to continue without the use of all set expressions. Most of them become obsolete over time and their use may seem ridiculous. This is especially true for those who are learning a foreign language.

Phraseology - (Greek Phrases - expression + logos - learning) - the science of complex linguistic units of a permanent nature: inversion, confusion, the cat cried. Thus, a phraseology or regular expression is a regular expression, idiom, regular combination of words, which is not derived from the meaning of the components that make up set expressions, characterized by lexical composition, grammatical structure and meaning known to speakers of a particular language (mostly figurative). [2, p.12] This meaning is reproduced in accordance with the historically established norms of use in speech. There is a phraseological combination of set expressions with completely reconsidered and unmotivated meaning.

For example: *back the wrong horse* – *таңдау жасау алмай*; *bite the bullet* – *шымдамдылық таныту*.

Phraseological phrases that combine a word or several words that have a phraseological meaning. for example: deep silence - silent silence; iron nerves.

A set of set expressions of different nature and structure forms the phraseological structure of the language.

Phraseology is also called a set of these complex set expressions. Phraseologisms, in contrast to free phrases, characterize the stability of the composition. Set expressions cannot replace one or another component of a phrase that is close in meaning, and free expressions allow for such a substitution.

For example: *a ladies' man – instead we can not say a gentlemen' women, therefore, instead lady luck – we can't say a man luck*

Moldabekov Zh.Zh. stated that the generalized whole meaning of phraseological set expressions does not arise from the meaning of their components, that is, it does not motivate them in terms of the current state of the lexicon [3, p.125].

Sometimes we do not think about the meaning of obsolete words and phrases, we do not understand the emergence of some obsolete grammatical forms, but the inseparable meaning of these set expressions is clear to everyone. The phrase that all fingers should be historically comes from the fact that all fingers should be on the head. Thus, in phraseological expressions the connection between literal and figurative meanings is lost, the figurative has become the main for them. Therefore, it is difficult to translate phraseological applications into other languages. However, the roots of set expressions sometimes go back a long way, so linguists do not draw unambiguous conclusions about their origin.

Set expressions are set expressions, the generalized whole meaning of which is partly related to the semantics of their constituent components used in the figurative sense, for example: *swim against the current – толқынға қарсы жүзу*.

Set expressions give a special expressiveness and folk color to speech. Phraseological phrases are regular structures, the meaning of which is based on the semantics of their components, one of which has a phraseologically related meaning [4, p.10].

Demonstration lesson "My native town"

Theme of the lesson: "City AND MAPS"

Class: Grade 8 "A"

Time: 50 minutes

Type of lesson: demonstration

Material and technical support of the lesson: computers, projector, programs "Notepad" and "Paint", handouts - cards with text in English, cards with pretexts

Tasks:

1. In English - consolidation and control of knowledge: vocabulary, prepositions and grammatical structures on the topic; development of writing and reading skills.
2. On computer science - practicing skills in the Notepad and Paint programs, the formation of keyboard skills in the Latin register (English).

During the classes:

I. Organizational moment:

- Greeting. Introduction to the topic and objectives of the lesson.

I. Repetition of the studied lexical and grammatical material in the English language.

Exercise 1. Listen to the tape from computer and say what is it?

You can see movies there (cinema);

*You can see doctors there (hospital);
You can see animals there (zoo);
You can see old things there (museum);
You can change money there (bank);
You can do sports there (sport centre);
You have lessons there (school);
Tourists can live there (hotel).*

Exercise 2. Look at my cards and say (cards with prepositions).

Activity 1. Read the text city and make up a map of the city using the computer technologies: SMART ART and DESIGN programs

Activity 2. Compare your map with your partner and discuss the map of your city.

IV. Consolidation of the material studied in computer science and the English language.

Repetition of the basic methods of working on a computer (question-answer form of work).

Practical work on the computer: task - open picture 1 in the program "Paint", consider the image of the city plan and Activity 1 in the program "Notepad", according to the picture, insert the prepositions into the sentences.

Figure 1. City plan

Group A - Activity 1 Use the program Paint and make a map of the city

The bank is ... the library and the hospital. a) on the right;

The sport centre is ... of the street. b) opposite;

The park is ... of the post-office. c) next to;

The shop is ... the park. d) between;

The museum is ... the post-office. e) on the corner;

The hotel is ... the museum. f) behind.

V. Control of knowledge and creative application of knowledge.

Practical work on the computer: task - open Figure 2 in the Paint program and, in accordance with the text on Activity 2 (printed), sign the names of the buildings on the city plan, apply your creative abilities, who will make it more beautiful.

Task 2. Plan of the city

Group B - Activity 1 Use the program Paint and make a map of the city

The park is on the corner of the street.

The school is on the left of the park.

The sport ground is behind the school.

The supermarket is opposite the school.

The bank is on the right of the supermarket and opposite the park.

The museum is on the corner of the street and opposite the park.

The hospital is behind the museum.

The hotel is on the corner of the street opposite the bank and the museum.

VI Reflection. Summarizing.

VII. Home task: Preparation of project works. Socialization.

At the end of the experiment we analyzed the development of culture and morals of 2nd year students and reviewed the results of the course. The goals and objectives of the lesson were achieved. My colleague and I were pleased with the work done. As you can see from the diagram below, the level of culture and morality of students has increased, the level of interest and knowledge in the lessons has increased, learning objectives have been achieved and student grades have increased from 80.40% to 89.10%.




Diagram 1-Results of experimental work

The results of the course were improved due to the systematic use of activities and techniques and technologies implemented in order to integrate the spiritual values and language, religion, history of the Kazakh people in English have been taught through set expressions. The main aim was to teach students to culture and morality during the implementation of research objectives. The lesson evoked positive emotions among students. They were happy with the success, proud of the work done, felt important and confident.

Conclusion

Changes and innovations in modern Kazakhstan are of socio-cultural significance. This issue is being implemented through various reforms that are becoming socially important innovations. Therefore, the importance of special analysis of the specifics of cultural heritage is growing. In a broad sense, the study of cultural heritage is a testament to the continuity of civilization. Our study of cultural heritage and values is evolving in relation to the results of sovereignty in my country and the need for initiatives for spiritual renewal.

The need for research arose on the following issues:

- 1) to make cultural analysis of the national values of Kazakhstan, the processes of its cultural and social development, in determining the place of people in the field of higher education;
- 2) to improve the impact on the stability and unification in Kazakhstan, using the spiritual values of our cultural heritage;
- 3) to teach cultural and moral values can be formed by means of set expressions during the English classrooms through effective methods of teaching.

Educational and organizational activities will be carried out through the use of traditions, traditional culture, history, folk pedagogy and national education, the use

of historical heritage in the educational process. Because we cannot move forward without raising the intellectual culture, knowledge and national consciousness of the younger generation. The reason we speak cultural heritage is important are:

- 1) invaluable spiritual, cultural, economic and social wealth;
- 2) a source of modern science, education and training;
- 3) along with natural resources, the nation's self-esteem and the way it is recognized by the world community.

REFERENCES

1. Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan. Kazakhstan's way - 2050. - 2014, January - 18.
2. The national idea is the Eternal Country. Ghali T. - Aikyn - 2014, January - 21.
Law of the Republic of Kazakhstan on Education -2006
3. Moldabekov Zh.Zh. Intellectual nation: strategic course and cultural-national factors of formation. - Almaty, 2016.- p. 3.
4. Abishev K.A., Khamidov A.A., Sarsenbaeva Z.N., Sagikyzy A., Bisenbaev F.K. Power as a value, value of power: metamorphosis of freedom. - Almaty, 2007. - 470 p.
5. Burkhanov K. Formation and strengthening of patriotism of the youth of Kazakhstan through the prism of the education system - Karaganda: Karaganda State Technical University Publishing House, 2011. - Book 4.
6. Kaliyev S. Pedagogical bases of development of personal qualities of students. - Almaty: Bilim, 2001. - 220 p.
7. Shashayeva G., Moldabekov Zh. Hospitality in Kazakhstan: The Empire Sings Back // Cultura International Journal of Philosophy of Culture and Axiology. - 2015. - Vol. 12, issue 2. - P. 63-180.
8. Blinov I.V. How to realize a competent approach to the lesson and in extracurricular activities. - М.: АРКТИ, 2007. - 132 p.
9. Zadorozhnaya A.V. On the question of the development of inter-cultural competence of students of higher educational institutions / Materials of international scientific-practical conferences. - Pyatigorsk, 2002. - p. 155-158

ӘОЖ 317.134

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК БІЛІКТЕРІН ТЕҢСІЗДІКТЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Нұрбек А.Р., Джаманкараева М.А. ф.-м.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной работе на основе анализа реализуемых различных подходов к определению целей обучения математике выделены цели и система принципов изучения неравенств в условиях средней школы. Представлен обзор учебной, методической и научной литературы по тематике неравенств, позволяющий видеть роль и место изучения последних, обоснована потенциальная важность упоминаемой тематики для современной дидактики.

Summary

In this article, based on the analysis of the ongoing reforms of domestic education and various approaches to determining the goals of teaching mathematics, the goals and a system of principles for studying inequalities in secondary school conditions are highlighted. An overview of the educational, methodological and scientific literature on the subject of inequalities is presented,

which allows us to see the role and place of studying the latter, the potential importance of the mentioned topic for modern didactics is substantiated.

Қазіргі кезде оқытудың дамытушылық функциясына сәйкес, математиканы оқытудың негізгі мақсаты негізгі бағыттары мәдени, зияткерлік, шығармашылық, эстетикалық және рухани-адамгершілік даму болып табылатын білім алушы тұлғаны математика құралдары көмегімен бағытталған және жан-жақты дамыту екенін алға тартамыз. Жалпы білім беретін орта мектепте зерттеу жұмысын жүйесіз ұйымдастыру мен алдыңғы «білім, білік, дағды» парадигмасының көп тарауы сабақ мақсатының әртүрлі есептерді шығару біліктері мен дағдыларын қалыптастыру болуымен түсіндіріледі.

Бүгінгі таңда әсіресе жоғары сыныптарда әрқашан «ақылға қонымды» прагматизмнен аулақ болу мүмкін емес: түсіндірмелі-көрнекілік әдіс оқушыларға шынында оқушыларға білім мен ақпараттардың үлкен көлемін алуға мүмкіндік береді, сондай-ақ дайын қорытындыларды, ережелерді, формулаларды жылдам есте сақтауға бағытталады және емтихандарға дайындалу үшін ең жақсы әдіс болып табылады (бітірушілердің қорытынды аттестаттау кезіндегі жоғары бағалары мектепте білім берудің сапа көрсеткіштерінің бірі болып табылады) [1].

Қазіргі кезде оқушыларды әртүрлі зерттеу жұмыстарына тарту тіпті бастауыш сыныптарынан басталып отыр. Сонымен бірге математикадан осындай жобалардың өзіндік ерекшелігі де бар. Алайда мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес нәтижеге бағыттала отырып, оқушылардың зерттеу әрекеті қызықты ақпаратты өңдеу мен өз жұмысын көрсетудің әдемі кескінін құруды ғана құрайтынын айта кету керек. Бірақ бұл мектеп курсының немесе бастауыш сыныптардың басқа пәндері аясында қабылданса, жоғары сыныптар үшін математикалық зерттеу жұмыстарының сәйкес талаптары бар: «егер балалар жобаны орындау кезінде есеп шығармаса, онда математика жоқ, оның орнына тек математикамен қосалқы байланысты қандай да бір іс-әрекет түрі ғана, математиканың бейнесі ғана бар» [2]. А. Егоров та осы пікірді ұстанады: «Зерттеу есептері бір жағынан оқушы шығара алатын, түсінікті және қызықты болуы керек, екінші жағынан математикалық тұрғыда мазмұнды болуы тиіс». Зерттеу жұмысы деп «мектептің айналасындағы» қысқа есептерді жалпы әдіспен шығаруды да санауға болады [3].

Сондай-ақ зерттелініп отырған объектінің математикалық моделін құру да мүмкін болады. Оқушылардың математикалық зерттеулерін жүзеге асырудың аталған мәселелері теңсіздіктер көмегімен шешілуі мүмкін. Осы тұжырымды төмендегі аргументтермен бекітейік. Біріншіден, теңсіздіктер тақырыбы зерттеуге жеке математикалық есепті (немесе есептер тобын) кірістіруге мүмкіндік береді, бұл қажетті математикалық әдістерге жүгінуге алып келеді. Екіншіден, зерттеу мәселесі орындаушы-оқушыны пәндік олимпиадаға немесе жалпы білім беретін мектебіндегі қорытынды аттестаттауға дайындық кезінде пайдалы болуы мүмкін (математика тарихы,

симметрия, алтын қима, фракталдарға, т.с.с. арналған жобалар туралы бұлай айта алмаймыз). Үшіншіден, теңсіздіктер тақырыбы бойынша зертеу жұмыс тек танымал әдебиетпен ғана емес, сонымен қатар ғылыми әдебиетті қарастырумен байланысты болады [4].

Орта мектепте математиканы оқытудың негізгі мақсатын жүзеге асырудың көрсетілген бағыттарының негізінде теңсіздіктерді оқытудың мақсаттарын келесі түрде құрастырамыз:

Оқушыларды математикалық білімдерді теңсіздіктер теориясының кілттік ұғымдары мен әдістерін меңгеру арқылы біріккен негізімен таныстыру. Бұл мақсат оқушылардың математиканы оқыту кезінде мәдени дамуын білдіреді, себебі жоғарыда айтылғандай математиканың қазіргі қоғамдағы орны мен өркениеттің дамуындағы ролі туралы ұғымды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқушылардың жалпы ғылыми таным әдістерін қалыптастыру, олардың есептеу біліктері мен логикалық ойлауын дамыту. Бұл мақсат ең алдымен оқушылардың зияткерлік және рухани-адамгершілік дамуын жүзеге асырудан келіп шығады.

Математиканың пәнаралық байланыстарын жүзеге асыру. Оқушылардың зияткерлік және мәдени дамуымен қатар бұл мақсат математикалық әдістердің жалпылығын, оларды теория мен практиканың көптеген есептерін шығару кезінде пайдаанудың ақиқаттығын аңғаруға мүмкіндік береді. Осылайша оқушылардың эстетикалық даму жолы айқындалады.

Зерттеліп отырған материалды бекіту, тереңдету және жүйелеу. Математика курсының пәнішілік байланыстарын қалыптастыруға және оның негізгі мазмұндық бөлімдерінің (сандық, функционалдық, стохастикалық, теңбе-тең түрлендіру, теңдеулер мен теңсіздіктер бөлімі, геометриялық мазмұнды) өзара әрекетіне бағытталған. Оқушылардың есеп шығарудағы біліктіліктерін бекітудегі табандылығы олардың рухани-адамгершілік дамуы бөлімін сәйкесінше жүзеге асырады.

Оқушыларды оқу және ғылыми зерттеу әрекетін жүргізуге кірістіру. Енді әрі қарай жалпы мектепте теңсіздіктерді оқып-үйрену принциптерінің жүйесін оларды теңсіздіктерді оқып-үйрену мақсаттарына бейімдей отырып анықтайтын боламыз. Білім беру жүйесіне ықпал жасайтын маңызды фактор оның іргелендірілуі болып табылады. Бұл оқытудың іргелілігі принципін түсінуге алып келеді. Бұл принципке сәйкес кез келген пәндік сұрақ (бұл жағдайда математикалық теңсіздіктерге қатысты) жеке, оқшаулануды доғарып, басқа математикалық білімдер спектріне қосылып, танымның жалпы ғылымдық әдістерін қолдану мүмкіндігін тауып, әртүрлі қосымшалармен бекітіледі.

Жалпы орта мектепте іргелілік принципін жүзеге асыру теңсіздіктерді оқып-үйрену мемлекеттік стандартпен анықталатын және «рационал және иррационал, көрсеткіштік, дәрежелік, тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер, олардың жүйелерін шешудің стандартты тәсілдері, дайын

компьютерлік бағдарламаларды қолдану және бағдарламаларды аталған теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің жолдарын іздеу үшін және олардың шешімдерін бейнелеу үшін қолдануды» меңгеруге бағытталған білім мөлшерін ғана қоймайды, сонымен қатар заманауи ғылыми жетістіктерге, өзекті мәселелерге жататын мәліметтерді де қамтиды [5]. Теңсіздіктердің мазмұндық желісін нақты пәндік әрекеттерді қалыптастырудан басқа зерттеу оқушыларды сәйкес эвристикалық тәсілдермен таныстыруды, оларды жас ерекшеліктеріне сәйкес нақты зерттеу әрекетіне тартуды талап етеді. Бұл жағдайда оқушылар өздері алып жатқан білімдерінің ақиқаттығы мен ғылымилығына көз жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік нормалар мен қоғамдық тәртіп дағдыларын белсенді түрде меңгереді.

Теңсіздіктерді зерттеу саралап оқытудың әртүрлі түрлерін жүзеге асыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Оларды оқушылардың бастапқы деңгейін анықтауға негіздей отырып ұйымдастыру мұғалімнің оқытылып отырған тақырып мазмұнын сауатты түрде іріктеу, қиындығы әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар жиынтығын құрастыру мен оқу-педагогикалық әрекеттің формалары мен әдістерін, оның қосымша қолдау құралдарын анықтау, оқытуға зерттеу әдістерін мөлшерлеп енгізу мен оқушыларда өз бетінше білім алу іскерліктері мен қабілеттерін дамыту арқылы жүзеге асырылады [6].

Алгебра және анализ бастамалары оқулықтарына жүргізілген зерттеу келесі қарама-қайшылықты айқынауға мүмкіндік берді. Бір жағынан теңсіздіктер мен олардың жалпы білім беретін мектептегі қолданылуларын оқыту бастауыш сыныптан жоғары сыныпқа қарай біртіндеп кеңейеді. Ал екінші жағынан қазіргі кездегі (соңғы онжылдықта жарыққа шығарылған) оқулықтар біртіндеп жиындар теориясы, математикалық логика, жуықталған және машиналық есептеулер, ықтималдықтар теориясына әкелетін тараулармен толықтырылып келеді, ал көптеген дәстүрлі, маңыздылығы төмен емес (соның ішінде теңсіздіктерге байлынасты) мәселелерге жеткіліксіз назар аударылуда. Бұл тенденция белгіленген тақырыпқа деген қатынасты қорытынды емтиханда сәйкес нәтижеге жету үшін қажет болғандықтан ғана күшейтеді.

Жалпы білім беретін мектептің геометрия оқулықтарын талдауға көше отырып келесі мәселеге назар аударамыз: теңсіздіктердің геометриядағы тақырыптарын көрсететін негізгі фактор ретінде тек үшбұрыш теңсіздігін қарастырады [7]. Басқа жағдайда қолданыстағы терминология мен символика бойынша келесі мәселелерге көңіл аударылады:

- кесінділердің ұзындықтарын салыстыру (соның ішінде перпендикуляр мен көлбеу);
- бұрыш шамаларын салыстыру, мысал ретінде «Үшбұрыштың сыртқы бұрышы өзімен сыбайлас емес кез келген ішкі бұрышынан үлкен болады» теоремасы келтірілген;
- шеңбер доғалары мен хордаларының қатынастарын талдауда, үшбұрыш қабырғалары мен бұрыштарының арасындағы қатынастарды талдауда

(үшбұрышта: үлкен қабырғаға қарсы үлкен бұрыш жатады; керісінше үлкен бұрышқа қарама-қарсы үлкен қабырға жатады);

– векторлардың скаляр көбейтіндісінің қасиеттерін сипаттауда.

Зерттеліп отырған материал мазмұнынның өзгеруінің жоғарыда көрсетілген әдістерінен бөлек оқушыларда зерттеу біліктерін қалыптастыру үшін келесі тәсілдерді пайдалануға болады:

– зерттеу мәселесі бойынша ғылыми ақпаратты іздеу;

– жұмыстың интербелсенді формалары және формаларын қолдану (интербелсенді дәріс, шағын топтарда жұмыс, тренинг, миға шабуыл, оқу дискуссиясы, т.с.с.);

– нәтижелерді баспадан шығару, конференциялардың тақырыптық секцияларында, ғылымның өзекті дискуссияларына қатысумен ғылыми семинарлар, секциялар, ғылыми мектептер, т.с.с. аясында ғылыми зерттеулерге тарту.

Зерттеу біліктерін дамыту бойынша ғылыми-педагогикалық әрекеттің аталған бағыттары жүйеде, мүмкіндігінше жалпы білім беретін мектепте оқытылатын барлық оқу пәндерін қамти отырып жүзеге асуы тиіс. Еліміздің білім берудегі қазіргі мақсаттары мен міндеттерін іргелі деп есептеуге болады, себебі олар қоғам дамуының кілттік бағыттарын айқындап, болашаққа бағдарланған. Алайда келесі мәселелерді байқауға болады:

– педагогтардың МЖМББС кілттік ұғымдарын (күзиреттілік, әмбебап іскерлік, т.с.с.) соңына дейін түсінбеуі, бұл осы ұғымдарды дұрыс түсіндірмеуіне алып келеді;

– мазмұнды-бағытталған білім беруден оқыту нәтижесіне ауысу қиындықтары;

– мектептер мен жоғары оқу орындарын мемлекеттік қаржыландырудың даулы ұстанымдары;

– оқу орындарының техникалық жабдықтау мен ғылыми-ақпараттық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі;

– оқу жоспарының пәндерін оқытудағы үйлесімсіздік;

– педагогтардың оқытудың интербелсенді формаларын жүзеге асыруға және оқушылардың зерттеу әрекетіне жетекшілік жасауға дайын болмауы.

Теңсіздіктер тақырыбының ерекшелігі онда ғылымдағы көптеген өзекті мәселелер элементар математика тілінде тұжырымдалады. Қойылған есептер элементар әдістер көмегімен шешуге мүмкін болады. Бұл теңсіздіктер теориясын оқушыларға сәйкес зерттеу жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып, заманауи ғылыми сала мен математиканы мектепте оқыту ретінде жақындастыра түседі. Теңсіздіктерге келтірілетін нәтижелерді жариялау бүгінде отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жүзеге асырылып келеді. Теңсіздіктер теориясынан оқушыларды қызықтыратын фактілер аз емес. Атап айтатын болсақ, екі ғасырдай уақыт бұрын шешілген, алайда осы уақытқа дейін көптеген ғалымдарды қызықтыратын оң сандардың арифметикалық және геометриялық орталарын байланыстыратын Коши теңсіздігі. Бүгінгі күні

аталған теңсіздіктің жүзден аса түрлі дәлелдеулері белгілі. Алайда бұл атақты қатынастың жаңа дәлелдеу тәсілдерін жариялауға кедергі болып отырған жоқ.

Әдебиеттер:

- 1.Алексеев Р. Б., Курляндчик Л. Д. Нетрадиционные способы доказательства традиционных неравенств // Математика в школе. – 2011. – № 4. – С. 49–54.
- 2.Гуткин Л. И. Сборник задач по математике с практическим содержанием. – М.: Высшая школа, 2008. – 112 с.
- 3.Егоров А. Треугольники и неравенства // Квант. – 2005. – № 2. – С. 32–33.
- 4.Ерлашова Л. В. О неравенствах типа неравенств Хорста Альцера // Вопросы образования: Сб. науч. ст. – Киров: ВГПУ, 2009. – С. 33–41.
- 5.Калинин С. И. Неравенство Ки Фана // Математика в школе. – 2004. – № 8. – С. 69–72.
- 6.Колмогоров Н. А., Нагибин Ф. Ф., Чудиновских В. В. Сборник задач для подготовки учащихся средних школ к математическим олимпиадам / Под ред. Н. А. Колмогорова. – М: Наука, 2008. – 136 с.
- 7.Шыныбеков А.Н., Шыныбеков Д.А. Геометрия: Учебник для 7 кл.общеобразоват.школы.- Алматы: Атамұра, 2017.-80с.

ӘӘЖ

**НЕГІЗГІ МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ**
К. Бесбаева – магистрант, жетекшісі п.ғ.д., доцент **Р.И. Кадирбаева**
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Резюме

В статье изложены основные цели и требования курса геометрии, проходящего в основной школе, методы и приемы развития логического мышления учащихся при определении геометрических понятий

Summary

The article outlines the main goals and requirements of the geometry course held at the primary school, methods and techniques for developing students' logical thinking in determining geometric concepts

Геометрия пәні – геометриялық фигуралар жайлы ғылым, ол фигуралардың қасиеттерін, жазықтықтағы және кеңістіктегі салу есептерін қарастырады. Геометриялық фигуралар заттар немесе сызбалар арқылы модельденіп, абстрактілі түрде зерттеледі.

Белгілі ғалым Д.Рахымбек өз еңбегінде геометриялық фигуралардың модельденуі және геометриялық ұғымдардың мәнді белгілері жайлы былай дейді: «Мектеп геометриясынан «Мысалы, өткір ұшталған қарындаштың ұшы нүктені, дәптер беті - тіктөртбұрышты, дәптердегі сызықтар - параллель түзулерді модельдейді. Ғылыми нәрселер мен құбылыстардың мәнді (елеулі) белгілері мен олардың байланыстары туралы ұғымдардан құралады. Ұғым ақиқат нәрсенің жалпы және мәнді белгілерін бейнелейді. Ұғымның мәнді белгілері деп біртекті нәрселерді басқа нәрселерден айыруға әрқайсысы қажетті және бәрін бірге алғанда жеткілікті белгілердің жиынтығын айтады. Мәнді белгілер нәрсені сипаттайды және оны танып білуге мүмкіндік береді.

Геометриялық ұғымдардың мысалдары: фигура, түзу, параллель түзу, үшбұрыш, квадрат, шеңбер, дөңгелек т.с.с. Геометриялық ұғымдарға олардың мәнді белгілері аталып, ең жақын тегі арқылы анықтама беру жиі кездеседі» [1].

Негізгі мектепте геометрия пәнін оқытудағы басты мақсат - оқушының логикалық ойлауын дамыту. Логикалық ойлау қандай да бір пайымдауларда немесе ұғымдарды қалыптастыруда басқа бір ұғымдар мен олардың байланыстарын пайдаланумен сипатталады. Демек, геометриялық ұғымдарды қалыптастыруда осы ұғыммен сипатталатын объектілерге байланысты түсініктердің маңызы зор. Олар оқу материалдарын түсінуде бейнелерді белсендіре отырып, логикалық ойлау дәрежесін арттырады.

Геометрия курсындағы салу есептерінде оқушылар кез-келген фигура – нүктелердің жиыны екенін логикалық тұрғыда түсінулері қажет. Оқушыға түсінікті болатындай етіп салу есептерін шығаруда алдымен есептің шартын 2-3 рет өздеріне оқытып алған жөн. Оқушы өздігімен есеп шартына сәйкес талдау жүргізіп, салу жұмыстарын орындайды. Салынған сызбаға қарап, есепті шешудің жолдарын логикаға сүйене отырып ойластыруы қажет. Салынған фигура бойынша есептің шартын қанағаттандыратын дәлелдеу жұмыстарын жүргізу үшін, оқытушы оқушыға көмек ретінде есепке байланысты тура және кері теоремаларды, салдар, аксиомаларды қолданып дәлелдеуге нұсқау береді. Есепті зерттеу этапына келгенде салудағы әр қадамға тоқталып, логикалық тұрғыда қорытынды жасайды.

Бүгінгі таңда математика мұғалімдерінің кәсіби дамуының басым бағыты пән бойынша есептерді шешуде пәнге бағытталған ақпараттық-коммуникациондық технологиялар құралдарын қолданудың педагогикалық аспектілерін қарастыру үлкен маңыздылыққа ие болып отыр.

Айта кететін болсақ, математикадан дидактикалық материалды дайындау үшін Sketchpad, GeoGebra, Mathad және т.б. жетекші бағдарламалық өнімдерді пайдалану сабақ сапасы мен оны оқушылардың игеру деңгейін анағұрлым жақсартады.

Мұндай бағдарламалық өнімдердің модельдік нысандарымен жұмыс істеу ерекше ақпараттың әсерінен танымдық белсенділікті арттырады, есепті оның туындауы кезінде нақты суреттеп, әрі сызбаны жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді.

Аталған бағдаламалардың математикалық нысандардың (образдардың) визуалды бейнелерін құру қабілеті ақпаратты қабылдау мүмкіндігін едәуір арттырады, математикалық ойлауды дамытудың тамаша құралы ретінде қызмет етеді және де таңдау мүмкіндігінің кеңдігі арқылы өзін-өзі дамытуға ынталандырып отырады.

Бұл компьютерлік бағдарламалар әртүрлі есептердің шешу жолдарын іздеудің құнды құралы болып табылады. Бағдарламалар геометриялық фигура элементтерінің элементтері арасындағы көзге көрінбейтін арақатынастар мен байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдер ұсынылған

мәселелерді «көруге болатын» объектілер түрінде «визуализациялауға» мүмкіндік береді.

Сіздерге «GeoGebra» бағдарламасын қолдану бойынша ұсыныстарымызды ұсынып отырмыз. Көптеген операциялық жүйелерде жұмыс жасай алатын бұл бағдарламаны 2012 жылы Маркус Ховенвартер жасаған болатын. GeoGebra 39 тілге аударылып, бүгінгі таңда белсенді түрде ары қарай жаңғыртылуда. Орыс тіліндегі нұсқасы 2013 жылы әзірленген болатын.

«GeoGebra» бағдарламасы математиканы қарапайым және көрнекі түрде үйренуге бағдар беруге арналған мықты және функционалды мүмкіндік беретін бағдарлама болып табылады. Бағдарлама геометрия мен алгебраны қамти отырып, арифметикалық амалдарды орындауға, кестелер мен графиктерді жасауға, статистикамен жұмыс істеуге, анимацияларды жобалауға қолдау көрсетуге және т.б. мүмкіндіктерге ие. Аталған бағдарламада әртүрлі 2D және 3D фигураларды, интерактивті роликтерді жасауға, содан соң оларды ғаламтор желісіне орналастыруға мүмкіндік береді.

«GeoGebra» бағдарламасы математиканы «ойша көруге», геометриялық сипаттағы ғана емес, басқа да математикалық есептерді шешуде тәжірибелер мен зерделеулер жүргізуге жол ашады. Компьютерлік модельдеу нәтижесінде бағдарламамен жұмыс жасау барысында көпшілік математикалық ұғымдар мен теоремалар «көзге көрінетін» және «сезілетіндей» әсер қалдырады.


Мысал: Призманы салу.

1. «GeoGebra» бағдарламасын іске қосамыз;
2. «Настройка» терезесін (окно) басамыз. Содан соң шрифтті таңдап, «Обозначения» парақшасынан «Только для точек» белгілейміз;
3. «Вид» терезесін басамыз. Ашылған тізімнен «Полотно 3D» дегенді таңдаймыз;
4. Осыдан кейін парақтың негізгі денесінде координаттар жүйесі пайда болады (сурет 1);
5. Жоғарыдағы горизонталь панельде «Пирамида» символына тінтуірді (мышка) алып барамыз. Ақ кішкентай үшбұрышты нұсқаймыз (сурет 2);
6. Қатарының бірінде «Призма» символы бар панель пайда болады. Соны тінтуірдің сол жағымен нұсқаймыз (сурет 3);
7. Бұдан алдын айтылғандай әрекеттер нәтижесінде жоғарғы горизонталь панельде призма бейнесі бар клавиша пайда болады;
8. Сол клавишаны тінтуірмен нұсқасақ, пайда болған терезеде «указать/построить основание призмы (многоугольник), а затем высоту призмы» көмекші жазуы шығады. Енді сіз, ештеңеге баспай курсорды (ол айқастырма (крест) түрінде көрінеді) бағдарлама бетінің жұмыс парағына жылжытасыз (ол сұр түспен шығады);
9. Тінтуірдің сол жақ батырмасын баса отырып, бірінші рет баса отырып – жобаланатын призма негізінің бірінші төбесі, екінші рет баса отырып – екінші төбесі және т.б. пайда болады. Біз негізінде үшбұрыш жатқан призманы


жобалап отырғандықтан тінтуір сол бастырмасын үш рет басамыз, содан соң призма негізінің бірінші төбесіне қайта басамыз. Экран үстелінде үшбұрыш пайда болады (сурет 4);

10. Ода ары қарай курсорды қажетті биіктікке жоғары немесе төмен жылжытамыз. Бағдарлама автоматты түрде призманың аралық кескінін көрсететін болады;


11. Егер де суретіміз дұрыс салынса, онда алынған суретті ақтық бекіту үшін тінтуірдің сол жақ бастырмасын басамыз (сурет 5).




Сурет 1 – Координаттық жүйе



Сурет 2 – 5-ші қадам




Сурет 3 – 6-шы қадам



Сурет 4 – 9-шы қадам

Осы әрекеттердің нәтижесінде біз соңғы қадамға келіп 5-суретте кескінделген призманың визуалды бейнесін аламыз.



Сурет 5 – 11 -ші қадам

Әрі қарау оны жылжыту құралы арқы түрліше жылжыта отырып, оқушылардың зейінін геометриялық фигура призманың елеулі белгілерін анықтауға аударамыз.

Осындай бағдарламаларды қолдану нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарылатуға, өзіндік бақылау дағдыларын дамытуға жіне де ақпараттық технологиялар саласындағы жетістіктерді игеруге, заманауи сабақты беру әдістемелеріне әрбір математик мұғалім қол жеткізе алады. Бұл өз кезегінде оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға да игі әсер етеді.

Сонымен, оқушылардың алдына оқу жұмысының жалпы және нақты мақсатын қою арқылы олардың танып-білу іс-әрекетінің белсенділігін арттыруға болады. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда тура және кері теоремаларды дәлелдеу, есептеуге немесе салуға берілген тапсырмаларды орындауың түрлі жолдары мен олардың визуальды көрнекілігін қарастыру, түрлі пайымдауларда жіберілген қателерді табуға берілген мысалдарды келтіру және т.с.с. геометриялық іс-әрекеттерді орындаудың маңызы зор. Әсіресе, қазіргі компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, геометриялық ұғымдарды қалыптастыру мен олардың логикалық байланыстарын ашудың да оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқаратыны көптеген зерттеулерде дәлелденіп жатқаны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. Мектеп геометрия (планиметрия) курсың оқыту әдістемесі: Оқу құралы / Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш. – Алматы: Эверо, 2015. – 320б.;
2. GeoGebra [Электронды ресурс]: <https://ru.wikipedia.org/wiki/GeoGebra>;
3. Кадирбаева Р.И. Математиканы оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану (оқу құралы). – Шымкент, 2020. -256б.;
4. Тірі геометрия [Электронды ресурс]: <http://my-soft-blog.net/397-geogebra.html>.

**ФУНКЦИЯЛАРДЫҢ ГРАФИКТЕРІН ЗЕРТТЕУ
ПРОЦЕССИНДЕ САНДЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ
МҮМКІНДІКТЕРІ, ҚАЗІРГІ
ЖАЙ КҮЙІ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

Р. Ибрагимов¹, М.Оспанова²

¹доктор педагогических наук, доцент

E-mail: raskul1953@mail.ru

²магистрант

E-mail: matemskz@gmail.ru

Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Шымкент

Резюме

В статье рассматриваются возможности, современное состояние и развитие использования цифровых ресурсов в процессе изучения графиков функций.

Summary

The article discusses the possibilities of using digital resources in the process of studying function graphs, their current state and development.

Сандық білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Олар оқу пәнінің белгілі бір тақырыбы бойынша мультимедиялық түсіндіруді, интерактивтік тапсырмаларды және тестілік сұрақтарды қамтиды. Сандық білім ресурстары құрылымын мұғалім оқыту үдерісі кезінде қолдана алады: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және меңгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау кезінде [1]. «Сандық білім беру ресурстары» ұғымымен «сандық ресурс» және «білім беру ресурсы» ұғымдары да тығыз байланысты. «Ақпараттық ресурс» ұғымы (ақпараттық ресурс сандық нұсқада да, қағаз нұсқада да берілуі мүмкін) «сандық ресурс» ұғымынан да «білім беру ресурсы» ұғымынан да кеңірек (ресурстардың барлығы да білім берушілік сипатта бола бермейді) [2]. Сандық білім беру ресурстарының интерактивтілігі оқу үдерісін оңтайландыру, оны барынша дараландыру мүмкіндігін көздейді. Сандық білім беру ресурсы материалдарының гипермәтіндік белгілерінің болуы оқушыларға өздерінің қызығушылықтарына, қабілеттеріне, дайындық деңгейіне қарай оқу материалының көлемін, зерттеу қарқынын, оқу қызметінің режимін және т.с.с. өз еркімен реттеуге мүмкіндік ашады. Бұл, әсіресе, төменгі сынып оқушылары үшін өте маңызды, өйткені балалардың дайындығы мен даму деңгейлеріндегі айырмашылықтар бастауыш сыныптарда анық байқалады. Мұндай жағдайларда жаппай жұмыс формасы мен орташа оқушыға бағдарлану ойдағыдай нәтиже бермейді және сабақта болып жатқан жайларға деген қызығушылықтың жойылып кетуіне (қабілетті оқушылар үшін), оқу үдерісіне белсенді қатысу мүмкіндігінің жоққа шығуына (нашар оқитындар үшін) апарып соқтыруы мүмкін. Оқушының сандық білім беру ресурстарымен компьютерде дербес

жұмыс істеуі қолайлы жағдайлар тудырады: әрбір бала өзіне ыңғайлы қарқындылықта және өзіне түсетін жүктеменің оңтайлы мөлшерінде жұмыс істейді; қиын мәселелерге бірнеше мәрте айналып келуге мүмкіндігі болады. Сандық білім беру ресурстарындағы ақпарат көздері алуан түрлі: мәтіндер, есептер мен жаттығулар жинағы, видеобейнелер, фотосуреттер, аудиожазбалар, интерактивті модельдер мен карталар, сандық энциклопедиялар мен анықтамалықтар, тестілер, үй жұмысына арналған материалдар, сыртқы ақпарат көздеріне арналған сілтемелер және т.б. Сандық білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ педагогикалық қызметтің сипатын түбегейлі өзгерте алады. В.А.Исаевтың пікірі бойынша, сапалы сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқу қызметінің, соның ішінде ақпараттарды тіркеу, жинақтау, сақтау, өңдеу, интерактивті диалог, нысандарды, үдерістерді, құбылыстарды модельдеу сияқты әралуан түрлерін орындау барысында, заманауи ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік ашады [3]. Е.Т. Конюхова, сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың жеке дербес қызметін жүзеге асыруы үшін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдайлар тудыра алатынын атап өтеді [4]. Сандық білім беру ресурстарының оқу үдерісінде пайдаланылуы көбіне бірқатар факторларға тәуелді: қолданылатын техниканың, бағдарламалық құралдардың сенімділігі, оқушылардың қызығушылығы, ақпараттық мәліметтер базасын қашықтықтан пайдалана білу машықтары, компьютерде жұмыс істей білу, сандық білім беру ресурстарын және т.с.с. қолдануға деген уәждеменің болуы. Сандық білім беру ресурстарын пайдалану мұғалімнің сабаққа дайындалуына да айтарлықтай көмек бере алады: жекелеген сандық нысандардан сабақты құрастыру және жобалау; қосымша және анықтамалық ақпараттарды пайдалану мүмкіндігі; мұғалім үшін әрқашан қиындықтар тудыратын тарату материалдарын әзірлеу. Мұғалімнің кәсіби қызметінде сандық білім беру ресурстарын мақсатты да жүйелі түрде қолдануы көрнекіліктерді пайдалану мен оқушылардың әралуан қызмет түрлерін жандандыруға мүмкіндік береді. Сандық білім беру ресурстарымен үй тапсырмаларын орындау кезінде жұмыс істеуде терең ойлау, өткен эпизодтарға қайта оралу мүмкіндіктері тән – бұл материалды толық түсіну мен есте сақтауға көмектеседі. Сандық білім беру ресурстарын қолдану сабақты түрлендіруге, оны мазмұны жағынан қанықтыра түсуге, оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуге, сабақтың қарқынын арттыруға, оқуға деген уәждемені туындатуға, оқушылардың дербес жұмыстарын жаңа ұйымдастырушылық деңгейде басқаруға, оқытудың дараландырылуын арттыруға; оқушылардың жұмыс нәтижелерін компьютерлік тестілеудің көмегімен бағалауға, жауаптарды тексеру үдерісін автоматтандыруға, мұғалімнің субъективті пікірін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Әлемдік тәжірибеде электрондық оқыту қазіргі білімнің ажырамас бөліктерінің бірі болып табылады. Электрондық оқытуды тарату деңгейі

Мұғалім өз білімін көтермей, кәсіби шеберлігін жетілдірмей, өскелең ұрпаққа сабақ береді, заманауи талаптарға жауап бермейді. Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Бұл процестен шығу-біздің міндетіміз.

Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі болашағы біз тәрбиелеп отырған өскелең ұрпақтың біліміне, тәжірибесіне байланысты екендігінде күмән жоқ. Бала үлкен ынтамен мектеп табалдырығын аттайды. Әрбір педагогтың алдында тұрған үлкен міндет-инновациялық әдістерді, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, балалардың танымдық оқу қызметін сауатты ұйымдастыра және басқара білу.

Интерактивті технология-интерактивті оқыту процесін бұрынғы бір мағыналы түсіну (іс-әрекеттің негізгі тұлғасы мұғалім болған кезде және үйрету).

Әр сабақта келесі дидактикалық әдістерді қолдану тиімді: медитация, t-кесте, Венн диаграммасы, Болжау, Кластерлер, қарапайым және күрделі сұрақтар кестесі, ойланыңыз, жұптасқан, пікірлес адамдар ұжымы

- Ақпаратты жан-жақты талдау;
- Жаңа ұғымдар мен білімді өз бетінше құру;
- Оқыту процесінде жеке құндылықтар мен нанымдарды қалыптастыру, белсенді өмірлік тәжірбиелік ұстанымды иелену;
- Оқушылар тобын ұжым ретінде қабылдау. Бұл дағдылар сыныпта ғана емес, сонымен қатар өмірдің басқа аспектілерінен де көрінетін тұрақты жеке қасиеттерге айналады. Мұғалім мен оқушының интерактивті шығармашылығы шектелмейді. Оны мақсатқа дұрыс бағыттау білу маңызды. «Интерактивтіліктің» негізгі сипаттамалары қандай, Интерактивті оқыту-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың арнайы түрі. Бұл оқытудың толық анықталған және болжамды түрі.

Интербелсенді оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысының өнімділігін арттыратын оқытудың жинақы (компортный) шарттарын жасау. Интербелсенді оқытудың мәнісі сыныптағы барлық оқушы таным процесімен қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге (рефлектироват) мүмкіндік алады. Таным процесінде, оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді. Сонымен қатар, бұл процес өз-ара қолдау және қайырмадылық атмосферасында жүреді. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық процесінің өзін дамытады, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.

Әдебиеттер

1. Досова Ж. «Жаңа технологияны оқытуды қолдану» // Педагогикалық кеңес. – 2009. - №4.
2. Сарбасова Қ. «Инновациялық педагогикалық технологиялар», Алматы. – 2006.
3. С. С. Кашлев Интерактивные методы обучения педагогике. Минск. – 2004.

ОӘЖ 372.8:64

ОҚУШЫЛАРДЫ ТІГІН БҰЙЫМДАРЫН ӨНДЕУГЕ ҮЙРЕТУДЕИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ахмет Л.С. п.ғ.к.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент

Білалова Г.М. магистрант

М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент

резюме

В этой статье рассматриваются возможности использования инновационных технологий в обучении учеников обработке швейных изделий. Разъясняются понятия

"технология обучения", "инновационные технологий". Представлены способы вовлечь учеников в шитье с использованием инновационных технологий в уроке художественного труда.

summary

This article discusses the possibilities of using innovative technologies in teaching students how to process garments. The concepts of "teaching technology", "innovative technologies" are explained. Ways to involve students in sewing with usage of innovative technologies in art lesson are presented.

Білім берудің басты міндеттері ұлттық және жалпы адамзаттық қазыналар, ғылым мен практиканың озық жетістіктері негізінде адамды қалыптастыру, дамыту үшін қажетті жағдайлар жасауды талап етеді. Мектеп қабырғасында көркем еңбек сабағында киім үлгілерімен олардың тарихымен, ою-өрнектерін, тігілу әдіс-тәсілдерін үйретеді. Мәдениет пен өнер – негізінде жан-жақты ұлттық тәрбие беру, адамзат қоғамда бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әлемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеуге бағыттайды. Дегенімен дарынды оқушылар пән барысында алған білімдерімен қоса күрделі игеруді жөн көреді. Сондықтан оқушыларға тігін бұйымдарын өңдеуге үйірме сабақтарында үйретудің тәрбиелік мәнінің зор екендігін ескере отырып, көркем еңбек сабағына осы аталған тақырыпты енгізу туындап отыр [1].

Қазіргі кезде оқытудың инновациялық үрдістері жөнінде көп айтылып жүр, бір қатар еңбектер жасалыпта жатыр. “Инновация” – латын тілінен аударғанда жаңарту, жаңалық, өзгерту-деген мағынаны береді. Олай болса, бүгінгі күн талабы ретінде, оқыту процесін ұйымдастыруда білім беру, оқыту мазмұнының, ұлттық идея, ұлттық құндылықтарымыз негізінде ашылуы уақыт ұттырмайтын проблема. Өйткені, жаңа нәрсенің құны қаншалықты жоғары болса, ескінің де құны одан артық болмаса, кем түспейтінін-өмір дәлелдеп отыр. Олай болса, ұлттық құндылықтарымызды жаңғырту, жақсы қасиеттерді үйрену, оны түгелдей қайталау деген сөз емес, керісінше, оны қоғам мен уақыт сипатына қарай жаңаша үлгіде ұсыну, анықтау болып табылады. Сайып келгенде, мұндай көзқарастың қалыптасуы, өркениетке табан тірейтін, ұлттық мәдениет, бүкіл білім мазмұнын құруға алып келеді деуге әбден болады. Осы орайда мектеп оқушыларына, яғни қыз балаларды киім тігуге, модельдеуге, киімді пішуге, тігін бұйымдарын өңдеуге үйрету оқушылардың білім деңгейін көтеруде тәрбиелік мәні өте зор.

Зерттеу тақырыбымға сай инновациялық технологияны ашып көрсету үшін педагогикалық оқыту технологиясы ұғымына тоқтала кетсек. Ең алғаш кезде "оқыту технологиясы" терминін АҚШ-та қолданыла бастады.

Оқыту технологиясы дегеніміз – бағдарламаларда көрсетілген оқыту мазмұнын жүзеге асыру мен қойылған мақсаттарға жетудің ең тиімді жолмен қамтамасыз ететін пішіндер, әдістемелер және құралдар жүйесі. Оқыту технологиясы - оқытушыға оқу үрдісін жүзеге асыруға қажет болатын білім немесе мәліметтер жиынтығы, яғни нақты оқу үрдісі, оның ұйымдастырылуы, құрылымы және қамтамасыз етілуі.

Иновация терминін 1960 жылы шыққан педагогикалық сөздіктерден кездестіру қиын. Себебі бұл ұғымды соңғы жылдары жаңашыл педагогтеркеңінен қолдануда [2].

“Иновация” сөзі – латынның “in - енгізу “ және “novus- жаңалық” деген сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы “жаңалық, өзгеріс” деген мағынаны береді.

Т.И. Шамова мен П.И.Третьякова өз еңбегінде “Иновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни иновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал “жаңаша” деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз” деп анықтама берген. Технология ұғымы педагогика ғылымына өндіріс аясынан енді. В.Даль: “Технология - техника ғылымы, өнер техникасы, білім, жұмыс тәсілдерін білу және оларды іске қосу “ деп түсіндіреді. Оның ойынша технология ұғымы мағынасы өнімді өндіру үдерісіндегі шикізаттың қалпын, күйін өзгерту, жаңарту әдістерінің жиынтығы дегенді білдіріп тұр. Сонымен технология - адамның басқаруымен техникалық құралдарды пайдалану арқылы өнім алу процесі. Мұндағы назар аударатын ең маңызды мәселе – техникалық құралдар болып табылады [3].

Осы аталған инновациялық технологияға негіздей отырып, оқушылар үйірме сабақтарында қол өнеріне тігін ісіне үйретуде әр түрлі материалдардың қасиеттері мен (матаның қасиеттері: физиологиялық, технологиялық, т.б.) химиялық құрамымен және оларды өңдеу жолдарымен теориялық тұрғыда танысып, практикалық іс-әрекетте нақтылы жағдайда жұмыс жасайды. Сөйтіп оларда іскерлік пен дағдының жүйелі қалыптасуын мұғалім (оқытушы) қамтамасыз етуі керек.

Жұмыстың нәтижелі болуы тек қана теориялық ғылыми білімге ғана емес жалпы еңбек ету іскерлігі мен қол еңбегі (станок) құрал-саймандарымен жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыруы қажет. Оқушыларға инновациялық технологияны қоладан отырып тігін бұйымдарын өңдеуде төмендегі қабілеттері қалыптастыра аламы:

Білім беру мазмұнын өзгертулермен байланысты оқушылар әрекеттердегі әр алуан ептіліктерді қалыптастыруға барған сайын зор маңыз беріліп отыр. Психологтар мен педагогтардың соңғы зерттеулерінде ептіліктегі әмбебап, ширақтық, жинақылық сияқты қасиеттер мен қозғалыс, ақыл-ой және сезімдік дағдыларды атап көрсетеді. Бұл қасиеттер әрекетке шығармашылық сипат береді. Инновациялық технология негізінде білім жаңа ақпаратты алу кезінде қалыптасады. Мысалы, тігін бұйымдарын өңдеуде жаңа тақырыпты инновациялық технология негізінде берілуі.

Іскерлік - бұл адамның алған тәжірибесі негізінде қандай да бір іс-әрекетті (қызметті) орындай білуге деген қабілеттілігі. Тігін бұйымдарын өңдеудегі іскерлік дағдылармен тығыз байланысты.

Дағды - білім мен іскерлікті меңгерудің ең жоғары өлшемімен сипатталатын әрекет. Белгілі бір дағдыны меңгерген адам жедел істейтін сияқты көрінеді және іс-әрекеттің орындалу барысында оның сана-сезімін бақылап байқау да аса қиынға түспейді. Сондықтан дағды мен ептіліктің адам өмірінде зор маңызы бар. Тігін бұйымдарын өңдеуде мысал ретінде тігін машинасын автоматты түрде басқара алуға жеткендегі жағдайын алуға болады. Қозғалыс дағдысында еңбек қозғалысын дұрыс орындау дайындығы, жылдамдықты, дәлдікті қамтамасыз ету негізгі мәнге ие.

Ақыл-ой дағдысы ойлау процесін көрсетеді. Бұл дағдылар ойлаусыз орындауды қамтамасыз етеді.

Сезімдік дағдылар көп жағдайда өндірістік процестерді дайындықтарды осы процестердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қажет. Бұған қатысты жалынның түсіне байланысты температурасын анықтау, материалдың сыртқы түріне байланысты анықтау жатады.

Тігін бұйымдарын өңдеуде оқушыларды оқу әрекеті үстінде ептілікпен қаруландырмайынша, олардың бойында білімге деген шығармашылық қарым-қатынасты қалыптастыруға болмайды. Қандай да бір тігін бұйымын өңдеуге білімін қалыптастыру үшін алдымен сол бұйымды тігуге іскерлігін қалыптастыру қажет, яғни теория практимен байланысса отырып жүзеге асыру маңызды. Дағдылар мен ептілікті қалыптастырудың сенімді жолы - басқарылатын оқыту. Осындай жолмен алынған дағдылар мен ептіліктер зор сапалылығымен, оралымдылығымен нәтижелердің сенімділігімен, өзгермелі жағдайларда іс-әрекетті орындауға деген мүмкіндігімен сипатталады. Оқып білім алу жаңа әрі қызықты бола түседі. Дағдылар мен ептіліктерді қалыптастырудағы жаттығулар тиімділігі көп жағдайда соларды ұйымдастыру методикасына байланысты.

Технологиялық іскерлік дегеніміз - материалдық игіліктер өндірудің тікелей процесінде, адамның қандай нәрсені болмасын орындай білу қабілеті. Технологиялық іскерлік түрлі дәрежеде көрінеді. Мәселен, енді ғана киім үлгілерін салып үйрене бастаған баланың іскерлігінің қарапайым түрі болып келсе, кейін жеке киім бөлшектерін, қиып тігін машиналарында тіге білу икемділігі бұрынғысынан күрделірек болып келеді. Технологиялық іскерлік білім мен тәжірибеге негізделген. Кімнің техника мен технология жөнінде білімі мен тәжірибесі көбірек болса, сол, адамның технологиялық іскерлігі де артық болады. Іскерлік пен білім тығыз байланысып жатады. Оқушылардың еңбек дағдыларын меңгеру дәрежесінің түрліше болып келетін себебі - іскерлік дәрежесінің әр түрлілігінен деуге болады [4].

Іскерлікте, дағды да қалыптасады. Іскерліктің дамуының алғашқы кезеңінде бала пысықтау арқылы белгілі қимыл-әрекеттің ебін меңгереді. Мысалы, бала түзу тігіс тігу барысында бірнеше қайталап тігеді, қисық тігілсе сөгіп тігісті басынан қайтадан тігіп үйренеді. Бұндай тігіс тігу барысында бала артық күш жұмсайды және осы ол бала тілін, бетін, бүкіл денесін қимылдатады, аяғын қозғайды. б. Мұндай іс-әрекеттен кейін сапалы іскерлік, жаттығу

нәтижесінде дағдыға айналабастайды. Жаттығу - әрекет тәсілін орнықтыратын мақсатты түрде пысықтау. Мақсатсыз пысықтау жаттығу болмайды. Әдеттіленген жаттығу ғана мақсатқа жеткізеді. Жұмысты ақыры нестейтінкісі шапшаңдыққа әдеттелеп жаттықпаса, әрекетінің қарқыны жоғалмайды.

Іскерлікті жетілдіру бұл барлық ақпараттарды қайта өңдеу бойынша айқындау, өндірістік операциялардың күрделі жүйесін меңгеру процесі, бұл еңбек сабағының іс-әрекетінен алынған білімдердің мазмұнын құрайды..

Технологиялық іскерлікті жетілдірудің басты жолы - бұл адамды технологиялық процесті орындауға, қабілетін дамыту, осы объектілердің ішкі және сыртқы көпжақтылық байланысын түсініктілікпен қалыптастыру, объектіні сабақтастырып қайта келтіру болып табылады. Сонымен оқушылардың іс-әрекетті дәл және саналы түрде меңгеруі – іскерлік болып табылады.

Көркем еңбек сабағында мұндай технологиялық іскерліктерге жұмыс орнын ұйымдастыру, тігін машинасын жұмысқа әзірлеу, бұйым әзірлеу үшін модель эскизін талғаммен орындай білу, тігін бұйымының бөлшектерін біріктіруде түйінді операцияларды бірізділікпен сапалы орындау, дайын бұйымды көркемдеп сәндеу және т.б. кіреді.

Әдебиеттер:

1. Хмель Н. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: Учебно пособие. – Алматы, 2002.- 300 с.
2. Бұзаубақова К.Ж. Мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке даярлығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері: Автореферат дисс. пед. ғыл. кан. – Алматы., 2009.
3. Қараев Ж.А., Кобдикова Ж. Оценка деятельности учащихся в условиях применения педагогической технологии обучения.- Алматы: РИК КАО им И.Алтынсарина, 1999.-С.111-119.
4. Жолдасбекова С.А., Қонақбаева Ұ.Ж. Кәсіптік білім берудегі инновациялық технологиялар.- лекциялар жинағы.- Шымкент., 2011.

ӘӨЖ

ADOBE INDESIGN ГРАФИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНДА КІТАП БЕТТЕУ

Жаскиленова Айнұр Ермекқызы

т.ғ.к., қауымдастырылған профессор

«Өнер және спорт» факультетінің деканы

Төлебай Күмісай Қайратбекқызы

«Музыка және қолданбалы өнер» факультетінің 4 курс студенті

М. Х. Дулати атындағы университеті

(Тараз, Қазақстан)

Түйін

Бұл мақалада университетімізде графикалық дизайнды дамыту және «Adobe In Design» бағдарламасында кітап беттеу туралы жазылған. Адамзат алдында тұрған міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы - өз саналы ұрпақты тәрбиелеу. Кітап жастарды

қажеттіліктерді қанағаттандыруда, рухани байлықты құруда, ақыл-ойды дамытуда тәрбиелеудің негізгі құралы болып табылады. Қазіргі кезде жедел өзгеретін әлемде көптеген компанияларға жоғары бақталастық жағдайда даму үшін қоршаған ортадағы өзінің ақпараттық өрісін тұрақты түрде қолдап отыруы қажет. Компанияны адамдар білуі, ол туралы естуі және де көріп отыруы қажет. Бұл тек ақпаратты жай ғана берудің жеткіліксіз екендігін, оны алушы кем дегенде соңына дейін қабылдайтындай етіп әдемілеп, стильдік тұрғыдан дұрыс безендіру және жастарды қызықтыратындай, эстетикалық тұрғыдан әдемі кітап жасау дизайнерлердің қолында деп ойлаймын. Кітап пен кітапхана туралы деректер қай елдің қай халықтың болмасын сауаттылығын, мәдениеттілігін, деңгейін көрсетеді. Сол себепті зерттеу барысында елімізде сапалы өнім дайындайтын, бәсекеге қабілетті креативті мамандар дайындау туралы көрсетілген.

Кітап-жастарды тәрбиелеудің басты құралы. Бүгінгі таңда адамзаттың өте индустриалды және жаңа қоғамға көшуіне байланысты, жалпы өркениеттің өзгеруіне байланысты. Қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі-өзгеріп жатқан әлеуметтік-экономикалық жағдайларға негізделмейтін, сонымен бірге оны оқиғалардың белсенді әсерімен жақсартуға тырысатын жеке басын қалыптастыру. Бұл адам шығармашылық, белсенді, шығармашылық идеялары, әлеуметтік жауапкершілігі бар, жоғары білімді, кәсіби оқырманға айналды. Қазіргі әлемде көркемдік тәжірибе саласында ешқандай шектеулер жоқ, технологияның даму кезеңі ерекше орын алады, онда дағдыларды, соның ішінде компьютерлік графиканы қолдана отырып, көптеген нәтижелерге қол жеткізуге болады. ХХІ ғасыр технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдарында, компьютерлік технологияларда, соның ішінде, ең бастысы, сіздің компьютеріңіздегі суреттерде дамып, ақыр соңында өзінің шыңына жетеді. Қай салада болмасын, компьютерсіз жұмысты елестету мүмкін емес. Adobe негізгі міндеті үлкен жетістікпен түрлі бағдарламалар мен қосымшалар әзірлеу және жан-жақты талдау, компьютер арқылы жүзеге асырылады. Дизайнды дамытудың әр кезеңі қоғам мен ғылымның дамуымен байланысты. Кәсіби дизайн стандарттары, дизайн ойлау категориясы және дизайнның дамуы мен жаңа тәсілдердің пайда болуын өзгерту үшін жазбаларда үнемі жұмыс жасау.

Кітаптар мен кітапхана туралы, елдің, халықтың мәдениетіне, сауаттылыққа оқытуға байланысты қызықты деректер. Кітап кітаптарды; өнер және әдебиет туындыларын, қоғамдық-саяси, ғылыми және практикалық мазмұнды басып шығарумен шектелмейді. Кітап оқудың ел болашағы үшін маңызы зор. Аз білімді қоғам өркендемейді.

Кітап шыққаннан кейін барлық авторлар, редакторлар, дизайнерлер, кітап түптеушілер, фотографтар, иллюстраторлар, типография қызметкерлері бір-бірімен қарым-қатынас фазасына негізделген. Кітаптың шығуы нәтижесінде барлық қызметкерлер басынан аяғына дейін жұмыс істейді. Кітап көптеген түрлерге бөлінеді. Оның ішінде көркем әдебиет, ғылыми әдебиеттер, мектеп оқулықтары, балаларға арналған Кітаптар және т. б.

Адамзат алдында тұрған міндеттердің ішіндегі ең маңыздысы-өз денсаулығына қамқорлық жасайтын ұрпақты тәрбиелеу. Кітап-бұл жастарды

қажеттіліктерді қанағаттандыруға, рухани байлықты қалыптастыруға, жалпы ойлауды дамытуға тәрбиелеудің ең жақсы және ең үлкен құралы.

Кітаптар мен кітапхана туралы қызықты деректер барлық халықтарға, адамдарға оқу және жазу үшін мәдени сектордың дәлелі ретінде. Осыған байланысты оны елдегі жоғары сапалы өнімді әзірлеу мамандарды даярлау үшін жағдай жасауға бағытталғандығына негізделген ғылыми жобалардың маңыздылығына қолдануға болады. Бүгінгі таңда тез дамып келе жатқан әлемде көптеген компаниялар жоғары бәсекелестік жағдайында даму үшін ортада үнемі жаңа бағытты ұстануы керек. Компания адамдарға белгілі болуы керек, ол туралы естіліп, көрінуі керек. Бұл ақпаратты беру жеткіліксіз дегенді білдіреді, оны алушы оны кем дегенде соңында қабылдау үшін жақсы безендіріп, сәндеуі керек. Жақсы пікір қалыптастыру үшін өте жақсы презентация, жарнама, премиум басып шығару.

Ұсыныстың барлық басып шығарылуы суретшілерге жақсы табыс, ал тұтынушыға жоғары сапалы өнім береді. Күн сайын әлемде баспа материалдарының жаңа түрлері пайда болып, жаңа технологиялар дамуда. Құралдың ауқымы өте кең және компанияға оны әртүрлі тәсілдермен қолдануға мүмкіндік береді. Коммуникациялық байланыстың мақсаты аясында, әдетте, нақты әлеуметтік топтарға арналған жұмыс орындарын жобалау, құру өнеркәсіптік жолмен жүзеге асырылады. Біздің жұмысымызда шикі табиғи немесе синтезделген органикалық қосылыстарды, химиялық, әлеуметтік, мәдени, экономикалық, коммуникациялық және формадағы, эстетикадағы және технологиядағы фактілер мен құндылықтарды біріктіруге мүмкіндік беретін нүктелер. Сондай-ақ, қарым-қатынас пен қарым-қатынас мөрмен байланысты емес екенін түсінуіміз керек, өйткені дизайн деп аталатын бір немесе бірнеше сөздер көрінбейтін ғана емес, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының барлық түрлері арқылы қозғалуы керек.

Жаппай ақпарат алмасуға, атап айтқанда, жаңа технологиялардың дамуына және бұрынғыға қарағанда тезірек қажеттілікке байланысты, компанияны басқаратын адамдарға білікті инженер әзірлеуі керек қызметтерге көбірек назар аудару үшін жобалау қажеттілігі артады. Бет кескіндерінің жіктелуі кеңінен қолданылады: жарнама формасы, сыртқы жарнаманың теледидарлық және медиа формасы, веб-дизайн, логотипті, баспа өнімдерін, қаптаманы жасау үшін ішкі Веб-дизайн. Сурет дизайнын сипаттау, кейбір жұмыстарды орналастыру және мақсат", - деді президент шығармашылық жолды жалпы түсіну үшін жұмыс істеуге келді. Бірақ графикалық дизайнның нақты туған күні туралы консенсус жоқ, сондықтан ХІХ ғасырда көрініс тапқан тұжырымдама бар. Осы уақытқа дейін немесе б.з. д. үшінші мыңжылдыққа байланысты мақсат айқын болады және суреттер тас палеолит дәуірін бастауы мүмкін. Бірақ бұл бесінші ғасырдағы ағаштан жасалған гравюралардан жасалған өнерді қажет етеді немесе осы көмекші ғылымдардың бірінің әдепкі гравюрасын және нақты тарихпен салыстыруға болатын дайындық кезінде олардың қалай жұмыс істейтіндігінің айырмашылығын қажет етеді.

Кітап "Бет құрастырушы" бағдарламасында ішкі басып шығару үшін жасалғаннан кейін, Adobe InDesign бағдарламасы бүгінде орын алады, өйткені мүмкіндіктері шексіз және жұмыс істеуге жарамды. 2004 жылы Adobe Page Maker-тің дамуы тоқтап, сол жылы Adobe InDesign бағдарламасының дамуы басталды.

Adobe InDesign бағдарламасы кәсіби жазушылардың, дизайнерлер мен суретшілердің жазбаша әдебиеттерді дайындауға, жарнамалық компаниялар мен агенттіктердің өтініші бойынша жасалды. Бағдарлама өнімнің полиграфиялық ассортиментін беттеуге арналған. Бұл мәтіндік блоктар мен графикалық кескіндерді бет файлдарына жақсы жүйе ретінде орналастыруға мүмкіндік береді. Adobe InDesign бағдарламасы басқа бағдарламалардан хабарларды, фотосуреттер мен материалдарды импорттау мүмкіндігін ұсынады. Жасалған макетті басып шығаруға болады, түрлі-түсті бөлімді немесе электрондық нұсқаны басқа компьютерлерге беруге болады. Adobe InDesign бағдарламасы басқа Adobe өнімдерімен үйлесімді, олар нүктелік кескіндермен және кітаптың, журналдың, газеттің орналасуымен, әсіресе Adobe Photoshop және Adobe Photo бағдарламасымен жұмыс істейді. Бұл функция жоғары жылдамдықта жұмыс істеуге, жобаның сапасы мен сенімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сол бағдарлама қарым-қатынасқа байланысты деп ойлайды.

Кітаптар мен кітапхана туралы қызықты деректер барлық халықтарға, адамдарға оқу және жазу үшін мәдени сектордың дәлелі ретінде. Осыған байланысты оны елдегі жоғары сапалы өнімді әзірлеу мамандарды даярлау үшін жағдай жасауға бағытталғандығына негізделген ғылыми жобалардың маңыздылығына қолдануға болады. Бүгінгі таңда тез дамып келе жатқан әлемде көптеген компаниялар жоғары бәсекелестік жағдайында даму үшін ортада үнемі жаңа бағытты ұстануы керек. Компания адамдарға белгілі болуы керек, ол туралы естіліп, көрінуі керек. Бұл ақпаратты беру жеткіліксіз дегенді білдіреді, оны алушы оны кем дегенде соңында қабылдау үшін жақсы безендіріп, сәндеуі керек. Жақсы пікір қалыптастыру үшін өте жақсы презентация, жарнама, премиум басып шығару.

Ұсыныстың барлық басып шығарылуы суретшілерге жақсы табыс, ал тұтынушыға жоғары сапалы өнім береді. Күн сайын әлемде баспа материалдарының жаңа түрлері пайда болып, жаңа технологиялар дамуда. Құралдың ауқымы өте кең және компанияға оны әртүрлі тәсілдермен қолдануға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Мартыненко О.В Программа курса «Дизайн в полиграфии».
- 2 Джон Пикок. Издательское дело. Книга от замысла до упаковки. –М.: ЭКОМ, 2002.
- 3 <https://kk.eyewated.com/adobe-indesign-сайтынаң> алынған мәліметтер.

МУҒАЛІМНІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ – ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ

С.С.Тілеуова

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы инновационной деятельности педагога в современных условиях, сущность понятий «инновационная деятельность», «инновация» и их соотношение с понятиями «новшество», «нововведение», «традиция».

Summary

The article shows the problems of innovative activity of the teacher in modern conditions, the essence of concepts «innovative activity», «innovation» and their parity with concepts «innovation», «innovation».

Қазіргі қоғамның жай-күйі ақпараттық қоғам сатысына көшудің маңызды тарихи кезеңімен, атап айтқанда, оның ерекшелігі әлемнің көптеген елдері арасындағы қарым-қатынас пен байланыстың кең өріс алуымен, кейбір шектеулердің жойылуымен, ақпарат пен білімнің рөлінің маңыздылығының артуымен сипатталады.

Ақпараттандыру әлемнің өнеркәсібі дамыған елдерінің ғылыми-техникалық бағдарламаларының құрамына енгізілген. Ал 2006 жылдан бастап жыл сайын 17 мамырда БҰҰ Ассамблеясының шешімімен « Халықаралық ақпараттық қоғам» күні атап өтіледі.

Жаһандалған әлемде мемлекеттің ұлттық мүдделерін қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастарды дамытудың ең маңызды алғышарттарының бірі - адам өмірінің барлық саласын ақпараттандыру болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесінің өзектілігі мен маңыздылығы әлемдегі көптеген елдердің зерттеушілерінің назарын аударып отыр. Бұдан аталған мәселенің күрделілігіне орай үдемелі дамып келе жатқан технологиялар ғылыми ізденістер мен зерттеулердің тақырыбына айналуының бірден бір негізгі факторына айналды.

Адам өмірінің барлық салаларында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы қазіргі кездегі заманауи білім берудегі инновациялық процестердің дамуының объективті заңдылығы болып табылады сонымен бірге инновациялық өзгерістер білім берудің жаңа мазмұнын қалыптастыру мен оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және іске асыру бағыттары бойынша жүруде.

Қоғам дамуының барлық бағытында қазіргі кезеңінде білім адамның жалпы мәдениеті мен кәсіби дайындығына ғана емес, сонымен бірге жеке тұлға ретінде жетілуіне де тікелей байланысты болатын негізгі сала болып табылады.

Білім беруді ақпараттандыру технологиясы – педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциялануының жаңа перспективаларын анықтайтын, мектеп жұмысын жетілдіру мен жаңартудағы қажеттіліктердің өзектілігі және білім жүйесінің субъектілердің педагогикалық, танымдық іс-әрекеттеріне әсер ететін, білім беруді педагогикалық жүйе ретінде ақпараттандырудың терең заңдылықтары туралы жүйелі түрде дамитын білім.

Жалпы білім берудің жаңа мақсаттарын жүзеге асыруда білім беру жүйесінің жаңғырту стратегиясының мазмұнын іріктеудің мақсаттары мен тәсілдерін өзгертуді көздейді.

Қолайлы ақпараттық орта қалыптастыру өз кезегінде өзара ақпарат алмасу барысында көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың негізі болып табылады. Соңғы жылдары бүкіл әлемдік білім беру жүйесінде инновациялар, соның ішінде, ақпараттық қатынастық технологиялардың күн сайын қарқынды таралуы мен пайдаланылуы байқалады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы жоғары білімді ақпараттандыру оқу орындарының электронды инфрақұрылымы мен локальды және әлемдік желілер мен ақпараттық көздердің таралуына негізделі отырып, кәсіби маман даярлау парадигмасын қайта қараудың объективті шарттары анықталып отыр.

Парадигма - бұл нақты ғылыми зерттеуді анықтайтын теориялық және әдіснамалық жағдайлардың жиынтығы. Жаңа инфокоммуникациялық өзара байланыс парадигмасы кәсіби даярлық процесі барысында болашақ мүғалімдердің дербес кәсіби дамуының траекториясын жасауға, жаңа идеялар мен жобалардың туындауына мүмкіндік тудырады.

Білім беру процесіне жаңа технологиялардың енгізілуімен жаңа ұғымдар пайда болады, мысалы: электронды оқыту, мобильді оқыту және т.б.-барлығына ортақ (ubiquitous) оқыту термині пайда болды. Назар аударатын мәселе, педагогикалық категориялар ретінде олар синоним болып табылады. Олар оқытудың негізін құрайтын технологияларды жігін ажыратады, сонымен бірге АҚҚТ-ның дамуының әрбір жаңа деңгейімен бірге жаңа педагогикалық мүмкіндіктер пайда болады

Біздің елімізде цифрлық білім беру ресурстары индустриясын іске қосу үшін көптеген қажетті жағдайлар жасалған. Атап айтқанда, цифрлық білім беру контентін құрастыруға қажетті, ғылыми негізделген педагогикалық технологиялар әзірленді, контентті дайындаушылардың бәсекелестік ортасы құрылды, ғалымдар, әдіскерлер, бағдарламашы-мамандар, дизайнерлер және білім беру контентін бағдарламалау саласындағы басқа да мамандардан авторлық ұжымдар қалыптасты.

Басты маңызды қажет нәрсе - ол мектептің ақпараттық-білім беру сайттарының немесе порталдарының болуы - ақпараттандыру процесінің маңызды индикаторлары болып табылады, өйткені ол мектепшілік бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді, тұлғаның оқу-

танымдық іс-әрекетінің өрісін, білім беру процесі субъектілерінің интерактивті өзара іс-қимылын кеңейтеді және т. б.

Сандық білім беру қорлары технологиялық қағидаларға негізделіп жасалғандықтан, оларды қолдануда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге болады.. Мұғалімдер, оның ішінде ауылдық, кәсіптік мектептер мен колледждердің мұғалімдері өздерінің оқыту, сабақ беру ісінде өз әдістемелеріне арқау етіп, оқушылардың, жалпы білім алушылардың танымдық іс әрекеттерін шығармашылықпен ұйымдастырып. жоғары нәтижеге, сапалы білімге қол жеткізуге мүмкіндіктері болады.

Білім беруді ақпараттандыру процесін жетілдірудің басты мәселесі қазіргі заманғы ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалануда кәсіби маман мұғалімді даярлау..Білім беру процесінің басты тұлғасы - Мұғалім, бірақ оның педагогикалық іс-әрекетінің сипаты мен мазмұны АҚҚТ жағдайында өзгереді.

Ақпараттық-қарым-қатынастың инфрақұрылымы мектептегі білім беруді ақпараттандыруды дамытудың маңызды өлшемі болып табылады, бұл өз кезегінде білім беру мақсаттарын жүзеге асырудағы, білім мазмұнын қамтамасыз етудегі, қызмет тәсілдерін ұйымдастырудағы, педагогикалық процестің нәтижелерін тексерудегі заманауи АКТ-ның ерекше педагогикалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Жалпы орта білім беру мекемелерінде ақпараттық-қарым-қатынас технологиясын білім беру процесінде қолдану педагогикалық іс-әрекеттің , яғни мектептің білім беру бағдарламасында, оқу-тақырыптық жоспарларында, мақсатты бағдарламаларда, мұғалімдер мен оқушылардың электрондық портфолиосын қалыптастыру ережелерінде, педагог қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында және т. б. көрініс табуы тиіс.

Оқушының жеке басын тәрбиелеудегі, оқытудағы және дамытудағы белгілі дәстүрлі, қалыптасқан іс-әрекеттерден басқа, инновациялық педагогикалық қызмет мұғалімнің жеке шығармашылық, жеке бағыт-бағдары мен жаңа талаптар, жаңартылған бағдарламаларды негізгі басшылыққа ала отырып, сол педагогтың қызметін жүзеге асыратын жаңа педагогикалық технологияларды енгізумен сипат алуға.

Инновациялық қызмет - бұл бұрыннан, дәстүрлі педагогикалық іс-әрекеттермен қатар жүре отырып, жаңа үлгілер, норма-стандарттардың, яғни жаңа педагогикалық идеялар негізінде пайда болған инновацияларды іске асыруға бағытталған қызмет.

Қазақстан Республикасы білім берудің ұлттық моделін жетілдіруде білім беру саласын ақпараттандырудың Мемлекеттік саясаты және де білім саласының субъектілерінің инновацияларды қолдана білу, пайдалана білу іскерліктерін қалыптастыруда халықаралық бәсеке индекстеріне сәйкестендіру маңызды әлеуметтік педагогикалық міндет болып табылады. Ол міндеттің шешімі келешекте жаңа инновацияларды жасауға және инфокоммуникациялық қатынастың жаңа траекториясын анықтауға қажет болады.

Әдебиеттері:

1. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования.- Алматы: 2004г.
2. Қазақстан Республикасы жоғары білімді дамыту стратегиясы. - Алматы: 1998ж.
3. Нургалиева Г.К.,Тилеуова С.С. Теория развития профессионального образования.- Алматы: 1999г.
4. Нұрғалиева Г.К., Ахметова Г.Б. Ақпараттық-білімдік порталдар модераторы іс-әрекетінің әдістемесі. – ҰАО, Алматы. – 52 б.
5. О.Аяшев, Р.Қадірбаева,С.Тілеуова «Жас ұстазға – 100 бағдар»- оқу құралы. Астана, Фолиант, 2016
6. //moodle.nci.kz
7. //sp.kaznpu.kz
8. //adilet.zan.kz

ӘОЖ 81' 373.611

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАТТЫҒУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ф.ғ.к., доцент Байымбетова Ж.А.

Шымкент, Қазақстан

Резюме

В статье рассматриваются проблемы выполнения упражнений в начальных классах

Summary

The article discusses the problems of doing exercises in primary grades

Бастауышта қазақ тілі пәнінен білім беру оқушыларға тіл білімінің негіздерінен мәлімет беру, тілдің қоғам өміріндегі маңызын аша көрсетіп, оны меңгерудің өндірісте, қоғам өмірінде аса қажетті екендігін түсіндіру, оқушының ана тілінен жақсы білім алуына мүмкіндік туғызып, оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін дамытып, оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастырып, өздігінен сөйлей, жаза білуге үйретеді.

Педагогика ғылымы балаға отбасында, бала – бақшада және мектепте көркем әдеби тіл нормаларын игертуді талап етеді. Шәкірттің жатық сөйлеуге, ойын шұрайлы тілмен жеткізуге, сауатты жазуға дағдыландырмаған ұстаз мақсатына жете алмайды. Оқушылардың тілін дамытуда теориялық және тәжірибелік жағынан әлі күнге дейін шешімін таппаған мәселелер баршылық. Тіл дамыту мәселелеріне психологтар, әдіскерлер әр түрлі көзқарас ұсынады. Олардың кейбірі бала тілі - ой өрісінің, түсінігі мен өмір тәжірибесінің даму деңгейіне байланысты өзгеріп, дамып қалыптасады. Сондықтан ол үшін арнаулы оқытуды ұйымдастырудың қажеті жоқ. Ауызша, жазбаша сөйлеуге тақырып ұсынылып, баладан соны баяндау талап етілсе болғаны дейді.

Екінші пікір, тіл дамытуды оқушылар өз ой-пікірлерін ауызша және жазбаша формада жүйелі байланыстырып беруге дағдыландыру деп біледі. Мазмұндама мен шығарма жұмыстарын көптеп жаздыруды ұсынады.

Келесі пікірді қостаушылар ана тілі сабақтарында игерген білімдерді пайдалана отырып, соның негізінде бала тілін дамытуды ұсынады. Ол үшін игерген пән материалдары, атап айтқанда, сөз, сөз тіркестері, сөз таптары, сөйлем, орфография, орфоэпия және пунктуациядан т.б. білімдерін іс – жүзінде пайдалануға мүмкіншілік тудыратын арнаулы грамматикалық жаттығулар, мазмұндама мен шығарма жазуды ұсынады.

Жазуға үйрету, соның ішінде жаттығу жүргізу сабақтарында педагогика мен әдістемеді ұстайтын басты принциптердің бірі оқушыларға грамматикалық материалдарды саналы түрде меңгерту. Саналы түрде жазу, жаттығу дегенде, оқушының ойы, санасы екі түрлі бағытта болуы мүмкін. Біріншісі, оқушы жазу үстінде өзінің ойы басқаға түсінікті болу үшін тиісті дыбыстар, буындар, сөз бен сөйлемдерді дұрыс тыңдап орынды жазып қолдануға тырысады. Мұндай жағдайда жазған сөздерінің емлесіне, ол сөздің бірге не бөлек жазылатындағына көңіл аудармауы байқалады.

Кей жағдайда жазу, жаттығу кезінде оқушының ынтасы, санасы, сөзі сөйлемнің мағыналық жағына бөлінбей, әр сөздің сөйлемнің жазылу емлесіне бөлінуі оның ережесін ойын түсініп, соған сүйеніп жазады. Ал ережені саналы түсінуі үшін талдау жүргізіледі.

Тіл сабақтарын оқытудың дидактикалық материалдарды ана тілінің әдеби үлгілерінен алынуы тиіс. Сондықтан қазақ тілін оқытудың аса жауапты кезеңі жаттығу, талдау материалдарын таңдауға мынадай талап қойылады.

Біріншіден, жаттығу жеке дыбыстар, әріптер, буындар сөз ішінде, ал сөздер, сөз тіркесі сөйлем ішінен алынып талданады. Осы мақсатпен алынған мысалдар ойдан шығарылған сөйлемдерден құралмай, мүмкін болғанша, көркем әдебиеттің үздік үлгілерінен алынған сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер, үзінділер болуы тиіс.

Әрбір мысал, үзінді әңгіме, өлең, яғни мәтіндер тіл (стиль) жағынан мүлтіксіз, әдеби тіл өлшемдерін ұстануы тиіс. Сонда олар баланы әдеби тіл өлшемдерін ұстануға үйретеді. Басты талап – балаға грамматикадан, орфографиядан білім беру кезінде оның тіл мәдениетін де қалыптастыру көзделеді.

Оқушылардың тілін дамытуға арналған жаттығулар жүйесі туралы мәселе басты мәселелердің бірі. Т.А.Ладыжинская[1] М.Р.Львов[2], Г.Н.Приступа т.б. ғалымдардың зерттеулерінде тілдік жаттығулар типологиясына жасалған талдаудың көрсетуінше, жаттығуларды саралау жоғарыда көрсетілген тілді дамыту қағидаларына, атап айтқанда градуалдық қағидасына сүйенуге тиістілігін атап көрсетеді[3].

Градуалдық (ағылш. – gradual біртіндеп, ретімен) қағидасы бойынша жаттығулар жүйелілігін құру қажеттілігі туралы М.А.Рыбникованың еңбектерінде де айтылады[4]. Жаттығулардың реттілігі «барған сайын қиындай

түсуді» білдіреді деп көрсетеді. Т.А.Ладыжинская» ... бір топтағы тілдік міндеттердің ішінде қиындықтардың өзіндік грациясы (жаттығулар күрделілігі) болуы мүмкін» дейді.

Жаттығулар жүйесін жасау кезіндегі басты мәселе олардың онтайлы реттігінен көрінеді. Оқыту тиімді болуы үшін, жаттығуларды қалай орналастыру қажет? Ең алдымен, білім берудің реттілігі градуалдық қағидасын қанағаттандыруы тиіс, тапсырмалар күрделілігі жоғарылауы және ақпарат көлемінің кеңейуі (қарапайымынан күрделілігіне қарай) бойынша орналастырылады. Оқытудың тиімділігі жаттығулар жүйесіне, тапсырмалардың өзара байланыстылығы мен алуан түрлілігіне тәуелді. Жаттығулардың жіктемесін профессор Г.Н.Приступа жалпылама түрде былай береді[3].

1. Дайындық жаттығулар, иллюстративтік, негізгі немесе бекітуші, қайталау – жалпылау, шығармашылық. Осы реттілікке сүйене отырып, тіл және сөйлеу бірліктері ретінде сөздерді зерттеу жағдайында, жаттығулар жүйесін келтіруге болады.

1. Дайындық жаттығулары. Бұл жаттығулардың мақсаты – оқушыларды сөздерді алғаш қабылдауымен қамтамасыз ету, атап айтсақ, тілден тыс шындық өмір заттарымен немесе құбылыстарымен салыстыра отырып, сөзді семантикалық тұрғыдан анықтау, орфоэпия мен орфография ерекшеліктерін түсіндіру.

2. Иллюстративтік жаттығулар. Олардың мақсаты – оқушыларға сөздердің қолданылу үлгілерін көрсету. Сөйлемге жаңа сөз қоса отырып, естірте қайталай немесе сөз тіркестерімен сөйлем үлгілерін жаза отырып, бала осы нақты контексте сөздің мағынасын игереді, оның тіркесуін (лексикалық бірлікпен синтагмалық байланыстармен) меңгереді. Осы кезеңде сөздіктен жұмыс істеу ерекше тиімді болып келеді.

3. Негізгі, бекіту жаттығулары. Осы жаттығулардың нәтижесінде балалар сөздердің парадигмалық байланыстарын меңгереді. Оқушылардың бойында сөздерге синонимдер, антонимдер таңдау икемділігі қалыптасады, бала сөздердің құрылымдық – семантикалық байланыстарын игереді. Лексикалық бірлік алуан түрлі логикалық, грамматикалық орфографиялық, синтаксистік, стилистикалық және басқа да жаттығулар нәтижесінде өзінің лексикалық әрі грамматикалық мағыналар бірлігінде көрінеді.

4. Қайталау – жалпылау жаттығулары. Олардың мақсаты – мағыналы сөздердің меңгерулерін қамтамасыз ету, оны пассив сөздікте ғана бекіту емес, сондай-ақ оқушылардың актив, белсенді сөздік қорына ендіру. Осы типтегі жаттығуларға мыналар жатады: сөздердің қолданылуы, бейнелейтін жеке мысалдарды өздері таңдай алуы, өздері сөйлемдерді құрастыруы (алдымен ауызша, соңынан жазбаша), тақырып бойынша сөз таңдау, сөздерді лексика – семантикалық топтарға біріктіру, омонимия мен көп мағыналыққа арналған жаттығулар т.б.

5. Шығармашылық жаттығулар. Мұндай жаттығулардың мақсаты – оқылған тілдің материалды сөйлеу арқылы байланыстыру, балаға ұсынылған

тақырып бойынша сөйлеу мүмкіндігін беру (ауызша және жазбаша), тәжірибе жүзінде оның лексикалық және грамматикалық қасиеттерін қалай меңгергенін көрсету.

Осы айтылғандардан шығатын қорытынды мынадай, тілдік лексикалық қор мен грамматикалық құрылысының қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін жаттығулар жүйесін жасау. Мұның өзі тілдік дидактикалық материалды, онымен жұмыс істеу әдістері мен тәсілдерін жасау арқылы жалпылама тіл таным ұғымдарын кезең – кезеңмен балаларға меңгерту, қазақ тілі сабақтарында грамматика мен орфографияны оқыту кезінде ойлау қызметін түрлендіруге ықпал ету. Жаттығулар сабақта келесі белгілер бойынша жіктеледі. Бірінші әдістемелік деңгей. Мағына мен форма бірлігінде тіл бірліктерін меңгеруге ықпал етеді. Әсіресе оқушылардың сөздік қорын қалыптастыру, қолданыстағы оқулықтардың негізінде бағдарламалық материалдармен таныса отырып, сөздердің мағынасы бойынша жұмыс атқарылады.

Екінші деңгей. Тіл бірліктерінің арасындағы байланыстармен қатынастарды меңгеруге ықпал етеді. Мәселен сөздікпен жұмыс істеу лексикалық байланыспен қатынас тұрғысымен сөзді терең зерттеуді, оның парадигмасын және синтагматикасын (тіркесуін) меңгеруді қарастырады.

Үшінші деңгей оқушыларға мағына бірлігін тілдегі бірліктердің формасымен функциясын негізінен мәтіндерді қабылдау кезінде тіл мәдениетін меңгеруге мүмкіндік береді.

Төртінші деңгей бұл шығармашылық жаттығулар деңгейі. Алынған білім мен икемділіктер негізінде балалардың сөздік қоры қалыптасады.

Жаттығуларды орындату «Тіл – жүйелердің жүйесі» деген Фердинанд де Соссюрдің қағидасына негізделуі тиіс [5].

Жаттығу әдісі арқылы іскерлік пен дағдыны қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұрады: Бірінші кезеңде мұғалім оқушының қабылдап, түсінген білімінің негізінде оларға жаттығудың мақсатын, міндетін түсіндіреді. Екінші кезеңде мұғалім жаттығудың дұрыс орындалуын көрсетеді. Үшінші кезеңде алғашқы игерген білімін оқушы тәжірибеде қолдана білуі іске асады. Төртінші кезеңде оқушылардың алған дағдысын тәжірибеде өз бетімен қолдана білуі іске асады.

Грамматиканы оқыту жаттығу жұмыстарынан тұрады. Жаттығу шартына, мазмұнына, тақырыбына байланысты ажыратылады. Оқушылар грамматикалық материалдарды орфограммаға сай меңгереді. Жаттығу жұмыстары үнемі жүргізулі тиіс. Мұғалім оқушыларға грамматикадан саналы да терең, тұрақты білім береді.

Фонетикалық жаттығулардың міндеті – балалардың айтылған буындар мен дыбыстарды жақсы айыра алуын және оларды балалардың дұрыс, анық айтып берулерін қамтамсыз ету. Фонетикалық жаттығулар дыбыс, әріптердің емлесі, буын, екпін, тасымал, үндестік заңдары, т.б. заңдылықтарды қарастырады.

Бастауыш сыныптарда фонетикадан жаттығулар тек дұрыс жазумен қатар, балалардың әдеби тіліміздің нормаларын сақтап оқуға үйренулері үшін пайдаланылады. Оқу сабақтарында, балалардың жауаптарында, әңгімелерінде байқалған орфоэпиялық қателер, теріс айтылған сөздер түзетіліп, сөз ішіндегі, сөз шекарасындағы дыбыстардың құбылуы ескертіліп отырады. Сонымен қатар тілімізге басқа тілдерден енген термин сөздердің дұрыс айтылуы да практикалық жаттығулар арқылы үйретіледі.

Морфологиялық жаттығулардың мақсаты – ана тілінің жаттығулар құрылысын оқушыларға саналы түрде меңгерту. Мазмұны жағынан морфологиялық жаттығулар екі түрлі болады: Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулар. Сөз таптарын оқу барысындағы жаттығулар.

Сөз тұлғасын оқу барысындағы жаттығулардың сөздің морфологиялық құрамын, мағыналы бөлшектерін морфемаларды саналы түрде меңгеріп алудың мәні зор

Сөз тұлғасына байланысты жүргізілетін жаттығуларға мынадай талаптар қойылады: Алдымен, мүмкіндігіне қарай, негізгі түбірлерді, одан әрі туынды түбірлерді, ең сонында түбірлес сөздерді талдайтындай жағдай жасалады. Белгілі бір сөздің ішінен негізгі түбірді тапқызу үшін сол негізгі түбірден жасалған туынды сөздермен салыстыру жұмысы ескеріледі. Туынды сөздер мен негізгі түбірді ажырату барысында мағына жағына назар аударылады.

Сөз таптарын оқыту барысында жүргізілетін жаттығулар сөздерді белгілі бір топқа біріктіріп, жүйелеуге үйретеді. Жаттығу жұмыстарының барысында оқушылар әрбір сөз табының ерекшеліктерін саналы түсінеді, септік, жіктік, тәуелдік, көптік жалғауларын меңгереді, оларды қолдана алады. Сөз табы бойынша жүргізілетін жаттығулар: Мәтіннен керекті сөздерді тапқызу, керекті сөздерді қосып өздіктерінен сөйлемдер немесе әңгіме құрастыру, сөздің мағынасын түсініп, сөйлемдегі қызметін байқату, сөздің, лексикалық жағынан болсын, қалай өзгертіндігін аңғарту, мағына және тұлға жағынан қандай ұқсастық, айырмашылық барын салыстыру арқылы анықтау, ұқсас сөздерді топтастыру.

Синтаксистік жаттығуларға әдетте пунктуациялық жаттығулар қосылады, мәтіндегі қойылған тыныс белгілерін талдау, қойылмаған тыныс белгілерін қою, өздері құрастырған сөйлемдер мен текстерге қажетті тыныс белгілерін қойып, түсіндіру.

Оқушыларды алған білімін бекіту мақсатында жүргізілетін жаттығуларға жалпы мына сияқты талаптар қойылады: белгілі бір жаттығуды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуды орындарлық білімі болу шарт. Оқушылар жаттығуды не үшін орындайтынын, оның қандай пайдасы барлығын түсінсе ғана оны саналы орындайды. Жаттығуларды түсініп орындағанда ғана белгілі бір дағды қалыптасады.

Жаттығу жұмысының барысында оқушылардың оқудан алған білімдері бекіп, өз беттерімен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

Бастауыш сыныптарға арналған бағдарлама педагогикалық үрдісті жаңаша қарауды талап етеді. Дәлірек айтсақ, мұғалім сабаққа дайындалғанда өзінің әрекетін ойластырумен шектелмей, оқушыны деңгейіне қарай әрекетіне мән беруі тиіс. Уақытты тиімді пайдаланып, оқушының өз бетімен тапсырманы орындауына ұдайы жағдай жасалуы қажет. Өзіндік жұмысты орныдау барысында мыналарды ескереміз: тапсырманың тақырыпқа сай берілуі, тапсырманың көлемі білім деңгейіне бейімделіп берілуі, жұмыс істеу жолдарымен таныстыру, жұмыстың мақсаты мен міндетін айқындау, нәтижеге талдау жасау, алған білімін еске сақтай білу және толықтыру.

Сабақта ойын-жаттығуларды пайлануға болады. Мұндай грамматикалық ойын-жаттығулар оқушылар арасында жарыс түрінде өткізіледі. Жаттығуларды орындау барысында әрбір оқушыға сынып алдында өз білімдерін іскерлігі мен дағдыларын көрсету міндеті қойылады.

Оқушылар қиындау, бірақ грамматика жөніндегі білімдерін бекітуге, орфография мен пунктуациядан мықты дағдылар қалыптастыруға, тілдерін жетілдіруге қажетті тапсырмалар алады. Грамматикалық ойын-жаттығулардан ерекшелігі ол – оларды оқушылар зор белсенділікпен, бар ынтасымен орындайтын болуы тиіс. Ойын-жаттығуларды үйреніп жатқан материалды ұғыну сабағында да, сол сияқты үлкен тақырыптарды қамтып, талдай қорытындылайтын қайталау сабағында да қолдануға болады.

Тіл сабақтарында оқушылар сөйлемді сөзге, сөзді буынға, дыбысқа ажыратуды үйренеді, сөйлем құрамындағы сөздерді синтаксистік қызметіне қарай сөйлем мүшелеріне, жазбаша да дұрыс айтып жеткізуге дағдыланады.

Әдебиеттер

- 1 Ладыженская Т.А. Система работы по развитию связной устной речи учащихся» – М., 1975. – 255 стр.
- 2 Львов М.Р., Рамзаева Т.Г. Методика обучения русскому языку в начальных классах. – М., Просвещение, 1979. – 431 стр.
- 3 Пристupa Г.Н. Краткий курс методики русского языка. – Рязань, 1975. - 379 стр.
- 4 Рыбныкова М.А. Опыт гимназических собраний в г. Вязьме, журн. «Психология и дети» – М., 1917. – 77 стр.
- 5 Ф. де Соссюр «Курс общей лингвистики». – М., 2007. – 257 стр.

МУЗЫКА ПӘНІ БАРЫСЫНДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ КӘСІБИ ІСКЕРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әбуов Ә.Е. ф.ғ.д.

Дүзелбай Ә.Ж. магистрант 1 курс.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,

Қазақстан

Резюме

